

74(5Kas)
H15

Шахман Нағымұлы

Атырау-
білім өлкесі

ШАХМАН НАҒЫМУҰЛЫ

АТЫРАУ— БІЛІМ ӨЛКЕСІ

336995 хр

Атырау облыстық
әмбебап-ғылым
кітапханасы

кш



АЛМАТЫ

«ҒЫЛЫМ»

1999

24/5каз)
н 15

Кітапты шығаруға демеуші болған «Теңізшевройл» қазақ-американ бірлескен кәсіпорнына және оның бас менеджері Мария Жапаққызы Қаражігітоваға автор шын жүректен ризашылық сезімін білдіреді.

АТЫРАУ —
БІЛІМ ӨЛКЕСІ

388002 00

АТЫРАУ — БІЛІМ ӨЛКЕСІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ АКАДЕМИЯСЫ

Нағымұлы Ш. Атырау — білім өлкесі. — Алматы: Ғылым, 1999. 160 б. + 8 бет сурет.

Атырау өлкесінде XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыптасқан халық ағарту ісі туралы қазақ тілінде жарияланған еңбектер көп емес. Автор бұл еңбегінде Қазан төңкерісіне дейін және Кеңес дәуірінде жұмыс істеген мектептердің іс-әрекеті жөнінде шынайы суреттеуге тырысқан. Кітапта сирек кездесетін архив материалдары кеңінен қамтылған.

Сонымен қатар өлке ұстаздарының өмір жолы бейнеленуі де қазіргі жас мұғалімдердің, студенттердің, оқырман қауымның қызығушылығын арттыратыны сөзсіз.

КІТАПҚА

«МІЛКЕТ»

ISBN 5—628—02674—3

0001

© Нағымұлы Ш., 1999

АЛҒЫ СӨЗ

Атырау өңірінде оқу-ағарту саласында үздіксіз жемісті еңбек етіп келе жатқан, мектеп басшысынан облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының директорына дейінгі қызмет сатыларынан өткен, кейінгі жылдары ғылыми жұмыспен айналысып жүрген, Қазақстан Республикасы оқу-ағарту ісінің озық қызметкері Шахман Нағымұлының «Атырау — бөлім өлкесі» атты еңбегін оқырмандарға ұсынғаны — құптарлық іс.

Бұл еңбектің құндылығы сол біріншіден, онда өткен ғасырдың 40-жылдарында Батыс Қазақстан өлкесінде тұңғыш ашылған Жәңгір хан мектебінен бастап бүгінгі күнге дейінгі екі ғасырға таяу уақыт ішіндегі оқу-ағарту ісінің тарихы қызықты да әсерлі баяндалады. Автор Атырау өлкесіндегі бұрын-соңғы шыққан баспасөз хабарларымен бірге, Атырау, Ақтөбе, Орал қалаларындағы облыстық архив материалдарын да іздестіріп, жинап, орынды пайдаланған.

Қазақстандағы оқу-ағарту ісі тарихын зерттеген педагог-ғалымдар Т. Тәжібаев, Ә. Сембаев, Г. М. Храпченков, Н. Сәбитовтардың еңбектерін де пайдаланған.

Бірақ ол кезде бұрын-соңды зерттеуші ғалымдар еңбектерін қайталап немесе орынсыз марапаттамай, автор өзінше тың пайымдаулар жасауға талпыныс жасаған. Оған дәлел проф. Ә. Сембаев пен Г. М. Храпченковтардың 1972 жылы «Мектеп» баспасынан шыққан «Очерки по истории школ Казахстана» деген еңбегіне сілтеме жасай келе, кеңестік дәуірдегі оқу-ағарту мәселесін зерттеуде авторлардың бір жақты көзқарасты болғанын, ол кезде халықтың 7—8 пайызы ғана сауатты деп есептелгенін, ал шын мәнісінде арабша оқи, жаза білгендерді сауаттылар қатарына жатқызбағанын сынай отырып баяндайды.

Аталған басылымның тағы бір құндылығы — патша-

лық Ресейдің ұлт аймақтарындағы ұстанған ұлы орысшылдық саясатын батыл әшкерелеуі, патша чиновниктерінің орыс-қазақ мектептерін ғана қолдап, ал мұсылман мектептеріне бір тиын қаржы бөлмей, оқу мазмұнын қатаң бақылауға алғанын, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Х. Досмұхамедов сияқты қазақтың зиялыларын пантуркизмнің ықпалында болды деп қауіптенгенін нақты деректермен дәлелдеуге тырысқан.

Сондай-ақ еңбекте патшалық Ресей кезіндегі мұсылман мектептерінің тарихы, оқу-ағарту ісінің мазмұны (оқу жоспары, оқу бағдарламалары мен оқу құралдары) жан-жақты талданған. XX ғасыр басындағы мұсылман мектептерінде екі ағымның болуы, ескі хадим оқуына қарағанда, төте оқудың (жадид) прогрессивтік мәні ашылып көрсетілген. Кеңестік дәуірдегі Сталиндік репрессияға ұшыраған озат мұғалімдердің басынан кешкен азаптары, олардың балалары мен немерелерінің де жазықсыз қуғынға ұшырауы естеліктер мен КНБ архивтеріндегі материалдарға сүйене отырып әшкереленген. Ал, ең өнегелі жағы сол, мұғалім мамандығына оқушы жастарды қызықтырудағы Атырау педагогикалық мұражайы архивтерінің игілікті істері нақтылы фактілермен тартымды баяндалған. Өздері қалап алған мұғалім мамандығына адалдығы үшін халық сүйіспеншілігіне бөленген *Х. Наубетов, А. Асылалиев, С. Қазыбаев, Қ. Дұтбаева, Қ. Айтқалиев, І. Шәкіліков, Х. Санбаев* сынды ондаған майталман педагогтардың өмір жолдары сөз болады. Өйткені, олардың іскерлік тәжірибесі бүгінгі буынға, келер ұрпаққа лайықты өнеге екені сөзсіз.

Атақты орыс педагогы Н. И. Пирогов «Мектептің қай-қайсысы да өз шәкірттерінің санымен емес, абырой, даңқымен даңқты», — деген болатын. Осы тұрғыдан алғанда өлкедегі озат мұғалімдерден кезінде дәріс алып, бүгінде республикаға белгілі болған қоғам қайраткерлері: *С. Құбашев, З. Қамалиденов, Ш. Артығалиев, И. Тасмағамбетовтер*, ғалымдар мен жазушылар: *З. Қабдолов, Е. Ағалеев, Ф. Оңғарсынова, М. Дияров, М. Сүндетов, Б. Хасанов, Е. Қайыржанов*, халық артистері: *Қ. Ахмедияров, Ғ. Есімовтар* туралы да кітапта жылы лебіз білдірілген. «Ұстазы жақсының — ұстамы жақсы» дегендей олардың ел танитын абыройлы азамат болуы білікті ұстаздарға да байланысты еді дегенге саяды автор ойы.

Қорыта айтқанда, Шахман Нағымұлының «Атырау — білім өлкесі» атты кітабы Батыс Қазақстан өңіріндегі

оқу-ағарту ісінің жай-күйін тәптіштей баяндаған. Ондағы ұстаздар өмірінен мазмұнды сыр шерткен құнды бір дүние деуге болады.

Бұл еңбектің Қазақстан мектептері тарихын тың материалдармен толықтыра түсетіні және ұстаздар қауымы мен аспиранттарға көмекші құрал болатыны сөзсіз.

Серғазы ҚАЛИҰЛЫ,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор.

ТАРИХ БЕТТЕРІН ПАРАҚТАСАҚ...

Батыс Қазақстандағы халық ағарту ісінің өзіндік бай тарихы бар. Өлкеміздегі педагогика тарихын мұғалімдер қауымына таныстыру және ұстаздардың өз кәсібіне деген сүйіспеншілігін, ынтасын арттыру мақсатында 1996 жылы қазан айының бас кезінде Атырау облысы білім саласының мұражайы ашылып, ол педагогикалық өлкетану жұмыстарының орталығына айналды.

Білім мұражайының материалдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық архивінен, Атырау, Орал, Ақтөбе облыстық архивтерінен, Ресей Федеративтік Республикасының Астрахан, Орынбор архивтерінен алынған деректер, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Атырау облыстық басқармасының құжаттары, педагогика тарихы бойынша жарық көрген белгілі ғалымдардың еңбектері мен педагогикалық өлкетанумен шұғылданып жүрген ағартушылардың мақалалары негізінде жинақталды.

Облыстық білім мұражайының үш негізгі экспозициясы бар. Бірінші экспозиция Батыс Қазақстандағы білім беру саласының тарихына арналған. Онда XIX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру ісі тарихының қысқаша ақпараты берілген. Ол кезде Атырау өлкесі Орал облысының құрамында болған еді. Орал облысы 1868 жылғы «Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарын басқару жөніндегі уақытша Ережеге» сай құрылған болатын. Облыс 4 уезден: Гурьев, Орал, Калмыков және Ембі уездерінен тұрды. Маңғыстау түбегі «Маңғыстау приставы» болып бөлінді. Сонымен қатар Бөкей Ордасының кең-байтақ территориясы да Батыс Қазақстанның бір бөлігіне жатты.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейде капитализмнің жедел дамуы патша өкіметін халық ағарту ісін-

де бірқатар шаралар ұйымдастыруға итермеледі. Ресейдегі прогресшіл, демократиялық педагогиканың өкілдері білім беру ісіндегі жаңалықтарды елдегі экономикалық өзгерістермен байланыстырды. Бұл жөнінде К. Д. Ушинский: «Біздің бәрімізге соншалықты қажет экономиканың дамуы ең басында халыққа білім берумен тығыз байланысты», — дейді¹.

Ресейдегі орыс тілінде білім беретін ұлт мектептерінің жүйесінің негізі ХІХ ғасырдың екінші жартысында қаланды. Дейтұрғанмен де, бұдан бұрын да қазақ жерінде мектептер ашылған. Осы күнгі деректердің көбінде Кіші жүздегі тұңғыш ашылған мектеп санатында 1841 жылы Ордадағы Жәңгір мектебі аталады. Шындығында, облыстық білім мұражайындағы кейбір деректер одан бұрын да Кіші жүзде мектептер ашылғандығын айғақтайды. Мәселен, Бөкей Ордасының Еділбай ауылында 1830 жылы Қойбағар Қостанбаев мектеп ашып, 30-ға дейін бала оқытқан. Ол келе-келе 2 мектепке айналып, оның біреуін Қойбағардың баласы Еламан ұстаған. Сондай-ақ, 1831 жылы да Алаша ауылында Қанай Жұбанышев өз қаржысына мектеп үйін салып, 20-дан астам баланы өзі оқытқан. Бұндай мектептерде 50—100 аралығында шәкірттер дәріс алған, олардың арасында қыздар да болған².

Ал Орал облысында тұңғыш орыс-қазақ мектебі 1864 жылы 25 қазанда ашылды³.

ХІХ ғасырдың аяғында (1898 жылы) Орал облысында 177 оқу орны болды. Оларда мектеп жасындағы облыс баласының 11 пайызы оқыды⁴.

Осы кезде Бөкей Ордасында (1896 жылы) 24 орыс-қазақ мектебі жұмыс істеді⁵. Оның ішінде екі кластық училищелері — 6, старшиналық мектептер — 14 және жеке меншік мектептер — 4 болды. Екі кластық училищелерде әрбір мұғалім пәні бойынша оқу бағдарламасын өзі даярлауға тиіс болды. Сонымен қатар, әрбір пәннен емтихан алдында, ең аз мөлшерде оқушылар білуге қажетті білім мөлшерін белгілеген ерекше бағдарлама

¹ Ушинский К. Д. Шығармалар жинағы. РСФСР-дің П. Ф. А. М., 1948. 3-т. 609-б.

² ҚР ОМА. 78-қор, 2-тізбе, 423-іс. 4-б.

³ Тажибаев Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века. Қаз. госиздат., 1962. С. 197.

⁴ Россия империясының бастауыш білім туралы статистикалық мәліметтері. III шығарылым. 1902.

⁵ ҚР ОМА. 733-қор. 172-іс. 114—115-бб.

жасақталды. Мысалы, орыс және қазақ тілдерінің бағдарламасына мыналарды білу кірді⁶.

Бірінші класс — Қазақша-орысша сөздіктің («Қырғызша-орысша сөздік». Орынбор, 1897), Ы. Алтынсариннің «Қырғыздарды орыс тіліне үйретуге бастапқы басшылықтың» (Орынбор, 1879), «Жазуға үйрететін кнеге» — қазақтарға арналған Әліппенің (Қазан, 1892), «Қырғыздар үшін орыс тілінің практикалық сабақтарының» (Орынбор, 1893) көлеміндегі сөздер мен ұғымдарды білу.

Екінші класс — «Ақыл беретугун кнеге» (Қазан, 1891) кітабының алғашқы 24 тарауын қазақ тілінен орыс тіліне аудару. Сол сияқты арифметикадан, географиядан, орыс тарихынан оқушылар білуге қажетті ең аз мөлшердегі бөлім мөлшері белгіленді.

Батыс Қазақстанда ХІХ ғасырдың аяғында орыс-қазақ мектептерінде жұмыс істеген мұғалімдердің кәсіби даярлығы туралы мәліметтер өте аз. Өздерінің педагогикалық қызметтерін Қазан төңкерісіне дейін, ХХ ғасырдың басында Бөкей Ордасының құрамында болған үлкен Ганюшкино селосында, Есбол Қызылүйінде бастаған халық мұғалімдері Хамидолла Нәубетовтың, Аманғали Асылалиевтің өмірбаяндарына карағанда Батыс Қазақстандағы орыс-қазақ мектептерінің мұғалімдері мынадай жолдармен дайындалған:

Біріншіден, Орал облысының орыс мұғалімдері 1878 жылы ашылған Орынбор мұғалімдер институтында дайындалды⁷.

Екіншіден, 1882 жылы Хан ордасында жергілікті мұғалімдерді даярлайтын училище ашылған еді. Сонымен қатар, ХХ ғасырдың бас кезінен бастап, ордадағы 2 кластық училище 4 кластық училищеге айналып, оның соңғы 2 класына мұғалімдер даярлайтын екі жылдық педагогикалық курстардың дәрежесі берілген еді⁸.

Ескертетін жағдай, батыс өлкенің қазақ мұғалімдерін Орынбор мұғалімдер институтында даярлауға патша үкіметінің ықыласы болмаған. Бұл жөнінде Орынбор оқу округінің қызметкері П. Лавровскийдің 1878 жылғы 4 қарашадағы мұғалімдер институтының директорына жолдаған хатында «Мұсылмандарды, еврейлерді және өзге

⁶ ҚР ОМА. 59-қор. 1-жазу, 91-іс. 1-бет.

⁷ Орынбор облысының мемлекеттік архиві. 81-қор, 1-жазу, 115-б.

⁸ ҚР ОМА. 733-қор. 172-тізім. 1872—1907, 114—115-66.

дін өкілдерін институт тәрбиешілері қатарына қабылдауға жоғары мәртебелі тақсыр, халық ағарту министрінің қарсы екенін қатеріңізге беремін» деп жазған болатын⁹.

Тағы бір дәлелдеуді қажет ететін деректер: Орда мектебінің 1839 жылы ашылғандығы. Онда Жәңгірдің туыстары мен билерінің (балдызы М. С. Бабажанов, М. Бекмұхамбетов) балалары қатысып, араб, парсы тілдері, діни пән оқытылған. Айталық, атақты күйші Дәулеткерейдің баласы Азаматкерей татар тілі мен дін сабағынан «3», араб тілінен «4», парсы тілінен «4» деген бағалар алған¹⁰.

1841 жылы 6 желтоқсанда Хан ордасында Жәңгір Бөкеевтің ұйымдастыруымен мектеп үйінде оқыған жиырма бес оқушының ішінде Ахметкерей Сұлтанов, Мұхамедше Байтүменов, Бажақов, Шомбалов т. б. болды. Олардың ең үлкені 22-де, кішісі 9 жаста еді¹¹.

Мектепте алғаш ұстаз болған Константин Петрович Ольдекоп орыс тілі, жазу мен оқу, грамматикадан сабақ берді. «Діни оқу» мен шығыс тілдерін молда Хакім-Мұхамед Әлиенов үйретті.

Мектепте татар, араб, орыс тілдері, арифметика мен грамматиканың бастапқы ережелері, жағырапия мен тарихтың қысқаша курсы оқытылды. Ольдекоп жылына үш рет Жәңгір ханға үлгерім журналын көрсетуге міндетті болды. Жәңгір хан қазақ халқының жан-жақты білім алуына аса мүдделі, көреген қайраткер еді. Өзі ашқан мектепте сабақ қазақ, орыс, татар тілдерінде жүрді, шәкірттерге араб тілі де үйретілді. Сонымен қатар Жәңгір хан, өзі Ресей патшасының жергілікті жердегі өкілі болғандығына қарамастан шығыс мәдениетін де шет қақпай қылған жоқ. Ал патша өкіметі мұсылман әлемінің асыл мұраларының оқытылуына жан-тәнімен қарсы болғаны белгілі. Жәңгір ханның өз заманының аса көрнекті зиялы-қайраткерлерінің бірі болғандығына Орда мектебінің түлегі, заманның ірі оқығандарының бірі, орыс географиялық қоғамының мүшесі Мұхамедсалық Бабажановтың пікірі дәлел бола алады: «Соңғы кездері, Жәңгір Бөкейұлы хан болып бекітілгеннен бастап, біздің оқып, білім алуымыз едәуір тезірек әрі кеңірек көлемде ілгері

⁹ Орынбор облысының мемлекеттік архиві. 81-қор, 1-жазу. Циркулярлар мен шешімдер. 106-б.

¹⁰ ҚР ОМА. 78-қор, 2-тізбе, 4700-іс, 257-б.

¹¹ Құрманғалиева К. Орда мектебіне — 150 жыл // Қазақстан мұғалімі. 1991. 26 шілде.

басты. Осы ханның ықпалымен және жәрдемімен, сондай-ақ басқа да жағдайларға байланысты ордадағылар сауаттылықтың қажеттігін түсіне бастады. Шәкірттер мен оқытушыларды қолдап, демеп отыру үшін марқұм хан ақшасын да, өзінің күш-жігерін де аямай, білімнің пайдасы туралы ордалықтардың құлағына құюмен болып еді.

Өз ордасында ол мектеп ашып, онда 60 адамға дейін мұсылманша оқыды, орысша қара танып, бір жағынан орыс тілін үйренді. Бұл мектеп «Жәңгір мектебі» деген атпен ордада әлі күнге дейін бар»¹².

Негізінде ордадағы Жәңгір мектебін ашуда патша өкіметі жергілікті халықты бағындыру, отарлау саясатына қажетті шенеуніктер мен тілмаштарды даярлау мақсатын көздеді. Сонымен бірге патша өкіметі Бөкей Ордасында мектеп ашу арқылы татарлардың қазақтарға тигізіп отырған ықпалын тежеп, бәсеңдету мақсатын да көздеген болуы мүмкін.

Сол Бабажановтың айтуынша, Жәңгір ханның әйелі Фатима ханумды сағалап ол тұста ордаға татарлар көптеп келе бастаған.

Осыдан келіп, олар қазақтарды орысқа қарсы азғыруы мүмкін деген күдік туып, мұның өзі патша әкімшілігін едәуір алаңдатқан сияқты. Мұны Н. И. Ильминскийдің қазақтарды оқыту жүйесі туралы генерал-губернатор Н. А. Крыжановскийге «Қазақтарға білім беру жөніндегі шаралар туралы пікір» атты («Мнение по вопросу о мерах по образованию киргиз») баянхатында «қазақ мектептеріндегі оқу татарша-мұсылманша бағытта емес, қазақша-орысша жүргізілуі керек», — деп қадап айтады¹³.

Әлбетте, Жәңгірдің мектеп ашу жөніндегі қадамы кедергісіз болмаған. Бөкей Ордасында болып әдейі зерттеу жүргізген патшаның шенеунігі И. С. Иванов Жәңгірдің жағдайының қиын екенін, оған сұлтандармен қатынасын жөндеуге тура келетінін, сенатор Энгель мен Орынбор әскери губернаторынан күткен көмегінің ақталмағанын жазды¹⁴.

«Сондықтан да, — дейді ол, — ордаға мешіт салдырып, молдалар шақыртып, елдің сауатын ашуға талапта-

¹² Бабажанов М. Заметки киргиза о киргизах. СПб., 1861.

¹³ Тәжібаев Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX в. Қаз. гос. издат., 1962. С. 21.

¹⁴ Атырау облыстық архиві. 49-қор. 5-тізбе. 57-іс. 1-б.

нады. Сөйтіп, қырғыздар арасында мұсылмандықты орнықтыра отырып, православиеліктерді де қамқорлайды»¹⁵.

Жәңгірдің үлкен маңыз берген мәселесі экономикалық жағдаймен бірге оқу-ағарту ісі болды. Ол қазақ балаларын Ресей қалаларына оқуға жіберуді ұйымдастыра бастады. Бірақ бұл да жеңіл іс болмады. Ресей адамдары әр түрлі сылтаулармен қазақ балаларын оқуға қабылдауға кедергі жасап бақты. Міне, осындай қиындықтарға кезіккен Жәңгір ордада училище ашуға пәрменін сала кіріседі. Нәтижесінде 1841 жылы 6 желтоқсан күні император ағзам Николай Павловичтің құрметіне училище ашылды. Төменде осы училищедегі сабақтың (оқу кестесінің жалпы түрін) жүктемелік сипатын беріп отырмыз¹⁶.

1-кесте

Сабақ, пән түрі	Апталық сағат саны
1. Орыс тілі	7 сағат
2. Арифметика	4 сағат
3. Ислам, шарифат дәрістері	7 сағат
4. География	3 сағат
5. Ғалам халықтарының тарихы	3 сағат
6. Ресей тарихы	3 сағат
7. Дене тәрбиесі	2 сағат
8. Әскери істен мағлұмат	1 сағат
9. Православиелік сабақтар	3 сағат
10. Еңбек, қолөнерге баулу	2 сағат

Кейінірек, бұл училище «Жәңгір училищесі» деп аталды. Жәңгірдің көзі тірісінде жыл сайын 6-шы желтоқсан күні училищеде салтанатты ресми емтихан өткізіліп, оған хан қатысып отырған.

Училище 1891 жылы өзінің 50 жылдық мүшел тойын желтоқсанда атап өтті. Сол мүшел тойда Жәңгірдің оқу-білімнің маңызы хақындағы Шөкей Нұралыхановқа жазған (1811 жылғы 11 қазан) хаты оқылды.

Қазақ балаларына арналып ашылған аталмыш оқу

¹⁵ Атырау облыстық архиві. 49-қор. 5-тізбе, 57-іс. 1-б.

¹⁶ Сонда. 12-б.

ордасы көптеген азаматтарды тәрбиелеп оқытып шығарды. Онда 1841—1891 жылдарда 2000 бала орысша сауат ашса, 250 адам оқудың толық курсына тамамдады¹⁷. Мектеп соңғы 100 жылда оқу-ағарту саласында талай шәкірттерді тәрбиеледі.

Оқу-ағарту ісімен қатар Жәңгір ислам мәдениеті мен дінінің қазақтар арасында кеңінен таралуын насихаттап отырды. Ол ордада мешіт салдыруға көп күш жұмсап, ақыры 1825 жылы мешіт салынды. Бұл әдемі бақ ортасында тұрғызылған өте көркем ғимарат болды. Оның жобасын дайындаған Жәңгірдің өзі еді¹⁸.

Ғылымды құрметтей білген Жәңгірдің өз кітапханасы болған. Ол «Северная пчела», «Отечественные записки», «Современник», «Москвитянин», «Министерство народного просвещения» журналын, «Посредник», «Земледельческая газета», «Друг здоровья», «Министерство Государственного имущества» газеттерін, «Русский инвалид», «Светские ведомости», Астрахан, Саратов, Оренбург губерниялық ведомстволары сияқты мерзімді баспасөзді алдырып тұрған. Сондай-ақ, ол тек бір ғана 1843 жылы Шиннельдің «Архитектура XIX столетия», Максимовичтың «Атлас или собрание карт всего земного шара», Проскуриков пен Семеновтың «Подробный учебный атлас Российской империи», Михайловско-Данилевскийдің «Описание Отечественной войны», Баршевтың «Основы уголовного права», Гогольдің «Өлі жандар» кітаптарын алдыртқан¹⁹.

Жергілікті өлкетанушылардың деректеріне қарағанда, Жәңгір зиялылық үлгісін көрсете отырып, әр түрлі ғылым, өнер қайраткерлерін, саяхатшыларды ерекше ықыласпен, қонақжайлықпен қарсы алып отырған. Жазушы Б. Аманшинның облыстық білім мұражайдағы материалында көрнекті ориенталист Қазембектің Жәңгірге жазған хаттары туралы айтылады²⁰.

Жәңгірдің белгілі ғалым Қ. Ф. Фукспен де әлденеше мәрте кездесуі де, хат алмасуы да назар аударарлық. Ал, Қ. Ф. Фукс — клиницист-дәрігер, анатом, натуралист, археолог, этнограф, тарихшы, нумизмат, тілтанушы, ғалым-саяхатшы, жазушы — өз заманының аса білімпаз адамы. Қ. Ф. Фукс әсіресе, Жәңгірдің көп тіл білуіне на-

¹⁷ Ыдырыстегі Қ. Атырау. 1994. 31 тамыз.

¹⁸ Сонда.

¹⁹ Бұл да сонда.

²⁰ Бұл да сонда.

зар аударып, «Кроме киргизского языка, как отечественного, ему известны персидский, арабский, он так же хорошо владеет им довольно свободно и пишет на нем, так же как и на трех первых языках...», — деп көрсеткен. Одан өзге ол 1826 жылы Қазан университетінің хабаршысында жарияланған мақаласында: «Джангер чрезвычайно любим своим народом, русским и всеми, которые знают доброту его сердца», — деп Жәңгірге мінездеме берді.

Өлкеміздегі халық ағарту ісіне осыншалықты үлес қосқан Жәңгір қоғамдық істермен де белсене шұғылданған, айталық, оның көгалдандыру бағытындағы қызметі туралы жергілікті жазушы Б. Қорқытовтың әңгімесінде жақсы айтылған. Онда көрнекті ақын Мұрат Мөңкеұлының өлеңі келтірілген:

Әсемдікке алқара құс тон киген,
Салтанатқа салпы ерінді нар жеккен,
Сусынына шай ішкен,
Жасқұстың тұрған тұмсығы,
Жәңгірдің қала салдырған,
Меткілеп арал қалдырған,
Жеріне жеміс еккізген,
Арпа мен қауын төккізген.
Он екі жыл отырып,
Әңгіме құрып өткен жер²¹, —

деп Жәңгірдің бау-бақша, орман-тоғай отырғызуға сіңірген еңбегі хақында жырлаған. Қазақтың соңғы ханы Жәңгір туралы сөз болғанда, ол кісінің өз заманының перзенті екенін, патша үкіметінің қызметкері болғандығын ескерген жөн. Жәңгірдің замандасы, күрескер ақын Махамбеттің хан туралы «Хан емессің қасқырсың, қара албасты басқырсың» деп, патша үкіметінің жыртысын жыртып, қазақ еңбекшілерін Жайық өзенінің оң жағалауындағы мал жаюға қолайлы жерлерге жібергісі келмеген ханның әрекетіне байланысты жырлағаны тарихтан белгілі. Кеңес үкіметі жылдарында Жәңгірдің тұлғасы жөніндегі бағалар Махамбет өлеңдері тұрғысынан беріліп келді де, ханның қазақ халқын ағарту, сауаттандыру ісіне байланысты жұмыстары мүлдем ескерусіз қалды. Әлбетте, Жәңгірдің мектеп ашқызып, ағарту ісін дамытудағы жолы еш кедергісіз болмаған. Бұл жолда ол да хан болғанмен, қиындықтар көрген.

²¹ Қазақстан ҒА Орталық ғылыми кітапханасының қоры. 1947 ж. Б. Қорқытовтың материалдары. 57-іс.

Мәселен, бұл туралы тарих ғылымының кандидаты И. Кенжалиев «Ақиқаттан алшақтамайық» атты «Жас Алаш» газетіндегі мақаласында төмендегідей деректер келтіреді: «...Бірақ, орда мектептері күтімсіз болған. Орынбор шекара комиссиясы: «В 1851—1852 гг. многие бросили учебу из-за отсутствия средств», — деп мектептің орнына жаңа мектеп ашу жобасын мәлімдеген²².

Мектеп үйінің құлауынан 1862 жылы ол жабылып, шәкірттері таратылған²³. Әрине бұл кезде (1845 жылы) Жәңгір қайтыс болған, содан кейін де оның мектебіне деген көзқарастың суығаны анық. Мысалы, 1858 жылы ол мектепте небары 14 бала, 1865 жылы 19 бала оқыған²⁴.

Патша әкімшілігі орда мектебін көзден таса қылмай үнемі қадағалап отырған. Мектептің оқу-материалдық базасы біршама жақсы болған. Татар, башқұрт және қазақ мектептерінің инспекторы В. В. Катаринский мектепте оқулықтар мен оқу құралдары жеткілікті екенін, шәкірттер Ушинскийдің, Паульсеннің оқулықтарын, Ресейдің географиялық картасын, т. б. пайдаланып жүргендігін айта келіп, былай деп жазады: «Жоғарғы бөлімнің шәкірттері 4 жыл оқығаннан кейін Паульсеннің кітабындағы мақалаларды әжептәуір жақсы оқиды, оқығандарын өз сөздерімен айтып шығып, оны қазақшаға аударып бере алады және сол аударғандарын әріптермен таңбалап жазып шықты...».

Хан ордасындағы Жәңгір мектебін ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ халқының көптеген көрнекті ғалымдары, ағартушылары, қоғам қайраткерлері бітіріп шықты. Жоғарыда атап өткен Мұхамед Салық Бабажановтан басқа, осы Жәңгір мектебін бітіріп, кейін Орал губерниясының құрамындағы Гурьев уезінде ұзақ жылдар правитель болған, аса көрнекті ғалым-ағартушы Мұхамеджан (Мақаш) Бекмұхамбетовтың өлке тарихынан алатын орны ерекше. Ол тек ел басқару ісіне, билікке ғана араласып қоймай, әдебиетпен, өнермен де айналысқан, өзі жазған және ел аузынан жинаған бірсыпыра өлеңдері 1908 жылы Қазандағы Қаримовтар баспаханасында «Жақсы жігіт» деген атпен жеке кітап болып басылып шыққан. 1910 жылы Астрахан қаласында

²² Кенжалиев И. Ақиқаттан алшақтамайық // Жас Алаш. 1993 жыл. 18 ақпан.

²³ Қаз. ОМА. 78-қор. 4784-іс. 8-б.

²⁴ ҚР ОМА. 78-қор. 4700-іс. 36-б.

²⁵ ҚР ОМА. 733-қор. 170-тізім, 156-іс.

жарық көрген «Астрахан губерниясында көшіп-қонып жүрген қалмақтар мен қазақтар туралы кітапта» («Книга о калмыках и киргизах, кочующих в Астраханьской губернии») оған қатысты мынадай жолдар бар: «Қазақтар туралы ол жазған бірнеше тарихи және тұрмыстық очерктер, повестер, әңгімелер, анекдоттар қолжазба күйінде сақтаулы тұр. 1904 жылы 74 жасында қайтыс болды». Бұлардан басқа *Ғұбайдолла Жәңгіров, Бақтыгерей Құлманов, Сәлімгерей Жантөрин*, ағайынды *Батырқайыр және Әбділқарім Ниязовтар, Сәлімгерей Нұралыханов, Шәңгерей Бөкеевтер* өз заманының озық ойлы, зиялы қайраткерлері болды. Мысалы, Ғұбайдолла Жәңгіров кезінде патшалық Ресейдің көрнекті әскери басшыларының бірі болған. 1877—1878 жылдардағы орыс-түрік соғысына қатысып, 1878 жылы оған генерал-майор, 1888 жылы генерал-лейтенант, ал 1894 жылы Инфантерия генерал атағы беріліпті. Александр II патшаның бұйрығымен Ғұбайдолла Жәңгіров Телеграф департаментін де басқарған²⁶.

XIX ғасырдың аяғында жаңа-жаңа қалыптасып келе жатқан өркениеттің аса маңызды құралы болып есептелетін телеграф жүйесін осал адамға сеніп тапсырмаса керек.

Қазан төңкерісінен көп бұрын Қазан университетінің медицина факультетін бітірген тұңғыш дәрігерлер Мәжит Шомбалов пен Махмуд Шолтыровтың, Саратов университетінің медицина факультетін тәмамдаған Батырғали Жүсіпқалиевтің осы мектептен сауат ашқаны белгілі.

Сондай-ақ, осы мектепті бітіріп, Кенес дәуірінде еліміздің қоғамдық, саяси, әскери, экономикалық, мәдени және ағарту өміріне өлшеусіз үлес қосқан қазақ халқының аяулы ұл-қыздарының саны көптеп саналады. Олардың қатарында қазақтан шыққан тұңғыш генералдар Рамазан Құрманғалиев, Шәкір Жексенбаев, Совет Одағының Батырлары Темір Масин мен Ахмедияр Құсайынов, академиктер Ерден Азербаяев, Асан Тайманов, Фазыл Мұқамбетқалиев, Ғақаш Бияшевтар, атақты ақындар Шәңгерей Бөкеев пен Тайыр Жароковтар бар. Жәңгір мектебінде тамаша ұстаздар тобы жанқиярлықпен еңбек етті. Мектептің алғашқы ұстаздары Ольдекоптың, Әлиеновтың есімдерін қазақ халқы әрдайым ризашылықпен еске алып отырады.

²⁶ Даумов С. Жәңгір мектебі / Қазақстан мұғалімі. 1991.

Сондай-ақ, чуваш мұғалімі, кейін ордадағы Торғын училищесінің директоры болған Никифоровтың, училищеде мұғалім-инспектор болған, «Бір және екі кластық училищелерге арналған орыс тарихы» оқулығын жазған Д. Кочуровтың, өздері оқыған мектепке кейін ұстаз болған Нұғыман Залиевтің, көптеген оқулықтар мен сөздіктердің авторы Ғалым Бегалиевтің еңбектері орасан зор. Осы мектепте кезінде оқып, кейін ұстаздық еткен, республиканың көрнекті мемлекет қайраткері Сейітқали Меңдешевтің есімін де ерекше атауға болады. Қазақтың қайраткер қыздары Алма Оразбаева мен Мәдина Бегалиева да осында оқыған. Осы мектепті бітірген Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімдері Ғұмар Зәрипов пен Ахмедфаиз Тажиденовтың өлке тарихында алатын орындары ерекше²⁷.

Қазақ даласындағы ұлт мектептерінің бастау бұлақтарының ең алғашқыларының бірі ордадағы Жәңгір мектебінің еліміздің ағарту ісіндегі ролін, мектептің іргесін қалаушы, қазақ халқының ең соңғы ханы Жәңгір есімінен бөліп қарау мүмкін емес. М. Бабажановтың айтқанындай, мектеп үшін «марқұм хан ақшасын да, күшжігерін де аямады»²⁸.

Сөйткен хан, Кеңес үкіметі кезінде коммунистік идеологияның құрбаны болып, халық ағарту ісіндегі оның өлшеусіз еңбегі жоққа шығарылды.

Республиканың тәуелсіздік алуы нәтижесінде еліміздің тарихи тұлғаларының қызметіне бағалар жаңаша беріле бастады. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев 1997 жылдың қыркүйек айында Орда қаласындағы Жәңгір хан кесенесінің ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде қазақтың соңғы ханының өз елінің мәдениетін, білімін, қоршаған ортасын жақсартуға сіңірген орасан еңбегін айта келе былай деді: «Біз халқымыздың рухын көтеруіміз керек. Өзінің рухына, өзінің тарихына немқұрайлы қараған халықтың болашағы жоқ. Мысалы, Жәңгір хандай хан қандай мемлекетте болды? Мұндай білімді, мұндай ділмар, оқыған, көп білген, шен алған, барлық отбасымен қазаққа шипасын тигізіп, жастарды оқытып, ауру-сырқаттан алып қалған қандай адам болды екен?»²⁹.

²⁷ Құрманғазиева К. Орда мектебіне — 150 жыл / Қазақстан мұғалімі. 1991. 26 шілде.

²⁸ Бабажанов М. Заметки киргиза о киргизах. СПб., 1861.

²⁹ Назарбаев Н. Егемен Қазақстан. 1997, қыркүйек.

Хан ордасында 1883 жылы бір кластық әйелдер училищесі ашылды³⁰. Академик Т. Тәжібаевтың дерегі бойынша, бұл училищеді алғашқыда тек орыс қыздары оқыған. Саны 24 оқушы.

Педагогикалық басылымдарда хан ордасында әйелдер училищесінде алғаш ұстаз Хұснижамал Нұралыханова болды делінеді. Бірақ Тәжібаевтың зерттеулерінде ол педагогтың есімі аталмайды. Филология ғылымының докторы, академик Рабиға Сыздықованың зерттеулеріне қарағанда, Хұснижамал Нұралыханова қазақ қыздарын ордадағы әйелдер училищесінде 1894 жылдан бастап оқыта бастаған³¹.

Хұснижамал Зұлхарнайқызы мұғалімдерден өз бетімен сабақ алып, білімін жан-жақты көтеріп, молықтырып отырады. Ол кездегі дәстүр бойынша, қаражаты барлардың балалары мен жас әйелдері тиісті мұғалімдерден үйлерінде оқып, белгілі мерзімде үлкен қалалардағы оқу орындары мұғалімдерінің алдынан өтіп, емтихан тапсырып отырған. Олардың білім өрісін жан-жақты сынау, бақылау жолдары кәдімгі мектептегі сынақ жүйесінен бірде-бір кемдігі жоқ болған. Міне осындай әдіспен Хұснижамалдың білім алғандығын архив беттері растайды. Оқу министрлігінің Бөкей ордасындағы инспекторы Вознесенскийдің 1897—1898 жылдардағы есебінде: «...Хұснижамал қазақ сұлтанының қызы, Қазанның Земская мектебін бітірген. Білімді өз үйінде ағаларынан алған. Хұснижамалдың жасы 25 шамасында, көрікті де сүйкімді. Осы жастағы ордадағы жалғыз қыз... Орысша тым таза сөйлейді. Оның ерекшелігі өте ұстамдылығында. Қазір ол өзін орыс мектебінің ісіне арнауға ұйғарып отыр»³², — делінген.

Хұснижамалдың өз заманының озық ойлы, білімді ағартушы, тәлімді ұстаз болуына қоршаған ортасы, өзінің отбасы мейлінше ықпал етті. Жәңгір хан Орда қаласын мәдени орталыққа айналдыру үшін көп тер төккен. Алдымен осы қалада үлкен кітапхана ашу жөнінде әрекет еткен. Ол үшін орталықтан — Мәскеу, Петербор, Қазан, Уфа сияқты қалалардан шығатын газет-журнал, кітаптарды үнемі алғызып тұрған. Сонымен қатар, Орда қаласына Ресей елінен көптеген саяхатшылар, ғалымдар, эт-

³⁰ ҚР ОМА. 733-қор. 171-тізім. 2336-іс. 152-б.

³¹ Сыздықова Р. Хұснижамал // Орал өңірі. 1994. 7-сәуір.

³² ҚР ОМА. 59-қор. 1-тарау. 83-іс. 17-б.

нографтар келіп, мұнда өздерінің жұмыстарына қажет мағлұматтарды жинастырып алып, кейін зерттеу мақалалары мен кітаптарын шығарып отырған. Хұснижамал осындай ортада болып тиянақты да терең білім алды. Енді ол өзі жинақтаған білімді қазақ қыздарына беруге құлшына кірісті. Сол кездегі ортада өскен, қорғаншақ, бұйығы, өте ұяң қазақ қыздарымен жұмыс жасаудың көптеген қиындықтары бар еді. Әрі олар мектепке ешқандай дайындықсыз келетін.

Сонымен Хұснижамал 1894 жылы арнайы алты қанат киіз үй тіктіріп, осында қыздарды оқыта бастады. Оқытқаны үшін мұғалімдік еңбек ақы алудан бас тартады. Оқытуға қажетті оқу құралдары мен басқа да жабдықтарды оқу министрлігінің инспекторы А. Вознесенскийдің көмегімен алып тұруға келіседі. Хұснижамалдың шәкірттерінің бірі — ғалым-ұстаз Әмина Мәметова (Совет Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың анасы) былай деп еске алады: «Мен бастаған ісімді аяқсыз қалдырмай, қалайда аяқтап шығатындай тиянақты болуды Хұснижамал апайдан үйрендім. Тал бойында бір мін жоқ, киім киісі, жүріс-тұрысының өзі үлкен мектеп болатын. Оның көркем жазуға үйреткендегі сүйріктей саусақтары, мәнерлеп оқудағы мақпал даусы әлі есімде. Ол бізге жазу мен оқуды ғана үйретіп қойған жоқ, жұрттың алдында қалай ұстауды, жүріп-тұруды, бойымызды күтуді ерінбей-жалықпай үйрететін. Ән салуға, европаша би билеуге баулыған. Оның бізге дауыс көтеріп, қабақ шытқанын, немесе бір айтқанын қайталағанын көрген емеспін»³³.

Хұснижамал ұлттық педагогиканы жаңа жағдайлармен шебер, әрі ұтымды байланыстыра білді. Қазақ қыздарының ата-анасының оң жағында отырып, отбасында алған жақсы қасиеттерін жетілдіруге көмектесіп, сонымен қатар оларға тән мінез-құлығындағы олқылықтарды — жасқаншақтықты, бұйығылықты, ынжықтықты жоюға көмектесті.

Хұснижамал өз шәкірттеріне үйде, қоғамдық орындарда, түзде қалай жүріп-тұру керек, кісімен сөйлесу, үлкенді тыңдау, құрмет көрсету, кісіге қамқорлық жасау, біреудің сөзін бөлмеу, тындап, көрген-естігенінен қорытынды шығару, сол сияқты киім кию, оның қоным-

³³ Сыздықова Р. Хұснижамал /-Орал өңірі. 1994. 7 сәуір.

дылығын қадағалау немесе өз бойын күте білу, т. б. тәлім-тәрбиені жалықпай үйретті.

Хұснижамал Нұралыханованың шәкірттерінің бірі мемлекет қайраткері, бірі қоғам қайраткері болып қалыптасуына тамаша ұстаздың еңбегі зор. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қазақ халқының ұлттық педагогикасының ғасырлар бойы жинақтаған асыл мұраларына ден қойыла бастады. Ұлттық педагогиканың озық үлгілерін қажымай насихаттатушылардың алдыңғы қатарында осы абзал ұстаз болды.

Ағарту ісінде патша өкіметі миссионерлік христиандандыру бағытын да ұстанғаны мәлім. Ол бағыттың көрнекті өкілі Н. И. Ильминский болды (1822—1891). Алайда Ильминскийдің бірбеткей орыстандырушылардан өзгешелігі: ол осы саясаттың өзін айлакерлікпен, жергілікті халықтың салт, дәстүрін ескере отырып, «түсіністікпен» жүргізуге тырысты. Осы арқылы христиан дінінің ұғымдарын сыналап енгізіп жіберуді мақсат тұтты. Ильминскийдің педагогикалық жүйесі негізінен Еділ бойы халықтарына, яғни татарларға, чуваштарға, башқұрттарға есептелген болатын. Қазақстан халқына бұл жүйені енгізу қиыншылығын ол жақсы түсіне отырып, 1869 жылы ағарту министрі Д. Толстойға жолдаған «Қырғыздарды оқыту туралы түсінік» атты хатында бұл істе қазақтардың тарихи қалыптасқан ұлттық дәстүрлері мен салттарын ескеру қажеттігін атап өтті.

Қазақ жерінде ұлт мектептері жүйесін құру арқылы патша өкіметі ең алдымен орыстандыру және отарлау саясатын мақсаттағанын облыстық мұражайдағы деректеріміз айғақтайды.

1871 жылы алғашқы екі кластық орыс-қазақ мектептері Орал және Гурьев қалаларында ашылды. Арнайы мектеп үйінің болмауынан бұлар өте тар, бейімсіз үйлерде орналасты. Тіпті патша әкімшілігі де бұл қолайсыз жағдайды мойындады, оның оқушы санының өсуіне кедергі келтіріп тұрғанын атап өтті. Сонымен қатар бұл екі мектепке оқуға ынталанған балаларды қамту қиын еді. Бұл жағдай әскери губернатор Веревкин жазғандай, мектеп санын көбейтпей және оған жағдай жасамай, оқушы санын арттыруға болмайтындығын көрсетті.

Орал облысындағы қазақ тұрғындары өз еркімен мектеп ашуға қаржы жинауды ұйымдастырды. Әскери губернатордың айтуы бойынша, Гурьев уезінде қазақтар мектеп үйін тұрғызуға өз еркімен қаржы жинау жөнінде

ұсыныс жасаған, бұл жақсылықтың нышаны, үлкен өзгеріске бетбұрыс еді.

Веревкиннің ұсынысы бойынша қаржы жинау аяқталмастан бұрын Гурьев қаласында 60 ер балаға арналған 2 кластық, оқушылар мен мұғалімдер үшін арнайы жатақханасы бар, арнайы қызмет бөлмелері белгіленіп, қазақ мектебін тұрғызу жоспарланды.

Гурьев уезінің қазақтары Гурьев қаласында қазақ мектебін ашуға 11 мың ақша жинап, 1877 жылы 20 мың сомға мектеп үйі сатып алынды.

Білім жөніндегі үкімет өкілі Қатаринскийдің айтуы бойынша, Гурьев қазақ мектебі бұрынғы көпес үйіне орналасқан. Мектепте екі класс болған. Мұғалім Машақовқа Қатаринский мынадай мінездеме берді: «Төменгі класс мұғалімі Машақов, ұлты қырғыз, 1876 жылы Орынбор азаматтық гимназиясын тәмәмдаған, өз ісіне ынталы, өкінішке орай, жаңа оқу әдістерін білмейді, өз ісін қанағаттанарлықсыз жүргізеді». Сонымен қатар мектеп мұғалімі Скворцовтың көмегімен болашақта Машақов жақсы мұғалім болады деген үлкен сенім білдіреді³⁴.

80-ші жылдары облыстың бірнеше болысында орыс-қазақ мектептері ашылды, бірақ мектеп үйіне орын табылмауынан, қажетті оқулықтарының және мұғалімдердің болмауынан мектеп ашу ұзаққа созылды. 1891—1892 оқу жылында осындай мектеп саны 10-ға жетті. Олар: Гурьевтік (1879), Сімбіртілік (1881), Қараобалық (1881), Қарасулық, Есболдық, Қалмақ-қырғандық (1881), Қарашығанақтық, Индерлік (1884), Ойылдық (1885) еді³⁵.

1886—1887 оқу жылында Темір болыстық орыс-қазақ мектебі-интернаты (ағаш ұсталық және слесарьлық кәсібі бар) ашылды.

Инспектор есебінде, өкінішке орай, 100 мың халқы бар Ембі уезінде бір ғана болыстық орыс-қазақ мектебі бар екені көрсетілген. Бұдан сәл кейінірек Қызылқоға өңірінде 1897 жылдан бастап үш орыс-қазақ мектебі ашылды. Мектептердің жағдайы өте төменгі деңгейде болды. Мектеп үйлері өте тар, ешқандай жұмыс жасауға мүмкіндіктері жоқ, мұғалімдерінің дайындығы нашар болды, оқу-құралдары жетіспеді, оқу-тәрбие жұмыстары төмен деңгейде, сондықтан да халықтың мұндай мектептерге деген қызығушылығы да аз болды.

³⁴ Тәжібаев Т. XIX ғасырдың екінші жартысындағы мектеп ісінің дамуы. Алматы, 1962.

³⁵ Атырау облыстық архиві. 69-қор. 15-іс. 12-б.

Орал облысының әскери губернаторының хаты бойынша 1888 жылы облыста 80 жекеменшік мұсылман мектебі мен медресесі болған. Басқа деректерде олардың саны 200-ден 400-ге дейін көрсетілген³⁶.

Біздің ойымызша, Орал облысындағы XIX ғасырдың аяғында қызмет еткен мұсылман мектептерінің саны жөнінде осы мәселені арнайы зерттеген ғалым Н. Сәбитовтің 1896 жылы өлкеде 206 мектеп пен медресе болды деген дерегі дұрыс сияқты. Ал «Астрахан хабаршысындағы» 200-ден 400-ге дейін мұсылман мектептері болған деген дерекке келетін болсақ, ол кезде қазақ ауылдарында 3—4 шәкіртті оқытатын жеке адамдар жұмыс істеген, сондай кішігірім діни сыныптарды мектеп санатына есептеп жіберуі әбден мүмкін.

Ғасырдың аяғында өлкемізде участкелік мектептер де болған. Участкелік мектептер — алғашқы сауат ашуға арналған жалпы білім беретін мектептер. Олардың алғашқыларының бірі үлкен Ганюшкино селосындағы екі кластық училище Бірінші және Екінші Приморье округтеріндегі екі бір кластық мектептердің негізінде құрылды. Бірінші Приморье округіндегі бір кластық мектеп Хан Ордасынан 300 шақырым жерде орналасқан. Ол қазіргі Атырау облысының территориясы. Ішкі Орда мектептерінің жұмысы жөніндегі есебінде көрсетілгендей, мектеп үйінің жоқтығынан Бірінші Приморье округіндегі мектеп бірнеше жылдар бойы жұмыс істемеген, сондықтан ол 1883 жылы Екінші Приморье округіндегі мектеппен қосылып кетті. Мектептер уақытша біріккеннен кейін, Орынбор оқу округінің қызметкері Ростовцев, бір округте екі мектепті ұстауды қажетсіз деп тауып, Бірінші және Екінші Приморье округтері мектептерін біріктіріп, жанында 40 балаға арналған интернаты бар 2 кластық орыс-қазақ мектебін жаңадан ашуды ұсынды. Халық ағарту министрінің ұсынысы бойынша Мемлекеттік Кеңес өзінің 1892 жылғы 6 ақпандағы шешімдерімен орыс-қазақ училищесінің құрылысына 4088 сом ақша бөлді³⁷.

1893 жылы 40 тәрбиеленушіге арналған интернаты бар жаңа мектеп үйі салынып, пайдалануға берілді³⁸.

Үлкен Ганюшкино селосындағы орыс-қазақ училище-

³⁶ Астраханский вестник. 1888. № 102.

³⁷ Орталық мемлекеттік тарихи архиві. 733-қор, 172-жазу. Халық ағарту департаментінің ісі. 1891—1894 жылдар.

³⁸ Астраханский вестник. 1893. № 225.

сінің бірінші класының мұғалімі Федор Белов өзінің 1894—1895 оқу жылдарындағы «Дайындық және кіші кластардағы өтілген сабақтар мен оқушылардың тәртібі туралы түсіндірмелік жазбаларында» оқу бағдарламасымен және екі класта сабақ беру тәжірибесімен таныстырады³⁹.

Ол оқу және жазу сабақтарында қазақ тілін білмегендіктен, өзіне оқытудың синтетикалық әдісін қолдануға тура келетінін айтады. Әуелі ол оқушыларды тасқа басқан әріптермен таныстырды, содан кейін қазақ балаларына арналған А. Е. Алекторовтың «Ақылға басқыш» әліппесіндегі таныс әріптер бойынша оқу және жазу жаттығуларын жүргізді. Мектепте орысша және қазақша дауыстап оқу ұйымдастырылды. Орысша оқу сабақтарына қазақтарға арналған Алекторовтың оқулығы пайдаланылды. Оқу сабақтарында әуелі мұғалім, одан кейін жақсы оқитын оқушылар, сосын нашар оқитындар дауыстап оқыды. Орыс тілі сабақтарында, мұғалімнің дауыстап айтуымен О. Ф. Пуцыковичтің оқулығы бойынша, қазақ тілі сабақтарында 1897 жылы Орынборда шыққан «Орысша-қазақша» сөздік бойынша, сондай-ақ, әліппе бойынша жаздырылды.

«Орыс сөздері, — дейді Белов, — қырғыз тіліне, қырғыз сөздері орыс тіліне аударылды, әрбір сөз, орыс немесе қырғыз сөзі буындарға бөлініп, оқушылармен бірнеше рет қайталанылды, содан кейін олар жаза бастады, оқушылардың біреуі тақтаға жазды. Қателер былай түзетілді: бір оқушы жазғанын оқыды, оқылып болғасын жұрттың бәрінде осылай жазылады ма деп сұраймын, егер біреулерде дұрыс жазылмаса, орнынан тұрып, ол туралы айтуға тиіс болды»⁴⁰.

Училищенің төменгі бөлімінде әзірлік бөліміне қарағанда өз бетімен оқу, грамматика, пәндік сабақтар, орыс балаларына — құдай заңдылықтарын, қазақ балалары үшін орыс сөздерін жаттау, айту мен жатқа жазу, көркем жазу сабақтары жүргізілді.

Бұл бөлімде Ушинскийдің «Родное слово» (1-жыл) оқулығын орыс және қазақ балалары бірге оқыған. Жалпы оқыту ісінде Гольденберг, Евтушевский, Лубенц оқулықтары қолданылған⁴¹.

Сонымен қатар, Батыс Қазақстанның Гурьев уезінде

³⁹ Бұл да сонда.

⁴⁰ ҚР ОМА. 59-қор. 1-жазу. 63-іс. 1—6-бб.

⁴¹ Бұл да сонда.

XIX ғасырдың аяғында басқа да орыс-қазақ мектептері ашыла бастады. Оған түрткі болған патша өкіметінің қазақ даласын басқару жөніндегі 1868 жылғы Заңы болды. Қазақ жерін отарлау, басқару үшін бұрынғы сұлтан, төре, билерден гөрі тілмаштар, есепшілер, оқи-жаза білетін сауатты адамдар тиімді екенін патша өкіметі жақсы түсінді. Осы мақсатта жалпақ жатқан сахарادا әр жерлерде патша өкіметінің тарапынан мектептер салу көзделген. Бірнеше мәрте экспедициялар жіберіліп, көшпелі және жартылай көшпелі халықтың тұрмыс-шаруа салтына орай мектеп салу үшін жұмыс күші, шикізат тасымалы, т. с. с. қатқабат жайлар зерттелген.

Сондай-ақ, бұл іске көрнекті ағартушы Ы. Алтынсариннің, орыстың педагог-миссионерлері, этнографтары Левшиннің, Алекторовтың, Ильминскийдің ұсыныс-пікірлері де ықпал етті.

Сөйтіп, Батыс Қазақстанның құрамдас бөлігі, кең байтақ Гурьев уезінде де алғашқы азаматтық мектептер салына бастады. Тек қана Жайықтың сол жақ бетіндегі облыстың территориясынан қазіргі Махамбет, Қызылқоға, Индер аудандарының жерлерінде барлығы тоғыз мектеп ашылған. Олар халық арасында жергілікті күйдірілген қызыл түсті кірпіштен салынғандықтан «қызыл үйлер» деп аталған. Олардың ең алғашқысы 1881 жылы ашылған Есбол Қызылүйі. Қазір Атырау — Индер тас жолының Жайық бетінде Есбол сайы деген жер бар. Мектеп үйі сол жерге салынғандықтан «Есбол Қызылүйі» деп аталып кеткен.

Екі басқышты Есбол Қызылүйі атты осы мектепте 1881 жылдан бастап қазақ балалары оқи бастаған. Мектептің алғашқы меңгерушілері көрнекті педагогтар, орыс ұлтының өкілдері А. И. Синедальцев, Н. Н. Долматов, С. И. Сухаревтар еді. Сергей Иванович Сухарев кейін Гурьев қаласындағы мұнай техникумында ұстаздық етті. 1937 жылы Сталиндік зұлматтың құрбанына айналып, «үштіктің» шешімімен атылды. Бұдан кейінгі уақыттарда Қазан төңкерісіне дейін мұнда А. Дүсіпалиев, Ш. Секетов, Қ. Досов, Қ. Азбантаев, А. Асылалиев сынды халық мұғалімдері істегені анық.

Облыстық заң орындарының ардагері, мектептің бұрынғы шәкірттерінің бірі Жұмабай Қартқожақовтың

естелігінде мектеп құрылысының екі жылға созылғандығы айтылады⁴².

Мектеп салушы ағарту министрлігі, құрылысшылар Архангельск, Вологдадан келген мұжықтар болған, олармен бірге жергілікті адамдар да істеген. Есбол Қызылүйін алғашқы ұйымдастырушылардың бірі — старшын Зұлқарнай Шәкілікұлы. Кейін Зұлқарнайдың ұлы Ескендір Шәкіліков осы мектепте, сондай-ақ Атырау облысының мектептерінде жемісті ұстаздық қызмет атқарып, дербес зейнеткер дәрежесіне жетіп, ел құрметіне бөленді. Қазақ ССР-не еңбек сіңірген мұғалімі болды, Ленин орденімен марапатталды. Жалпы Шәкілік әулетінен шыққан ағартушылар, дәрігерлер т. с. с. зиялылар республика, облыс жұртшылығына кеңінен таңымал. Е. Шәкіліков жөнінде деректер облыстық білім мұражайынан орын алды.

Басында Есбол Қызылүй мектебінің шәкірттерінің саны 70—80-нен аспаған. Мектептің ең алғашқы түлектері 1886 жылы бітірген. Ол жылы 80 бала түгел бітіріп шыққан⁴³. Қазан төңкерісіне дейін жылына кемінде 20 шәкірт мектеп тәмәмдап отырған. Қазан төңкерісіне дейін Гурьев Қызылүй мектептерін 2000 оқушы бітіріп шыққан⁴⁴.

Өлкеде туып-өскен белгілі ғалым, педагогтар, қайраткерлер Халел Досмұхамбетов, Мұқанғазы Сиранов, Аманғали Асылалиев, Қабижан Абақанов, Ескендір Шәкіліков, Бисенғали Исабаев, Кенжеғали Сафиев, Ыбраш Қорқытов, Жұмабай Қартқожақов т. б. көптеген адамдар Қызылүй аталған мектептерді бітіріп, халқына пайда әкелгендер.

Жоғарыда айтылғандай Гурьев уезіндегі «Қызылүйлердің» үшеуі Қызылқоға ауданында болды. Солардың ең алғашқысы Қаракөл мектебі.

Бұл мектептің үйін салу ісі 1891 жылдан бастап қолға алынғанмен, 1897 жылы ғана бір кластық орыс-қазақ мектебін ашуға мүмкіндік туды. Мектеп құрылысы Қаракөл деген жерде Ойыл өзенінің Сырым Датов өткелі бойына салынды. Құрылысты жүргізуші Оралдың көпесі Макаров өзіне қажетті шеберлерді Орал және Гурьев

⁴² Құлмашев Ә. Үн қосындар, түлектер // Жайық шұғыласы. 1991. 28 шілде.

⁴³ Атырау облыстық архиві. 48-кор. 12-іс, 9-б.

⁴⁴ Сонда.

қалаларынан алып, көмекшілікке жергілікті халық өкілдерін пайдаланды.

Құрылысқа қажетті құрал-жабдықтар Орал қаласынан Жайық өзені арқылы Қалмыков поселкесіне дейін салға салып әкелініп, одан бері қарай арбамен тасылып алынды. Кірпішті жергілікті қызыл саздан құйдырып дайындады. Құрылысқа қажетті қаржыны патша өкіметі берді де есептелгенмен, оның көпшілігі жергілікті халықтан жиналған салық есебінен қордаланды. Болыс басшылығынан құрылысқа Құлмақ Бисенқұлов жетекшілік етті, жұмысшыларды отын-сумен, азық-түлікпен жергілікті тұрғындар, ағайынды Сарбөпе және Құтқожа Байлығариндер, Бимағанбетовтер қамтамасыз етіп отырды. Мектеп 1896 жылы салынып бітті. Мектеп үйі оқу корпусынан, ұйықтайтын және қосымша бөлмелерден, моншадан және екі мұғалімге арналған пәтерлерден, тігін шеберханасынан тұрды. Бір кластық орыс-қазақ мектебі ретінде мектептің ресми ашылуы 1897 жылы болғанымен, мұғалімдер жетіспеуі салдарынан ол өз жұмысын тек 1899 жылы 1 қыркүйекте бастады.

Оқу ісінде Ы. Алтынсариннің, Н. И. Ильминскийдің, А. Байтұрсыновтың оқулықтары қолданылды.

Мектептің алғашқы директоры Мейірман Бейсенов, мұғалімдері Ахмет Қошқарбаев. Салық Тұрымтаев, Хайдар Даушев, Ыбыраш Шынарар, Степан Булычев, Қожақ Досов және басқалары болды⁴⁵.

Мектептің оқу бағдарламасына орыс тілі, арифметика, жаратылыстану, география, шарифат енгізілді. Балалар аптасына бес күн оқып, бейсенбі, жұма күндері дем алды. Төрт жыл оқытатын Қаракөл бір кластық орыс-қазақ мектебіне айналдырылды. Мектептен тәрбиеленіп шыққан Әбіл Ұйықов, Жолдығали Ербатыров және басқалар мұғалімдер курстарын бітіргеннен кейін болыстан да мектептер ашып, ұстаздық етті.

Мектепті алғаш бітіргендердің арасында Ғабдулла Махамбетов болды. Ол ұзақ жылдар бойы мұғалім, мектеп директоры болған. Ғ. Махамбетов екі рет Ленин орденімен марапатталған, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі. Мектепті бітіріп, халық шаруашылығының алуан саласында аянбай еңбек еткен түлектерін көптеп атауға болады. Олардың ішінде Ізім Досов, Иғали Сағындықов,

⁴⁵ Жангереев Ж. Қаракөл мектебінің өткен жолы / Қазақстан мектебі. 1977. 25-б.

Нұрғали Айбатыров, Қойшы Сарболин және басқалар бар. Бірінші дүниежүзілік соғысқа байланысты үзілістен кейін, мектеп 1917 жылдан қайта жұмыс істей бастады.

Сайып келгенде, Батыс Қазақстанда ХІХ ғасырдың орта кезінен бастап ашылған орыс-қазақ мектептері халықты сауаттандыру ісінде елеулі рөл атқарды.

Кеңес өкіметі жылдарында еліміздің білім беру саласындағы мұсылман мектептерінің рөлі төмендетіліп, тіпті жоққа шығарылып келді. Ал орыс-қазақ мектептері нағыз интернационалдық, прогрессивтік мектептер ретінде шамадан тыс дәріптелді. Шындығында, орыс-қазақ (орыс-түземдік) мектептерінің түпкі мақсаты — қазақ елін рухани әлсірету, ата тарихы мен ұлттың мәдениетінен қол үздіру. Отаршылдық саясатты жүзеге асыру жолын кезінде Түркістан генерал-губернаторы К. П. фон Кауфман ашық көрсеткен: «...только народное образование способно завоевать край духовно: ни оружие, ни законодательство не могут сделать этого, а школа, и только школа может»⁴⁶.

Ал тарихи шындыққа жүгінсек, орта ғасырлардың алғашқы дәуірінде (VII—VIII ғғ.) өмір жолын бастаған ұлттық мектептердің мазмұнды ерекшелігі, бүгінгі күннің де кәдесіне жарататын құнды тәлім-тәрбиелік тәжірибесі, бай тарихы бар. Ол ертеден басталады. Мұсылман мектебінде білім алып тек Европа емес бүкіл дүние жүзіне Авиценна деген атпен әйгілі болған, ғылыми ақыл-ойдың алыбы Әбуәлі Ибн Сина Х ғасырда Орта Азияда өмір сүріп, ғылым жолында көп еңбек еткен. Ол әрі дәрігер, әрі табиғат сырын зерттеуші, әрі философ, әрі ақын болды. Оның «Дәрігерлік ғылымның ережелері» деген еңбегі дүние жүзі дәрігерлерінің ХVII ғасырға дейін қолданған бірден-бір құралы болды.

Ежелгі Қазақстан территориясын бірінші мың жылдықта мекендеген түркі тайпаларының өзіндік мәдениеті, жазу, сызуы болған. Түркі тайпаларының ең алғаш пайдаланған жазуы Орхон — Енисей сына жазуы VI—VII ғасырларда қалыптасқан. IX—XIII ғасырларда өмір сүрген Орта Азия халықтарына ортақ Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Әл-Фараби, Ахмет Йүгінеки, Қожа Ахмет Иасауи т. б. кемеңгерлер мұсылман мектептерінен білім алған адамдар еді.

⁴⁶ Граменицкий С. Краткая историческая записка об убийстве инородческого образования в Туркестанском крае // Туркестанские ведомости. 1903. № 224.

Азиялық данышпан ақындар Фзули, Шәмси, Сәйхали, Науан, Сағди, Фердауси, Жәми, Рудаки шығармалары Қазақстанда қызмет еткен мұсылман мектептерінде оқытылып, шәкірттердің білімге, ғылымға ұмтылысын қалыптастырды. Жоғарыда аталған ғалымдар қатары Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов және олардың айналасындағы оқығандармен қазақ елінде жалғасын тапты.

Бірте-бірте қазақ халқы арасында таптық қоғам құрылуына және Орта Азия халықтары мен экономикалық және мәдени қарым-қатынастардың күшеюіне байланысты қазақ жерінде ислам діні тарай бастады. Халық мұсылмандықты мойындап, құдай жолында, оның уағыздарын үйрену жолында имандылық бағыт ұстады. Сүйтіп, құран, хадистер мен шарифаттар ұсынған талаптарға мойын ұсынды. Бұл кезде араб жазуын, араб тілін үйренуге ынталылық пайда болды.

Ш. Уәлиханов жазғандай, татар молдалары мен Орта Азия имамдарының және жаңа дінді жақтайтын өзіміздің қожа-молдалардың ықпалымен біздің халқымыз жалпы мұсылмандық типті бірте-бірте қабылдай бастады.

Облыстық білім мұражайын ашу жөніндегі жүргізген жұмыстарымыздың нәтижесінде ХІХ ғасырдың аяғындағы Қазақстанның әрбір облыстары бойында ашылған мұсылман мектептері туралы статистикалық шолу алуға қолымыз жетті⁴⁷.

2-кесте

Облыстар	Жылдар	Мектеп пен медреселер саны	Оқушылар саны
Жетісу	1897	86	12835
Семей	1886	17	300
Торғай	1894	59	457
Ақмола	1896	13	547
Арал, Гурьев	1896	206	4926
Сырдария	1896	2083	29898

ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың бас кезінде патша әкімшілігінің өзі мұсылман мектептерінің Батыс Қа-

⁴⁷ Сәбитов Н. Қазақ арасындағы мектеп пен медресе. Алматы, 1960. 16—17-бб.

зақстанда халықты сауаттандыруға қосқан үлесін мойындауға мәжбүр болды.

1903 жылы 31 наурызда Уақытша Кеңестің төрағасы Новицкий Астрахан губернаторына жазған хатында: «Өткен жылдармен салыстырғанда халыққа білім беру ісі дамып келе жатқан жоқ, 1897 жылдан бастап кеміп кетті. Оған себеп — ұй-жаймен, оқулықтармен, оқу құралдарымен, мұғалім кадрлармен ешқандай қамтамасыз етілмеген старшиналық орыс-қазақ мектептерінің жағдайының нашарлығы. Мұсылмандық мектептер мен медреселер үкімет мектептеріне қарағанда әлдеқайда тәуір жағдайға ие, олардың жанынан алыс ауылдардың балалары үшін жататын орын да ұйымдастырған» деп жазды⁴⁸.

Белгілі зерттеуші Н. Сәбитовтың жоғарыда келтірген «1896 жылы Орал облысында 206 мұсылман мектебі болды» деген дерегіне мына мәліметтер қайшы келеді: 1891 жылы Орынбор оқу округының өкілі Ростовцев өзінің ағарту министрлігіне жолдаған хатында Батыс Қазақстанда 400-дің үстінде мұсылман мектептерінің болғанын көрсетеді. Ал «Астрахан хабаршысының» дерегі бойынша 1899 жылдың 1 қаңтарында Бөкей ордасында 60 мектеп пен медресе болған, оларда 1679 шәкірт оқыған.

Осындай жағдайға қарамастан, Қазақстанның батыс өлкесінде мұсылман мектептері Қазан төңкерісіне дейін жұмыс істеп, халықтың сауатын ашуға, жастарды адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеуге елеулі үлес қосты. Сталиндік зұлматтың құрбандары, Батыс Қазақстандық көрнекті ғалымдар, ағартушылар, мемлекет қайраткерлері Халел және Жанша Досмұхамбетовтер, Нұғман Манаев, Аяпберген Науанов т. б. әуелі ауыл молдаларынан сауаттарын ашқан адамдар еді. Кеңес үкіметі жылдарында Қазақстан үкіметінің мүшесі болған Н. Манаев Уфадағы «Ғалия» медресесін қазақтың ұлы жазушысы Бейімбет Майлинмен бірге тамамдаған⁴⁹.

Қазіргі кезде мұсылман мектептері жөнінде архивтік материалдардың аздығына байланысты өлкетанушы ғалымдардың мақалаларындағы деректерді, көнекөз қариялардың естеліктерін пайдалануға тура келді.

Қазан төңкерісіне дейін Гурьев уезінде көптеген ме-

⁴⁸ СОМА, 1-қор. 1-жазу. 715-іс. 61-б.

⁴⁹ Ахметов Ф. Ғалия медресесі. // Жалын. 1991. 156-б.

шіттер мен мұсылман мектептері болған. Еңбек ардагері Көбен Қариннің деректері бойынша, Қызылқоғада оның үстінде мешіт жұмыс істеп, бала оқытқан. Қазіргі Қарабау елді мекенінен 7 км жерде Қызылқоға елді мекенінде Хасан хазіреттің мешіт ұстап бала оқытқаны жөнінде деректер жазушы М. Мәжитовтың «Кұмдағы із» романында келтіріледі. Осы ауданның Тасшағыл деген жерінде Самалық қажы қадим әдісімен ұстаздық еткен. Сондай-ақ, Тайсойған құмындағы Құбаш мешітінде, Сағыздағы Абдолла хазіреттің Көк мешітінде, қазіргі Миялы селосынан 20 км жердегі Көк мешітте мұсылман дінінің қағидаларымен қатар, араб тілі, есеп, тарих, жағырапия пәндері оқытылған. Бұлардан басқа Қызылқоға өңірінде бірнеше мектептің болғаны анықталды. Олар Көздіқараның Қарамола дейтін жеріндегі Арыстанғалиев Абдолланың, Батыр иманның, Сеңгір иманның мешіттері. Бүйрек құмында, Қабаққұдық деген жерде бір-бірден мешіт болған, оларда шәкірттер оқытылған. Бұл мешіттерде діни жоғары білімді адамдар ұстаздық етті. Олар халықтың арасында беделді болды, көпшілікті имандылыққа, білімдарлыққа бағыштады. Батыс Қазақстандық жергілікті жастар ерте уақыттан бастап, білім іздеп Әл-Қахри (Қаир), Мекке-Мәдина, Ыстамбул, Бағдад, Уфа, Қазан, Бұқара қалаларына барып оқу үйренген.

Қазақ ССР-не еңбегі сіңген мұғалім, жылыойлық ардагер ұстаз Жанаш Нұрмаханның деректері бойынша, Атырау облысындағы ең ежелгі мешіттердің бірі Есалы Сәтеқұлының мешіті болса керек⁵⁰.

Мешіт Нұрманкөл және Қайық елді мекендерінің арасындағы халықтың баласын сауаттандырған. Жалпақшағыл деген жерде Таз руының ортақ мешітінде қадим әдісімен бала оқытылды. Мешітті Рахмет ахун басқарды. Бұл мешіттер басқарушыларына қарай қазақ және татар мешіттері деп аталды. Жем өзені бойындағы Арықкөлде орналасқан Ташмұхамбет шеркештің мешіті де имандылық пен ізгілік үлгілерін жұртшылыққа жеткізу арқылы халықтың алғысына бөленді. Қазан төңкерісіне дейін осы ауданның Қараша деген жерінде «Сұпы ата» атанған Аманжол Маңдайұлы басқарған мешіт, Алаша руының «Қосжан мешіті» атты оқу орны, Жем өзенінің бойындағы Жәреке мешіті қызмет істеген, соңғы мешітті

⁵⁰ Нұрмахан Ж. Атамекен. 1997. № 157. 15-б.

хазірет Жармұхамбет Қалманұлы басқарды. Ащыкөл жерінде Бисенбай ахун Қожахметұлының мешіті болды. Бұрынғы «Ембі» кеңшарының жерінде болған, Құмтоғай-Аққұдық мешіті, Жемнің қысқа тарауы Жылысқа жуық жерде имам Ермұхамбет Иманұлының мешіті де халық арасында беделді оқу орындары еді. Имам басқарған мешіттің бай кітапханасы болған деген дерек бар. Ол кезде әр ру өзінің мешітін ұстап, бала оқытқан. Имам Әби Өтеумағамбетұлы Жем өзенінің бойындағы өзінің мешітінде Адай руының Қосай, Жеменей, Тобыл, Мұқал бөлімдерінің балаларын оқытқан. Уықбай жеріндегі Шарға Таздардың мешітін көп жыл Аймұрат ахун Жайықұлы басқарды. Бұл мешіттің беделі де зор болған. Құлсары қаласына жақын, Жем өзенінің бойында күні бүгінге дейін «Дүйсеке мешіті» тұр. Бұл ХІХ ғасырдың соңғы он жылында салынған сәулет өнерінің аса құнды үлгілерінің бірі. Мешітте Дүйсенбай қажы Дендігұлұлы имамдық қызмет атқарды. Жемнің орта тұсында Жетіғара Таздардың «Қарағай мешіті» болған. Жылыой өңірінде ең ертеде қызмет етіп, бала оқытқан мешіттердің бірі «Ақмешіт» атанған Бекет әулие мешіті. Сондай-ақ, Қарақұм жерінде де Қосжас, Балмұқамбет, Дүйсенбай ахун Бектұрұлының, А. Әбдірахманның, Ерсарының, ескі Прорвада Ермағанбеттің мешіттері Қазан төңкерісіне дейін жұмыс істеді. Жалпы Жылыой өңірінде барлығы отыздың үстінде мешіттер мен діни мектептер болды. Олардың әрқайсысында кемінде 100-ден шәкірттер оқыған.

Білім ісінің дамуы жөнінен өзіндік бай тарихы бар Маңғыстау жерінде де мұсылман мектептері көптеп саналған. Бұл туралы республикаға танымал ғалым, философия докторы Ө. Озғанбаевтың мына деректері назар аударарлық: Қырымқұл Әбді ахун Мырзайыр, Басқұдық мекендерінде бала оқытқан. Мектептер жанында еңбек еткен Қайырша Жәукерұлы, Шайқы Кендірбайұлы, Айтқұл ахун, Ержан Төлегенұлы т. б. дарынды ұстаздар саналған. Бұл зиялылардың бәрі дерлік Бұхарадағы Көкілташ оқу орнын және Қарақалпақтағы Миралап медресесін бітіргендер. Қызылсу елді мекенінде мектеп ашып, бала оқытқан Оразмағанбет ахун Хиуадағы Ширғазы медресесін (түркімен халқының классик ақыны Мақтымқұлы оқыған) және Уфадағы Ғалия медресесін бітірген. Адай елінің Қосқұлақ атасынан өрбитін Бекет атаның ағартушылық қызметін халық өте жоғары бағалаған.

Бекет атаның алғашқы мешіті Арал теңізіне жақын Көкаланың құмында шаңырақ көтерген. Содан кейін Атырау облысының Ембі ауданы территориясында үш жерде мешіт ашқан. Сонымен, Маңғыстау түбегінде Қазан төңкерісіне дейін көптеген мешіттер, медреселер, мектептер халыққа қызмет еткен. Сабак араб, парсы тілдерінде жүрген, негізінен діни білім беру жолға қойылған. Ал бұларды жергілікті халықтың өзі қаржыландырып келген. Үкіметке масылдық та, зиян да келтірілмеген.

Қорыта айтқанда, Маңғыстау уезінде 1870—1896 жылдар аралығында 30 шақты мұсылман мектебі жұмыс істеп, бұларда ұзын саны 300-ге дейін бала оқытқан.

Оқу мерзімі 4 жыл, оқуға балалар 7 жастан қабылданған⁵¹. Оқушылар сауат ашу жолын 28 араб әрпін және оның жазылуын 8 мағынасы жоқ сөз арқылы жаттаудан бастаған. Сол кездегі мектептің бірінші оқу құралы ретінде «Шариат-ул-иман» немесе «Иман-шарт» пайдаланыпты. «Иман-шартта» жоғарыда аталған 28 әріпті қамтитын ойдан шығарылған 8 сөз, діни ырымдарды өткізу кезінде оқытылатын әр түрлі дұғалар мен шарттар араб тілінде берілгендіктен, олардың мазмұнын сауатты молдалар балаларға қазақша түсіндіріп жаттатқан, ал араб тілін білмейтін молдалар түсініксіз болса да оқушылардың жатқа оқуын қадағалаған. Мұғалім 10—15 оқушының әрқайсысына олардың шамасына қарай сабақты және түсіндіріп отырған, сондықтан әрбір шәкірт, мәселен, жарты жыл уақыт мерзімінде өз ынтасымен, қабілетіне қарай алға жылжып отырған. Екінші оқу жылы «Әптиекті» өтеді екен. Әптиек — Құранның жетіден бір бөлігі. Әптиектен соң Құран оқытылған. Құранмен қатар оқушы түркі және араб кітаптары бойынша исламның діни шарттары мен ырым ережелерін оқып үйренген. Мұсылман мектептерінде «Бадауам», «Ахир-заман», «Истуаки», «Қырық хадис» атты араб және түркі тілдеріндегі кітаптар қолданылған. Сонымен қатар, шығыс ойшылдары Науаи мен Фзулидің шығармалары оқытылған. Жалпы алғанда, діни мектептердің пайдасы сауат ашумен қатар білім ғылымға жетелеп, кісілік, имандылық тәрбиені арқау ету және де Шығыс ойшылдары Фердауси, Низами, Науаи, т. б. шығармаларынан оқушыларға сусындауға мүмкіндік беруі. Мешіт жанында болған қадим

⁵¹ Смаилова М. Ұлттық мектеп бастауы // Бастауыш мектеп. 1993. № 8. 14-6.

мектептерінде оқытылған пәндердің мазмұнына, білімдік, тәрбиелік сипаттарына келетін болсақ, біздің араб жазуымен байланысты болып келетін тарихымыздың қырсырын жете білуге жол ашумен бірге, әсіресе қазақ мұсылмандарға жұмбақ болып келген «Құран» кітабының ішкі мазмұнын білуге жетелейді. Сонымен, ұлттық мектеп тарихының бірінші сатысы — қадим оқуының (көне әдіспен араб тіліне үйрететін діни оқу) мәдениетімізге қосқан зор үлесін жоққа шығаруға болмайды. Ұлттық мектеп тарихының екінші кезеңі төте оқумен («Жаңа әдіс») байланысты. Ол біріншіден, қадим әдісінің замана талабын қанағаттандыра алмауынан, екіншіден, орыстандыру саясатынан өзін-өзі сақтап қалу жолындағы қажырлы күресінен туған еді. Бұл әдісті енгізуші И. Гаспринский 1884 жылы өзінің әріптестерімен бірге діни оқуды халыққа терең білім беру ісімен ұластыра отырып жаңа оқу жүйесін жасады. Бұл жаңа әдіс бойынша мұсылмандық мектептерде оқушылар ұлттық тәлім-тәрбиеге негізделген дін пәндерімен қатар жазу, есеп, география, тарих, орыс тілі т. б. өмірге қажетті пәндерді оқитын болды. Мектептерде балаларға бұрынғы «Иман-шартының» орнына «Муаллим эввел» («Бірінші мұғалім») және «Муаллимсани» («Екінші мұғалім») ұсынылды. Сонымен бірге балаларды мектепте ана тілінде оқып, жазуға үйретіп, география, тарих, арифметика және т. б. пәндерден алғашқы білім беріле бастады.

3-кесте

Мұсылман мектептерінде оқытылған пәндер және діни ережелер⁵²

№2	Қадим мектептері	Жәдит мектептері
1	«Иман-шарт»	Әдебиет (Қырағат)
2	«Әптиек» («Хафтияк»)	Тіл
3	«Құран»	Арифметика
4	Ислам ережелері: «Бадауам», «Ахир-заман», «Истуаки», «Қырық хадис», «Шурут-ус-Салат», «Талим-ус-Салат», «Чар-Китаб»	Тарих шежіре Табиғаттану Орыс тілі География Дін сабақтары

⁵² Бұл да сонда.

Жәдитшілер балаларды «Жаңа әдіспен» оқытуды жақтады, ал олардың құрған мектептері жаңа әдіс немесе жаңаша оқу, яғни «ұсулы жәдид» мектебі аталды. Балаларды «жаңа әдіспен» оқыту жолындағы ағым Волга бойындағы татарлардан басталды. Содан Астрахан, Орынбор арқылы Батыс Қазақстанға, азырақ республиканың өзге өңіріне тарады. Жаңа әдісті жақтаушылар діни мектептерге өмірге керекті кейбір дүниелік пәндердің енгізілуін және онда оқытудың жаңа әдістерін қолдануын талап етті.

Жаңа әдіс, яғни жаңаша оқу мектептеріне ана тілі, арифметика, география, жаратылыс тану, орыс тілі және басқа пәндерді оқыту енгізілді. Патша өкіметінің ұлттық саясатының зардабын шеккен аз санды халықтардың зиялы қауымы өзара ынтымақтасу жолдарын қарастырды. Осы ниетте шығыс халықтары — қазақ, қырғыз, өзбек, татар, башқұрт, ұйғырлар туысы жақын, діні бір, ежелден аралас-құралас, тағдырлас болып келгендіктен жақындаса түседі. Сол тұстағы мұндай бірлесу сыңаржақты бағаланып, пантүрікшіл, панисламдық қозғалыс ретінде айыпталып келді.

Мұсылман елдерінің арасындағы ынтымақтастықты нығайту ісіне дем берушілердің бірі — татардың белгілі қоғам қайраткері Исмағұлбек Гаспринский еді. Оның негізгі мақсаты діни сенімді халық ағарту ісімен ұластыру болатын. Панисламдық және пантүрікшілдік қозғалыстың жалпы мақсаты, негізінен мұсылман елдерінің береке-бірлігін сақтау, «Құранның» имандылық қағидаларға негізделген шараларын насихаттау, халықтар арасындағы бейбітшілікті қолдау еді. Алайда кеңес тарихшылары кезінде бұл қозғалыстың прогрессивті жағын ескермей, сыңаржақ пікірмен «реакциялық ағым», «кертартпа ұлттық буржуазияның күресі» деп келді.

1905 жылдан бастап қадим мектептері азайып, жәдит мектептері кең етек жая бастады. Ол кезде қазақ даласында орыс мәдениетіне негізделген ұлт мектептері өте аз болғандықтан, Уфа, Қазан медреселерін бітіргендер жәдит мектептері арқылы қазақтарға оқу-білім таратуда елеулі қызмет атқарды. Алайда патша ұлықтары, әсіресе, жандармерия қадим мектептерінің азайып, жәдит мектептерінің көбеюінен қауіптеніп, Уфада оқып жүрген

шәкірттерді де, дала елдерінде көшпелі төте оқу мектептерін ашқан татар мұғалімдерін де қудалаған⁵³.

Батыс Қазақстанда төте жазу әдісін пайдаланып, бала оқытқан ағартушылар да болды. Солардың бірі — Аяпберген Науанов 1884 жылы Атырау облысының Нарын құмында дүниеге келген. Аяпбергеннің білім алуына немере ағасы Қазы ықпал жасайды. Қазы сол шақта Түркияның Ыстамбул қаласында жоғары діни мектепте оқыған. Қазы Аяпбергенді өзі оқып жүрген мектепке апарып түсіреді. Мұнда ол араб тілін, басқа ілімдерді үйренеді. Сонымен қатар ол Орынбордағы татар мектебін де бітіреді. Елге 1916 жылы оралғаннан кейін Аяпберген өз қаржысына Тайсойған өңірінде «төте жазу» әдісімен мектеп ашады. Ағартушының алғаш ашқан мектебі кейіннен үлкейтіліп, 1920—1921 оқу жылы Тайсойған мектебі Қызылқоға мен Ойыл өңірі бастауыш класс оқушыларын түгелге жуық қамтыды. Өкінішке орай, ұлағатты ұстаз кейінірек сталиндік зұлматтың құрбаны болды. Патша өкіметі жаңа әдістің мұсылман мектептерінің енуіне қарсы болды. И. Гаспринскийдің капиталистік қатынастардың Ресейдегі дамуына байланысты мұсылман мектептеріндегі оқыту мазмұнын ғылым негіздері пайдасына қарай өзгертуге бағытталған идеясынан орыстың миссионерлік саясатты ұстанған педагогтары қауіптенді. Н. И. Ильминский 1884 жылы «Гаспринскийдің мақсаты: біріншіден, Россия империясындағы бағынышты мұсылмандарға мұқамбет іліміне негізделген европалық білімін тарату, екіншіден, әр түрлі, әр тілді мұсылман халықтарын біріктіріп, Гаспринский және оның жақтаушылары татарларға европалық білімді Россия арқылы емес жолмен жеткізу болып табылады», — деді⁵⁴.

Халық ағарту саласында мұсылман мектептерінің жұмысы жөнінде әр түрлі пікірлер болды. Олардың басым көпшілігі мұсылман мектептеріндегі жаңа әдісті қолдамады. Шығыс халықтарының ағарту ісі жөнінде халық ағарту Министрлігінің 1905 жылғы маусымда А. С. Будилович өткізген жиналыста үкіметке ескі діни мектептерді жаңа азаматтық мұсылман мектептеріне айналдыруға жұмыстанған қоғам қайраткерлерінің әрекеттерін қолдамауға ұсыныс берді. 1909—1912 жылдары өткізілген

⁵³ Коңыратбаев Ә. Қазан төңкерісінен бұрынғы мектептер хақында // Қазақ тарихы. 1994. № 4. 27-6.

⁵⁴ Ильминский Н. И. Письма к Победоносцеву. Казань, 1895. С. 63—64.

орыс емес халықтардың ағарту ісі туралы жиналыстардың барлығы да «діни мұсылман мектептеріне ғылым негіздерін оқытуға мүмкіндік бермеуді»⁵⁵ ұсынып отырды.

Жаңа әдіспен оқытатын мектептерге мұғалімдер Уфадағы медресе «Ғалияда», Орынбордағы медресе «Хусайнияда», Қазақстандағы медресе «Мухаммедияда», Троицкідегі медресе «Расулияда» даярланған. Батыс Қазақстандағы жәдит мектептеріне мұғалімдер даярлаған оқу орындарының бірі 1872 жылы Уфа қаласында ашылған «Ғалия» медресесі. Медресенің «Ғалия» аталуы оның жоғары дәрежелі оқу орны екенін танытады. («Ғалия» арабша «жоғарғы», «үлкен» деген сөз). Мұнда дін сабақтарымен қатар математика, физика, химия, тарих, философия, т. б. пәндер жүйелі де сапалы оқытылған.

Қазан төңкерісінен соң да мұсылман мектептерінің дамуына біржолата тыйым салынды, сөйтіп ұлттық болмысқа, дінімізге, этнопедагогикалық қалыбымызға негізделген халықтық педагогика сырларын ұрпақ бойына сіңіретін білімдік жүйеге қатаң соққы берілді. Барлық құбылысқа таптық тұрғыда баға берілу саясатқа айналып, ұлттық мектептерде ұстаздық еткендер аяусыз жазаланды.

ХХ ғасырдың басында Қазан төңкерісіне дейін патша өкіметі қазақ балалары үшін мектеп ісін дамытуда отаршылдық саясатын ұстанған-ды. Дейтұрғанмен де, елдегі капиталистік қатынастардың дамуы, ұлттар санасының оянуы, ұлттық буржуазияның пайда болуы, ұлт-азаттық қозғалыстың жұмысшы қозғалысымен ұштасуы, елдегі әлеуметтік-экономикалық сілкіністер салдарынан аз да болса қазақ даласында, оның ішінде Атырау өңірінде білім істері қалыптаса бастады. Оған кезінде мұсылмандық және азаматтық білім алған талантты ұстаздар А. Байтұрсыновтан дәріс алған Қабижан Абақанұлы, ауыл мектебінде оқып, қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген Нұғман Манаев, Кеңес үкіметі кезінде аудан, облыс басшысы деңгейіне көтерілген Тайшыбаев Сәрсенғали т. б. зор үлес қосты.

1894 жылы дүниеге келген Атырау өлкесінің түлегі Нұғман Манаевтың дарыны бала кезден көзге түседі. Сүгірәлі мешітінде білім алған баланың зеректігін Уфалық мұғалім Заки Батыраш бірден байқап, шәкірттің

⁵⁵ Сембаев А. И., Храпченков Г. М. Очерки по истории школ Казахстана. 1900—1917. 1972. С. 80.

бұдан да жоғары оқу орнынан білім алуына кеңес береді. 1907 жылы Нұғман Уфаға барады, бірақ аңсап барған «Ғалия» медресесіне бірден түсе алмайды. Заки ұстазының көмегімен «Шығыс баспасына» әріп теруші, корректор болып орналасады да, жұмыс істей жүріп, «Ғалияға» түсуге дайындала береді. Ақыры, 18 жасқа толғанда «Ғалия» медресесінің табалдырығынан аттады. Н. Манаевтың кеш те болса аталмыш оқу орнына түсуінің мәні бар еді. Дұрысында, «Ғалия» патшалық Ресейдегі түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ прогресшіл бағыттағы, сапалы ақыл-ой орталығы болды. Патша жандарымдарының көзін алдау үшін ресми құжаттарда ғана «Діни медресе» аталып, бірқатар діни сабақтар жүргізіле тұрса да, «Ғалияда» әлем тарихы, философия, логика, педагогика, жоғарғы математика, физика, химия, география, орыс, татар тілдері оқытылған. Медресе жетекшісі Зия Қамалдан бастап, башқұрттардың ол тұстағы тандаулы ілгерішіл өкілдері Ғалымжан Ибрагимов пен Мажит Гафури сынды қалам қайраткерлері де «Ғалия» медресесінде ұстаздық жұмысын атқарды. Арнайы дайындық курсынан өтіп, жұмысшы ортада сана-сезімін оятып келген Нұғман Манаев өзге шәкірттерден көріне озат болды, сонымен бірге қазақ әдебиетінің классигі Бейімбет Майлин екеуі Қазан төңкерісінен бұрын медресе қабырғасында сол кездің жастарының рухани қорегі «Садақ» журналын шығарған. Ал, Н. Манаев кейін көрнекті қоғамдық-саяси қайраткерге айналып, 1937 жылғы нәубеттің құрбаны болды.

Есімі Атырау өңіріне кеңінен таныс Қабижан Абақанұлы әйгілі Ахмет Байтұрсыновтан дәріс алған мұғалім. Қабижан Абақанұлы да 1894 жылы Толыбай құмында туған. Әкесі Абақан Байнекеұлы — Атырау бойына белгілі Көк мешітті тұрғызып, ауыл балаларын алғаш оқыта бастаған танымал қайраткер Әйіп Бекенов қажының туған інісі. Ол Меккеге барып қажы атанған, молда және бай болған. Қабижанның атамекені және өткен жерлері Жалпақ-Қызыл, Жұлдыз, Толыбай, Бәйімбет, Жаналы, Молданақ, Тегінбай деген шағылдар арасы. Қабижан Абақанұлы 1905—1915 жылдар арасында ауылдық бір кластық, онан соң екі кластық (қазіргі сегіз кластық оқуға тең) орыс-қырғыз мектептерін бітірген. Мұнан кейін Гурьевте 4 кластық жоғарғы бастауыш училищесін тамамдайды. 1915 жылы оқытушылық атаққа жете-

тін жолмен сыннан өтіп, тиісті дипломын алған. Сол жылы Қазан университетіне оқуға арыз берген, бірақ оған мұсылман дінінің өкілі деп, оқуға қабылданбайды деген жауап алады. Сөйтіп арнаулы білім алған Қабиджан 1916 жылы 1 қаңтардан бастап мектепте мұғалімдік ете бастады. Ол Жаманқала жанындағы Қызылүйде, Забурында (ол кезде Есбол ауданы Гурьев уезінен әлі бөлінбеген) 1929 жылға дейін қызмет атқарып, орыс тілі, қазақ тілі, математика пәндерінен сабақ берді. 1934 жылы бірнеше ай бойы Орынбор қаласындағы ағарту қызметкерлері үшін ұйымдастырылған өлкелік курста оқып, білімін жетілдірді. Халық ағарту саласында ұзақ жылдар еткен еңбегі үшін 1946 жылы Ленин орденімен марапатталды. Қазір Атырау облысы Индер ауданында Қ. Абақановтың атында орта мектеп бар⁵⁶.

Міне, осындай деректерді келтіре отырып, басты айтарымыз: «XX ғасырдың басында патша өкіметінің қасарысқан, өз билігінің ақырына дейін жүргізген отарлау саясатына қарамастан, ұлтымыздың білім, ғылым, мәдениет саласындағы руханияттық өкілдерінің корпусы қалыптаса бастаған. Қазақстанда, оның ішінде Атырау өлкесінде Қазан төңкерісіне дейінгі қиындығы мен олқылығы болса да, мектептер мен ағарту жүйесінің оқу орындары қазақ балалары үшін хал-қадірінше жұмыс жасаған.

Қазақстан Республикасының Атырау облысы	Индер ауданы	Қ. Абақановтың атындағы орта мектеп
1997	1997	1997
1998	1998	1998
1999	1999	1999
2000	2000	2000
2001	2001	2001
2002	2002	2002
2003	2003	2003
2004	2004	2004
2005	2005	2005
2006	2006	2006
2007	2007	2007
2008	2008	2008
2009	2009	2009
2010	2010	2010
2011	2011	2011
2012	2012	2012
2013	2013	2013
2014	2014	2014
2015	2015	2015
2016	2016	2016
2017	2017	2017
2018	2018	2018
2019	2019	2019
2020	2020	2020
2021	2021	2021
2022	2022	2022

Қазақстан Республикасының Атырау облысы	Индер ауданы	Қ. Абақановтың атындағы орта мектеп
1997	1997	1997
1998	1998	1998
1999	1999	1999
2000	2000	2000
2001	2001	2001
2002	2002	2002
2003	2003	2003
2004	2004	2004
2005	2005	2005
2006	2006	2006
2007	2007	2007
2008	2008	2008
2009	2009	2009
2010	2010	2010
2011	2011	2011
2012	2012	2012
2013	2013	2013
2014	2014	2014
2015	2015	2015
2016	2016	2016
2017	2017	2017
2018	2018	2018
2019	2019	2019
2020	2020	2020
2021	2021	2021
2022	2022	2022

⁵⁶ Базарбаев С. Байтұрсыновтан дәріс алған // Атырау. 1997. 21 қазан.

БІЛІМ ІСІ КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕ

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін білім беру ісінде түбегейлі өзгерістер басталды. Әрине, олардың баршасы таптық негізге сүйенгенімен, тұтастай алғанда қазақ халқының өркениетті халықтар сапында ілгері жылжуына, сауатының ашылуына, рухани құндылығының артуына септігін тигізді. Ол кезде Атырау өлкесі Орал облысының құрамында болған еді.

4-кесте

Қалалар	Барлық тұрғындар	Олардың ішінде сауаттылары	Халықтың сауаттылық пайызы
Орал	33595	17294	51,4
Елек	4489	1437	32,0
Қалмыков	1580	737	46,6
Жымпиты	1544	495	32,0
Гурьев	10152	3488	34,3
Қалалар бойынша барлығы	51310	23451	45,6

5-кесте

Уездер	Барлық тұрғындар	Олардың ішінде сауаттылары	Халықтың сауаттылық пайызы
Орал	91611	13062	14,2
Елек	71116	10915	15,3
Қалмыков	53656	4632	6,6
Жымпиты	91404	1357	1,4
Селолар бойынша	307787	29966	9,7
Облыс бойынша	359147	53417	14,6

Бұл кестеде көрсетілгендей, облыстағы халықтың сауатты бөлігі көбіне қалаларда болды. Ауылдық жерлерде, қазақ халқы көп қоныстанған жерлерде сауаттылар саны аз болды, себебі патшалық Ресей бұған мүдделі болмады. Кеңес өкіметі құрылған алғашқы жылдардан бастап Гурьев уезінде мектептер көптеп ашыла бастады. Бұл істе саң алуан қиындықтарды жоюға тура келді. Бұл кезде, әсіресе, ауыл мектептерінің жағдайлары өте нашар болды. Ашылған мектептерге балаларды оқытуға қолайлы үйлер, материалдық база, арнайы түрде дайындалған мұғалімдер жетіспеді. Сонымен қатар ең басты қиыншылық Гурьев уезіндегі көптеген аудандардағы халықтың белгілі бір жерге әлі тұрақтамай, малдың ыңғайына қарай үнемі көшіп-қонып жүруінде болды. Сол себепті де алғашқы кезде халық ағарту ісінің мұндай өте ауыр жақтарына баса көңіл аударуға тура келеді.

Осы мәселелерді жергілікті жерлерде шешу үшін уездегі Доссор, Қызылқоға, Мақат, Топайлы, Сарайшық, Өрлік т. б. ауыл, селоларда комиссиялар құрылды. Бұл комиссиялар сауатсыздықты жою мектептерін ашу, олардың қандай мақсатпен ашылып жатқанын халыққа түсіндіру, ересектерді оқыту жұмысын ұйымдастыру сияқты істерге тікелей басшылық жасап отырды. Қазақ жастарының арасынан мұғалімдер дайындау ісіне ерекше мән берілді.

1920 жылы 13 қаңтарда Гурьев уездік халық ағарту бөлімі ұйымдастырылды. Оның құрамында 5 адам болды. Олар меңгеруші, мектеп бөлімі, мектептен тыс және мектепке дейінгі мекемелер, әкімшілік-шаруашылық бөлімінің меңгерушілері еді. 1921 жылы ұйымдастыру, хатшы, қаржы, әлеуметтік тәрбие бөлімдері қосылған. Уездік халық ағарту бөлімінде 90 адамның орнына, қызметкерлер болмағандықтан, 26 адам ғана жұмыс істеген. 1920—1921 жылдары, Өрлік поселкесін қоса есептегенде орыс-қазақ мектептері — 11, Ракуша, Доссор кәсіпшілігінде — 2, басқа өңірлерде 49 болған. Оның ең ірілері Есбол, Жылыойқоса, Кермеқас, Сокол мектептері де, қалғандары ауылдық мектептер. Қалада 11 мектеп, оның 1-уі екінші басқышты. 1921 жылдың қыркүйегінен 29 мектеп болған¹.

1920—1921 жылдары Гурьев уезінің қазақ және орыс мұғалімдері Орынбор қаласындағы Қазревкомның қара-

¹ Атырау облыстық архиві. 131-қор. 163-іс. 83-б.

мағына және басқа қалаларға білім көтеру курстарына оқуға жіберілді. 1921 жылдың шілде айында Гурьев қаласының өзінде де уездік халық ағарту бөлімі мен рабпрос кәсіпорындары жанынан 4 айлық мұғалімдер курсы ашылып, оған 57 мұғалім (оның 35-і орыс, 22-сі қазақ) тартылды да, олар Орал губерниялық халық ағарту бөлімінен алынған программа бойынша оқытылды. Бірақ та Гурьев уезінде мұғалімдерді оқытатын оқытушылар болмағандықтан, олар басқа қалалардан шақырылды. Сонымен қатар Гурьев қаласының өзінде, уезінде және уездің басқа жерлерінде мұғалімдердің білімін жетілдіру мақсатымен саяси-педагогикалық үйірмелер ашыла бастады.

Азамат соғысының нақ өршіп тұрған, Кеңес өкіметінің әлі орныға қоймаған кезеңінде, 1920—1921 оқу жылында Гурьев уезінде төмендегідей мектеп қызметкерлері жұмыс жасаған:

Макаров Фаддей — 1917 жылы қыркүйектен бастап Қандауыр мектебінің меңгерушісі.

1. Костелова Екатерина — Редуть мектебі (1920 жылы 6 қарашадан бастап сенімсіз санатында қудаланған).
2. Иванова Надежда — Редуть мектебі.
3. Моисеев Виктор — Сарайшық орта мектебі.
4. Котельников Сергей — Сарайшық орта мектебі.
5. Вишенина Зоя — Сарайшық орта мектебі.
6. Климова Зоя — Сарайшық орта мектебі.
7. Котельников Николай — Жаманқала мектебі (қазіргі Махамбет орта мектебі).
8. Корин Вячеслав — Жаманқала мектебі.
9. Любина Мария — Жаманқала мектебі.
10. Харькин Михаил — Бақсай мектебі (Есбол Қызыл-үйінде жасаған).
11. Глинский Владимир — Карманово мектебі.
12. Чаганов Александр — Топайлы мектебі.
13. Чаганова Надежда — Топайлы мектебі.
14. Ерофеева — Зеленый мектебі (қазіргі Көктоғай)..
15. Яшков Михаил — Зеленый мектебі².

Сондай-ақ, мына бір факті де көңіл аударарлық. 1921 жылдың 22 маусымындағы 1-сатылы Карманово мекте-

² Атырау облысық архиві. 131-қор. 2-тізбе, 13-б.

бінің материалында оқу жасындағы 86 шәкірт тіркелген, солардың арасында бірде-бір қазақ баласы кездеспейді³.

Бұдан түйеріміз: Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында қазақ мұғалімдерінің өте аздығы, тіпті көп жағдайда жеткіліксіздігі аңғарылады. Мәселен, 1920 жылы 19 қаңтарда Гурьев уездік халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі Фадеевтің «Бұйрықтар кітабында» мынадай тағайындаулар болған: «1920 жылы 19 қаңтардан бастап Мокровин Иван Алексеевич мектеп бөлімінің, Землянушова Е. К. мектепке дейінгі бөлімнің, Погодицкая М. И. мектептен тыс мекемелер бөлімінің, Строганов К. Д. хат жүргізу бөлімінің, Востоков Е. П. мектептен тыс мекемелер бөлімінің ұйымдастырушысы-қызметкері болып тағайындалған»⁴.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы өлкеміздегі мектептердің хал-ахуалын мына кесте бейнелейді:

6-кесте

1920—1921 оқу жылындағы Гурьев уезінің мектептері туралы тізім

1	2	3	4	5
Қырғыз-қазақ мектебі	губерния	уезд	болыс	Мұғалімдердің фамилиясы, аты-жөні
1. 1-сатылы Сокол орталау мектебі	Орал	Гурьев	Гурьев	Ескендір Шәкілков, Әбілов Сәрсен, Менлігерей Фахуриддинов
2. 1-сатылы Есбол орталау мектебі	Орал	Гурьев	Есбол	Зулхан Байтауов, Сибгатулла Медетов, Шармухамед Қонысов, Владимир Глинский
3. 1-сатылы Қызылүй орталау мектебі	Орал	Гурьев	Есбол	Мырзақуат Азбантаев, Қазмағанбет Қарашин

³ Бұл да сонда.

⁴ Атырау облыстық архиві. 70-қор, 9-тізбе, 41-іс, 3-б.

1	2	3	4	5
4. 1-сатылы Қарабау орталау мектебі	Орал	Гурьев	Қарабау	Жұмыс жасамаған
5. 1-сатылы Қызылқоға орталау мектебі	Орал	Гурьев	Қызыл- қоға	Жұмыс жасамаған
6. Кермеқас орталау мектебі	Орал	Гурьев	Қызыл- қоға	Жұмыс жасамаған
7. 1-сатылы Копайдарлы орталау мектебі	Орал	Гурьев	Қызыл- қоға	Жұмыс жасамаған
8 Тайсоған 1-сатылы орталау мектебі	Орал	Гурьев	Қызыл- қоға	Жұмыс жасамаған
9. Ракуша мектебі	Орал	Гурьев	Ракуша	Виктор Моисеев
10. 1-сатылы Жылыой мектебі	Орал	Гурьев	Жылыой	Елена Қарева

Қазан төңкерісінен соң мектептердің төмендегідей құрылымдары болған:

4 жылдық оқу мерзімімен 1-сатылы мектептер.

7 жылдық мектептер, олар 4 және 3 жыл мерзіммен екіге бөлінеді.

11 сатылы мектептер (бес жылдық).

1920 жылы Орынборда бірінші тәжірибелік мектеп-коммуна ашылды. Ол қазақ халқының ұлттық ерекшеліктеріне орай жұмыс істеді. Бұдан бұрын-соңды Қазақстан мектептерінде ішкі жұмыс тәртібі мен оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереженің болмауы, олардың жұмысының мазмұнына кесел келтірді. Сондықтан Қазан төңкерісінен кейінгі жылдарда өлкеміздің ұлттық ерекшеліктеріне орай оқу жоспары құрылымын жасауға, өзгертуге айрықша мән берілді. 1921 жылдан бастап бағдарламалық-әдістемелік жұмыс Қазақстандағы Академиялық Орталық арқылы жүзеге асырылады. Біздің облыстық білім мұражайындағы мәліметтер бойынша Орталық бекіткен 7 жылдық мектептің оқу жоспары мынадай болды⁵.

⁵ ҚР ОМА. 81-қор. 1-жазу, 534-іс. 1-парақ.

Р/с	1—7 сыныптардағы пәндер	Апталық сағат саны
1.	Ана тілі мен сөз	4
2.	Орыс тілі мен сөз	5
3.	Жаңа шетел тілдері	2
4.	Математика	4
5.	Физика және оның химиялық жағдайлары	3
6.	Отан тану және жағрафия	3
7.	Дүние тану және жаратылыстану	3
8.	Қоғам тану және саяси сауат ашу	2
9.	Сурет	1
10.	Сызу	1
11.	Дене жаттығулары	2
12.	Қол еңбегі және қолөнер	2
13.	Ән	1
14.	Міндетті емес факультативті пәндер	2

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары өлке мектептері С. Граменицкийдің, А. Е. Алекторовтың, т. б. төңкеріске дейінгі авторлардың оқулықтарымен жұмыс істеді. 1918 жылдың 25 қыркүйегінде Халық ағарту комиссариаты коллегиясының қаулысымен оқулықтар жазатын, орыс тілінде жазылған оқулықтарды аударатын «Түркі секциясы» құрылды. 1921 жылдың басында бұл секция «өзбек» және «қазақ» ғылыми комиссиялары болып қайта құрылды. Қазақтың ғылыми комиссиясы өзге ұлттар комиссияларынан өзінің мықты құрамымен ерекшеленді. Оның құрамында қазақ фольклорын зерттеуші, белгілі ғалым А. А. Диваев пен жас ғылыми қызметкер М. Әуезов болған еді⁶.

Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетінің 1922 жылғы желтоқсанындағы шешімімен Шығыс баспасы өзбек, қазақ, татар, чуваш және басқа тілдерде оқулықтар шығаруға кірісті. Жаңа оқулықтар бірден шығарылған жоқ. Өлке мектептері оқу құралдары жөнінен үлкен

⁶ Бендриков К. Е. Очерки по истории народного образования о Туркестане 1865—1924 гг. М., 1960. С. 512.

қиындықтарды басынан кешірді. Орал губерниясының халық ағарту бөлімінің инспекторы Н. Бегалиев 1927 жылы 22 ақпандағы есебінде «Кіші топтар үшін 4—5 оқушыға бір оқулықтан, ал жоғарғы топтар үшін мүлде оқулықтар жоқ. Мектептер жанында оқушылар мен мұғалімдер үшін кітапханалар да жоқ. Көптеген қазақ мектептері оқу жоспарынсыз жұмыс істеп келеді» деп жазды⁷.

20-жылдары өлкеміздің қазақ мектептері А. Байтұрсыновтың «Тіл — құралы», М. Дулатовтың «Есеп», Б. Қурбанғалиевтің «Хисаб маселелери» (татар тілінде), Х. Досмұхамедовтің «Табиғаттану», Есполовтың «География», Айбасовтың «Тіршіліктану» оқулықтарын пайдаланды.

Орыс мектептерінде Соколовтың «Ойын және еңбек», Е. Фортунатованың «Мектеп және деревня», Звягинцева-Бердің «Ғасырлар және адамдардың еңбектері», Аржанов пен Пинневичтің «Табиғат және еңбек», С. Т. Шацкийдің «Мектеп және деревня» оқулықтары колданылды. Мұғалімдер Ж. Аймауытовтың «Психология», «Тәрбие жетекшісі», М. Жұмабаевтың «Педагогика», Жаленовтің «Есеп тану» оқу құралдарын пайдаланды. Сонымен қатар қазақ және орыс педагогтары өз жұмыстарына Пешковскийдің және Ушаковтың «Ана тілінде әңгіме әдісі», Феноменконың «Деревняның қоғамдық өмірі», Рабиновичтің «Азат еңбек», Беляевтің «Қластан табиғатқа» әдістемелік басшылықтарын колданды⁸. Мұғалімдер саны жыл санап үздіксіз өсумен қатар, мектептер мен оларда оқитын оқушылар саны да арта бастады. Мысалы, 1922—1923 оқу жылы Гурьев уезінде мынадай мектептер және мұғалімдер болды⁹.

8-кесте

Мектептер	Бірінші саты мектептері	Екінші саты мектептері	Мұғалімдер саны
Қалада	8	1	29
Ауылда	44	2	65
Барлығы	52	3	94

⁷ Облыстық архив. 131-қор. 1-жазу. 270-іс. 56-б.

⁸ ҚазОМА. 81-қор. 1-жазу. 919-іс. 76-б.

⁹ Бұл да сонда.

Мектепті көптеп ашу қажет болғандықтан, бұл жылдары, жоғарыда айтылғандай, мұғалімдер дайындау, сондай-ақ олардың материалдық хал-жағдайын жақсарту ісіне ерекше көңіл аударылды. Мысалы, Гурьев уезі бойынша бір жылға әрбір мұғалімге орта есеппен 15-тен 30 қойға дейін еңбек ақы төленетін болды¹⁰.

Сол 20—30 жылдар аралығында Гурьев уезіндегі мұғалімдер жалақысы туралы облыстық білім мұражайында орын алған архив деректері қызықты сыр шертеді. Айталық, 1927 жылы мамыр айында Доссор және Қызылқоға аудандарын тексерген округтік оқу бөлімінің инспекторы Есмурзиннің жазбаларында былай делінген: «Бұл аудандарда 16 мектеп бар. Бұл мектептерде 29 мұғалім жұмыс жасайды. Мұғалімдер жүктемесі бойынша күніне 4 сағаттан 6 сағатқа дейін істейді. Жалақылары әр түрлі, өндіріс орталықтарында (Доссор, Мақат) жұмыс істейтін мектеп мұғалімдерінің жалақысы айына 70 сомнан 87 сомға дейін, болыстардағы мұғалімдердікі 37 сомнан 42 сомға дейін. Жоғарғы типтегі мектептердікі 77-ден 100 сомға дейін. Өндіріс орталығында мектеп-интернаттарында жұмыс істейтін мұғалімдер пәтермен қамтамасыз етілген, ауылдардағы мұғалімдердің пәтерлері жоқ...»¹¹.

Бұдан көретініміз: өндіріс орындарындағы мұғалімдердің жалақылары мен тұрмыстық ахуалы тәуірлеу де, ауылдағы мұғалімдердің күнкөрісі онша болмаған.

Жоғарыда айтылғандай, Гурьев уездік халық ағарту бөлімі 1920 жылы құрылған-ды. Ол сол күйінде 1923 жылға дейін Орал атқару комитетінің бөлімі болып қайта құрылғанға дейін сақталған. Сол жылдары уезде жұмыс істеген мұғалімдер арасында жоғары білімділер өте аз болды. Тәжірибелі ұстаздар Захарова Нина Алексеевна, Землянушева Екатерина Константиновна, Плетнев Сергей Васильевич, Харкин Михаил Филиппович, Капкин Гавриил Иванович, Альжев Филипп Тимофеевич, Берниязов Сәбит, Қонысов Шармұхамбет және басқалар тынымсыз еңбектерімен көзге түсті¹².

Нина Алексеевна Захарова Гурьевке 1901 жылы Орал әйелдер гимназиясын бітіргеннен кейін келген. Әуелі шіркеу жанындағы мектеп мұғалимасы болып істеді, одан

¹⁰ Облыстық архив. 131-қор. 13-іс, 45-б.

¹¹ Бұл да сонда.

¹² Бұл да сонда.

кейін әйелдер училищесінде, қалалық ерлердің 2-ші саятты (разрядты) оқу орнында ұстаздық етті. 1920 жылдан бастап 1-ші сатылы мектепте, 1924—1928 жылдары балалар үйінде мұғалім болды¹³.

Землянушева Екатерина Константиновна өзінің педагогикалық қызметін Гурьевтегі екі кластық әйелдер училищесінің меңгерушісі болып бастады. 1909 жылдан 1916 жылға дейін Петербургтағы Бестужевтер курсында оқығаннан кейін, ол 1918 жылдан бастап Гурьев гимназиясында тарих пен психологиядан сабақ берді. 1920 жылдан бастап 2-ші сатылы мектепте ұстаздық етті.

Аталған мұғалімдердің және сол кездегі барша педагогтардың қалай жұмыс жасағанын облыстық білім мұражайындағы сол кезде қалалық оқу бөлімін басқарған И. Артановтың баяндамасынан көруге болады: «Мектептер өте нашар күйде. Жөндеуге еш мүмкіндік жоқ: ағаш, шыны, т. б. құрылыс материалдары тапшы. Үлкен қиыншылықтармен мұнай жағуға көшірілген пештерді, отынды тасымалдаудың мүмкіндігі болмағасын, қайтадан қамыс жағып жылытуға лайықтауға тура келді. Қалада пеш салушылар да жоқ. 1920 жылдың мамыр айында қала мұғалімдері 18 фунт астық пен 18 фунт нан ғана ала алды. Мектептерде отыратын орын, оқулықтар, жазу құралдары жетіспейді»¹⁴.

Кенес өкіметінің алғашқы жылдарының өзінде-ақ, мектеп ісіне реформа жасауға ұмтылушылық сол кезгі азамат соғысы мен тапшылық жағдайында да басталған екен. 1918 жылдың 31 мамырында Халыққа Білім беру Комиссариатының шешімімен мектептерде балдық жүйе бойынша бағалау, көшіру жойылды. Сыныптан сыныпқа көшіру, мектеп бітіру туралы құжат беру оқушылардың білімі жайындағы педагогикалық кенес қаулысы мен ұсынысына орай жүзеге асырылатын болды. Шәкірттердің білімі туралы әділ баға беру қиынға соқты...

1920—1921 жылдары қала (Атырау) мектептерінде Н. И. Мирошкина, А. Б. Зеленовский, А. Н. Белкин, А. Н. Самарцева, Ф. Н. Дынникова, К. К. Емелин, Н. В. Емелина, А. А. Михайлова, С. Абишев, Я. Мұрадов, И. И. Моисеев, Ф. М. Улитин, Л. И. Ныркова, А. В. Вишенин, С. В. Вишенина, А. Н. Бородин, М. П. Бердникова, И. З. Макарова т. б. ұстаздар еңбек еткен¹⁵.

¹³ Бұл да сонда.

¹⁴ Атырау облыстық архиві. 131-кор, 47-іс, 61-б.

¹⁵ Бұл да сонда.

1920—1921 оқу жылдарындағы материалдарды сұрыптағанда сол кездің ерекшеліктері, алғашқы Кенес өкіметі кезіндегі білім беру ісіндегі басқару стилі бірден көзге түседі. Оның ең бастылары: қалыптасқан ауыр ахуалға сай әміршіл-әкімшіл әдіс, нақтылық, тәртіппен қатар, қатаң жауапкершілік. Мәселен, 1921 жылы 14 қаңтарда Гурьев уездік халыққа білім беру бөлімінде жасаған баяндамасында уездік мектептер инспекторы З. Баталов төмендегіше баяндайды: «Маған Гурьев уездік халыққа білім беру бөлімінің 1920 жылдың 9 желтоқсанында берген № 133 сенім хат бойынша Есбол және Сімбірті болыстарына төмендегі жұмыстарды атқару үшін іс сапарға жіберілдім:

1. Сімбірті болысы жанынан болыстық халыққа білім беру бөлімін құру;
2. Сімбірті және Есбол болыстарының мектептеріне татар оқулықтарын таратып беру;
3. Есбол болысы мектептерінің қызметкерлеріне шайсулық қаражат беру;
4. Жергілікті жерлердегі мектептердің мұқтажын білу, оларды отынмен, жылумен қамтамасыз ету, уездік халыққа білім беру бөлімінің жарлықтары мен шешімдерін өмірге енгізу»¹⁶.

Міне, Баталовтың тікелей бұйрығымен және ұйымдастыруымен 1920 жылы 10 желтоқсанда Сімбірті болыстық аткомының төрағасы Бақтыбаевтың төрағалығымен жиналыс өтіп, болыстық халыққа білім беру бөлімі құрылып, оған басшылық ету Бақтыбаевқа жүктелген екен. Жұмсалған қаржы мөлшері жөнінде де дәл деректер келтірілген: «Маған берілген Есбол болысы мектептерінің қызметкерлеріне бөлінген 40 мың сомның 28950 сомы жұмсалды, қалған 11050 сомы қолымда қалды дей келе, Баталов мектептердің мұқтаж болып отырған жайларын егжей-тегжейлі тәптіштеп көрсеткен: бірінші мұқтаж: оқулықтар мен жазу құралдарының жеткілікті мөлшерде болмауы, екінші керегі: қысқы түнде жұмыс жасау үшін мұғалімдерге жермайдың (керосиннің) жетіспеуі, үшінші жетпестік: жылудың болмауына байланысты барлық болыстық аткомдар мен селолық кеңестерге 1920 жылдың 30 қарашасындағы мектеп мұқтажды үшін отын, тал кесуге рұқсат берген уездік аткомның № 35 қаулысының көшірмелерін беріп кеттім» делін-

¹⁶ Атырау облыстық архиві. 131-қор, 1-тізбе, 3-іс, 17-б.

ген аталмыш құжатта. Сондай-ақ Баталов өз шешімінің орындалмағаны анықталса, селкенес пен болаткомның жекелеген мүшелерін революциялық трибунаға берілетінін ескерткен¹⁷.

Мінекей, азамат соғысы мен аштық, тапшылық жағдайында білім беру ісін тарихи объективтілік тұрғысынан бағалар болсақ, Кеңес үкіметі кезінде барынша жұмысты жүргізуге мүдделі болған және революциялық кезеңге сәйкес нақты жауапкершілікпен, шындықпен жүргізіп отырған. Мұны облыстық білім мұражайындағы өзге де құжаттар айғақтайды. Мәселен, Д. Рожаков 1920 жылдың 4 мамыры күні Гурьев уездік халыққа білім беру бөліміне жолдаған № 16 санды баянхатында төменгідей сол кездегі мектептердің ауыр халы туралы мәлім етеді:

«Редут училищесінің жағдайы туралы»

1. Маған сеніп тапсырылған мектепте сия, карандаштар, қаламсаптар, қаламұштар, қағаз, оқулықтар (әсіресе, әліппелер), аспид тақтасы, грифельдер, оқу құралдары, көрнекіліктер, мектеп жабдықтары, класс журналдары, есеп ведомостылары, ақша журналы, кітаптар каталогы, т. б. құралдар мүлдем жоқ, класс бөлмелері өте тар.

2. Оқушыларды тамақтандыру мәселесі қанағаттанғысыз.

3. Оқушылар үшін кубтағы суды қайнатуға отын жоқ.

Оқулықтардың, оқу құралдарының жоқтығы оқу бағдарламаларын өтуге ешқандай мүмкіндік бермейді, ал сыртқы және аяқ киімінің жоқтығы оқушылардың жалаңаяқ жүруге, не болса, соны киюге, жамап-жасқауға, көп жағдайда ескі қаптан тіккен киімдерді киюге мәжбүр еткен. Ол киімдердің киімге еш ұқсастығы жоқ. Сондықтан, халық мәтеліндей, «Өзі байпақ киген, бірақ ізі жалаңаяқтың ізі болады да шығады»¹⁸.

Ал тамақтың жоқтығы оқушыларды да, оларды оқытушыларды да әбден қалжыратуға, қандарының азаюына әкеліп соғады, оқушылардың арасында үнемі бас ауруы мектептегі қалыптасқан жағдай. Егер оқушылар бір ай бойы нанды көрмесе, олардың арасында қыркұлақтың дамуы әбден мүмкін нәрсе»¹⁹.

¹⁷ Атырау облыстық архиві. 131-қор, 1-тізбе. 3-іс, 7-б.

¹⁸ Бұл да сонда.

¹⁹ Бұл да сонда.

Азамат соғысы жылдары мен соғыстан кейінгі бүліншілік кезінде мұғалімдер ашықты, сол себепті басқа мекемелерде қосымша қызмет жасауға мәжбүр болды. Олардың көпшілігі жалданып дене жұмысын істеді. 1921—1922 оқу жылы өлкедегі халыққа білім беру ісінің тоқырауы күшейе түсті. Оған 1921 жылғы малдың өлімі мен 1922 жылғы астықтың шықпай қалуы да себеп болды. 1916 жылмен салыстырғанда мал саны 1921 жылы 71,3 пайызға кеміп кеткен²⁰.

Мұғалімдердің әлеуметтік жағдайы өте төмен болды. Олар барлық жерде 12—15 сағаттан жұмыс істеді. Жалақы төлеу бірнеше айға кешіктіріліп отырды. Орынбор округтік халық ағарту ісінің есебінен оқимыз: «Мұғалімдерге үй-үйге барып өздеріне түскі ас пен кешкі асты жинауға тура келеді. Ата-аналар мұғалімдерге: «Біз сені асырап отырмыз, сондықтан сен тек біздің баламызды оқытуға тиіссің, олай болмаған жағдайда сені қуып жібереміз»²¹, — деген.

Ол кезде қала мектептерінің материалдық жағдайы біршама қанағаттандырылғы болғанмен, ауыл мектептерінің күйі өте нашар еді. Мектеп үйлері өзінің атағына ешқандай сәйкес келмеді. Отын жетіспеді, төбелерінен су ақты. Мектептер құлайын деп тұрған шаруа үйінде, ауылдық жер кепелерде, дымқыл күңгірт үйлерде орналасты. Ақтөбе губерниялық халық ағарту ісінің меңгерушісінің есебінде «мектептер мен балалар үйлері қалада да, ауылда да отынмен, жарықпен қамтамасыз етілмеген, мектеп үйлері ақша бөлінбегендіктен, 1914 жылдан бері жөндеуден өтпеген. Мектеп мұғалімдері аш, жалаңаш, жалаң аяқ» делінген. Адай уездік халық ағарту ісінің есебінен үзіндіде былай делінген: «Мектептер жабдықталмаған жағдайда, терезелерде әйнек жоқ, пештер жұмыс істемейді, отын жоқ, парталар, класс тақтасы, столдар, отырғыштар жетіспейді. Мектеп жасындағы балалар жалаңаш, тамақ жоқ»²².

20-шы жылдардағы аштық пен оба ауруы балалар үйлеріне жетім балаларды көп орналастыруды талап етті. Сондықтан мұғалімдердің көпшілігіне балалар үйлеріне жұмысқа орналасуына тура келді. Мысалы, Орал

²⁰ ҚазОМА. 81-қор, 1-жазу, 317-іс. 2-б.

²¹ ҚазОМА. 921-қор, 1-жазу, 320-іс. 189-б.

²² ҚазОМА. 81-қор, 73-іс. 111-б.

губерниясында мектеп қызметкерлерінің 50% балалар үйлеріне жұмысқа жіберілген²³.

Қазақ мектептерінің оқу жабдықтары өте нашар болды. Гурьев уезінде Доссор, Мақат мектептері класс мектептері мен құралдары жөнінен 85%-ке, ауылдық қазақ мектептері 20—25% қамтамасыз етілді. Ауылдық қазақ мектептерінің оқушылары киіз үйлерде, жерде отырып оқыды. Класс тақталарының жоқтығынан қабырғаға, пештің есігіне жазуға тура келді²⁴.

Осындай аса қиын кезең — кеңес өкіметінің алғашқы жылдарының өзінде де мұғалімдердің білімін көтеруге мән берілген. Облыстық білім мұражайындағы сол бір жылдардағы мына бір деректі сөзбе-сөз келтірдік:

4. 06. 20 және 19. 11. 20

Өлкелік және губерниялық халыққа білім беру бөлімдерінің арасындағы мектеп секциясының жазбаларынан...

Х а б а р л а н д ы р у

Халыққа білім беру бөлімі Гурьев қаласы азаматтарының қатеріне мынаны береді: 1920 жылдың 23 қыркүйегінен бастап Бастауыш училищесінің үйінде 2 айлық мұғалімдер курсы өзінің қызметін бастап кетті. Мұғалім-тыңдаушылар — қырғыздар (қазақтар) мен татарлар.

Курстардың ұйымдастырушысы Ыбырашев. 1920 жыл 30 қыркүйек²⁵.

Сол бір жылдардағы қазақ мектептерінің қажетке жаратқан оқулықтары, әдістемелі құралдары және мұғалімдердің рухани азығы — мерзімді баспасөз құралдары хақында жоғарыда атап кеткен Доссор және Қызылқоға аудандарының мектептерін тексерген округтік оқу бөлімінің инспекторы Есмурзиннің жазбаларында былай баяндалған (1927 жыл, мамыр айы): «...Бұл аудандардағы 16 мектептің жоғарғы типтегісі — 3, 1-сатылысы — 13 мектеп. Мектептердегі оқу 1, 2, 3 айға кеш басталған. Оның себептері: жөндеу кеш аяқталған, мұғалімдер жетіспейді, халықтың көшіп-қонып жүруі де әсер етеді.

Сабақ беру тілі бойынша мектептер былай бөлінеді: орыс тілінде — 3, орыс-қазақ тілінде — 3, таза қазақ тілінде — 10.

²³ Облыстық архив. 131-қор. 1-жазу. 314-іс. 64-б.

²⁴ Бұл да сонда. 67-іс. 102-б.

²⁵ Атырау облыстық архиві. 131-қор, 3-тізбе, 17-іс, 7-б.

...Қазақ тілінде жұмыс істейтін мектептер «Қазақ» апталығынан (орталығынан) шыққан 1924 жылғы оқу бағдарламаларымен жұмыс істейді. Мектептер мынадай кітаптар мен оқу құралдарын пайдаланады:

Қазақ мектептері, I топ. Оқу құралы, I бөлім. Есеп құралы, I бөлім, II топ. Балаларға тарту есеп құралы, II бөлімі, Тіл құралы, I бөлім, III—IV топтар мектеп және деревня, Шапошниковтың грамматикасы, Ланковтың арифметикасы. Қазақ тілін оқу — авторлары Шоқанов және А. Байтұрсынов, Ивановтың географиясы, Зинченконың арифметикасы т. б. Көрнекі құралдардан глобустар, географиялық карталар, адам скелеті, таблицалар қолданылады.

Ауыл мектептері мынадай газет-журналдарды жаздырып алдырады: «Қызыл Ту», «Жұмысшы тілі», «Жаңа мектеп», «Енбекші қазақ», «Ауыл тілі», «Қызыл Қазақстан» журналы т. с. с. Бұл ауылдарда 1927 жылы 7 сауатсыздықты жою пункттері мен 2 бұрышы жұмыс істеді²⁶.

1921 жылы Қазақстанда сауатсыздықты жоюдың төтенше комиссиясы құрылады. «Культармейліктер» деп аталатын коммунистер мен комсомолдар қысқа мерзімді курстардан өтіп, ауылдардағы ересек адамдар мен балаларды жаппай сауаттандыру ісімен шұғылданды. Бұл туралы Махамбет ауданында тұратын қарт педагог, майдангер, ақын, қазіргі аудандық тарихи-өлкетану мұражайының директоры Сембай Бердімұратов былай дейді:

«Сауатсыздық пен шала сауаттылықты жою жөнінде біздің ауданда көптеген жұмыстар жасалған. Әрбір елді мекенде «культурмейліктер» жұмыс жасап, сауатсыз адамдар түгел дерлік оқуға тартылды. Біздер бұл жағдайларды бала кезімізден көріп өстік. Әр ауылдағы оқу өтетін үйге қызыл жалау көтерілгенде, қолдарына қағаз ұстаған қыз-келіншектер, жігіттер солай қарай ағылатын»²⁷.

1920 жылы Гурьев пен Доссорда 2 мектеп-коммуна ашылып, оларда 125 бала ғана оқыды. Өйткені бұл жылдарда мектеп-коммуналарды көптеп ашуға қажетті мүмкіншіліктер жеткіліксіз болды. Сондықтан да мұндай мектептер де, оларда оқитын балалардың саны да бірте-бірте өсіп отырды.

1924 жылдан бастап Гурьев уезінде аз ұлт халықтары

²⁶ Атырау облыстық архиві. 69-қор, 2-тізбе, 9-іс, 97-б.

²⁷ Бердімұратов С. Жайық шұғыласы. 1998. 1-қаңтар, 3-б.

арасында жұмыс жүргізетін арнайы секция құрылды. Мысалы, Орал губерниясы халық ағарту бөлімінің әдейі жазған қатынас қағазына сәйкес Гурьев уезінің Халық ағарту бөлімі 1924 жылдың 3 маусымында аз ұлттар өкілдері арасында жұмыс істейтін секция құру жөнінде арнайы қаулы қабылдады. Бұл секцияның құрамына 5 адам кірді. Олар, уездік партия комитетінен Арысланова, уездік кәсіподақ комитетінен Аманғалиев, уездік әйелдер бөлімінен — Фименко, аз ұлттар өкілдерінен Ғайнуллин еді. Гурьев уезінде тұратын аз ұлт халықтарының басым көпшілігі татарлар болғандықтан, негізінен алғанда, секция татар халқы арасында тәлім-тәрбие, үгіт-насихат, мәдени-ағарту жұмысын жүргізді, татарлар көп тұратын Гурьев қаласында, сондай-ақ Жылыой, Новобогат, Сарайшық, Қызылқоға т. б. жерлерде татарлар үшін 4 мектеп ашты. Екі мектепте оқу татар тілінде, ал қалған екеуінде аралас тілде (татар, қазақ, орыс) жүрді де, оларда татар және қазақ балалары оқыды. Жалпы алғанда, уезде мектептер ашу, оларға қазақ, орыс, татар балаларын тарту ісі үздіксіз жүргізіліп отырды.

1923—1924 оқу жылы уезде оқу төмендегідей болды.

9-кесте²⁸

1	2		3	4	5	6
	Мектеп саны					
Қалалар, болыстар, ауыл советтер	Бірінші саты	Екінші саты	Оның ішінде қазақ мектебі	Мұғалімдер саны	Ескерту	
Гурьев қаласы	10	1	2	30		
Редут болысы	5	—	—	4		
Топайлы болысы	4	—	4	4		
Ракуша болысы	5	—	6	9	1 аралас мектеп	
Сарыкөл болысы	6	—	3	6		
Қызылқоға болысы	3	—	11	7		
Есбол болысы	11	—	11	11		

²⁸ Атырау облыстық архиві. 131-кор, 1-іс, 60-б.

1	2	3	4	5	6
Соколинск болысы	12	—	12	12	
Ембі болысы	4	—	4	6	
Ембі—Атырау	1	—	1	1	
Доссор с/советі	2	—	1	9	
Мақат с/советі	1	—	—	1	
Барлығы қала бойынша	10	1	2	30	
Ауыл бойынша	62	—	52	79	
Жиыны	72	1	54	109	

Бұл мәліметтер, әсіресе, Ракуша, Сарыкөл, Есбол, Соколинск болыстарындағы қазақ мектептері сандарының тез өскенін көрсетеді.

1925 жылдан бастап уездік педагогикалық конференциялар өткізіле бастады. Конференциялар өткізуге байланысты көзделген мақсат мектепке арналған ГУС (мемлекеттік оқу стандарты) бағдарламасын, көпшілік ұйымдастыру жұмысын, оқу-тәрбие мәселесін, бағдарламалық материалды оқыту әдістерін, сол сияқты мектептің қоғамдық өмірмен байланысын нығайту, оқушыларды қоғамдық өмірге белсенді түрде араластыру сияқты мәселелерді талқылау болды. Мысалы, сол жылдарда болыстық педагогтық конференцияның күн тәртібіне мынадай мәселелер қойылды:

1. ГУС бағдарламасын талқылау.
2. Мектептің ауылда атқаратын қоғамдық жұмыстары.
3. Мектептегі пионер жұмысы.
4. Өзін-өзі басқару мәселесі (самоуправление) және мектептің қоғамдық өмірмен байланысы т. б.
5. Әйелдер арасындағы жұмыстар.
6. Ересектердің сауатсыздығын жою жұмысы.
7. Профячейкалардың жұмысы.
8. Комсомол және мұғалімдер туралы.

Бұл мәліметтер болыстық конференцияларда жан-жақты талқыланып, әрқайсысы бойынша тиісті қаулылар қабылданды. Архив материалдары бұл кезде оқулықтар мен әр түрлі оқу құралдары жетіспегенін, сонымен қатар оқулықтар өзінің мазмұны жағынан заман талабына сай болмағанын аңғартады. Мысалы, Гурьев уездік халық

ағарту бөлімінің 1925—1926 оқу жылында қабылдаған қарарында былай делінген: «Оқулықтар жетіспейді, кейбір материалдар сынға ілінген, қате діни-ағартушылық материалдардан тұрады»²⁹.

Халық ағарту саласында, мектептерде оқу-тәрбие жұмысын дұрыс жолға қоюда да сан алуан қиыншылықтар кездесе бергенімен, Гурьев уезінде ашылған қазақ мектептері жыл сайын алға басып, үздіксіз дамып отырды. 1925—1926 оқу жылында Гурьев уезінде педагогтық жұмыс атқарған 141 мұғалімнің 8-і ғана жоғары білімді болды. 1927—1928 оқу жылында Орал губерниясына бағынатын Гурьев уезінде 11 болыс болғанды. Ал 1928 жылдан бастап 11 болыстың орнына 6 аудан құрылды да, Гурьев өз алдына округ орталығына айналып, Қазақстан үкіметіне тікелей бағынатын дәрежеге көтерілді. Осы кезден бастап, 7 жылдық мектептер, ФЗУ және ФЗМ мектептерін ашу, оларда қазақ жастарынан маман жұмысшылар дайындау ісі қолға алынды. Мұндай 3 жылдық мектептер Гурьев округінде тұңғыш рет Мақат пен Доссорда «Эмбанефть» тресі жанынан ашылды да, оларға 60 адам (оның 30-ы жасөспірімдер) қабылданды. Бірақта Гурьев округінің жылдан-жылға дамып, алға басқан өнеркәсібін бұл екі шағын ғана мектеп маман жұмысшыларымен қамтамасыз ете алмады. Осы ауыр жағдайды ескеріп, Гурьев округтік халық ағарту бөлімі арнайы қабылдаған қаулысында: «Доссор ФЗУ мектебі мұнай өнеркәсібіне қажетті кадрларды толықтай жеткізіп бере алмай келеді. Сондықтан бұл мектепті болашақта тау-кен техникумына айналдыру керек», — деп атап көрсетті.

Бұрынғы Гурьев уезінде революцияға дейін XIX ғасырдың аяғында ашылған Қызылүй, Қаракөл, Қайыршақты, Ганюшкин, Қермекас мектептері Кеңес үкіметі тұсында өз жұмыстарын жаңа мазмұнда жалғастыра берді. Жиырмамыншы жылдарда Батыс Қазақстандағы мектептердің жұмысында көптеген қиыншылықтар болды. Ол кезде бірыңғай оқу бағдарламалары, оқулықтар жетіспеді. Мектеп қызметкерлері, әсіресе материалдық қамсыздандыру жағынан қиыншылықтарға кездесіп отырды. Оған, Қалмыков аудандық оқу бөлімінің инспекторы Чалуевтің Бүйрек мектебінің меңгерушісі Ербатыровка жазған хаты дәлел бола алады: «Жолдас Ербатыров!

²⁹ Облыстық архив. 131-қор. 5-тізбе, 17-б.

Сенің хатыңа жауап жазуға асығып отырмын. Сен кеткеннен кейін аз уақыттан соң оқу бөлімі қызметкерлерін тағы да қысқарту болып өтті. Барлық қосымша қызметкерлер мен қарауылшылар шығарылды. Жұмыста қалған мұғалімдер өздеріне де, семьясына да тамақ пен жалақыны алады. Жалғыз бастылар айына 25 фунт ұн, семьясы барлар 50 фунт алады. Ет атымен жоқ, темекі де, ақша да берілмейді. Газет пен керосинді алмағаным көп болды»³⁰.

Бұл сол кездегі барлық оқу бөлімдері мен мектептерге ортақ жағдай болатын. Соған қарамастан, мектептерде оқу-тәрбие жұмысы жақсы деңгейде жүргізіліп отырды. Мысалы, Қызылқоға ауданында жұмыс істеген Қаракөл мектебі 1925 жылға дейін 1-басқышты мектеп болды, 1925 жылдан бастап, мұнда 5—6 кластар ашылды. Мектеп қабырғасынан республикаға, облысқа белгілі адамдар оқып, жетіліп шықты. Бұлардың қатарында белгілі ғалымдар, қоғам қайраткерлері, заң, медицина, білім саласына еңбегі сіңген адамдар бар. Қазан төңкерісінен кейін бітіргендер арасынан Шолақ Артығалиев облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, Масат Құрманғазиев облыстық оқу бөлімінің бастығы болып істеді. Қаракөл мектебінің түлектері, ұстаздық қызметтен майданға аттанған офицерлер Анайсов Дүйсенғали, Құрмашев Мажит, Шонбасов Хафиз, Даулетияров Орынғали, Тілеубаев Нұрмахан, Құралбаев Хамит, Төрекұлов Жақия Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапты. Қазақстан ғылымының дамуына мектеп түлектері, академик-жазушы Зейнолла Қабдолов, ғалымдар Т. Жұмағалиев, С. Несіпқалиев, Х. Кенжеғұлов т. б. үлкен үлес қосты.

Кеңес үкіметі басқаруының алғашқы жылдарынан бастап мектеп ісін көтеруде үлкен қиыншылықтар кездесті. 1923 жылы А. Байтұрсынов «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек» деген мақаласын жариялап, тығырықтан шығу жолдарын көрсетуге тырысты. Мақалада мемлекет тарапынан бөлінетін қаржы мұғалімдердің оннан бір бөлігінің де шығынын көтере алмайтыны, оқу ісі уақытты талап ететіні, ал «оқудың мезгілі өтіп бара жатыр, балалардың бір жыл болса да оқусыз қалулары үлкен зиян екендігі» қадап-қадап айтылды. Бұдан былай ұйқыны қою керек. Енді бұл жұмысқа ха-

³⁰ Облыстық архив. 131-қор. 5-тізбе, 12-іс. 15-б.

лықтың өзі кіріспеске болмайды»³¹, — дейді Байтұрсынов.

20-жылдары мектеп ісін көтеруге біраз шаралардың жүзеге асқаны белгілі. 1921—1929 жылдары Қазақстандағы бастауыш оқушылары қатары 172 мыңнан 277 мыңға, оның ішінде қазақ балаларының саны 37,9 мыңнан 99,7 мыңға көбейді. Батыс Қазақстанда мектеп оқушыларының саны екі есе көбейіп, 40 мыңға жетті. Бірақ мұғалімдердің білім деңгейі өте төмен еді. 1926—1927 оқу жылында республика мектептерінде 7,2 мың мұғалім еңбек етсе, олардың 37% -інде ғана орта білім бар еді³². Бұл жағдай Батыс Қазақстанға да тән болатын.

Кеңес үкіметі мұғалімдердің материалдық-тұрмыстық жағдайын жақсартуға қолдан келгенінше тырысты. 1927 жылғы 11-шілдеде қабылданған Бүкілроссиялық Орталық Атқару комитеті мен РСФСР Халық комиссарлар кеңесінің қаулысымен көп жыл қызмет еткен мұғалімдердің еңбек ақысы арттырылып отыратын болды. Арада екі жыл өткенде Қазақстанға байланысты шешім бұларға зейнетақы тағайындауды анықтады. Алайда, мәселені түбегейлі көтермесе жас ұрпақты оқыту, білімді азамат етіп тәрбиелеп шығу мүмкін еместігіне әбден көз жетті. Мектепке тартылмаған балалар мен жас өспірімдер сауатсыздар қатарын көбейтіп отырды. 1930 жылы қаңтарда өлкелік партия комитеті Оқу комиссариатының баяндамасын тыңдап, егжей-тегжейлі қаулы қабылдады. Құжатта мектеп ісіндегі кемшіліктер сыналып, алдағы міндеттер белгіленді. Айталық, оқулықтар шығару мен мұғалімдердің біліктілігін көтеру, мектеп жүйесін көтеру, аудан орталықтарында төрт жылдық қазақ мектептерін ашу, жас өспірімдердің сауатсыздығын жоятын біржылдық мектептер құру көзделді.

Бастауыш білім беру науқаны кең ауқымда жүре бастады. Белгілі зерттеуші Ә. І. Сембаев 1930 жылдың жазы мен күзінде атқарылған істерді былайша суреттейді: «Әрбір ауданда жалпыға бірдей оқудың жұмыс жоспары жасалды, әрбір колхозда, совхозда, басқа да елді мекендерде 8—11 жастағы балалар мен 12—15 жастағы жас өспірімдердің саны анықталды, ұлты көрсетілді, қазақ халқы отырықшы болып қоныстанған аудандарға ерекше көңіл бөлінді, бұл аудандардағы халықтың келешекте

³¹ Байтұрсынов А. Ақ жол, 1992. 322-б.

³² Сембаев Ә. Қазақ совет мектебінің тарихы. 227-б.

қаншалықты өсіп, көбейетіні есепке алынды. Бұл үшін аудандық инспекцияның деректері, 1926 жылғы халық санағының мәліметтері пайдаланылады. Мектеп жасындағы балаларды есепке алу материалдары негізінде барлық аудандық атқару комитеттері мен қалалық кеңестер 1930—1931 оқу жылына қарай 1-басқыш мектептер санын бекіткенде, сегіз жастағы балалардың бәрін барлық жерде тегіс оқуға тарта алатындай етіп бекітті. 1-басқыш мектеп жоғарылы-төменді төрт бөлімі бар төрт комплектілі және бір комплектілі де бола алатын еді. Сынып-кешендердің саны бір мұғалімге 42 оқушы есебімен белгіленді. Қазақстанда тұратын аз ұлттар мектептерінің ойдағыдай дамуына көңіл бөлінді. Бастауыш мектепті бітірмеген ересектерді барлық жерде міндетті түрде оқуға тарту үшін 1930—1931 жылына қарай 1-басқыш жаңа мектептер ашу жоспары жасалды. Бұл мектептер ерекше оқу жоспары бойынша, оқытудың тездетілген формалары негізінде оқыта бастады. Кейбір көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың жағдайына сәйкес, бір мектептің қамтитын жерінің аумағы (ол шеті мен бұл шетін), 3 шақырымға дейін кеңейтуге рұқсат етілді, бірақ мұнда да балаларды көлікпен апару, көлікпен алып қайту немесе интернат, жақсы жатақхана ашу, оларда жалшылар мен кедейлердің балаларын тамақтандыруды ұйымдастыру міндет етілді. Басқа мекемелер орналасқан мектеп үйлері босатылды.

Әміршіл-әкімшіл жүйе күш қолдану, адам құқын аяқасты ету әдісін де қолдана берді. Жергілікті кеңестер мен халық ағарту бөлімдері кулактар мен байлардың кәмпескеленген үйлерін, бұрынғы шіркеу, мешіт үйлерін есепке алып, мектепке пайдаланды.

20—30 жылдары Атырау қаласында Қазан төңкерісіне дейін ашылған мектептермен қатар жаңа мектептер де ашыла бастады. Олар әуелі лайықталған мектептерде ашылып, кейін жаңа үйлерге көшіріле бастады. 1917 жылы ашылған орыс-қазақ мектебінің базасында 1930 жылы қазақ жеті жылдық мектебі ұйымдастырылды. 1935 жылы ол 2-сатылы мектепке айналды. 1937 жылға дейін ол мектеп Қазақ КСР-і Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы О. Исаевтың атында болып, 1938 жылы үкімет қаулысымен мектепке Жамбыл аты берілді. Бұл мектеп үйінде қазір облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты орналасқан.

1935—1936 оқу жылында аталған мектепте 19 сы-

ныпта 795 шәкірт дәріс алды, 17 педагог жұмыс жасады. Олардың қатарында Тәжібаев (директор), Өстемиров, Қожағалиев, Рысмағамбетов, Исабаев, Ерманов, Шағыров, Рахманов, Қайрошев, Дүйсекенов, Аралов, Ахметов, Сухамберлин, Көшкенбаев т. б. болды. Мектепте Косарева Вера Александровна, Липантьева Екатерина Семеновна, Синицина Нина Николаевна атты орыс мұғалималары да жұмыс жасады. Атырау қаласында 1930 жылдары Жамбыл атындағы мектептен өзге де оқу орындары ашылып, қарқынды жұмыс жасай бастады. 1930 жылы өзен портында сушылар мектебі (бір сатылы) 2-басқышты ашылды. Киров және Куйбышев атындағы мектептер ерекшеленді. Киров атындағы мектеп (№ 17) 2-сатылы негізінде «Эмбанефть» тресінің жанында қамыстан салынған 2 бөлімді үйде 1931 жылы ашылды. Ол кезде мектеп директоры Пустобаев Алексей Михайлович еді³³.

1936—1937 оқу жылында Ленин және Куйбышев атындағы 2-сатылы мектептер ашылды. Ленин атындағы мектепте 674 оқушы оқыса, Куйбышев атындағы мектепте 439 оқушы оқыды. Бұл мектептердің тұңғыш мұғалімдерінің қатарында В. С. Петрова, А. М. Гусева, Ф. М. Серых, С. А. Малицкая, Е. Н. Жукова, А. А. Юхно, Д. К. Бугаев, А. Естаев, Шляховская, Шкирмантова, Явнина, Е. И. Гаврилова т. с. болды³⁴.

Облыстық білім мұражайын орталық ету арқылы педагогикалық өлкетану материалдары негізінде 20—30—35 жылдардағы деректерді саралағанда өлкеміздегі білім беру ісіндегі мынадай өзекті мәселелерді айрықша бөліп алуға болады. Бірінші қаншама қиын шақ болса да кадрларға зәрулік, педкадрлар дайындау-ерекше жай, екінші, мұғалімдерді сұрыптауға (аттестациялауға) сол кездің өзінде айрықша жітілікпен, талғаммен, жауапкершілікпен қараған, үшінші, халық үшін қиын болған сол кезеңде де тірек мектептерін ашу ұйымдастырылған.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, сол кездегі, әсіресе, 1930 жылдардың қарсаңында мектептер жұмысын жаңа сапалы деңгейде көтеруде бірқатар ізденістердің болғандығы байқалады. Солардың ішіндегі сүбелі мәселенің бірі — аудандар мен болыстарда тірек мектептерін құру.

³³ Атырау облыстық архиві. 121-қор, 5-тізбе.

³⁴ Бұл да сонда.

Тірек мектептерін құру хақындағы мақсат төменде келтірілген деректен анық көрінеді.

1927 жылы 25 маусым күні Гурьев округтік оқу бөлімінен № 1684 қатынас қағазы жолданады. Онда былай делінген:

«Аудандық тірек мектептерін ашудың алғышарттары: Біздің мектептер, әсіресе, ауылдық мектептер оқу-тәрбие ісін жақсарту ісінде әлі де болса нашар дамып келеді. Материалдық қамтудан басқа да кедергілер өте көп. Оларға мыналар жатады: Педагог қызметкерлердің нашар дайындығы.

Жергілікті жерлерде әдістемелік жұмыстың нашар жолға қойылуы. Мектептердің тәжірибесі азы есепке алынады, нашар таратылады, шындығында тек жалпы мектеп жұмысын есептеудің, саралаудың нәтижесінде оқу-әдістемелік мәселелердің дұрыс шешіміне қол жеткізуге болады. Мектеп жұмысының сапасы педагог дайындығына тікелей байланысты. Ауылдық және селолық мұғалімдер дайындығын арттырудың жолы — оларды бір ұжымға біріктіріп, белгілі бір пунктте ұйымдастыру. Осындай пунктке аудандық тірек мектебі жатады. Тірек мектебі типтік 4 жылдық өз ауданындағы ең озық мектеп. Осындай тірек мектептерін барлық аудандық оқу бөлімдерінде ұйымдастыру қажет. Біздің бағытымыз — әрбір болыста бір-бірден тірек мектебін ашу. Аудандық тірек мектебі барлық мұғалімдерді, сауатсыздықты жоюшыларды біріктіріп, өндірістік секциялар құрады.

Аудандық тірек мектептеріне мынадай міндеттер жүктеледі:

1. Аудан мұғалімдерін ұжымға біріктіру.
2. Жалпы мектептердің педагогикалық жұмысын ұйымдастыру.
3. Мамандық көтеру жұмысын ұйымдастыру.
4. Жалпы жұртшылық арасында мәдени-көпшілік жұмысын жүргізу»³⁵.

Бұдан басқа тірек мектебінің жұмысын жетілдіру, жандандыру бағытында да қолда бар деректер жеткілікті. 1930 жылдардағы мектеп өмірінің тынысын айқындайтын осындай мәліметтердің бірінде губерниялық оқу бөлімінің бастығы Есенбаев, әдістемелік институт меңгерушісі Орехов жолдаған діттемелік-нұсқау хатта былай деп көрсетілген:

³⁵ Облыстық архив. 69-қор. 6-іс, 31-б.

1. «ГУС-тың (мемлекеттік оқу стандарты) бағдарламаларын жергілікті жерге лайықтап талқылау.
2. Деревня мен ауыл өмірін экономикалық, әлеуметтік, тұрмыстық тұрғыдан тексеру.
3. Жергілікті халықпен қоғамдық пайдалы жұмыстарды ұйымдастыру.
4. Педагогикалық және әдістемелік оқулықтарды бағалау және ұсыну.
5. Мамандық арттыру бағдарламасын дайындау.
6. Тірек мектебін әдістемелік жұмыстың орталығына айналдыру.

Педұжым мен тірек мектебі жұмысының түрлері мен әдістері

Тірек мектебі жұмысының негізгі түрі — жылына 4 мәрте өтетін конференциялар. Олардың арасында әрбір пәндерді біріктіретін ұйымдар жұмыс істейді. Тірек мектебі ауылдарда жұмыс істейтін мұғалімдермен хат алысып тұрады. Мұғалімдер тірек мектептерінде өткізілетін сабақтарға қатысады. Мұғалімдерге әдістемелік жұмыста консультант болу үшін тірек мектебі жанынан әр түрлі көмекші мекемелерді-кітапханаларды, педагогикалық мұражайды ұйымдастырады»³⁶. Сондай-ақ, 1927 жылғы 16 желтоқсандағы Гурьев қаласындағы № 2 мектептің ынталылар бюросының мәжілісінің хаттамасында № 2 мектептің тірек мектебі болып құрылғаны жайында айтылады, оны мектептің директоры Д. Емелин бекіткен³⁷.

1935—1938 жылдардың арасында өлкеміздегі мектептерде мұғалімдерді сұрыптау (аттестаттау) мұқият жүргізілген. Бұл жөніндегі негізгі сүйеніш құжат — 1938 жылғы 9 қаңтарда ҚССР Халық ағарту комиссары Сүлейншалин бекіткен «Бастауыш және орта мектептер мұғалімдері атағын алу үшін қазіргі бастауыш, толық емес орта және орта мектептерде жұмыс жасап жүрген мұғалімдерді аттестациялаудан өткізу туралы нұсқау». Аттестаттауды 1938 жылдың 1 тамызына дейін аяқтау көзделген.

Облыстық білім мұражайында бұл тұрғыда көптеген материалдар бар. Мысалы, 1938 жылы тек қана Мақат ауданында 13 мектептен 74 мұғалімнің аттестаттауға жа-

³⁶ Бұл да сонда.

³⁷ Бұл да сонда.

татыны көрсетілген. Гурьев облыстық оқу бөлімінің аттестациялық комиссиясының төрағасы Архиреевтың Халық ағарту комиссиясына берген хабарламасында Жылыой және Мақат аудандарында мұғалімдердің аттестациясы 1936 жылдың 28 қыркүйегі мен 19 қазаны аралығында жүргені туралы баяндалады³⁸. Сұрыптау қатаң талаппен өткізілгенге ұқсайды. Егер деректерге үңілсек мынадай жайлар анықталады. «7 адам аттестациядан өткен. Олар: Қосжанов Бердібай — Жасқұрлыс бастауыш мектебі, Төреқұлов Жақия — Чапаев бастауыш мектебі, Ғабдошев Мұқамбет — бұл да содан, Масаев Қенжеғұл — Сағыз бастауыш мектебі, Қарағұлов Қамияр — Шолақ бастауыш мектебі, Жантөрин Темір — Айшолақ бастауыш мектебі, Жұмағалиев Сағынғали — Қенбай орта мектебі (бәрі де Мақат ауданы). Осылардың үшеуі — Масаев Қенжеғұл, Қарағұлов Қамияр, Қосжанов Бердібай — жұмыстан босатылған. Комиссияның пікірі бойынша, аталмыш мұғалімдердің білімі де, әдістемелік дайындығы да оқытушылық қызметке сай болмаған³⁹.

Сол кезде мұғалімдерді аттестациялау арнайы науқанға айналып, өте қатты талап «сүзгісінен» өткендер ғана жұмыста қалдырылған. Жылыой ауданында сұрыптаудан 24 мұғалім өткен, 2 адам келмей қалған: біреуі — декреттік демалыста болған, екіншісі — көлік болмағандықтан. Аттестация 7 күн ішінде Айранкөл және Жылыой мектептері аталатын екі нүктеде өткен⁴⁰.

Мақат ауданы аумағы шашыранқы болғандықтан, бұдан 6 нүкте белгіленіп, Доссор, Қосшағыл, Ақшелек, Қияқты, Қоянды және Тайсойған мектептерінде комиссия 33 адамды «сұрыптаған». Аттестация кезінде мұғалімдердің 21 сабағына қатысқан. Комиссияның негізгі әдісі — мұғалімнің жеке материалдарын қарау, әңгімелесу. Аттестация қорытындысы бойынша комиссия мәжіліс хатымен бекітіліп отырған. Мысалы, Мақат ауданы бойынша бастауыш мектептің мұғалімдерін тағайындау жөнінде мынадай шешім шығарылған:

«Аттестация төрағасы Ақдәулетовтың хабарламасы бойынша 1938 жылы Мақат ауданы бойынша 108 адамның орнына 74 мұғалім өткен. Аттестацияға дайындық

³⁸ Атырау облыстық архиві. 334-қор, 7-іс, 5-б.

³⁹ Бұл да сонда.

⁴⁰ Атырау облыстық архиві. 334-қор, 1-тізбе, 6-іс, 53-б.

нашар болғандықтан, көптеген іс қағаздары болмаған. Мақат ауданында 5 орта мектеп болғанмен, олардағы кадрлардың білім дәрежесі сәйкес емес. Сондықтан Халық ағарту комиссариатынан келесі оқу жылында кемінде 10—15 пединститут бітірушілерді жіберу қажет»⁴¹.

Аттестация барысында жеке сипаттамалар да берілген. Мәселен, облысымыздағы білім беру ісінің ардагері (қазір қайтыс болған), майдангер, Атырау аймақты университетінің профессоры Қазыбаев Сабырға сол жылдары мынадай сипаттама берілген: «Қазыбаев Сабыр — 1914 жылы туған, білімі төмен. Бастауыш мектеп пен жыл жарымдық мұғалімдік курсы бітірген (1936). Мұғалім болып екі жыл істейді. Қазір Ракуша орталау мектебінде 6—7 кластарда географиядан сабақ береді. Географияны және географиялық картаны өте жақсы біледі. Өз бетімен көп жұмыс істейді, методикаға жетік мұғалім. Қаулы: Қазыбаевты уақытша жұмысқа қосу, педучилищенің 1-курсын бітіруді ұсыну»⁴².

Қала мұғалімдерін аттестациялауға орай комиссия (Қосмағамбетов, Сусленко) шешіміне сәйкес 1938 жылы 27 қазанда Гурьев облыстық оқу бөлімі (Сержанов). № 37 бұйрық шығарған: 1-пункте: Орта мектеп мұғалімі атағы Жайлыбаев Атшыбайға (Молотов атындағы орта мектеп) берілген⁴³.

2-пункте: Орта мектеп мұғалімі атағын бере отырып, оларға орталау мектепте сабақ беруге хұқ беру — барлығы 4 мұғалімге.

3-пункте: Бастауыш мектеп мұғалімі атағын бере отырып, мұғалімдер институтына тапсыруды міндеттеп, орталау мектепке сабақ беруге хұқ беру. Барлығы 8 мұғалімге.

4-пункте: Орталау мектепке жұмысқа жіберу, пединститутқа түсуді міндеттеу. Барлығы 2 мұғалімге.

5-пункте: Бастауыш мектеп мұғалім атағын беру. Барлығы 25 мұғалімге.

6-пункте: Білімі жоқ болғандықтан 4 мұғалім жұмыстан шығарылған.

1938 жылғы 15 қазандағы облыстық оқу бөлімінің № 228 бұйрығы бойынша 1 мұғалімге — Капкин Гавриил Матвеевичке (Ленин атындағы мектеп) орта мектептің

⁴¹ Облыстық архив. 334-қор, 6-іс, 53—54-бб.

⁴² Бұл да сонда.

⁴³ Бұл да сонда.

еңбегі сінген мұғалімі атағын беруге ұсыныс берілген. 10 мұғалімге орта мектеп, 6 мұғалімге орталау мектепке сабақ беру хұқымен, орта мектеп мұғалімі, 17 мұғалімге 2 жылдық мұғалімдер институтына түсуді міндеттеп, орталау мектеп мұғалімі, 5 мұғалімге сынақ мерзімімен орта және орталау мектепке сабақ беруге педучилищеге түсуді міндеттеп, 1 адам білімі болмағандықтан жұмыстан шығарылған. Сондай-ақ, өсы бұйрықтар бойынша аттестация тізімінен «халық жауы» ретінде «әшкереленген» 2 адам: Есмурзин Өмірзақ пен Ыбрашев Қазмұқаш алынып тасталған»⁴⁴.

Ал Есбол ауданы бойынша мынадай хабарлама келтірілген: «Ауданда 45 мектеп бар. Оларда 160 мұғалім жұмыс жасайды. 145 мұғалімнен аттестациядан өткені 129 болды. Осылардан комиссия 80 мұғалімді жұмысқа қалдыруды мүмкін деп тапты. 32 мұғалім дайындығына байланысты жұмыстан шығарылған»⁴⁵.

Жылыой ауданынан 71 мұғалімнің 28-і сұрыптаудан өтпей қалған. 1938 жылы аттестация қорытындысы негізінде Гурьев облысы бойынша: «Гурьев округтік атқару комитеті Президиумының қаулысы негізінде (баяндамашы Қаржауов) төмендегідей мәліметтер келтірілген: «Барлық 740 мұғалімнің 122-не бастауыш мектеп мұғалімі атағы берілді, орталау және орта мектептерге 463 мұғалім уақытша қалдырылып, 118 мұғалім босатылды»⁴⁶.

Міне, уақыт талабына сай мұғалімдерді аттестациялау Ұлы Отан соғысы қарсаңында жүргізіліп, формальды сипат алмай, қатаң талаппен, жіті талғаммен, сондай-ақ, ешқандай икемге келместен жүргізілген. Әлбетте, бұл істе асыра сілтеудің де болғандығы жасырын емес. Өйткені, 1936—1937 жылдардағы «шаш ал десе, бас алатын» солақай таптық қасаң көзқарастан туындаған, жергілікті шенеуніктер белсене араласқан нәубет пен саяси қуғын-сүргіннің де мұғалімдерді аттестациялауға салқынын тигізгені мәлім. Облыстық білім мұражайындағы қордаланған архив, баспасөз материалдарына, ардагерлердің естеліктеріне сүйене отырып, сол кездегі мұғалімдер аттестациясы мен өзге де білім беру ісінің шараларын талдағандағы ең басты бөліп алар жайларымыз: ең алдымен,

⁴⁴ Бұл да сонда.

⁴⁵ Бұл да сонда.

⁴⁶ Бұл да сонда.

білікті педкадрлардың тапшылығы, ұлт кадрларына әлі де болса салқын қараушылық, әлеуметтік-экономикалық ахуалдың төмендігі, мектептердің материалдық-техникалық базасының мешеулігі, әдістемелік жұмыстың жетімсіздігі, шығармашылықтың тежелуі, бірінғай таптық-саяси саясаттың қарадүрсіндігі, бұрынғы отаршыл Ресей империясына құлдық ұрып келген масылдық және көнбістік психологияның сіріжандығы көзге ұрады.

Атырау өлкесінің өз отандастарынан еріксіз көшірілген көптеген ұлт өкілдерін қабылдағаны тарихтан белгілі. 1937 жылы Атырау облысына корейлер зорлап көшірілген еді. Гурьев округтік оқу бөлімі көптеген қиыншылықтарға қарамастан корейлердің мектеп жасындағы балаларын оқумен қамтуға тырысты. 1937—1938 оқу жылы Гурьев округінде жеті корей ұлттық мектептері Сарайшықта, Сорочинкіде, Яманкада, Редутте, Қандаурда, Ганюшкинде және Гурьевте жұмыс істеді. Оларда көшіп келгендердің 907 баласы оқыды. Корейлердің 94 баласы орыс мектебіне тартылды. Сонымен, оқумен барлық оқушылар қамтылды. Округте 49 мұғалім корей болды, олардың 43 өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасты⁴⁷.

1938 жылдың 1 қыркүйегінде Гурьев облысында көшіп келуші корейлер үшін 1 бастауыш, 2 орталау мектеп жұмыс істеді. Оларда сабақ беру орыс тілінде жүргізілді. Бұрынғы корей мектептерінің оқушылары жұмыс істеп тұрған орыс мектептеріне көшірілді. Корей мектептерінің 5 класс оқушылары орыс мектептерінің 2 класына көшірілді. Осы кезден бастап, корейлер өздерінің тілін, мәдениетін, әдет-ғұрыптарын жоғалта бастады, өздерінің ықтиярынсыз «орыстанып», күні бүгін орыс тіліндегілер қатарына қосылады. Гурьев облысындағы корейлер тұратын жерлерде мұғалімдер және мектеп директорлары болып, маман педагогтар: Ли Ден Су, Ли Ден Гук, Ли Бон Чун, Шин Ен Хен, Нам Сан Хак, Ли Ден Гир, Хан А. Г. және басқалар жұмыс істеді⁴⁸.

Олардың арасында Владивостокта білім алғандар, Қызылорда педагогикалық институтын бітіргендер бар еді.

Қиыр Шығыс педагогикалық институтын бітірген, Сарайшық орта мектебінің мұғалімі Ли Ден Гук өте мықты математик болатын. Ли Ден Гук көп жылдар бойы Гурь-

⁴⁷ Облыстық архив. 120-іс. 70-б.

⁴⁸ Бұл да сонда. 334-қор. 1-жазу, 30-іс, 86-б.

ев педагогикалық училищесінде математикадан сабақ берді, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында жұмыс істеді. Әке жолын қуған оның баласы Ли Геннадий Владимирович Атырау қаласындағы Чехов атындағы мектепті көп жыл бойы басқарды.

20-жылдардың аяғы мен 30-жылдардың бас кезінде жаппай ұжымдастыру саясатының салдарынан, елдің бір бөлігі мал-мүлкінен айырылып, аштық жайлағаны белгілі. Осындай ауыртпалықтар ағарту қызметкерлерінің де басына түсті. Бұған қоса 30-жылдардың орта кезінен бастап мұғалімдердің бір бөлігі сталиндік қысымшылық пен қуғын-сүргіндерге ұшырады. Батыс Қазақстандық ағартушылар — Халел, Жанша Досмұхаметовтер, Сейтқали Мендешев, Алма Оразбаева, Нұғман Манаев т. б. жазықсыздан-жазықсыз құрбан болып, көптеген жылдар бойы «халық жауы» аталып келді. Сталиндік зұлматтың ауыртпалығы бүкіл халықтың басына түскені белгілі. Әсіресе, халықтың саналы, білімді бөлігі — мұғалімдер, ағарту саласының қайраткерлері қатты жапа шекті, орны толмас ауыр қазаларға ұшырады немесе ұзақ жылдар бойы лагерьлерге айдалып, бас еркінен айрылды.

Тоталитарлық жүйенің жергілікті жерлердегі қызметкерлері орталықтың нұсқауларын қалт еткізбей орындап отырды.

Тек Атырау облысы бойынша, толық емес мәліметтерге қарағанда 200-ге жуық ағарту қызметкерлері саяси қуғын-сүргінге ұшыраған. Осы ізгі адамдардың рухын еске алу мақсатымен, сондай-ақ олардың өмір жолдарын жас мұғалімдерге, жеткіншектерге үлгі ету үшін Атырау облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында орналасқан облыстық білім беру саласының мұражайында, көп ізденістердің нәтижесінде саяси қуғын-сүргін құрбандары болған ағарту қызметкерлерін еске алудың азалы «Ақ кітабы» жасақталды. «Ақ кітаптың» мазмұны облыстық архив және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Атырау облысы бойынша басқармасының мәліметтері, көнекөз қарттардың естеліктері бойынша жазылды.

Саяси қуғын-сүргіндер 1932 жылдан бастап 1953 жылға дейін созылған. Көпшілік жағдайда жоғарыдан осындай адамдар совет өкіметіне қарсы немесе бұрынғы атақамінер, алашорда партиясының мүшесі, бай-кулактың баласы болған деген сияқты айыптар тағылып, округтік оқу бөліміне әдейі тапсырмалар беріліп отырған. Мәсе-

лен, Гурьев округтік атқару комитетінің төрағасы Орынбаев округтік оқу бөлімінің меңгерушісі Цаллаговқа 1937 жылдың 13 сәуірінде жазған № 75 хатында осындай «Сенімсіз 39 мұғалімнің тізімін тексеруге және шара қолдану үшін» жіберген. Олардың арасында, кейін ақталып, облыстық білім беру саласының дамуына көп еңбек сіңірген ұстаздар Қ. Қарашин, Қ. Абақанов т. б. бар.

Қауіпсіздік комитетінен алынған құжатта саяси құғын-сүргіндерге ұшыраған 30 мұғалімнің аты-жөні бар. Олардың бергісі 5 жылдан 10 жылға дейін бас еркінен айрылған, ал 10 мұғалім әйгілі «үштіктердің» шешімімен өлім жазасына кесіліп, атылған. Олардың аты-жөні:

1. *Адаев Иманғали*, Қарабай өңірінде туған, мұнай техникумында директор болған, 1955 жылы толық ақталды.

2. *Дүйсенғалиев Мергенғали*, Есбол ауданында 1899 жылы туған, Елтай орта мектебінде сабақ берген, облыстық соттың шешімімен 1988 жылы ақталды.

3. *Адлер Франс Петрович*, Одессалық, Доссорда неміс тілінен сабақ берген, 1988 жылы толық ақталды.

4. *Ибрашев Қазмұқаш*, 1894 жылы № 4 ауылда туған, Гурьев балық техникумында жұмыс істеген, 1988 жылы толық ақталды.

5. *Есмурзин Өмірзақ*, Қызылқоға ауданының түлегі. Гурьев мұнай техникумында оқытушы болған. 1957 жылы ақталды.

6. *Ким-Чан-Се (Ким Василий)*, 1907 жылы Манчжурия өлкесінде дүниеге келген. Баксай ауданында мұғалім болды. 1965 жылы ақталды.

7. *Сан-Хи*, 1904 жылы Кореяда туған, Гурьевтегі корей мектебінде мұғалім болып қызмет атқарды. 1938 жылы 29 қазанда атылды, 1960 жылы толық ақталды.

8. *Сухарев Сергей Иванович*, 1894 жылы Гурьевте туған, Қызылүй мектебінде, қаладағы мұнай техникумында химиядан сабақ берген, 1956 жылы облсоттың шешімімен ақталған.

9. *Таңқыбаев Әбиғали*, 1903 жылы Жылыой ауданында туған, Холодильник ауылында ұстаздық еткен, 1957 жылы облсоттың шешімімен ақталған.

10. *Тыншимов Рахымберді*, 1887 жылы Баксай ауданында туған, № 17 ауылда сауатсыздықты жою мектебінде мұғалім болған, 1957 жылы толықтай ақталды.

Қауіпсіздік комитетінен алынған отыз адамның тізі-

мінің толық еместігі айқын. Өйткені, архивтен алынған тізімдегі «сенімсіз» 39 мұғалімнің тек біреуінің ғана есімі соңғы тізімде жүр. Сондай-ақ екі тізімге де енбеген, қуғын-сүргіндерге ұшыраған мұғалімдердің болғанын мұражайға аудандардан келген материалдар мен газет-журналдар бетінде жарық көрген мақалалар дәлелдейді.

Мысалы, Махамбет ауданы бойынша 3 мұғалім қуғын-сүргінге ұшыраған. Олар: Құдайбергенов Алпан, Қызылұй мектебінде жұмыс істеген, 1937 жылы өлім жазасына кесіліп, атылған. Корин Вячеслав Иванович пен Изболов Өтеміс те мұғалімдік жұмыстан аласталып, репрессия азабын шеккендер қатарында болған.

Қауіпсіздік комитеті мәліметінде берілген, 1938 жылы атылған Сергей Иванович Сухарев те кезінде облыстағы ең алғаш 1881 жылы ашылған Қызылұй мектебінде жұмыс істеп, химиядан қазақ балаларына сабақ берген. Осы ұлағатты ұстаз жөнінде оның жиені Е. Леонова былай деп жазады: «Менің әкемнің туған ағасы С. И. Сухарев 1894 жылы туған. 1938 жылдың 23 қазанында атылды. «Халық жауы» деген жаман атақтың өзінің сүйікті туысқаныңа көп жылдар бойы жазықсыздан-жазықсыз тағылғанын білу қандай қиын десеңші. Жақында білім беру саласының мұражайында жасақталған «Ақ кітаптан» нағашымның аты-жөнін көріп, көз жасыма еріксіз ырық бердім. «Кітапты» жасаған адамдарға мың да бір рахмет! Сергей Иванович осы өлкенің түлегі. Қазан университетін бітіргеннен кейін мектепте, мұнай техникумында химиядан шәкірттеріне терең білім берді. Әр жылғы демалысында Ленинградта болып, көптеген ғылыми-көпшілік әдебиеттер, кітаптар әкелетін. Ол кісі қаза болғаннан кейін артында әйелі Елизавета Александровна, 2 баласы қалды, «Халық жауының» жанұясы ретінде олар да көп қорлық көрді.

Әсіресе, ұлы Владимир үлкен қысымшылықтарды басынан кешірді. Газет бетіне жарияланған мақалалар және «Ақ кітап» арқылы біздер, Сергей Ивановичтің туыстары, ол кісінің НКВД жендеттерінің оның әйеліне айтқанындай ауырып өлмегенін, солардың қолынан қаза тапқанын білдік»⁴⁹.

Қатыгез заманның катал заңдары көбіне мұғалімдерді, олардың ата-аналарының кім болғанына, өздерінің

⁴⁹ Леонова С. Боль за родного человека терзает душу // Прикаспийская коммуна. 1997. 9 сент.

қандай саяси партиялардың қатарында болғанына қарай жазалап отырды. Осындай қысымға ұшырағандардың арасында қазақ қыздары ішінен облыста тұңғыш жоғары білім алғандардың бірі, Қазақтың Қыздар институтының 1948 жылғы түлегі Ысқақова Зүлфат Абдошқызы да бар еді.

Облыстың Теңіз ауданындағы Ганюшкино селосында орналасқан Абай атындағы орта мектепте 9—10 кластарға тарихтан сабақ беріп жүрген кезінде мұғалімге жазықсыздан-жазықсыз жала жабылып, 10 жылға бас бостандығынан айрылып, жапа шекті. Оған 1951 жылдан 1954 жылға дейін әр түрлі лагерьлердің азабын көруге тура келді, 1954 жылы толық ақталғаннан кейін, ұстаздық қызметке қайта оралып, 1974 жылы қайтыс болғанға дейін жемісті еңбек етті, «Қазақ ССР-нің оқу ісінің үздігі» атағына ие болды⁵⁰.

Ағарту саласындағы ерен еңбегі үшін, кейін «Құрмет белгісі» орденіне ие болған индерлік ұстаз, қазір зейнеткер Есқалиев Қаламның тағдыры да Зүлфаттың тағдырына ұқсас еді. Он тоғыз жасында мұғалім мамандығын алған ол Есбол ауданының орталығындағы жеті жылдық мектептің меңгерушісі болып істеді. Партия қатарына қабылданған Қалам соғыс жылдары аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімін басқарды. Кейін сол ауданның Зеленый деп аталатын ауылындағы балалар үйінің директоры қызметін атқарды. 1951 жылы 14 наурыздан бастап, әр түрлі айыптар тағылып, әуелі өлім жазасына, кейін ол үкім 10 жыл лагерьге ауыстырылып, саяси тұтқынға айналды. Оған «көсемге тіл тигіздің», «Сталин өлсе, совет өкіметі құлайды» деп айттың деген сияқты нақақ жалалар жабылды. Әйгілі «үштіктің» кесімінен кейін, Қалам 1955 жылға дейін, Гурьев, Ақтөбе, Новосибирск, Семей лагерьлерінде болып, «халық жауы» деген адамды аямай жұмысқа салатынын, малша қорлайтынын көрді. 1955 жылдың қаңтар айында еліне қайта оралады. 1961 жылы толықтай ақталды. 1968 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін ұстаздық қызметін жалғастырып, жемісті еңбек етті, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды⁵¹.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен 1997 жылдың

⁵⁰ Нагимов Ш. Ұлт қаймағын қалқыған // Атырау. 1997. 20 шілде.

⁵¹ Қабдел Қ. Қайрат // Егемен Қазақстан. 1997. 22 қараша.

«Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» болып жарияланғаны белгілі. Сол бір зұлмат жылдары жазықсыз құрбан болғандардың арасында қазақ интеллигенциясының өкілдері көп болды. Сондай жазықсыз жалаға ұшыраған мұғалімдердің бірі — Атырау облысының Тайсойған өңірінде туып өскен, өмір бойы мұғалім болған Қойшыбай Есембаев еді. Ол 1890 жылы Қызылқоға ауданында дүниеге келді. Оқытушылық гимназияны бітіргеннен кейін ұзақ жылдар бойы Қарабау, Тайсойған өңірінде қазақ мектептерінде сабақ берді.

Қойшыбай Есембаев 1916 жылы Орал қаласындағы дәрігерлік-фельдшерлік арнайы курста оқып, куәлік алды. Бұл куәлік бойынша оған өзі қызмет істейтін жерінде ауырған адамдарды емдеуге толық құқық берілді. Сол бір сүзек пен шешектің, оба мен басқа да қатерлі аурулардың өршіп тұрған кезінде ол қолынан келгенін аямай, талай адамды ажал аузынан арашалап қалды. Атақты Халел Досмұхамедовпен біраз жыл қызметтес болды.

Халық ағарту ісіндегі ұзақ жылдар бойы атқарған еңбегі үшін Қойшыбай Есембаев 1949 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталып, сол жылы «Қазақ ССР-не еңбегі сіңген мұғалім» атағына ие болды. Алайда, 1951 жылы нақақ жаламен «халық жауы» деген айып тағылып, 10 жылға сотталды. Бұл кезде орденді мұғалім 61 жаста еді. Бір жағы жазықсыз жала күйдірген, әрі Ақтөбе түрмесінде көрген қорлықтан көп ұзамай мұғалім қайтыс болды.

Кейін әділеттілік жеңіп, 1962 жылы 29 наурызда Қазақ ССР-нің Жоғарғы соты Қойшыбай Есембаевты толық ақтап шығады.

Бір кездері бүкіл Атырау — Ақтөбе аймағы ерекше бір ыстық ілтипатпен атаған Науанов Аяпберген, Науанов Ғадылша есімдері сталинизмнің құрбандары болғандықтан, көп жылдар бойы сыбырлап айтылып келді.

30-жылдарда Ойыл, Қызылқоға, Ақтөбе өңірінде беделі жөнінен ағартушылар әулеті Науановтарға тең келетін адамдар болған жоқ. Олар үш ағайынды Аяпберген, Жолдыбай, Жолдас Науановтар еді. Олардың ішінде шығыстық білімді Түркияда алған, Қызылқоға өңірінде төте жазу мектептерін төңкеріске дейін ашып, бала оқытқан Аяпбергеннің ағарту саласындағы еңбегі ерекше болатын. Аяпбергеннің өзі де, ұлы Ғадылша да кейін репрессияға ұшырап, өлім жазасына кесілді. Аяпберген мек-

тептер салады, интернаттар ашады. Талапты, талантты жастарды тандап алып, ірі орталықтағы белгілі оқу орындарына түсіреді. Өзінің тұңғышы Ғадылшаны Орынборға апарып, орыс мектебіне берді.

Арада жылдар өтеді, Ғадылша жоғары дәрежелі білім алады. Қазақ топырағындағы алғашқы ірі математиктің, физиктің бірі, республикадағы тұңғыш жоғарғы оқу орны — Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтында оқытушы болады. Ғадылша алгебраның оқулығын тұңғыш қазақ тіліне аударған ғалым. «Мен Аяпберген салдырған Тайсойған, Қамыстыкөл мектептерін көрдім. Екеуінде де оқыдым. Бұл қазақ халқына ауыр тауқымет әкелген 1932 жылдың аштығы, одан кейінгі жылдар еді.

Тайсойғанда, Қамыстыкөлде Аяпберген салдырған мектептер Ойылдағы, Меркуловтың, Ақшатаудағы Дәукеннің жетіжылдық мектептерімен қатар аталатын. Мұғалімдер құрамы да жоғарғы мектептерден кем түспейтін. Аяпберген Ойыл оқытушыларының қаймағын жинады десек те шындықтан қашықтамас едік. Аяпберген мектептерінің, әсіресе, Тайсойған шағылдарына кіре берісте салынған мектептің моншасы, тіпті 30-жылдары үнемі істеп тұрды. Мүмкін қазір Тайсойған мектебінің орны да жоқ шығар. Ал сол қиын-қыстау жылдары Тайсойған мектебі айналасына шамшырақ болды. Аяпберген жаққан шамшырақ еді», — деп жазады Тенел Жұмабаев «Ақтөбе» газетінің 1992 жылғы 5 маусымындағы нөмірінде.

Бұл мектептің оқушылары жазда егін салып, мал өсірді. Қыста жазғы жиналған өнімдерін пайдаланады. Мұның бәрін ұйымдастырып, басшылық еткен Аяпбергеннің өзі болатын.

Оқушылардың жазғы демалысы кезінде А. Науанов сауатсыздықты жою жұмысына білек түре кірісті. Ол № 17, 18, 19 ауылдарда осындай шараларды ұйымдастырып, сауат ашу ісіне қатысып жүргендерге әдістемелік көмек көрсетті.

1934 жылы Аяпберген Миялыдағы орталау мектепке директор болып тағайындалды. Бұл жерде де тәжірибелі ұстаз 200 орындық клуб, үш мұғалім үшін үй салдырған»⁵².

⁵² Қосанов Ә. Жазықсыз жазаланған ағартушы туралы // Атырау. 1997. 27 тамыз.

А. Науановтың білім беру саласындағы үлкен ұйымдастырушылық қызметі еленбей қалған жоқ. Ол 1935 жылы «Қазақстанның 15 жылдығы» белгісімен, ал 1936 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Бірақ бойындағы дарын-қабілетін туған халқы үшін толық пайдалана алмады, 1937 жылы жаламен түрмеге қамалып, содан еліне оралмады. Жазықсыз жазаламған абзал азамат бүгінде толық ақталды.

Атырау облысындағы Байшонас поселкесінде ұзақ жылдар ұстаздық еткен Дүйсенов Төлегенге де саяси қуғын-сүргін қысымшылығын бастан кешуге тура келді. 1943 жылы майданға кетіп бара жатып, өзіндей балғын жауынгерлерге Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» атты әңгімесін оқып бергені үшін ұсталып, 10 жылға сотталған. Саяси тұтқындарға арналған Воркута лагерінде ол, Я. Смеляков, М. Донской, А. Каплер сияқты аса көрнекті жазушылармен, мәдениет қайраткерлерімен бірге болған. Жасынан әдебиетке жаны құмар Төлеген, сол лагерьде жүріп өлең жазумен айналысады. 1956 жылы толық ақталғаннан кейін Төлеген елге келіп, Гурьев қаласындағы педагогикалық институтты сырттай оқып бітіргесін, ұзақ жылдар бойы 1991 жылы қайтыс болғанға дейін Байшонас мектебінде тарихтан сабақ берді⁵³.

Жақында әдебиетші, тарихшы ұстаздың өлеңдерінің жинағы «Жыр — аманат» атымен Алматы қаласында басылып шықты. Осы кітапқа «Жүрек дүрсілін естігендей болдым» деген пікірінде Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты Фариза Оңғарсынова былай деп жазды: «Қазақта жаны бар сөз» деген ұғым бар. Өлеңнің де жаны болады. Жаны жоқ өлең өлген балықтай әрсіз де нәрсіз. Ал, Төлеген Дүйсенұлы ағамыздың соңына қалдырған қолжазбасынан оның жүрек дүрсілін, қан тамырларының соғысын естігендей болдым. Ең бастысы осы шағын жинақтан бүкіл халқымыздың тауқыметті тағдырының, азапты жол-соқпақтарының шынайы суреттерін елестеттім. Жазықсыз жапа шеккен шарасыз адалдықтың, тыпырлаған тіршіліктің жан айқайы, қасіреті мен сағынышы еріксіз жүрегіңді елжіретіп баурайды, оқыған адамды бей-жай қалдырмай, әрі қарай жетелей түседі.

«Пенделердің қырсығынан кірлеген» жазықсыздар

⁵³ Облыстық архив. 47-қор, 5-тізбе, 56-іс. 7-б.

дың ашынған үні қай заманда да болған және бола бермек.

Жалғаннан сұрап кешірім,
Жазықсыз отыр талайлар.
Ашылар күтіп есігін,
Ағарды ерте самайлар, —

деген жолдар осының толық дәлелі секілді. Бұл жинақта осындай жан сезімдері, еңбек етуге шақыру, туған жерге деген сүйіспеншілік, ел ардақ тұтқан адамдарды жас тарға үлгі ету секілді сан түрлі тақырыптар камтылған.

Соңына елін ойлайтын азамат ұлдармен қатар адамның жан дүниесіне рухани нәр беретін өлеңдер қалдырған ақынның бұл туындылары біздің топырақтағы әрбір отбасының тәлім алар өнегесі болар деп ойлаймын».

Мұғалімдерге қарсы жүргізілген саяси қуғын-сүргін 1936—1937 жылдары ғана емес, сонау Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдардан соң-ақ, (1921 жылдары) бастау алғанға ұқсайды. Жергілікті өлкетанушылар мен облыстық білім мұражайының қоян-қолтық қимылдауы нәтижесінде біз өлке, облыс педагогтарының орынсыз асыра сілтеу құрбандарына ұшырағанына архив, мұражай, баспасөз материалдары арқылы куә болдық. Мәселен, сонау 1921 жылы Гурьев уезі Есбол болысы Редуть мектебінің мұғалимасы Екатерина Костелованың Гурьев уездік оқу бөліміне жазған хатына назар аударалық:

*В Гурьевский отдел
народного образования,
Заведующему*

ЗАЯВЛЕНИЕ

Сообщаю, что мою семью, т. е. престарелую мать и трехлетнего ребенка лишили продовольственного пайка. Семьи рыбаков, семьи красноармейцев получают, а мы, работники просвещения, должны шкуру с себя сорвать и за это кулак вырывают из горла ни в чем неповинных детишек. Я лично работаю без отдыха целый день, потому что каждый свободный час употребляю на частные уроки, чтобы заработать рыбу: о работе же по отделу народного образования говорить не стану т. к. От.нар.об.

⁵⁴ Облыстық архив. 334-қор, 3-тізбе, 36-іс. 15-б.

если хоть сколько-нибудь интересуется нами — должен знать сам. Если отдел за нашу работу не в силах прокормить наши семьи, прошу уволить меня с занимаемой должности и дать возможность поступить в другое учреждение, где дети и старики считаются тоже людьми и признается за ними право кушать. При настоящих условиях я буду работать последний месяц, хотя бы меня вперед угрозили тюрьмой. Прошу подавать мое заявление куда следует и о результате срочно уведомить.

Е. Костелова.»

Кеңес өкіметінің шенеуніктері білім беру ісінің қызметкеріне қырын қараған, мұғалімнің ашынған жан айқайы сол кезден басталған. Алайда, ол 1936—1937 жылдардағы нәубет шағында тұншықтырылған.

1937 жылы өлкемізде, Атырау облысында білім беру ісінің қызметкерлерін саяси қуғындаудан кейін, келесі 1938 жылы асыра сілтеу болғанын білген Республикалық Халыққа білім беру комиссариаты 1938 жылы 5 наурызда № 29 бұйрықты Гурьев облысы оқу бөлімінің меңгерушісі Цаллаговқа жолдаған. Онда былай делінген: «Көптеген облыстық, аудандық оқу бөлімдері мұғалім кадрларын жұмыстан босату кезінде көп жағдайда олардың халық жауларына элеуметтік, бөтен элементтерге жақындығын, ағайындығын сылтау етіп, оларды қылмыстық әрекетпен босатуға әуестенген. Облыстық оқу бөлімдерінің мәліметтеріне қарағанда, халық жауларын есептемегенде, Ақтөбе облысы бойынша 1938 жылдың 10 ақпанында 186 мұғалім, Шығыс Қазақстан облысында 174 мұғалім, Оңтүстік Қазақстан облысында 182 мұғалім, Қарағанды облысында 139 мұғалім, Алматы облысында 127 мұғалім, Қостанай облысында 102 мұғалім жұмыстан шығарылған. Мұғалімдердің жұмыстан босату кезінде, әсіресе, Ақтөбе облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің міндетін атқарушы Зинченко және Гурьев облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі Цаллагов өрескел әрекеттерге барған. Зинченко 1937 жылы желтоқсан айында босатқан 121 мұғалімнің барлығын бірдей халық жаулары категориясына жатқызса, Цаллагов облыстағы халық жауларымен қатар, күмәнді деп өзі есептеген мұғалімдерді қуғын-сүргінге ұшырату бағытын ұстап, оларды жазықсыз босатып отырған. Элеуметтік тегіне қарай жұмыстан босату етек алған. Ақтөбе облысы бойынша осы себеппен 50 мұғалім жұмыстан босатылған, ол барлық жұ-

мыстан босатылғандардың 21,3 пайызы, Гурьев округінде барлық 64 мұғалімнің 26-ы осы себеппен босатылған немесе 40,6 пайызы.

Бұндай жағдайдың болуы кешірімсіз, ол тез арада түзетілуі тиісті. Осы мақсатты орындау үшін төмендегі шараларды іске асыруды міндеттеймін.

1. Наурыз айының ішінде мұғалімдерді босату жөніндегі барлық істерді қайта қарау. (Ол жөнінде арыздың түспегеніне қарамастан).

2. Босатылған мұғалімдер істерін өте-мөте әділетті қарау, қажет болса қызметкерлерді іс сапарға жіберу, аса шиеленіскен істерді қарау үшін өздеріңіз барыңыздар, әсіресе, жұмыстан босату кезінде қателіктер көп жіберген аудандардағы жазықсыз жұмыстан босатылғандарды қайтадан орналастыру қажет.

3. Жазықсыз босатылған мұғалімдерді, қызметкерлерді орналастыру, сол азаматтарды қудалаған шенеуніктер мен төрешілердің жауапқа тартылуымен қатар жүргізілсін, осы туралы телеграф арқылы маған наурыз айының 10, 15, 20, 25-не хабар етілсін.

Халыққа білім беру комиссары: *Сүйіншалин*⁵⁵.

Осы айтылғандардан мынадай қорытынды шығаруға болады: біріншіден, жергілікті білім беру органдары басшыларының жоғары ұйымдар нұсқауларын бұлжытпай орындайтындығы, солақай көзжұмбайлығы, екіншіден, өлке, облыс білім беру лауазым иелерінің орындығына мансапқор, ұлттық та, халықтық та болмысы жоқ кездейсоқ адамдардың қойылуы, үшіншіден, қай уақытта да, қай тарихи кезеңде де қазақ халқының асыра сілтеуден көз ашпағандығы, төртіншіден, сол кездегі саяси қудалауға қарсы тұрар ұлт кадрларының тұншықтырылуы, оған қоса, оларды қолдап кететін жергілікті жерлердегі халқымыздың өкілдерінің әлі де болса, зерделік, саяси, рухани кемелдене алмауы дәлелденіп отыр.

Фашистік Германияның Кеңестер Одағына қарсы ашқан қанды соғысына күллі халықпен бірге білім беру қызметкерлері де қатысты.

Ұлы Отан соғысы жылдарында көптеген мектеп үйлері соғыс қажетіне пайдаланылды. Бөлмелер жетіспеді, үш кезекте, тіпті, кейде аралас ауысымдар 4-кезекте де оқыды. Сабақ мерзімі төтенше, соғыс жағдайына қарай азайтылды, ықшамдалды. Мұғалімдердің көпшілігі (ол

⁵⁵ Облыстық архив. 334-қор, 1-тізбе, 42-іс. 2-б.

кезде педагогтар қатарында ерлер мол еді) майданға аттанды. Сол бір ауыр, тауқыметті жылдары шәкірттер арасында сүзек ауруы жайылды. 35—40 оқушының 10—15-і ауырған шақтар да болды. Отын тапшы еді. Сыныптар салқын болғандықтан, сия қатып қалып жүрді. Дәптер атымен болмады, оқушылар газет бетіне, шылым қораптарының т. б. түрлі тұрмыстық-целлюлозалық заттардың тыстарына жазды. Оқулықтар жетіспегендіктен, әрбір қатарға бір оқулықтан бірнеше шәкіртке кезек қажетке асырылды. Соғыс жылдарында және соғыс кезіндегі шәкірттердің үлгерім сапасы қиындықтарға кезіккенмен де жақсы болды. 1938—1942 жылдары облыс мектептерінде Жоламанов, Сандыбаев, Захаров, Борисевич, Бурцева, Яшкова, Черняева, Михайлова, Якишева, Розенфельд, Логвинова, Серых, Ремпель, Қазыкешов, Елеубаев, Гарина, Шляховская, Самарцева, Гаврилова, Ильина т. с. с. мұғалімдер жанқиярлықпен еңбек еткен»⁵⁶.

Мектептерде әр түрлі үлкен кедергілерге қарамастан, кештер, театрландырылған тәрбие шаралары, Жаңа Жыл шыршалары өткізіліп отырған. Ұлы Отан соғысы қарсаңында 1939 жылы Гурьев облысында 205 бастауыш, 68 жеті жылдық және 25 орта мектепте 42 мың шәкірт оқып, сапалы білім алуда еді. Алғыр, білікті педагогтарды дайындауда Гурьев педучилищесі зор рөл атқарды. 1940 жылы маусымда педучилищеде 580 түлек оқыды, ал оның сырттай және кешкі педкурстарында 780 адам қамтылды⁵⁷.

Ұлы Отан соғысында көптеген ағарту қызметкерлері өздерінің ерен ерлігімен көзге түсті. Олардың қатарында болған Қазақ ССР-на еңбегі сіңген мұғалім Сабыр Қазыбаев, дербес зейнеткер, көрнекті педагог, қоғам қайраткері Шоқан Қаржауов, біраз жыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтын басқарған Дүйсенғали Байбосынов, ғалым-ұстаздар Х. Ахметжанов, Д. Қанцев, мектеп пен білім беру органдарын басқарған Р. Тілесов, Н. Сусленко, Г. Липатов, С. Л. Попов, Ж. Мышанов, Ж. Бисенғалиев, З. Зулқашев, М. Мұхамбеталиев, Ш. Өтегенов, Х. Шудабаев, С. Құрманбаев, мектеп мұғалімдері З. Төрешұлы, К. А. Нехриков, В. Г. Образцов есімдері облыстық білім мұражайында көрнекті орын

⁵⁶ Қаржауов Ш. Воспоминания о жизненном пути // Атырау. 1997. С. 32.

⁵⁷ Бұл да сонда.

алды. Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында Қызыл Армияның сапында мектеп мұғалімдері, мектеп директорлары, оқу ісінің меңгерушілері т. с. с. педагогтар жан аямай шайқасты. Олардың майдандағы ерлігі жас ұрпаққа үлгі болып саналды. Ұлы Отан соғысынан кейін ұзақ жылдар бойы Гурьев педагогикалық институтында, кәсіптік-техникалық училищелерде ұстаздық қызмет атқарған Совет Одағының Батыры Қайырғали Смағұловтың майдандағы ерлік жолы қазақтың классик жазушысы Ғабит Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романына арқау болды. Қайырғали Смағұлов Дондағы Ростов, Севастополь қалаларын жаудан азат етуге қатысып, атакты Кіші Жер плацдармын қорғаушылардың қатарында болған еді.

Атырау қаласындағы № 27 мектептің мұғалімі Сүйеуғали Ыбраев Мәскеу қаласында 1945, 1990, 1995 жылдары өткен Жеңіс парадына қатысушы бірден-бір жерлесіміз. Он сегізінде майданға аттанған Сүйеуғали зеңбірек расчетінің командирі болып соғыстың басынан аяғына дейін қатысып, ерлігі үшін III—II дәрежелі «Даңқ» орденімен, II—I дәрежелі «Отан соғысы» ордендеріне ие болды. Ардагер ұстаз күні бүгінге дейін мұғалімдік жұмыстан қол үзбей, жастарды Отан сүйгіштік рухта тәрбиелеуге өзіндік үлесін қосып келеді. Облыстық білім мұражайындағы экспозициялар мен бөлімдерде педагог-жауынгерлердің Мәскеу мен Ленинград түбінде, Сталинград пен Курск доғасында, Киев, Одесса, Севастополь мен Мурманск маңайында және Кеңес армиясы азат еткен Шығыс Еуропа елдерінде шайқасқандығы туралы мәліметтер мен өмір жолдарын бейнелейтін деректер жеткілікті. Сол бір ауыр, тауқыметті шақта Отан үшін өз өмірін пида еткен Құралбаев Хамит, Шонаев Оңай (қазір оның атында Махамбет селосында орта мектеп бар), Жақыпов Серікқали, Әбішев Сәлім, Абросимов Виктор, Әбілев Мұратқан, Әбілев Мырзабай, Сарбаев Аманғали, Айтқұлов Хасан, Жұлдызов Әубәкір, Ізмағамбетов Хасен, Кенжеғалиев Иманғали, Қарабалин Ізім, Дінов Қожабай, Қаржауов Ғинаят, Лұқпанов Мұхамбетжан, Оразалин Қуан, Сатыбалдиев Өтепқали, Сүйембаев Бақтияр, Юсупов Төреғали, Байсейітов Құбаш, Фаткулин Ғинаят, Погодаев Г., Умнов В., Дүйсенғалиев Б., Қорғанов, Өрістенев, Тарабрин, Ержанов, Лаупан, Такенов Фарух, Жұрынтаев Сұлтан, Таманов Арыстан, Дәулетов Елеу т. б. көптеген облыс педагогтарын барша мұғалім

қауым мен шәкірттер, жас ұрпақ қастерлеп есте тұтады, оларды сабақтар мен сыныптан тыс шараларда жас өрендерге Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру үшін үлгі қылады⁵⁸.

Сондай-ақ, соғыс жылдарында Армия қатарына шақырылып кеткен оқытушы жігіттердің орнын орта білімі бар немесе қысқа мерзімді мұғалімдік курстарды бітірген қыз-келіншектердің ауыстырғаны белгілі, — дейді өз естелігінде майдангер ұстаз, ақын, Қазақстан Республикасының Журналистер одағының мүшесі, Махамбет тарихи-өлкетану мұражайының меңгерушісі, облыстық білім мұражайы ақылдастар алқасының мүшесі Сембай Бердімұратов. Олардың қатарында көп құрметіне бөленіп, жақсы атаққа ие болғандары да аз болған жоқ. Атап айтқанда, Этенова Зәру, Дүйсенғалиева Батима, Шағырова Батима, Сейтқалиева Хафиза, Қаржаубаева Жанбibi, Оралбаева Ұлдай, Мырзабекова Әмина, Хисамеденова Бану, Петричева Любовь Тимофеевна қиын күндерде жұмыс жасап, абырой-атақ алғандар⁵⁹.

1941 жылдың күзінде Қызыл Армияны азық-түлікпен, жылы киімдермен жабдықтау және жауынгерлердің семьяларына көмек ұйымдастыру қозғалысы кең өріс алды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында облыс мұғалімдері тек қана 1943 жылы 120 мың сомның киімін, шұлық, қолғабын, ет, т. б. өнімдер жөнелтуге атсалысқан, өз еріктерімен 90 мың сомның қаражатын берген⁶⁰.

Жыл сайын 2 мәрте сенбіліктер ұйымдастырып, соның қаражатын майдан керегіне аударған⁶¹.

Балықшы поселкесінде орналасқан Ломоносов атындағы мектепте ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп, ұстаздық қызметі үшін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған Слепнева Тамара Ильинична Ұлы Отан соғысы жылдарын былай деп еске алады: «Соғыс жылдары мен осы мектепте оқыдым. Ол кезде үлкендерге де, балаларға да өте қиын болды. Мектеп үйі орталық жылу жүйесі ажыратылып тасталғандықтан өте салқын болатын. Сия қатып қалып жүрді. Кейінірек әрбір класқа темір пеш (буржуйка) орнатылды. Әрбір кластың бұрышында тук (балық ұны) жатты, оны пешке отын ретінде жаға-

⁵⁸ Бұл да сонда.

⁵⁹ Бердімұратов С. Жайық шұғыласы. 1998. 18-тамыз. 3-б.

⁶⁰ Облыстық архив. 331-қор, 3-тізбе, 41-іс, 21-б.

⁶¹ Облыстық архив. 49-қор, 1-тізбе, 61-іс, 7-б.

тын. Балалардың сырт киімі өте нашар болды, бір пар аяқ киімді жанұяда 2—3 бала кезектесіп киетін. Мектепте балаларға қосымша тамақ берілетін. Үлкен үзілісте әрбір оқушыға 50 г. нан мен темір аяққа құйылған быламық (ыссы суға майсыз, қара астықтың ұнын езіп салатын) үлестіреді. Дәптерлер болмағандықтан, ескі газеттердің бетіне жазатынбыз. Қластағы барлық оқушылар үшін 1—2 оқулық болды. Оқушылар сабақтан кейін заводта жұмыс істеді. Салмен әкелінген балықты тасыды, балық салатын бөшкелер жасайтын тақтайшаларды жинады. Үйлерінде олар майдандағы жауынгерлер үшін темекі қаптар (кисеттер) тікті, қолғаптар, шұлықтар тоқыды. Сонымен қатар, соғыс кезінде жер ауып келген өзге ұлт (корей, неміс, армян, грек, шешен т. б.) өкілдері үшін тұрмыстық құралдарды, аяқ-табақтарды жинауға көмектесті. Гурьев қаласында орналасқан госпитальдардағы жаралы жауынгерлерге арнап, концерттер қоюға қатысты».

Соғыс кезінде мектептерде жұмыс істеген мұғалімдер елдегі қиыншылықтарды халықпен бірге бастарынан кешірді. Әсіресе, ауылдық жерлердегі жұрттың тұрмысы өте ауыр болды. Сол жылдары Айбас ауылындағы мектепте істеген мұғалім Нәжімеден Нұрмағанбетов мектеп тіршілігін былайша суреттейді: «Ауылдағы көп баланың әкелері соғыста мерт болды. Әйелдер ауыр жұмыстан еңселерін түзей алмады. «Жаңа тұрмыс» колхозының басқармасы Суханбердиев Әбілхасымнан әке қамқорлығынсыз өскен оқушы балалар үшін сауын сиыр бөлдірдім. Баймырза қыстауында 10—15 оқушы бала жатты. Нан жоқ, құмдағы құмаршық дәнінен нан істедік. Соны балаларға беріп, жүректерін жалғаттық. Сабақтан кейін балаларды жинап, майдандағы жауынгерлер үшін қолғап, шұлық тоқытатынбыз»⁶².

1943 жылы 7 қаңтарда «Қазақстанская правда» газетінде Гурьев облысы Теңіз ауданының пионерлерінің Қазақстан Коммунистік партиясының орталық комитетіне танк колонналары құрылысына ақша жинау жөніндегі төмендегі хаты жарияланды: «Біздің Отанымызға қиыншылық түскен бұл күндері, әкелеріміз бен ағаларымыз және бүкіл халық фашист басқыншыларымен шайқасып жатқан кезде — Отанымызды қорғаушыларына шын

⁶² Зинулин *Ф.* Жүректерде жазылмаған жара бар // Атырау. 1998, 12 қыркүйек.

жүректен көмектесу мақсатында, біз, пионерлер, Гурьев облысы Теңіз ауданының оқушылары пионерлер атындағы танк колоннасын тұрғызу үшін өзіміздің мұғалімдеріміздің басшылығымен ақша жинауға кірістік. Сөйтіп, мемлекеттік банкіге 160 мың сом өткіздік». Сол 1944—1945 оқу жылында облыс мұғалімдерінің білім деңгейі төмендегідей болған.

10-кесте

Р/с	Аудандар	Мұғалімдердің білім деңгейі			
		Жоғары	Аяқталмаған жоғары	Орта	Аяқталмаған орта
1	Қала	30	31	153	77
2	Баксай	28	16	77	135
3	Есбол	3	12	73	100
4	Новобогат	—	—	58	122
5	Теңіз	5	35	90	131
6	Шевченко	1	4	18	65
7	Маңғыстау	—	—	15	111
8	Жылыой	2	4	42	90
9	Мақат	10	9	67	192
10	Қызылқоға	2	4	25	102
Барлығы:		61	115	618	952

Бұл кестеден аңғарылатыны: соғыс жылдарындағы педкадрлардың тапшылығы, әсіресе, Новобогат, Маңғыстау (ол кезде Маңғыстау Гурьев облысына қарағанды) аудандарында бірде-бір жоғары білімді немесе аяқталмаған жоғары білімді мамандардың кезікпеуі. Демек, Ұлы Отан соғысы жылдарында және оның қарсаңында облысымызда жоғары білімді мамандарға зәрулік басым болған.

Соғыс жылдарында өлкемізде білім беру ісі хал-қадірінше дамыған, әлбетте, материалдық-техникалық база нашар, әдістемелік жұмыс солғын, педагог кадрлар тапшы болғанмен де халықтың Жетіске деген, болашаққа деген сенімі жоғары, нық болған. Олар азғана күнкөрісін талшық ете отырып, сол кезгі жүйе мен қоғамдық

құрылысқа тән тәртіп пен жауапкершілік мүддесінен табыла білген.

Ұлы Отан соғысы жылдарында білім беру жайы өзіндік арнамен, бояумен, ырғақпен жүріп отырған, оқушылар қолда бар мүмкіншілікке сай білім мен тәрбие алған. Қашан да, қай кезде де өз парыздарына адал, зиялы қауымның ең көп және бұқаралық бөлігі болып табылатын мұғалімдер майданда да, тылда да замана талабының биігінен көріне білген. Бұған қосарымыз — нәубет, саяси қуғын-сүргін көргендер мен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы өлкеміздегі білім беру ісінің арнайы зерттеу тақырыбы бола алатындығында, оның үстіне, біз меңзеп отырған педагогикалық өлкетану сынды мүлдем жаңа саланы байыпты зерттеудің, іздеудің көкжиектерінің ашылуына жағдай жасалуының даусыздығы дер едік.

Облыстық білім мұражайында жиналған мәліметтер бойынша 1945—1946 жылдарда облыста 254 мектеп, оның ішінде 120 бастауыш, 94 орталау, 43 орта мектеп болған. Оларда 1863 мұғалім істеген, оның 55-і жоғары, 502-і арнаулы орта, 113-і аяқталмаған жоғары, қалғандары орта білімді болған⁶³.

Соғыс алдындағы жылдар мен соғыстан соңғы кездерді қамтитын мына бір деректерді салыстыру арқылы да бірқатар ой-түйін жасауға болады.

11-кесте

Жылдар:	1940—1941	1950—1951	1960—1961	1966—1967
Мектептер	254	313	227	221
Мұғалімдер	1659	2149	3225	4346
Оқушылар	44171	52572	87246	101447

Соғыс алдындағы жылдарға қарағанда шәкірттер саны да, мұғалімдер саны да сан жағынан да, сапа жағынан да өсіп отырған екен. Сол кездегі басты қиыншылық — оқушылар отыратын орын саны жетіспеді. Мысалы, қаладағы 24 мектептің 4-і 3 кезекте жұмыс жасады. Соғыстан соңғы халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарының қытымыр кезеңінде де үлкен үзіліс шағында балалар үшін ыстық тамақ ұйымдастырылды, қара астық-

⁶³ Облыстық архив, 334-қор, 4-тізбе, 15-б.

тан быламық пісірсе де шәкіртті ықылас пен мейірімнен кенде қылмау көзделді. Ұлы Отан соғысынан кейінгі облыстағы білім беру ісіндегі маңызды жағдай — мұғалімдерді марапаттаудың жүруі. Әлбетте, жергілікті орындардағы ұсақ-түйек ынталандыруларды айтпағанның өзінде, бір топ облыс мұғалімдері жоғары үкімет наградаларымен марапатталған. Негізінен алғанда, бұл шара 1939 жылы басталған да, соғыс басталған соң үзіліп қалған. Дегенмен, соғыстың нақ қызып тұрған шағында мұғалімдерді марапаттаудың жалғаса бергені байқалады. Оған төмендегі деректер куә. Мәселен, соғыс қарсаңында 1939 жылғы 10 мамырдағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің Указымен Гурьев облысы бойынша мына мұғалімдер марапатталыпты: Ленин орденімен: 1. *Нәубетов Хамидолла* — Есбол ауданы, Тұщықұдық орталау мектебінің мұғалімі. (Қазір Исатай ауданында бұл кісінің атында мектеп бар).

Еңбек Қызыл Ту орденімен: 1. *Сиранов Мұқанғазы* — Есбол ауданы, Елтай орта мектебінің мұғалімі. 2. *Харкин Михаил Филиппович* — Бақсай ауданы, Редуть орта мектебінің мұғалімі.

«Құрмет белгісі» орденімен: 1. *Планина Наталья Сидоровна* — Гурьев орта мектебінің мұғалімі. 2. *Рюмаков Дмитрий Сергеевич* — Маңғыстау ауданы, М. Горький атындағы Баутин орта мектебі. 3. *Юницкая Анна Михайловна* — Теңіз ауданы, Котяев орта мектебінің мұғалімі.

«Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен: 1. *Фабдрашев Иман* — Теңіз ауданы, Ленин атындағы орта мектептің директоры. 2. *Дінов Қонысбай* — Доссор өндірісіндегі орта мектеп мұғалімі.

«Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен: 1. *Ізтұрғанов Жылқышы* — Жылой ауданының бастауыш мектеп мұғалімі. 2. *Сейтмағамбетов Алдан* — Маңғыстау ауданы, Қарашығанақ орталау мектебінің мұғалімі. 3. *Шоқанова Зейнеп* — Теңіз ауданы, Сталин атындағы орталау мектептің мұғалімі.

1949 жылы 3 мұғалім Ленин орденімен, 4 адам «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, 31 адам «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

Ұзақ жылдар бойы педагогикалық қызметте адал, жемісті еңбек еткен облыс мұғалімдері КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Указымен 1948 жылы 12 ақпанда Ленин орденімен 14 мұғалім, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен 14 мұғалім, «Құрмет белгісі» орденімен 17 адам,

«Еңбектегі ерлігі үшін» медальмен 41 адам, «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медальмен 58 адам марапатталған⁶⁴.

Атырау облыстық білім мұражайында облысымыздағы көрнекті педагогтар мен олардың жалпы әр жылдардағы марапатталуы хақындағы арнаулы бөлімде жасакталған тізім бар.

Гурьев облысы (қазіргі Атырау облысы) бойынша «Қазақ ССР-на еңбегі сіңген мұғалім» атағы 1944 жылы облыс бойынша бір мұғалімге — Елтай орта мектебінің мұғалімі Сиранов Мұқанғазыға берілді. 1948 жылғы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Указы бойынша төмендегі ұстаздар сол атаққа ие болды:

1. *Асылалиев Амаңғали* — Қызылқоға ауданы Қаракөл орта мектебінің мұғалімі.
2. *Гарина Надежда Акимовна* — Гурьев қаласындағы № 2 бастауыш мектептің мұғалімі.
3. *Қасымов Әндіржан* — Теңіз ауданы Абай атындағы орта мектептің директоры.
4. *Михайлова Анастасия Ивановна* — Гурьев қаласындағы Ленин атындағы орта мектептің мұғалімі.
5. *Наубетов Хамидолла* — Новобогат ауданының бастауыш мектеп меңгерушісі.
6. *Оленичев Иван Архипович* — Теңіз ауданы Абай атындағы орта мектептің мұғалімі.
7. *Санбаев Хамза* — Мақат ауданы Мақат орта мектебінің директоры.

1957 жылғы 31 қазандағы Указ бойынша:

1. *Қазыбаев Сабыр* — Гурьев қаласындағы № 2 мектеп-интернаттың мұғалімі.
2. *Хисамеденова Бану* — Бақсай ауданы Молотов атындағы орта мектептің мұғалімі.

1964 жылғы Указ бойынша:

1. *Сарқытов Ғаббас* — Ембі ауданындағы орта мектептің мұғалімі.
2. *Өмірғалиев Халиолла* — Индер ауданы, Өрлік орта мектептің мұғалімі.

1966 жылғы 1 қазандағы Указ бойынша:

1. *Завершинская Мира Петровна* — Ембі ауданы А. С. Пушкин атындағы орта мектептің мұғалімі.
2. *Қанатбаев Бержан Үсенұлы* — Мақат ауданы Белинский атындағы орта мектептің директоры.

⁶⁴ Облыстық архив. 334-қор, 4-тізбе, 32-іс. 11-б.

1967 жылғы 25 мамырдағы Указ бойынша:

1. *Айтқалиев Құсиын* — Алға орта мектебінің директоры. 2. *Сарқұнанов Орал Өтебайұлы* — Мақат ауданы Доссор сегізжылдық мектебінің директоры.

1967 жылғы 15 тамыздағы Указ бойынша:

1. *Антонова Евгения Андреевна* — Теңіз ауданы Ломоносов атындағы орта мектеп мұғалімі. 2. *Байбосынов Дүйсенғали* — Гурьев облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының директоры. 3. *Қалыбеков Қарабай* — Махамбет ауданы Сартоғай орта мектебі директорының орынбасары. (Қазір аталмыш мектеп Қ. Қалыбековтың есімімен аталады). 4. *Мұхамбетжанов Шортабай* — Қызылқоға ауданы Қаракөл орта мектебінің мұғалімі. 5. *Рязанова Елена Александровна* — Балықшы ауданындағы М. В. Ломоносов атындағы орта мектептің мұғалімі. 6. *Тұрғалиева Мунира* — Индер ауданы Б. Нысанбаев атындағы орта мектептің мұғалімі. 7. *Шапошникова Клеопатра Александровна* — Гурьев қаласындағы № 3 сегіз жылдық мектептің мұғалімі. 8. *Шақатов Тасқынбай* — Манқыстау ауданы Э. Тельман атындағы сегіз жылдық мектебінің мұғалімі.

1968 жылғы 30 сәуірдегі Указ бойынша:

Рысмағамбетов Қайыржан — Гурьев қаласындағы Ы. Алтынсарин атындағы мектептің мұғалімі.

1969 жылғы желтоқсандағы Указ бойынша:

Байшақанов Қалдыбай — Ембі аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі.

1972 жылғы қарашадағы Указ бойынша:

Нұрмақанов Жанаш — Ембі ауданы Жданов атындағы орта мектептің мұғалімі.

1975 жылғы Указ бойынша:

1. *Әбішев Кенжеш* — Гурьев қаласы № 2 мектеп-интернатының директоры. 2. *Айтмағамбетова Софья* — Теңіз ауданы Сүйіндік атындағы орта мектептің мұғалімі.

1976 жылғы Указ бойынша:

Қашаубаев Төлеуғали — Махамбет ауданы Сартоғай орта мектебінің директоры.

1978 жылғы 22 мамырдағы Указ бойынша:

1. *Гудкова Александра Федоровна* — Гурьев қаласындағы А. С. Пушкин атындағы орта мектептің мұғалімі.
2. *Дутбаева Қатира Ермекқызы* — Гурьев қаласындағы № 1 мектеп-интернаттың директоры (қазір ол кісінің атында Атырау қаласында гуманитарлық колледж бар).
3. *Жексенғалиев Ғилаж* — Балықшы ауданы Еркінқала орта мектебінің мұғалімі.
4. *Насырова Зәуреш* — Қызылқоға ауданы Н. К. Крупская атындағы орта мектептің мұғалімі.
5. *Төленов Дүйсенғали* — Махамбет аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі.

1985 жылғы Указ бойынша:

Сағиев Мәжит — Ембі аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі.

1991 жылғы Указ бойынша:

Сапаров Асан Сапарұлы — Атырау қаласындағы № 7 кәсіптік-техникалық училищенің директоры. *Кейкешов Қасымқожа Жақсығалиұлы* — Мақат ауданы Г. В. Белинский атындағы орта мектептің директоры.

1999 жылы Указ бойынша: 1. *Сисенғалиев Тұрсын* — Қаракөл орта мектебінің директоры. 2. *Өмірбекова Жайды* — облыстық білім басқармасының бастығы.

Мұғалімдерді соғыстан соңғы жылдары марапаттау хақында жергілікті өлкетанушылар көптеген анықтау, зерттеу, іздестіру жұмыстарын жүргізді. Соның арқасында бұрын-сонды белгісіз болып, салтанатты рәсімдерде аттары аталмай келген әр жылдарда КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының Указымен республикаға еңбегі сіңген мұғалім мәртебесін иеленген бір топ облыс мұғалімдері анықталды. Бұл істе де облыстық білім мұражайы ұйтқы болды.

Олар:

1. *Жоламанов Дүйсенғали* — Мақат ауданы.
2. *Шәкіліков Іскендір* — Гурьев қаласы.
3. *Самалықов Төралы* — Маңғыстау ауданы.
4. *Уәлиева Жәміш* — Индер ауданы, Елтай орта мектебі.
5. *Ахметова Кенған* — Ембі ауданы, Құлсары поселкесі.

6. *Құрманғазиев Масат* — Қызылқоға ауданы.
7. *Пустобаев Алексей Михайлович* — Гурьев қаласындағы № 2 сегіз жылдық мектеп директоры.
8. *Тауфихова Мәдина* — Гурьев қаласындағы Ү. Алтынсарин атындағы орта мектеп мұғалімі.
9. *Жәңгіров Ғылымғали* — Новобогат ауданының мұғалімі.
10. *Дәулетова Ермек* — Форт-Шевченко қаласының мұғалімі.
11. *Ізтұрғанов Жылқышы* — Ембі ауданы М. Әуезов атындағы орта мектеп мұғалімі.
12. *Сухорукова О. И.* — Маңғыстау ауданы Баутин орта мектебінің мұғалімі.
13. *Могильникова* — Гурьев қаласы № 3 мектептің мұғалимасы.
14. *Ғабдолов Төлешқали* — Теңіз ауданы Гоголь атындағы орта мектеп мұғалімі.
15. *Бочкова Олимпиада Федоровна* — Гурьев қаласы Қуйбышев атындағы орта мектеп мұғалім.

70—80-жылдары облыстағы мұғалімдермен жұмыстың басты бағыттары төмендегідей болды:

Қазақ мектептерінде орыс тілін оқытуды жетілдіру, жетілдірілген оқу бағдарламаларын енгізу, оқушылар біліміне тақырыптық есеп жүргізу, оқу-тәрбие процесін онтайластыру, жаңашылдар идеясын енгізу, дәстүрлі емес сабақтарды игеру, педагогикалық эксперименттер өткізу, жаңа типті оқу орындарының модельдерін жасау, оқу-тәрбие жұмыстарын демократияландыру және ізгіліктендіру, мектеп жұмысына халықтық педагогика идеяларын, «Атамекен» бағдарламасын енгізу.

Бұл бағыттар облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты өткізген ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар, идеялар аукциондары, панорамалық сабақтар байқауы т. б. шаралар арқылы жүзеге асырылды.

Қазір білім мұражайында солардың материалдары жинақталып, мұғалімдер көпшілігіне таныстырылуда.

Қазақ мектептерінде орыс тілін оқытуды жетілдіру мәселесінен тірек мектептері болып, Гурьев қаласындағы нөмірі 13 мектеп (директоры Е. Қаженбаев), Ембі ауданындағы Макаренко атындағы мектеп (директоры М. П. Завершинская) белгіленіп, пән мұғалімдері Р. Г. Зарифованың, Н. И. Харламованың озат тәжірибелері облыс көлемінде таратылды. Жетілдірілген оқу

бағдарламаларын енгізу Гурьев қалалық оқу бөлімінің әдістемелік кабинеті (менгерушісі Қабдолов Ә.), Махамбет аудандық (Жайлашев Ж.), Мақат аудандық (Құсайынов Н.) әдістемелік кабинеттері арқылы нөмірі 8, 11, 12, 13 орта мектептерде, аудандардағы Алға, Сартоғай, Абай атындағы мектептерде жүзеге асырылды.

Жетілдірілген оқу бағдарламаларын енгізу, оқушылар біліміне тақырыптық есеп жүргізу әуелі қаладағы нөмірі 8, 11, 12, 13 мектептерде, Мақат ауданының С. Шәріпов атындағы мектебінде, Махамбет ауданының Алға, Сартоғай орта мектептерінде тәжірибеден өтіп, облыс мектептеріне таратылды. Бұл жұмысты мектеп директорлары Керіков Қ., Айтқалиев Қ., Қашаубаев Т., Курьсько Л. И., Песериди Г. Д. институттық кабинет менгерушілері З. Хуснутдинов, Ғ. Сағындықов, А. Макеевпен бірге жүзеге асырды. 1981—1985 жылдары академик Ю. Н. Бабанскийдің оқу-тәрбие процесін онтайластыру идеясын облыс мектептерінде кеңінен пайдаланған болатын. Оқу-тәрбие процесін тәжірибеге енгізу мәселесі бойынша Атырау қаласындағы нөмірі 21 мектеп (Өтебаева М. Н.), Жылыой ауданындағы Ленин атындағы мектеп (С. Бозаев), нөмірі 3 мектеп (М. Сағиев), Балықшы ауданындағы Аманкелді атындағы (Марданов Т.), Ғ. Мұратбаев атындағы мектептер (Қабдолхамитов Т.), Мақат ауданындағы Абай (Сейтқалиев М.), Белинский атындағы (Кейкешов Қ.) мектептер тірек мектептері болып белгіленіп, жинақталған озат тәжірибе облыс мектептеріне таратылды.

1990—1993 жылдары Гурьев қалалық, Махамбет, Жылыой аудандық оқу бөлімдерінің әдістемелік кабинеттері (Алдамжарова М., Жайлашев Ж., Күнбаев О.) арқылы институттың кабинет менгерушілері Айтқалиеваның, Арбағұлованың, Измұқановтың ұйымдастыруымен облыс мектептерінде жаңашыл-мұғалімдер Лысенкованың, Шаталовтың, Айтқалиевтің, Ысқақовтың т. б. идеялары таратылып, дәстүрлі емес сабақтарды өткізу тәжірибесі іске асырылды. Сол кезде саралап оқыту, жаңа режимді оқу орындарының модельдерін жасау жұмыстары жүргізіліп, оқу-тәрбие процесіне халықтың педагогика идеялары кеңінен қолданыла бастады. Осындай жұмыстардың нәтижесінде, 1990 жылдың қыркүйегінен бастап, дарынды балаларға арналған облыстық эксперименттік мектеп ашылды. 1992 жылы мектеп облыс әкімінің шешімімен ұлттық гимназияға айналды.

Саралап оқыту, дәстүрлі емес сабақтарды өткізу мәселелері бойынша Таскарина Долорестің (нөмірі 4 мектеп, Атырау қаласы), З. А. Кольцованың (нөмірі 17 мектеп), А. Л. Журбаның (Ломоносов атындағы мектеп), Н. И. Найденованың (нөмірі 16 мектеп) тәжірибелері таратылды. Бұл мұғалімдердің іс-тәжірибелері білім мұражайы арқылы қазіргі кезде де насихатталып келеді.

Облыстық мұражайға Атырау облысының білім тарихына енген, 90-жылдары ашылған 30-дың үстіндегі жаңа үлгідегі мектептер, олардың Ережелері, модельдері, оқу-тәрбие бағыттары мен пайдаланып жүрген материалдары туралы мәліметтері жинақталды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде соңғы жылдары облыс мұғалімдерінің қатары тұрақтанып, оқытушылық қызметтің мәртебесі арта бастады. Сондықтан оқушылардың білім деңгейі артты, олардың арасынан республикалық пән олимпиадаларының жүлдегерлері мен жеңімпаздары көбейе бастады.

1996—1998 жылдары облыстан республикалық пән олимпиадаларына қатысқан оқушылардың 10-ы жүлделі орындарға ие болды. 12-сі Білім министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Осындай нәтижелерге облыстық білім мұражайы арқылы жүргізілген педагогикалық өлкетану жұмыстарының да игі әсері болды деп есептейміз.

ҰСТАЗ ТАҒЫЛЫМЫ

Атырау өлкесінің халық ағарту саласында өздерінің бүкіл саналы өмірін ұрпақ тәрбиесіне арнаған тамаша ұстаздар еңбек етті, қазірде де еңбек етіп келеді. Ендігі әңгіме солар туралы болмақ.

Атырау бойында туып-өсіп, өзінің барлық өмірін жас ұрпаққа терең білім, сапалы тәрбие беруге сарп еткен *Хамидолла Нәубетов* еді. Хамакең асқан өнегелі, өте парасатты, өмірдегі жаңалықтарға әр уақытта құлағы түрік жүретін, не нәрсеге де байыптылықпен қарайтын тамаша ұстаз болатын.

Ол 1885 жылы Махамбет (бұрынғы Новобогат) ауданының Бегайдар аулында, шаруа семьясында дүниеге келген. Әкесі Нәубет әуелі Нарын құмында қазақ байларына жалданып мал баққан. Кейіннен ара-тұра Атырау бойындағы орыстың балық өнеркәсіп иелеріне жалданып, балық аулаған. Нәубетке үлкен ұлдары (Хамидолланың ағалары) көмектескен. Еңбек етіп, маңдай терімен тапқан табысына ең кіші ұлы Хамидолланы оқытады. 1899 жылдың күзінде Орда қаласында үш жылдық мектеп ашылады. Сол кезде кейіннен Нарын өлкесінің атақты дәрігері болған Мәмеков Қажығалимен бірге Хамидолла Ордада ашылған бастауыш мектепке оқуға аттанады. Мектепте оқылатын пәндердің басым көпшілігі орыс тілінде болады. Оқуға зерек, аса ыждағатты, бұрыннан ауылда арабша оқып сауатын ашқан Хамидолла екі кластық орыс-қырғыз (қазақ) мектебін үздік бітіреді, әрі орыс тілінде шебер сөйлеуге үйреніп шығады. Одан кейін екі жылдық педагогикалық курсы бар төрт кластық училищеде оқиды. Педагогикалық курсты бітірген соң 1904 жылдан бастап ұстаздық жолды бастайды. Атырау — Нарын өлкесіндегі халық ағарту ісінің өткеніне көз жіберсек, осындай қиын кезеңнің өзінде тиянақты білім

алып, халық арасында ағартушылық жұмыс жүргізген. Хамекең сияқты аяулы азаматтардың шыққаны үлкен мақтаныш. Хамекең 1904—1919 жылдары сол кездері Краснояр уезіндегі Ганюшкино және Трехбратинский поселкесіндегі екі кластық мектептерде мұғалім болып, шәкірттерге орыс тілінен дәріс береді. Бегайдар бастауыш мектебінде оқытушы, бірінші округтегі Ганюшкино уездік халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болып та қызмет істейді. Одан кейін 1930 жылға дейін Мыңтөбе, Забурын ауылдық кеңестеріндегі бастауыш мектептерінде, 1930—1934 жылдары Новобогат селосындағы колхозшы шаруа жастар (ШКМ) мектебінде ұстаздық етеді. Бұл мектеп кейіннен Аманкелді атындағы орта мектепке айналдырылды. Бұдан кейінгі жылдары ол Новобогат ауданындағы Тұщықұдық орталау мектебінде мұғалім және мектеп директоры, Дуаберген аулындағы Жамбыл атындағы орта мектептің директоры, одан соң Карл Маркс атындағы орта мектептің мұғалімі болып қызмет істеді. 1956 жылы Х. Нәубетовке республикалық маңызы бар дербес пенсия тағайындалды. Хамекең пенсияға шыққаннан кейін де өзінің сүйікті мамандығын жалғастырды. Сол кезде ол өзімен әңгімелескен әріптестеріне: «Енді дем алғанды да тәуір көремін, бірақ мектепті тастап кетуге сүйікті шәкірттерімді қимай жүрмін», — деуші еді. Сонымен ол кісі 1962 жылға дейін, яғни 77 жасқа келгенше ұстаздық етіп, өзінің бүкіл өмірінің 58 жылын үздіксіз жас ұрпақ тәрбиесіне арнады. Адал саналы еңбек құрметке бөлейді, абырой, даңқ, атақ әпереді. Партия мен үкімет оның көп жылдар бойғы ұстаздық еңбегін жоғары бағалап, екі рет Ленин орденімен, «1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен наградтады. Оған «Республиканың еңбек сіңірген мұғалімі» атағы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Құрмет грамотасы берілді. ССРО және Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері атанды. Хамекең Атырау өңірі мен Нарын даласын, Еділ мен Жайық арасын мекендеген халықтың баласын оқытып, көзін ашқан, өзінің ұшан-теңіз білімімен ерінбей-жалықпай сусындатқан, өнегелі, үлкендерге қадірлі, кішіге берерлік үлгісі мол, қамқоршы, кішіпейіл де сезімтал, жүрек жылуы мол жан еді. Ол адамдардың бәрімен де тіл табысып, екі тілде бірдей сөйлесе білетін, өзге біреуді сыртынан ғайбаттап өтірік-өсек айтпайтын, аса салмақты адам еді. Ұрпақтар тәрбиесі төңірегінде ой толғағанда

көңіл көк жиегі кеңейіп, өзіне табиғат мырзалықпен сыйға тартқан ақ сары жүзі бұрынғыдан да ажарланып, бейне бір кемелденіп қалғандай сезінетін еді. Ол кісінің әңгімесін тыңдағанда сенің де ой-өрісің кеңейе түсетін.

Хамекен «Баланы қаншама оқытсам, өзім де соншама үйрендім», — деп отыратын еді. Ұлағатты ұстаз балалары мен немерелерін де жеке басының өнегесімен үлгілі тәрбиелеп өсірді. Қазіргі кезде оның Рашид, Құмар, Қабен, Мұзафар атты ұлдары, Мүлкат, Зинур және тағы басқа қыздары әр салада мамандықтарына сай еселі еңбек етіп жүр.

Есімі облысқа, республикаға белгілі ұстаздардың бірі — *Аманғали Асылалиев*. Ол туған халқына білім нұрын таратып, 50 жылдың үстінде жұмыс жасады. А. Асылалиев 1883 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысының Тайпақ ауданында дүниеге келді. Ол кезде патшалық Ресей тұсында кедейдің балаларына білім алу өте қиынға соғатын. Аманғали үлкен қиыншылықпен бір кластық Қызылжар орыс-қазақ училищесіне оқуға түсті. Оны тамамдаған соң, Гурьев қаласындағы екі кластық орыс-қазақ училищесіне оқуға қабылданды. Одан кейін Орынбордың мұғалімдер семинариясын бітірді. 1908 жылы А. Асылалиев Есбол ауданындағы бір кластық орыс-қазақ училищесіне мұғалім болып тағайындалды. Аталмыш училище кейін екі кластық болды. Аманғали осында екі жылдай ұстаздық етеді. 1935—1945 жылдары еңбегімен елеулі бола бастаған мұғалім Тайпақта мектеп ашып, Қызылжар училищесінде орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берді. 20—30-жылдары А. Асылалиев тек қана балаларды оқытып қойған жоқ, сонымен бірге үлкендердің де сауатын ашты. Жүздеген ересектерді алдынан өткізді. Ол 1942 жылы Махамбет селосына жұмысқа ауысты. Майталман ұстаз Ұлы Отан соғысының ауыр күндерінде де мұғалімдіктен қол үзбеді. Оның білім беру саласындағы ұзақ жылғы мінсіз еңбегі жоғары бағаланды. Аманғали Асылалиев Ленин орденімен, медальдармен, грамоталармен марапатталды. Ол халық ағарту ісінің үздігі, ҚССР-дің еңбек сіңірген мұғалімі атағына да ие болды.

Халқымызда «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген даналық бар. Рас сөз. Соның бір дәлелі — біз әңгіме етіп отырған, ардақты ұстаз, ел азаматы, марқұм *Іскендір Зұлқарнайұлы Шәкіліков* атамыз. Атырау өңірінде ұстаз Іскендір Шәкіліковты білмейтін адам кемде-кем. Ұстаздан кезінде дәріс алып, өзі халық мұға-

лімі дәрежесіне көтерілген, бүгінде жасы сексеннен асқан ардагер ұстаз Төлеу Әбішев былай деп еске алады: «Мектеп — киелі орын, қасиетті мекен. Оның есігінде, алтын табалдырығында мыңдаған ұл-қыздың, оларға білім берген ұстаздардың қолының табы, аяғының ізі бар. Ат мініп, атақ алып, биік лауазымға жеткендердің өзі мектеп туралы әңгіме қозғала қалса, осы дәрежеге жетуінің бастауында ұстаздары тұрғанын сезінеді...

...Ленин орденінің иегері, Қазақстан Республикасы халық ағарту ісіне еңбегі сіңген сүйікті мұғалімнің сол бір тау тұлғасы мен биік парастылығы әлі көз алдымда.

Біз мектепте оқыған кез — соғыс, соғыстан кейінгі ауыр жылдар болды: «Сарайшық» орта мектебінде өзге пәндермен бірге орыс тілі мен әдебиетінен де дәріс алдық. Ұстаз Іскендір Шәкіліков осы сабақтың қазақ балаларына түсінікті болуы үшін «жеңілдетіп» беруге көңіл бөлді. Ақындардың өлеңдерін жатқа айтады. Гогольдің «Өлі жандары» мен Л. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романдарынан үзінділерді сайрап кеткенде, әрі сүйсінеміз, әрі таңданамыз.

Ұстазымыздың ақыл-кеңесімен, кейін мен де ұстаздық жолын қуып, онымен жұмыстас болғанымда ағайымыздың сабағына қатысып, сабақ беру әдісін үйрендім. Оның методикалық, дидактикалық, көрнекті құралдар жасауға берген ақыл-кеңесін басшылыққа алдым. Іскендір ағайдың «Русский язык в казахской школе» журналына шыққан мақалаларын педагогикалық мұрамызға жинап, пайдаландық. «Чкалов» орта, «Сорочинка» жеті жылдық мектептерінің мұғалімдерін қамтыған кусталық-методикалық бірлестікті басқарған кезде Іскендір Зұлқарнайұлы әр пән мұғалімдеріне баяндамалар тапсырып, оны терең талқылап, жарамды деп танылғандарын аудандық, облыстық оқуға жіберіп отырды. Аталған мектептерді аралап, орыс тілінен беретін мұғалімдердің сабағына қатысып, тікелей методикалық көмектер көрсетіп жүрді. Сонымен үлкен ризашылыққа бөленді. Іскендір ағайымыздан дәріс алған Мұқамбетова Замзия, Қалаубаева Қарима «Халық ағарту ісінің үздігі» атақтарына ие болды. Айшев Нұхы ұстаз жолын қуып, орыс әдебиеті мен тілінің маманы болды.

Ұлағатты ұстаздың жан ұясынан өрген тоғыз баланың барлығы да жоғары білімді мамандар. Үш ұл-қызы дәрігер, үш қызы мұғалім, үш қызы басқа мамандық иелері.

Іскендір ағамыз аққұбаша келген, толық денелі, жү-

рісі паң, қоңыр дауысты жан еді. Бір кезде шәкірт, кейін төрт жыл жұмыста болып бірге жүргенде біздің байқағанымыз — бірбеткей, шыншыл, адамға ойын тура айтатын. Біз оны адалдығы, биік адамгершілігі, тазалығы үшін жақсы көрдік. Әке сенімін ақтаған балалары да халқына қалтқысыз еңбек етіп, өз қатарларына үлгі бола білуде.

Исатай ауданының халық ағарту тарихын *Х. Нәубетов, Х. Пазылов, К. Жалмұқанов, Ж. Мырзағалиев, Ж. Қайыров, Б. Шөкетаева, М. Аташев* т. б. ұлағатты ұстаздардың есімдерінен бөлек қарастыру мүмкін емес. «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болған» аяулы ұстаздар *Х. Нәубетовтің* және *Ж. Мырзағалиевтің* аттары өздері ұзақ жылдар еңбек еткен мектептерге берілуі, оларға деген халықтың сүйіспеншілігінің айғағы дер едік.

Мырзағалиев Жұмабай 1907 жылы 3 қаңтар күні сол кездегі Астрахан губерниясы Ішкі Бөкей ордасы, бірінші Примор округінің 5-аулында кедей шаруаның жанұясында дүниеге келіпті.

Ж. Мырзағалиев ұстаздық жолын 1934—1935 оқу жылында бастауыш мектептің меңгерушілігінен бастады. Кешікпей Гурьевтегі педагогикалық техникумды әріптестері арасында бірінші болып бітіріп алды. 1940 жылға дейін бастауыш мектеп мұғалімі дәрежесі бар, екі Ленин орденінің иегері болған тек *Нәубетов* *Хамидолла* ғана болатын. 1931 жылдан бастап осы бастауыш мектеп орталау мектепке айналып, *Жүмекең* оның директоры болып тағайындалды. Бұған дейін бұл өңірде Тұщықұдық аулында ғана жалғыз орталау мектеп болатын, оған база болған белгілі дәрігер *Мәнеков Қажығалидың* 7—8 бөлмесі бар қаладағы орыс үйлері үлгісімен салынған мекенжайы және қосымша құрылыстары еді.

1942 жылы осы мектептің 10-класын алғашқылар қатарында бітірген, қазірде отставкадағы милиция полковнигі, бүгінде Алматыда тұратын *Сабырғалиев Ғабдол-Мәжит* осы мектеп пен оның үздіксіз директоры болған *Жүмекең* жәйлі өзінің естелігінде былай деп жазады: «Осы кісі ол кездегі қиындыққа қарамастан мектептің кенде биік ғимаратын салдырып, таңдаулы мұғалімдерді жинақтап, оларды талантты құрам етіп қалыптастырып, түлектерге өнеге, білім, тәрбие беріп, мектептің атағы мен абыройын бүкіл республикаға жайды, өзі халықтың да, шәкірттерінің де құрмет-ықыласына бөленді. Мектеп-

тің абыройының артқандығы болар, оқуға тек Новобогат ауданының балалары ғана емес, көрші Жаңақала, Есбол Теңіз ауылдары тұрғындары да балаларын оқытуға көптеп ұмтылды.

Мектеп балаларға тек білім берудің ұясы ғана емес, сол өңірдің мәдени, саяси орталығы да болды. Барша мейрам атаулы, атакты өнер-ғылым, саясат қайраткерлеріне арналған жиындар, атаулы оқиғалар, жастарға ой салатын, сана-сезімдерін оятатын шаралар үзбей кезек-кезегімен осында өткізіліп жататын.

Мектеп ашылғанда 5-класс екеу еді, жылдан-жылға оқушылар саны көбейіп, 3—4 орталау мектепті бітіргендер әрі қарай оқуларын осында жалғастырады.

1941 жылы соғыс басталып кетті де, 1942 жылы мектептің 10-класын бірінші болып та, соңғы рет те бітірушілер 24 қана бала болдык. Қластас оқушылардың басым көпшілігі майданға аттанды, біразы тылда еңбекке кірісті».

Сол мектептің табалдырығын аттаған балалар бүгін де ұрпақтарының қызығын көріп отырған аға буын өкілдері алтын ұя мектебі мен абзал ағасын зор тебіреніспен еске алады. Жүмекең Отан соғысы басталғанша Оралдағы педагогикалық институттың 3-курсын сырттай оқып бітірді. Бұл мектептен орта дәрежелі білім алғандар облысымыз бен ауданымыздың экономикасы мен мәдениетінің дамуына өздері еңбек еткен кездерінде қомақты үлес қосты. Олардың ішінен облысқа белгілі Маштақов Ғатих, Масалимов Ғибатолла (марқұм), Біләлов Тәрен, Түсіпов Сидеғали, Ідіркенов Ғабит (марқұм), Ғұмаров Тайыр, т. б. азаматтарды атауға тұрарлық.

1992 жылдан бастап бұрынғы Чапаев совхозының (қазіргі «Ақкөл» ұжымдық шаруашылығы) орталығындағы орта мектеп Мырзағалиев Жұмабай есімімен аталады. Мырзағалиевтер әулетінің келесі буындары да абыройлы азаматтар болды. Ғинаятолла Мырзағалиев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін үздік бітіріп, өмір бойына сол білім ордасының өзінде ұстаздық етіп келе жатқан профессор, оның басшылығымен ғылыми көмегінің арқасында кейбір шәкірттері ғылыми атақ алды. Мырзағалиев Ғибатолла Мәскеудегі Бауман атындағы жоғары техникалық училищенің түлегі, АЗТМ-нің қатардағы инженерінен министр дәрежесіне дейін көтеріліп, зейнеткерлікке шықты.

Ұлы Отан соғысына дейін Жүмекең негізін қалап,

басқарған Сталиц атындағы орта мектепте оқып тәрбиеленгендерге, соғыстан кейін М. Горький атындағы орта мектепте жұмыста болған бірнеше ондаған мұғалімдер қауымына кезіндегі Мырзағалиев Жұмабайдың адамгершілік, ұстаздық, ұстамдылық, адамдық, өзінен кейінгілерге деген қамқорлық, халқына деген сүйіспеншілік қасиеттері үлгі-өнеге бола береді.

Біз әңгіме еткелі отырған қадірменді ұстаз *Жалмұқанұлы Қаженбай* Атырау облысындағы сол Нарын өңірінің тек сұлулық жағын, табиғатқа деген мейрімділікті, адам баласына деген қайырымдылықты бойына сіңіріп өскен жан еді. Оның өмірінің басым көпшілігі (70 жылға жуығы) Нарын құмынын Жанды, Бегайдар, Дуаберген, Мыңтөбе, Тұщықұдық, Айбас ауылдарында өтті. Көп жылдар ұстаздық етіп, ауыр өмір тауқыметін басынан кешіріп шаршап шалдықса да, ол өзі оқытқан балаларға ұрсып, келін-балаға зекіп, олардың намысына тиіп көрмеген. Өскен ортасында, ауылдастары арасында да сыйлы, сыпайы болып, өзін-өзі асқан бір әдептілікпен ұстайтын, орынсыз мінез көрсетіп, бос сөз айтпайтын жан еді, — деп оны бүгінде жерлестері еске алады. Сол себепті өз замандастары оны «қыз мінезді Қаженбай» дейтін болған.

Атырау облысы Қамысқала ауданына қарасты Орпа аулында 1896 жылы өмірге келген Қажекең халық арасында ағарту жұмыстарын жүргізушілердің тұңғыш қарлығаштарының бірі ретінде Нарын құмының шалғай түкпірлерінде бастауыш кластар ұйымдастырып, жарты ғасыр бойы ұстаздық қызметті жалықпай атқарыпты. Ең қиын кезде мектептің табалдырығын жаңа аттаған 1—4 класс оқушыларын оқытумен бірге ересек адамдарды сауаттандырумен де шұғылданған. Бұл жұмысты мектептің оқу ісін меңгеруші қызметімен ұштастырады.

Қажекең тек қана бастауыш кластарда сабақ беріп қоймай, орта мектептерде қазақ тілі мен әдебиетінен де ұстаздық етеді. Ол сол кездің өзінде қазақ тілінің шыннайы қамқоршысы болып, оның мүмкіндіктері мен келешегі зор екендігіне, оның көркемдігіне, емле мен синтаксисті жетілдіре беру керектігіне айырықша көңіл бөледі.

Ересек адамдар арасында сауатсыздықты жоюға 1920 жылдардан бастап белсене қатысқан Жалмұқанұлы Қаженбай жұмысшылар мен құрлысшылардың, диқандар мен малшылардың надандықтан көзін ашуға атсалысады, мұғалім болып істейді. Ал 1949—1950 оқу жылынан бас-

тап ол Мыңтөбе, Тұщықұдық ауылдарындағы мектептерде құрметті еңбек демалысына шыққанша (1965 ж.) қырық жылға жуық ұстаздық қызметін тынбастан атқарады. Өмірін соңына — 1979 жылға дейін де Қаженбай ақсақал жүрген жерлерінде ұстаздықтың ұлағатты ұшқынын таратудан айнымаған.

Қажекеннің көп жылғы ұстаздық етудегі еңбегі «Құрмет белгісі» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен және көптеген Құрмет грамоталарымен, Ұлы Отан соғысы жылдарында Жоғарғы Бас қолбасшының Мақтау қағаздарымен бағаланған.

Ол кісі өзіне туа біткен ұстаздық қасиетті тек қана мектеп босағасында жүзеге асырып қоймай, өмір мектебінде де ұстаз бола білген. Адамдар арасындағы қатынасты, өзара сыйластықты іске асыруда да ұстаздықтың жоғары биігінен көрінген. Халық осындай қасиеті үшін Қажекенді әулиедей сыйлайтын, оған сенетін болған.

Қажекен адамдардың жағдайына қарап, ақылмен істей білген. Ол кезде ауыл белсенділері жас баланы, әйелдерді де, кәмелетке толмаған балаларды да еңбекке зорлап қатыстырып отыған ғой. Мұндай өрескел жағдайларға Қажекен жол бермей, «кейін жауабын өзім берем, жас балалы әйелдерді өлтіресіңдер ме», — деп, ауыл белсенділерін тоқтатып қоятын болған. Шынында да мұның өзі аналарға, оның ұрпағының өсуіне зор қамқорлық екен ғой.

Қажекеннің балаларының барлығы да педагогика, халық ағарту, мәдениет, ғылым саласында еңбек етіп келеді. Үлкен қызы Бақыт Атыраудың педагогика училищесін бітіріп, Ұлы Отан соғысы жылдарынан бастап, құрметті демалысқа шыққанға дейін өз мамандығы бойынша алдыңғы қатарлы ұстаздардың бірі болған. Ұстаз әкесінің үлкен ұлы Есет те 16 жасынан мұғалімдік жұмысты бастауыш мектептерде қызмет етуден бастады. Кейін Орал педагогика институтында оқып, жоғары білім алды.

Содан кейін ұзақ жылдар бойы Атырау қаласындағы нөмірі 13 орта мектепті басқарған кезде, ол мектеп оқу-тәрбие процесін жетілдіру жөнінен облыстағы ең таңдаулы мектептердің біріне айналды. Мектепті шебер басқарғаны үшін Есет Қаженбайұлы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. 1982 жылы облыстық мұғалімдер білімнің жетілдіру институтының директорлығына жоғарлатылды. 1991 жылы зейнеткерлікке шыққанша Есет осы мекемені абыроймен басқара білді. Қазірде облысқа та-

нымал ұстаз Атырау Университетінде мұғалімдік қызметті жалғастырып келеді. Кіші ұлы Сырым Балық шаруашылығы экономикасы бойынша республикадағы бірінші шыққан ғылым докторы болып отыр. Қажекеннің ортаншы қызы Сағида Ақтөбенің мәдени-ағарту училищесін бітіріп, Балықшы ауданының кітапханасында көп жылдар бойы еңбек етуде, ал кенже қызы — Ұлболсын әкесінің жолын қуып, Атырау педагогикалық институтын бітірген кезден бастауыш кластарда ұстаздық етіп келеді.

Қажекен ұстаздық жұмысты мектептерде бала тәрбиелеумен ұштастыра отырып, оны өз айналасындағы адамдарға тәрбиелік ықпал етуге, бағыттай білген. Соғыстан кейінгі жылдарда арақ ішу, өз жанұясынан безу сияқты жағымсыз қылықтар көбейіп кеткен кезде ол ондай адамдарға ағалық ақылын айтып, өз өнегесімен оларды дұрыс жолға сілтейді, олардың қоғамдық жұмысқа қатысуына мұрындық болады. Сондықтан да ол кісінің ұстаздық жұмысын тек мектеппен ғана байланысты болды десек жеткіліксіз болар еді. Өйткені Қажекенмен кездескен, қызметтес болған адамдар одан әрқашанда үлгі боларлық жақсы әсер алып отырған.

Бір ғана мысал 30—40 шақырым жерге көшіп кеткен елдің соңынан барып, оқушы балаларын атына мінгестіріп алып келіп, өзінің не мектеп қызметкерлерінің үйіне орналастырып, мектепті аяқтап шығуына қамқорлық жасайтын. Бұл жәйттерді бұл күнде елге танымал азамат болған оқушылары С. Бекенов, Х. Мүсіпов, З. Хамидуллин т. б. тебірене әңгімелейді. 30—50 жылдар кезінде Қажекен жұмыс жасаған Дуаберген аулындағы «Алғашқы» колхозындағы бастауыш мектептер ел арасында «Қаженбай мектебі» деп аталып кеткен болатын.

Өзінің ерен еңбегімен тек Атырау өңіріне ғана емес, бүкіл Қазақстанға кеңінен танымал ұстаздардың бірі — СССР халық мұғалімі *Құсиын Айтқалиев*.

Қашанда ер азаматтың тағдыры ел-жұртымен тамырлас келеді. Ол жарық дүниеге келгеннен екі жыл өтер-өтпесте қазақ даласын жайлаған ашаршылық пен босқындық, одан ес жиып орныға бергенде, кінәсізден кінәлі атанып, бір түнде жоқ болғандар, көлеңкесінен қорыққандай құбыжық «отыз жеті», ерлік пен елдік сарапқа түскен соғыс жылдары Қүсекеннің өсуі мен қалыптасуына із тастамай кеткен жоқ. Алты жасында әке көз жұмды, арқа сүйер ағалары да қайтыс болып, анасы мен дәрменсіз жас өскін ғана қалды. Табанына тас батып,



СССР халық мұғалімі
Қусиын Айтқалиев



Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген
мұғалімі Ораз Сарғұнанов



Белгілі ұстаз Ғалымжан Сүйінбаев жары Майя Сисенқызымен бірге




Мақаттық белгілі ۇстаз
Қадірбай Керіков



Орденді ۇстаз
Сәния Садықова




Білім ۇздігі
Любовь Тимофеевна Петричева



Белгілі әдіскер-мұғалім
Зұлхарнай Хуснутдинов



Облыстық оқу бөлімін 1976—1985 жылдары басқарған С. Мұсағалиева, мектеп директорлары К. Есмұқанов, Қ. Оңғарсынов мұғалімдер арасында



Білім үздігі
Халила Қаражігітова



Білім үздігі
Сәуле Елеубаева



Білім үздігі Гүлсім Охина



Білім үздігі Алдамберген Хамзин




Білім үздігі
Алпысбай Жанұзақов



Білім үздігі
Біржанұлы Жанұзақов
Білім үздігі
Біржанұлы Жанұзақов



Қазак ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі Мұқанғазы Сиранов



Облысқа кең танымал әдіскер-мұғалім Жапақ Қаражігіт



Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі Мунира Тұрғалиева



Индерлік ұстаз, соғыс ардагері Зейнеп Ахметова



Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі Жанаш Нұрмахан

мандайына күн өтіп дегендей, жалаңаш-жалпы жүріп, қаршадайынан колхоз жұмысына жегілген, өзен жағалап, шабақ аулаған, шөптің тамыры мен дәнін теріп жеп нәр еткен жалғыз ол болмас әрине. Бірақ өмір сабағын әркім әртүрлі қабылдайды. Болдым, толдым деп, өткенін өзекке тебетін шенеуніктерше шіренетіндер өмірде аз емес. Ал ел ағасы Құсиынның қарапайым жүріс-тұрысы, күй таңдап көріктенбей киінуі, сәл-пәл ебедейсіздеу қазақы қимылы, қазақ даласындай кең пішілген тұлға-бітімі, кімге болса да ағыл-тегіл мейіріммен қарайтын ақ жарқын көңілі — сол бір қиын-қыстау балалық кезінен қалыптасқан табиғи қалыбы. Оның сурет салуға құштарлығы да, сөз өнеріне, ана тіліне ынтазарлығы да осы кезден басталған. Орта мектепті бітіріп, арман асуына да осы Алға аулынан аттанды. Бірақ ол кезде өзінің барлық бақыт-талиғасы, мүдде-мүмкіндігі осы туған жерімен ашылатынын біле қоймаған болар.

...Арада бес жыл өткенде Құсиын Айтқалиев өзі оқыған мектепке қайтып оралды. Бұл 1954 жылдың күзі болатын. Енді ол көптен күткен ұстаздық жолын бастады. Бұл жолдың ұзақ та ауыр болатынын жас маман сезбей қалған жоқ. Өзін меңгеру бір басқа да, сол өзің түйгенінді, білгенінді, тіпті сезінгенінді өзгеге жеткізу, әр сөздің сыры мен сиқырын байқатып, онымен шәкірттерді күлдіре де, жылата да білу бір басқа екен. Гурьев мұғалімдер институтын үздік дипломмен бітірген жас талапқа бірде терең білім, бірде туа біткен таланты көмектесіп, бұл асудың қырқасына қиналмай көтерілді.

Алайда қолда барға қанағат ететін кез артта қалған еді. Есін біліп, етегін жинаған елге салиқалы ойы, салмақты білімі бар азамат керек, оны тәрбиелеп шығару үшін ұстаздың да сынға түсері анық. Енді Қүсекең тәжірибе жинақтаумен, білімін жетілдірумен жүйелі айналысты. Оның жемісі ретінде Алматыда «IV—VII сынып оқушыларына әдебиет теориясынан берілетін білім көлемі», Павлодарда «Орта мектеп оқушыларына әдебиет теориясынан білім беру» тақырыбындағы баяндамалары жүлделі бірінші орынды иеленді. «Село мектептеріндегі еңбек тәрбиесінің жүйесі» атты баяндамасы Одақтық педагогикалық оқуда тыңдалды. Бұл баяндамаға жалаң теория емес, өзі басшылық ететін Алға орта мектебінің іс-тәжірибесі өзек болған еді. Сол кездегі Республика, Одақ көлемінде жаңа қолға алынып жатқан мектеп кеңесін, селолық көлемдегі тәрбие алқасын құру сияқты

бастамалар мектеп директоры Қ. Айтқалиевтің ұйтқы болуымен Алғада он шақты жыл бұрын жүзеге асқан болатын. «Қоғамдық сынып жетекшілер» мен «Қоғамдық тәрбиешілер», «Педагогикалық жасақтар», «Мектеп ішіндегі мектеп», «Достық клубы», «Клуб ішіндегі клуб» деген жаңа атаулар ауданға, облыс пен республикаға «Алға орта мектебі», «Айтқалиев» деген сөздермен бірге жетті. Мектеп жұмысының ауқымы кеңейе түсті. Ол ауыл мәдениетімен ұштасып жатты. Өнерлі жас мұғалім Махамбет Ондаған екеуі селода халық театрын өмірге әкелді. Облыстық өнерпаздардың өзі тәуекел ете бермейтін «Жалбыр», «Шұға», «Қызыл сұңқарлар», «Алдар Көсе» сияқты драмалық шығармалардың сахналануына да Құсекең ұйтқы болып, басты рольдерді мұғалімдер тірілтті. Кейбір шаруашылық басшыларындай кері тартпай, мектеп тұрған ХХ партсъезд атындағы совхоздың сол кездегі директоры Нұрмұхан Ауданов та барлық жұмысқа жәрдемін аяған жоқ.

Ол еңбектері ескеріліп, шаруашылық басшысы да «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен аталды. Бір жұмыс екіншісін туындатты. Тың пікірлер мен оралымды ойлар ортаға салынып, жүзеге асып жатты. Оның әрқайсысы бір азаматқа жүк, бір очеркке өзек болар еді. Ал Қ. Айтқалиев болса уақыт тауып, соның бәріне мұрындық бола білді. Бұл кезде оған атақ пен аброй да, марапаттар мен мадақтаулар да келе бастаған еді.

Соның бірі, биігі КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1980 жылғы 12 мамырдағы Жарлығымен Одақтағы тұңғыш бесеудің бірі, Республикада алғашқы болып, сол жылы ғана бекітілген «КСРО Халық мұғалімі» атағын алуы еді.

Талай тарландарға арман болған бұл марапатқа елуге келген абзал аға, азамат ұстаз алқынбай жетіп, табысты талантпен, шабыты шаттықпен астасты.

Атырау өлкесінің ұл-қыздары Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, марқұм *Қатира Ермекқызы Дутбаеваның* есімін құрмет тұтады.

Қатира Ермекқызы өзінің бүкіл саналы, жарқын өмірін педагогикалық қызметке арнап, қатардағы мектеп мұғалімінен бастап, педагогикалық училищенің директоры, облыстық оқу бөлімінің бастығына дейін тамаша ұстаздық жолдан өтті.

Қатира Ермекқызының ұстаздық еңбек жолы 1944 жылы Доссор жұмысшы поселкесіндегі мектепте басталған еді. Содан кейін ол кісі Қазақ Қыздар педагогикалық

институтында жоғары білім алды. 1949 жылы институтты бітіргеннен кейін Оқу министрлігінің жолдамасымен Гурьев қаласындағы педагогикалық училищенің директоры болып тағайындалады. Осы оқу орнында жұмыс істеген кезінде Қатира Ермекқызы өз ісінің майталман шебері екендігін көрсете білді.

Жас педагогтің кәсіби шеберлігінің, азаматтық ой-өрісінің жетілуіне училищеде сол кезде бірге жұмыс істеген тәжірибелі педагогтер С. Қазыбаевтың, Ф. Гатауовтың, Э. Муньяновтың игі ықпалдары тиген еді.

Қатира Ермекқызы директор болып қызмет істеген 1949—1956 жылдары педагогикалық училище облыстың шалғай елді мекендеріне аса қажетті ұстаз кадрларды даярлаудың шын мәніндегі орталығына айналды. Сол кездегі мемлекеттік саясаттың игі бағыттарының бірі — ауыл шаруашылығында еңбек ететін ата-аналардың балаларына мектеп-интернаттар ашуы болды. Соған орай 1956 жылы Гурьев қаласында ашылған облыстық мектеп-интернаттың тұңғыш директоры болып Қатира апаның тағайындалуы заңды еді. Өйткені осы кезеңге дейінгі ұстаздық қызметінде Қатира Ермекқызы жастарға қамқоршы, әділ, қарапайым, кішіпейіл адам ретінде облыстық мұғалімдер қауымына кеңінен танылған болатын.

«Асыл пышақ қап түбінде жатпайды» дегендей, 1957 жылы Қатира Ермекқызы облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалып, 1968 жылға дейін осы қызметті абыроймен атқара білді.

Ұстаздық қызметінің соңғы жылдары Қатира апай облыс ағарту қызметкері кәсіподағының төрағасы қызметінде болып, мұғалімдер жанашыры бола білді.

Қатира Ермекқызы тек танымал ұстаз ғана емес, қоғам қайраткері, абзал ана, ұлттық мәдениет пен өнердің аса шебер білгірі, әрі насихатшысы болды. Қазақ әйелінің бойындағы барлық асыл қасиет абзал ұстаз Қатира Ермекқызынан табылатын еді.

Атақты жерлесіміз, халық жазушысы Хамит Ерғалиев өзінің Қатира жөніндегі естелігінде былай дейді. «...Қатира әрбір ұстаздың өз бойынан білімдарлық өндіріп, талғам танытуын талап дәрежесіне көтерген кісі. Оның жұмыс, тұрмыс баптарындағы күллі әрекеті ұлт мүддесінен шығып жататын. Қысқасы, осынау ұлағатты ұстаз, алақаны аялы ана, жайсаң мінезді жар қазақ жұртының жоғалтқанын қалпына қайтарып, әрі осы халықтың жанын жасартуды өз ұрпағына жүктелген тәнір тапсырмасы

деп түсінген тұлға. Ол өзіне осындай мазмұн тағайындады. Мұндай адамның екінші өмірі басталғанда оның есімі ел жүрегінде бекініс жасауы әбден заңды».

Аяулы ұстаздың жарқын бейнесі ол кісімен қызметтес болған, көрген әріптестерінің, шәкірттерінің күллі мұғалімдер қауымының есінде мәңгі сақталады.

«Сүйер ұлын болса, сен де сүй, сүйсінуге тұрар ол» деп, ұлы Абай айтқандай, Қатира есімінің өзі еңбек еткен педагогикалық училищеге гуманитарлық колледжге берілуі — ұстазға деген халық махаббатының айқын кепілі.

Облыстың білім саласының дамуына көп еңбек сіңірген педагогтің бірі *Мұсағалиева Сара Махмұдқызы*. Астрахан педагогикалық институтын үздік бітіргеннен кейін ұзақ жылдар бойы облыстың әр түрлі білім мекемелеріне басшылық етті. Мектеп директоры қызметінен көтеріліп, мұғалімдер институтының директоры, облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі болып абыроймен жұмыс істеді. 1985 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін, 9 жыл бойы облыстық оқу бөлімін басқарып, халық құрметіне бөленді. Ол кісінің әкесі Махмуд, ағасы Әміржан облыстық халық ағарту саласына еңбегі сіңген ұстаздар еді.

Атырау өлкесінде өздерінің жарқын ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне, халық өнерінің озық үлгілерін насихаттауға арнаған ұстаздар аз емес. Сондай абзал мұғалімдердің бірі *Ғибатолла Мәсәлімов* туралы Жалғансайлық ардагер ұстаз Алдияр Шыниязовтың құнды естелігі «Атырау» газетінде «Жалындап өткен ғұмыр» тақырыбымен жарияланған еді. Содан кейбір мәліметтерді келтіруді жөн көрдік.

«Ғибатолла Мәсәлімов 1925 жылғы мамыр айының 13-і күні қазіргі Исатай ауданының Нарын құмында (бұрынғы Бабан ауылы) дүниеге келген. 1942 жылы туған аулындағы сол кезде облыс көлеміне танымал болған Сталин атындағы орта мектепті бітірген. Онда Ленин орденді Үмбет Бисалиев, Жұмабай Мырзағалиев, Қабдел Жұмағазиев, 1937 жылдың қуғын-сүргініне ұшырап жер аударылып келген жоғары білімді, білікті мамандар тарихшы Лян Си Но, математик Гейнен Израил Ефимович т. б. республикаға танымал ұстаздардан дәріс алған.

Оқуын бітірген бойда Ғибатолла кластас достарымен бірге майданға аттанды. Бірақ аурулығы себепті 1943 жылдың маусым айында елге оралады. Сол кезден бастап өзінің бар қысқа ғұмырын халық ағарту ісіне арна-

ды. Өзі оқып, білім алған Сталин атындағы орта мектепте алғашқы ұстаздық жолын бастап, Новобогат ауданындағы Тұщықұдық, Қетешағыл ауылдарындағы мектептерде орыс тілінен сабақ беріп, кейін оқу ісінің меңгерушісі болды. 1949 жылы Орал қаласындағы А. С. Пушкин атындағы педагогикалық институттың қазақ мектептеріне орыс тілінен сабақ беретін мұғалімдер даярлайтын факультетіне сырттай оқуға түсіп, ойдағыдай тәмамдады. 1950—1956 жылдары Новобогат ауданы орталығындағы Амангелді атындағы орта мектепте оқу ісінің меңгерушісі, кейін директор болды.

Ғибекеннің ағартушылық жұмысына қоса туа біткен, табиғат сыйлаған қасиеті — күйшілік өнері. Бұл өнерін суреттеуге тіл жетпейді. Нарын өлкесінде күйшілігімен танылғандар көп. Ғиылман Хайрошев, Қисмет Мендіғалиев, Емнат Марданов, Уалитхан, Сапиолла Сарсенғалиевтер, Мурсалиев, Х. Әлмұханов, Өтеміс Ідіркенов, Өтеген Марданов, т. б. тізе беруге болады. Бұлар да тыңдаушыларын талай тамсандырған, облыс, республика көркемөнерпаздар бәйгелеріне түсіп жұлде алғандар Ғибекеннің бірі ағасы, бірі тұстасы, бірі інілері еді. Бірақ тап Ғибатолладай шебер орындаушыны сирек кездестірдім десем, оны жоғарыда аталғандардың өздері де мойындар еді.

Мен Ғибатолламен 1943 жылы кездестім. Әскерден оралған шағы. Тұщықұдық ауылдық кеңесіндегі Қаганович атындағы орталау мектепке мұғалім болып келді. Біздерді табыстырған, біріншіден, туыстық жағы болса, екіншіден, домбыра өнеріне деген құштарлығымыз еді. Менің домбыра үйреніп жүрген кезім болатын.

Ғибекен де осы бағытта екен. Екеуміз де әр күйдің басын бір шаламыз, бірақ үйрететін ұстаз жоқ, бәрі майданда. Ғибекеннің домбыраға берілгендігі сондай, аз ғана жылдардың ішінде менен көш ілгері озып кетті. Оған жеткізген оның ерінбей еңбектенгендігі мен туа біткен дарыны еді.

Менен біреулер Ғибатолланың домбырадан ұстазы кім болған деп сұраса, жауап беруге қиналар ем, өйткені оған домбыраны ешкім үйреткен жоқ. Өзінің табиғи талантын ерінбей еңбектенуінің арқасында жарыққа шығарды, өзін-өзі үйретті, тәрбиеледі, өзін-өзі шындады, сөйтіп абырой-атаққа ие болды.

Әлі есімде, соғыстан кейінгі жылдардың бірінде Ғибекен Атырау қаласына барып, бірнеше күйтабақты па-

тефонымен қосып сатып алып келді. Күйтабақтағы күйді орындаушылар Дина Нұрпейісова, Охап Қабиғожин, Қали Жантілеуов — сынды талантты шеберлер екен. Міне, Гибекке ұстаз болған осы күйтабақ арқылы жоғарыда аталған атышулы адамдар еді десем, қателеспеймін. Гибекке күйтабақшаны патефонның жай айналымына салып қойып, өзі жасап алған домбырасымен (ол домбыраны шебер жасайтын) әр қағысын, ырғағын аңдып басып, көз ілместен түнімен отырып үйреніп шығатын. Үйренгеннен кейін домбыраның бұрауын келтіріп, патефонмен үндестіріп, бірге қосылып орындайтын. Дина күйлерін Динаша, Охап күйлерін Охапша, Қали күйлерін Қалиша орындайтын. Әрқайсысының орындау ерекшелігін дәл сақтайтындығына таңқалушы едік. 1950 жылдардың орта кезінен бастап республикада халық өнерпаздарына айрықша мән беріле бастады. Ауыл, аудан, облыстарда өнерпаздар байқауы бірнеше дүркін өткізілді. Гибеккеңнің атақ-абыройға ие болуы осы тұс. 1956 жылы Алматы консерваториясының профессоры Х. Тастанов ауданға келіп, Ғ. Хайрошев, Х. Меңдіғалиев, Ғ. Мәсәлімовтермен кездесіп, Құрманғазы мен Ерғалидың бұрын естілмеген күйлерін нотаға түсіріп алып, Гибеккеңнің орындаушылық шеберлігіне тәнті болып кеткен еді. Композитор Ахмет Жұбанов «Ғасырлар пернесі» атты еңбегінде (Алматы, 1975), «Құрманғазы күйлерін осы кезде жастар арасында жақсы тартатындардан Гибатолла Мәсәлімов, Емнат Марданов, Сафиолла Сәрсенғалиевті айтуға болады. Олардың ішінде Гибатолла жас, жоғарғы ағарту орнында қызмет істеп келеді. Домбыра тартысында Охапқа жақын жерлері көп. Жоғарыда аталған Әзидолла (Республиканың халық әртісі Ә. Есқалиевті айтып отыр.— А. Ш.) домбыраны осы Гибатолладан үйренсе керек. Ол піскен, формаланған домбырашы деуге болады», — деп баға берген.

Гибеккеңнің домбырашылық өнері — ешкімге ұқсамайтын ғажап дүние. Әсіресе төкпе күйлерден Құрманғазының «Байжұма», «Серпер», «Терісқақпай», «Бұлбұл», Динаның «16 жыл», «Байжұма», «Бұлбұл» күйлерін орындағанда аруақтана түсетін, тыңдаушысының құлақ құрышын қандыра риза ететін. Кейбір күйлерді Гибеккең орындағанда, музыкалық сауаты бар тәуір домбырашымын деп жүргендердің өзі оның алдында еріксіз бас иетін. Оның домбыраны ұстауы, отырысы, қағысы, саусақтарының пернелер бойындағы дәл де шапшаң қимылы ақыл

жетпейтін дәрежеге көтерілетін кездері болатын. Күй орындау кезінде әуенге берілетіндігі сонша, бет бейнесі күй әуенімен бірге құбылып, сан күйге түсер еді. Тіпті өзін-өзі ұмытып, күй аяқталғанша отырған орнынан жылжып кеткенін де байқамайтын. 1954—1958 жылдар аралығында жеке күй орындаушылар сайысында облыс пен республиканың бірнеше мәрте жеңімпазы атанды. 1958 жылы оған «Облыстың аға домбырашысы» деген құрметті атақ берілді.

Шәкіртіне қарап ұстазының ұлылығын тануға болатын сирек те ғажайып сәттер болады.

Дараланған өнер тарланы Ғибатолла Мәсәлімовтың осындай шәкірттерінің бірі — *Алдамберген Хамзин*.

Ол — білім дариясының айдынды кемесінде, өнер шыңының шырқау биігінде көш жерден көзге шалынарлық ерекшелігімен танылған, шәкірттеріне имандылық пен адамгершілік парасат тәрбиесін өнегелеуден жалықпаған ұстаз.

«...Бүгін дегеніміз — өткен күннің нәтижесі де, келер күннің бастамасы» деген тұжырымды пікірді қазіргі кезде құрметті демалыстағы, кезінде халық ағарту ісінің әр түрлі салаларында жұмыс жасаған еңбек ардагері, «Құрмет белгісі» орденінің иегері, «Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі» Алдамберген Хамзаұлы жиі қолдануды ұнатады.

«Менің бойымда өнерге қызығушылықтың қалыптасуына әсер еткен түрлі жағдайлар болды. Ең алдымен, әкемнің туған інісі Қабдығали домбыраны қалай ұстаудан бастап, ең жеңіл ән әуендерін үйреткен еді. Кейіннен туған жездем Жаңбырбаев Марал өз домбырасын маған сыйға тартып, осы өнерді шындай түсуіме көп көмек жасады.

Сол кездерде ел ішіндегі өнерімен ерекше көзге түсіп жүрген домбырашылар — Имұқан қарт, Меңдіғалиев Қисмет деген азаматтар менің өнер жолына түсуіме көп әсер етті. Ал кейіннен аудан орталығындағы Амангелді атындағы (қазіргі Мәсәлімов Ғибатолла атындағы) орта мектепте оқып жүргенде, атақты домбырашы Әзидолла Есқалиевпен екеуіміздің бір үйде жатуымыз, сондай-ақ ұстаздарым Ғибатолла Мәсәлімов пен Шамшиден Шарипов болуы менің өнерге құштарлығымды біржола қалыптастырып қана қоймай, ұстаздық мамандықты қалауыма да негіз болды деп айта аламын. Осыған орай бір әңгіме еріксіз ойға оралады.

...1948 жыл болатын. Үшінші класта оқып жүрмін. Ол кезде 2—3 күйдің басын қайтарып тарта алатын едім. Бір күні біздің үйге, қасында ерекше пішінді, ұзын бойлы, арықтау келген, үлкен көзді қара торы жігіт бар Батырбаев Мақсот деген елдің азаматы келді. Шай мен еттің ортасында Мақсот сол келген кісіге менің аздап домбыра тартатынымды айтып қойды. Содан кейін әлгі жігіт отырып алып, менің домбыра тартуымды өтінді.

«Егер сен бір күй тартсаң, есесіне мен үш күй тартып берейін» дегенге дейін барды.

Бір ғажабы сол тұста мені бір «жасықтық» басып, қолыма домбыра ұстауға жарамадым. Әрі жалынып, бері жалынып маған күй тарттыра алмаған соң, қонақ домбыраны өзі алып, күйлерді бірінен соң бірін төгіп-төгіп жіберді. Кейін білсем ол кісі — аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс атқарып жүрген, атақты күйші, аты жоғарыда аталып өткен Мәсәлімов Ғибатолла екен. Сол кісінің «пысы» басып, бір нашарлық көрсетіп алдым. Бұл қылығым үшін соңынан ата-анамнан да біраз сөз естідім. Кейіннен сол Ғибекеннің құрған оркестрінде белді домбырашылардың бірі болып қатыстымау, әйтеуір. Жарықтық мені өте жақсы көретін еді, ал мен ол кісіні пір тұтатын едім.

1995 жылғы желтоқсанның 16 жұлдызында бұрынғы Амангелді атындағы мектепке марқұм Ғибатолла Мәсәлімовтің аты берілуіне байланысты ұйымдастырылған мәдени шара үстінде жүрек тебіренісінен шыққан мынадай өлең шумақтарын оқып берген едім:

Жас кезде толқып тұрған оңға-солға,
Ауытқытпай түсірген дұрыс жолға.
Сондықтан жүректерден орын алған,
Ардақты ұстазымыз — Ғибатолла.

Төрт аяғын тең басқан анық жорға,
Сан өнердің ұстаған кілтін қолға.
Үлгі-өнеге, тәрбие, білім берген,
Менің пірім — атақты Ғибатолла.

Оны еске алсам — күй болып құйыламын
Сезімімді билейді құйын ағын.
Домбыра алсам қолыма, Ғибекеннің
Аруағына әулиедей сиынамын.

Бұлқынған шабытымды тыя алмадым,
Тебіреніп теріме сыя алмадым.
Болсын деп ұстазыма бір ескерткіш,
Атына Ғибекеннің күй арнадым.

Осы шумақтарды оқып, өзімнің «Күй аға» деген туындымды сахнада орындап берген едім. Тыңдаушылар ерекше жылы қабылдап, ұзақ қол соғумен қошемет көрсетті.

1955 жылы мектеп бітіргеннен кейін менің алдымда өмірдің сан тарау жолдарының ішінен қай бағытты таңдау керек деген маңызды сұрақ тұрды. Менің өнерге деген икемдігімді білетін Әзидолла Есқалиев ағамыз Алматы мемлекеттік консерваториясына келуімді өтінді (өзі сол консерваторияда оқып жүрген еді).

Дәл сол жылы өз өлкемізде Педагогикалық институт ашылып, алысқа бармай-ақ жоғарғы білімді мұғалім болып шығудың мүмкіндігі туды.

Жоғарыда аты аталған ұстаздарымның үлгісі ме, әлде өзімнің үш апам бірдей мұғалім болғандықтан ба, әйтеуір, сол жылы Гурьев педагогикалық институтының физика-математика факультетінің студенті болдым.

1960 жылы институтты сәтті бітіріп, Жылыой ауданының мектептеріне жолдама алдым. Мұнайлы поселкесіндегі Ы. Алтынсарин атындағы мектепте мұғалім бола жүріп, сол мектептің оқу бөлімінің меңгерушісі Сүйеуов Түгел деген азаматтың басшылығымен халық театрын ұйымдастырған едік. Ең алғашқы дайындаған қойылым «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» пьесасында мен Қозының рөлін орындадым. Бір қызығы Баян сұлу рөлінде ойнаған мектеп мұғалімі Рахметова Жаңыл екеуміз сахнадағы сүйіспеншілікті өмірге де алып шықтық. Бұл күнде тағдырдың қызығын да, қиындығын да бір көріп, екі ұл, бір қыз өсіріп тәрбиелеген ата-анамыз.

Өмірде талай үйлесім тапқан сәйкестіктер бола беретініне қайран қалам!

Мен де, зайыбым Жаңыл да бір жылдың, бір айының, бір күнінде дүниеге келіппіз.

1998 жылғы наурыздың 10 жұлдызында екеуміз бірдей 60 жасқа толып, мерейтой өткізгенбіз. Сол тойда балаларымыздың бізге арнаған құттықтауында мынадай бір шумақ болған еді:

...Екеуің де адамсыңдар, бұл өмірде орнын бар,

Екеуің де ел сыйлаған озат ұстаз болдыңдар.

Қандай ғажап!

Дүниеге есік ашып бір күнде,

Міне бүгін, екеуің де алпыс жасқа толдыңдар...

Қазір зейнеткер болса да, Жаңыл өзінің сүйікті ісінен әлі де қол үзген жоқ. 40 жыл мұғалім болып жинақтаған

өзінің бай тәжірибесін мектептегі жас әріптестеріне үйретуден жалықпайды. Бір кездегі өзінің оқушылары қазір Жаңылмен бір мектепте жұмыс жасайды. Еңбек еткен жылдары ішінде бірнеше рет қалалық, облыстық педагогикалық оқуларға қатысып, жүлделі орын алған еді. Оның іс-тәжірибесі туралы мақалалар республикалық басылымдарда жарияланды. Облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының жанынан ұйымдастырылатын курстарда үнемі лекциялар оқыды.

Аянбай, ерінбей еткен еңбегі еш кетпей, оған «Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі» белгісі және «Методист-мұғалім» атағы берілді.

Қазір ол ұлағатты ұстаз, қадірлі Ана, ардақты Әже.

«Бала — өмірдің жалғасы» дейді халық даналығы. Баласының әрбір жақсы ісіне, сәтті қадамына қуанбайтын ата-ана болар ма?!

Біздің ұстаздық жолымызды ұстаған сүйікті қызымыз Гүлнара қазір Атырау қаласындағы Ғабит Мүсірепов атындағы нөмірі 5 орта мектепте директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып еңбек етіп жүр.

1998 жылы Гүлнара қала мұғалімдерінің сайысында «Жыл мұғалімі» деген құрметті атаққа ие болған еді», — деп, сөзін аяқтады Алдамберген.

Алдамберген Хамзинмен тұстас Гурьев педагогикалық институтын 1960 жылы бітіріп, тәжірибесі бірнеше рет облыстық мұғалімдер институты арқылы таратылған физика пәнінің майталман мұғалімі, кейін Атырау қаласындағы Калинин атындағы мектепті басқарған *Алпысбай Жанұзақов* облыстың білім тарихында өзіндік орны бар тұлға.

Алпысбай институт бітіргеннен кейін 14 жыл бойы «Қызыл балық» колхозындағы Октябрьдің 40 жылдығы атындағы орта мектепте физикадан сабақ беріп, жемісті, нәтижелі еңбек етті. Оқытудың теориясы мен методикасын өте жақсы меңгерген, тәжірибелі ұстаз, Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері атанды. Осы жылдар ішінде физиканың программалық талаптарына сай лабораториялық, практикалық жұмыстар мен эксперименттік тәжірибелерді толықтай орындауға мүмкіндік беретін физика кабинетін ұйымдастырды және жақсы жабдықтады.

Алпысбайдың физиканы оқыту сапасына орай, оның оқушыларының да білім деңгейі әрқашан жоғары болуымен ерекшеленетін. Ол оқытатын кластарда үлгермеуші

оқушы болмағаны өз алдына, шәкірттердің көпшілігі (60—70%) «4» пен «5»-ке оқып, физика үйірмесінің мүшелері қатарынан табылатын.

Бұндай нәтижеге Алпысбайдың үлкен ізденістің, көп оқудың, талмай еңбектенудің арқасында келгенін аңғару қиын емес. Ауыл мектебінде қызмет істесе де Алпысбай сияқты педагогтар өз беттерімен ізденуді (кәсіби әдебиет, жалпы көркем әдебиет шығармаларын бас алмай, үнемі оқу) ешқашан да тоқтатқан емес. Сондықтанда озат мұғалім ретінде танылған Алпысбай 1978 жылы облыстық оқу бөліміне жұмысқа шақырылып, он шақты жыл мектеп инспекторы болып абыройлы еңбек етті.

Атырау қаласы білім беру саласының дамуына 70—90 жылдары көп үлес қосқан, өзінің кәсіби шеберлігі арқасында ұстаздардың ыстық ықыласына ие болған белгілі педагог, «Еңбек даңқы» орденінің иегері, оқу ісінің үздігі *Жақсылықова Жәния Сейітқызының* естелігін келтіру арқылы қалалық оқу бөлімінің сол кездегі тыныс-тіршілігімен таныстыруды жөн көрдік.

«Мен қалалық оқу бөліміне орыс тілі мен әдебиетінен әдіскер болып 1977 жылы келдім», — деп еске алады Жәния Сейітқызы.

Барлығы осы жұмыста 1992 жылы нөмірі 2 қалалық мектеп интернаттың оқу ісінің меңгерушілігіне барғанша 15 жыл істедім.

Бұл жылдар, әсіресе алғашқы он жыл, менің өмірімдегі аса бір ыстық кезеңі болды десем, қателеспеспін. Себебі, жұмыстың адам өмірінде үлкен орын алатыны белгілі. Бұл кезде қалалық оқу бөлімін жарқын бейнесі естен кетпес, біздің сүйікті басшымыз, марқұм Фаина Есенқызы Досымова басқарған болатын. Республикаға еңбегі сіңген мұғалім, шынайы лидер, үлкен жүрек иесі, қисапсыз ақыл мен талантты бойына жинаған ол кісі, біздің бәріміз үшін жұмыста үлгі болумен қатар, жан-ұяда мейірман ана, адал жар, өзін қоршаған ортаға қа-йырымды басшы бола білді.

Ол кезде қалалық оқу бөлімі орналасқан ескі үй қыс кезінде өте салқын болатын, жылу дұрыс берілмейтін. Фаина Есенқызы өзінің қызметкерлеріне қамқорлық жасап, олардың Пионерлер үйінде, немесе Абай атындағы мектепте жұмыс істеулеріне рұхсат ететін. Ал өзі қалалық оқу бөлімінің үйі қаншалықты салқын болса да, кабинетінде жұмыс істей беретін. Фаина Есенқызын білетіндердің есінде болар, ол кісі тамаша шешен болатын, сөй-

леу ырғағы өте екпінді еді. Үлкенді, кішілі жиналыстарда, отырыстарда, семинар, конференцияларда Фаина Есенқызы сөйлей бастаса-ақ залда тылсым тыныштық орнап, отырған жұрттың аңсары тек сол кісіге ғана ауып кететіндей бір қасиеті бар болатын.

Сырт көзге өте тартымды, дұрыс әрі сәл қаталдау болып көрінетін бет пішінді, қашанда ұқыпты да таза киінетін, сауатты сөздің ұстазы қандай да болмасын аудиторияны өзіне меңгеріп алатын. Мұғалімдер ол кісіні өте жақсы көретін, оны өздеріне ақылшысы, жанашыр досы деп санайтын. Көркем сөз дестесімен айтқанда, ол кісінің кабинетіне апаратын «халық соқпағын ешқашан шөп басқан» емес-ті. Фаина Есенқызы ешқашан, ешуақытта қандай да қиын мәселе болса да, басын алып қашпайтын, керісінше, мұғалімдерге қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі ретінде де, қалалық кеңестің депутаты ретінде де көмегін аяған емес-ті. Сондықтан да халық арасында «Фаина Есенқызы шешпейтін мәселе болмайды» деген берік пікір қалыптасқан еді.

Ал біздер, аппараттың және әдістемелік кабинеттің қызметкерлері, ол кісіні «мама» деп атайтынбыз.

Қалалық оқу бөлімін басқарған жылдары (1971—1985) Фаина Есенқызының тікелей араласуымен және сол кісінің орасан беделінің арқасында мұғалімдерге жылына кемінде 5—6-дан пәтер бөлініп отырды.

1978 жылы әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Этиғолла Қабдолұлы қатты науқастанып, өте сирек кездесетін «мыс» ауруымен ауырған кезде, Фаина Есенқызы қалалық Советтің депутаты құзырын пайдаланып, Этиғолланы өзі ауруханаға орналастырды. Диагнозы анықталғаннан кейін де оған деген қамқорлығын үзбей, жыл сайын курортқа барып емделуіне толық мүмкіндік жасап отырды. Бірақ «айналдырған аурудан» Этиғолла ақыры 1992 жылы 53 жасында қайтыс болды.

Фаина Есенқызы кадрларды таңдау және іріктеу ісіне үлкен мән берді. Ол өзінің айналасына сауатты, беделді, жақсы мамандарды жинауға тырысты. Менің есімде қалғаны қалалық оқу бөлімінің аппаратында, жұмсартып айтқанда, орта дәрежелі екі-үш қызметкердің аз уақыт жұмыста болғаны. Соның өзінде де Фаина Есенқызы ол кісілерді оқу жылы аяқталғанша ұстауға шыдап, сосын олардың ар-ожданына тимей мектептерге орналастырып жіберген-ді.

Ол өзінің саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған,

халық сүйіспеншілігіне бөленіп, көзі тірі кезінде аты аңызға айналған ұстаздардың шын мәнісіндегі ұстазы болатын.

Осы тұста қала мектептерінің оқу-тәрбие жұмысында көптеген оң өзгерістер мен жаңалықтар енгізілді, көптеген жаңа мектептер мен бала-бақшалар пайдаланылуға берілді. Осындай шебер басшылықтың арқасында мектеп басшыларының тұтас бір легі өсіп жетілді. Фаина Есенқызымен көп жылдар жұмыстас болып, оның оң қолына айналған жоғарыдағы Этиғолла Қабдолұлы туралы бірекі ауыз сөз айтуды өзіме борыш деп санаймын. Өз басым бұл кісіге қарыздармын деп есептеймін. Әдістемелік кабинетке жұмысқа келгенімде, мен өзімнің басқа әріптестерімнен ешқандай айырмашылығым жоқ болатын. Табиғатынан өте қарапайым Этиғолла Қабдолұлы — бойына мол ақылды, терең білімді жинаған, өз орнын берік ұстанған, шын мәнісіндегі, қазақ зиялыларының үлгісі болуға лайық, жүрек жылуы мол, ізденгіш, қайырымды да кішіпейіл, ізетті, адам еді. Қала мұғалімдерінің Этиғоллаға деген ықыласы мен құрметі бөлек болатын. Ол өзінің қарауындағы әдіскерлерге мұғалім тұлғасына деген сыйластықты, олармен сөйлесу кезінде дауыс көтермеуді, қателіктерін дұрыс түсіндіруді, мұғалім жұмысын тексеру тұрғысынан емес, көмектесу бағытында болу керектігін жалықпай үйретті. Оның өзі де сондай болуға әрқашан тырысты. Педагогикалық әдебиетте жылт еткен жаңалық болса, жаңа идеялар, тәжірибелер жарық көрсе, оны Этиғолла сол бойда мектептер жұмысына пайдалануға, мұғалімдерге жеткізуге асығар еді. Ол кісінің тікелей басшылығымен 70—80 жылдары Одақ, республика, облыс көлеміндегі озат тәжірибелер қала мұғалімдері арасында кеңінен насихатталып отырды.

70—80 жылдары Фаина Есенқызымен және Этиғолла Қабдолұлымен қызметтес болған тағы бір жарқын бейне, энциклопедиялық білім иесі *Зинаида Павловна Туркова* болатын. Ол кісімен бізді тек жұмыс қана байланыстырды десем, аздау болар, біздер достар едік. Өзінің қалалық оқу бөліміндегі жұмысының алғашқы кезеңдерінен бастап, Зинаида Павловна біздерді мұғалім жұмысын неден бастап, қалай тексеру керек екендігін үйреткен еді. Мұғалім жұмысының белгілі, алдында айқын жатқанын ғана көрумен шектелмей, кемшіліктері болса, солардың себебін анықтауды, неліктен нәтижесі төмендігіне, қалай көмектесу керектігіне көңіл бөлуші еді.

«Жақсы мұғалімді, — дейтін Зинаида Павловна, — ешуақытта мақтағанның артықтығы жоқ». Тарих пәнінің шебер мұғалімі З. П. Туркова «оқу бөлімінің инспекторымын» деп бәлсінбей, өзі де мұғалімдер үшін ашық сабақтар беріп отырды.

Көптеген жылы сөздерді сол кезде жұмыс істеген басқа қызметкерлердің адресіне айтуға болар еді.

Ерінбейтін, сезімтал, жауапкершілігі мол *Мавлюдова Роза Гарифовнаның* қызметі әке-шеше қамқорлығынан айрылған, жетім қалған балаларға байланысты болды. Ғұмырын жас өркеннің тәрбиесіне, болашағына арнаған ол балаларға өзінің аналық мейірімін аямай, солардың тағдырының дұрыс жолға түсуі үшін білімін, күш-жігерін, тіпті өзінің онсыз да нашар денсаулығын сарп етті. Тап осындай бағаны, сол ұстаздан кейін осы жұмысты жалғастырған *Мария Жапаққызы Қаражігітова* туралы да айтуға болады.

Қазақ тілінің әдіскері *Тілесова Хабира Сисенқызы*, бастауыш сыныптар әдіскері *Хван Роза Григорьевна*, кадрлар инспекторы *Королук Вера Петровна*, мектепке дейінгі мекемелердің инспекторы *Глебова Анна Петровна*лар өз істерінің нағыз шеберлері болды.

Сол кезде Қазақ ССР-не еңбегі сіңген мұғалім *Фаина Есенқызы Досымова* басқарған қалалық оқу бөлімінің қарамағында көптеген тамаша мектеп директорлары абыроймен еңбек етті.

Олардың аты-жөнін атағанды жөн көрдім.

Олар *Крупская* атындағы орта мектептің директоры *С. Сарыбаев*, № 5 мектептің директоры *Г. В. Липатов*, Абай атындағы орта мектептің директорлары *К. Дәулетқазиев*, кейін *В. С. Ли*, № 1 мектептің директоры *А. А. Плешков*, № 2, 8 мектептердің директоры *А. К. Гизатуллина*, № 8 мектептің директоры *Л. И. Курысько*, № 10 мектептің директоры *Қ. Оңғарсынов*, № 11 мектептің директоры *Қ. Суханбердиев*, № 12 мектептің директоры *Г. Д. Песереді*, № 13 мектептің директоры *Е. Қаженбаев*, № 7, 19 мектептің директорлары *Х. Нұртазин*, *Ж. Қаратасова*, № 20 мектептің директоры *Г. Өтегенов*, № 14 орталау мектептің директоры *Г. В. Ли*, № 4 мектептің директоры *Л. Сарсенов* т. б. еді.

Бұл мектеп басшылары өз істеріне берілген, бала оқытудағы жаңалықтың жаршысы бола білген, мамандықтарын жетік меңгерген адамдар еді.

Мысалы, академик *Бабанскийдің* мектептегі оқу-тәр-

бие жұмысын оптимизациялау идеясы нөмірі 21, 8, 20 мектептерінің базасында қолдау тапты. Нөмірі 20 мектеп ұжымында 70-жылдары облыста бірінші болып, жеке пәндерді тереңдетіп оқыту практикасы жүзеге асырылды. Әсіресе, нөмірі 19 мектепті эстетикалық тәрбие орталығына айналдырып, оның оқу-материалдық базасын жаңа деңгейге көтерген мектеп директоры *Жұмазия Даулетқызы Қаратаеваның* еңбегін ерекше атауға тұрарлық.

Атырау қаласында оқушыларға сапалы білім, саялы тәрбие өнегесін беруде үлкен табыстарға жетіп, халық арасында берік беделге ие болған мұғалімдер мен мектеп басшылары көп.

Солардың ішінде Атырау қаласының бірқатар мектептерін басқарып, өзінің ерекше педагогикалық талантымен шәкірттерінің, әріптестерінің сүйіспеншілігіне ие болған марқұм *Сүйінбаев Ғалымжанның* еңбек жолы жас мұғалімдерге үлгі боларлық.

1965 жылы Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітірген оралдық Сүйінбаев Ғалымжан Бейсенұлының Гурьевте қатардағы қарапайым ұстаздықпен басталған еңбек жолы кейін нөмір 8 мектептің оқу ісінің меңгерушісі болуымен жалғасты. Одан Калинин атындағы орта мектеп директорлығына көтеріліп, он жылдай басшылық етті. Ал 1986 жылы қалалық оқу бөлімінің меңгерушілігіне тағайындалды. Осы еңбек жолдарының өзі — Ғалымжанның өзіне тапсырылған жұмыстарды адал да шебер атқара білгендігінің өрлеу баспалдақтары.

Оның бойындағы ғажап бір қасиет — кішіпейілділік. Ол «мен басшымын» деп биіктен қараған жан емес.

Таңдаған пәні бойынша сабақ беріп жүрген күннің өзінде, керекті көрнекілікті жасауда оқушы балаларға арқа сүйеп, олардың қолынан шыққан шағын дүниені көкке көтеріп, кабинетті жинақтауда өзіне жақын тұта көмекші деп қарап өзі де мәз, балалар да қарық болатын. Бұл — Ғалымжанның мамандығымен бірге балаға деген сүйіспеншілігінен туған қалып.

Бұл — шын мәніндегі педагогтік қасиет. Бұлай балаға жақын келушілік, достық пейілмен қараушылық, оларға сеніп жұмыс тапсыру, оның нәтижесіне ортақ мейірлену — бәрі (жасыратыны жоқ) жиі кездесе қалмайтын жай. Сондықтан да балалар оны өздеріне дос, жолдас, ақылшы деп танып, көрмесе сағынып, көрген кезде қасында қаумалап жүретін.

02 Шәкіртке ұстаз ғана емес, ұстазға шәкірт те сыншы. Оның оқушының басындағы жағдайға енжар, бейтарап қарай алмайтындығы баршасына аян болатын да тұратын. А. Ысқақова, М. Дорофеева т. б. көптеген шәкірттері: «Оның оқушысы болғанымызға көп жыл өтсе де, бізді оқушы деп емес, өзіне тең жолдастарындай қарап сыйлайтындығы, түсіне білетіндігі, аса қарапайымдылығы, тамаша көңілділігі, жылылығы бір сәт есімізден ұмыт болмай, сүйіспеншілік сезіммен еске алып жүреміз. Оқытушының мамандығына өң, ажар қосатын тағы бір жай — өнерден хабарлығы. Ол — өнерлі де өнер сүйгіш жан. Фортепианода әдемі ойнайтын, ал оның қолына гитара түскенде, бәріміз айнала қоршап алатынбыз. Жалпы жұрттың көбі оған жақын жүруді қатты ұнататын.

01 Оның үйінде де болып тұратынбыз. Сүйіктісі Майя Сисеновнаның жайған дастарханынан дәмді дәм де тататынбыз. Тіпті қона жатқан кездеріміз де болған. Ол үйдегі кітап байлығы біздің назарымызды ерекше аудартатын. Бірлесе оқып, бірлесе талдаған да тәтті күндер өткен. Ол «Баланы өзіндікі, өзгенікі деп бөлуге болмайды» дегенді жиі айтатын», — деп еске алады.

Басшылық орында жүрген күндерінде оның әрбір ұстазға деген жылылығы мен қамқорлығы, олардың жан дүниесін түсіне құрмет көрсететіндігі бөлек еді.

Ата-анамен тіл табысуы, олармен ортақ мүдде — бала тағдыры жайлы бірлескен толғанысы, кездескен қиындықтарды ақылдаса шешу әдісі, оқушылардың білім алуы өзалдына, тәрбие тәртібінің тезінен өтуінде орасан орын алатын.

Ғалымжанның бірде бала сияқты аңқылдап ағынан жарылатын мінезі, бірде ересек адам қалпындағы сабырлы да ойлы мінезі өзіне соншалықты үйлесіп, жарасып ақ тұратын.

1991 жылы әлі гимназия емес, тіпті мектеп те емес, Қиров атындағы мектептің бір қанатында «Ағылшын тілін тереңдетіп оқытатын техникалық мектеп» деген аты ғана бар жұмысты басқаруды Ғалымжан өз қолына алды. Бес жыл жарым ішінде кішілеу болса да өз алдына үйі бар (бұрынғы бала-бақша үйін көшіріп) гимназияға айналды. Бірінші бітірушілер — бірінші табыс. Барлық бітірушілер жоғарғы оқу орындарына оқуға түсті. Сөйтіп гимназия беделі өрледі.

1991 жылы білім сапасы 50 пайыз болған мектеп, 1996 жылы 82 пайызға жетті.

Ғалымжан айналадағы болып жатқан жаңалықтарға құлағын түріп, көзін қырағы ұстады. Қарамағындағы мұғалімдер еңбегіне биік талап, жарқын жаңалық үрдісінен қарады. Ол ойлы да ізденгіш, жаңашыл директор-интеллигент үлгісі болды.

Ол жүргізген күнделіктің беттерін ашсаң (қазір дүниеден өткен), оның терең тебіренісі, ұтымды дәйектемелерінің куәсі боласың. Мысалы, «Қараңғылыққа ренжігенше — шырақ жаққаның абзал», «Жаңа шешімдер, жаңа талпыныстар, іргелі ізденістер керек» деген сияқты гимназияның еңселі болашағы үшін «Ең бастысы — мұғалімге тың шабыт керек, ол — гимназия үрдісі» деген жазбаларымен танысасың.

Орал қаласында орыс тіліндегі мектепті бітірген Ғалымжан өзінің мұғалімдік, мектеп басшылық қызметінде ана тіліне деген ынтасын, құрметін көрсетуге тырысты. Орыс ортасында тәрбиеленген, орыс тілінде үнемі сабақ берген ол өзін ана тіліне қарыздармын деп санайтын. Сондықтан болар, өзінің жұмысбастылығына қарамастан, 1975 жылы Ұлы Жеңістің 30-жылдығы қарсаңында Совет Одағының Батыры Г. К. Қанцев туралы кітапты қазақ тілінде жазып, бастырып шығарды.

Ғалымжан құрған мұғалімдер ұжымында облысқа танымал ұстаздар шоқ жұлдызы еңбек етіп, өздерінің сүйікті басшысымен бірге ел құрметіне бөленді. Білім үздіктері Т. А. Қаражігітова, Б. Т. Садықова, Д. С. Тасқарина, В. Н. Давыдова, Э. С. Попова — бұлардың қай-қайсысы болмасын өз істерінің шын мәнісіндегі шеберлері болатын. Осы педагогтерді Ғ. Б. Сүйінбаев жақсы іске шебер жұмылдыра білді.

Ғалымжанды еске алудағы баспа беттеріндегі оқушылар мен ата-аналардың жазған хаттары сүйінішті сезімдерге толы. «Оны сүймеуге болмайды. Ол коридордың бір шетінен көрінгенде-ақ балалардың жүзінде қуаныш нұры ойнайтын, ал жақын келгенде көңілді әзіліне, жылы лебізіне мәз болатын. Ол ұжымның, оқушылардың жаны, жүрегі іспеттес.

Оның кабинетіне қай уақытта да, қандай жаймен де еркін кіріп, көңліңді тындырып шығасың.

Ол айналасына жылылық лебін жайып, адамдарды жан рахатына бөлейтін. Сөйте тұра өзі мақтаудан бойын аулақ алып, ыңғайсызданып, қажетсіз деп қарайтын. Атак пен даңқ құмарлық — ол үшін жат қылық.

Шындық — күннің көзі, оны бұлтпен бүркеп тұра ал-

майсың. Ғалымжанның еңбегі де күн шуағы тәрізді жарқырап тұратын, ол бағаланды да.

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Құрмет грамоталары, СССР Ғылым академиясы Сібір бөлімшесінің «Республикалық XI пән олимпиадасына оқушыларды жақсы дайындағаны үшін арнайы грамотасымен» марапатталды.

Ғалымжанның ұстаздық үлгісіне лайықты құрмет — облысымызда алғашқылардың бірі болып алған 1992 жылғы Ы. Алтынсарин атындағы медаль.

Өзінің поэзияға да жаны құмар еді. Оған арналған өлең шумақтары да мол, 60-жылдардағы Оралдағы бірге оқыған құрбыларының сүйіп қойған аты Қлим екен. Олардың қабырғасы қайыса отыра, сонау Оралдан газет бетінде жолдаған өлеңі мынадай мазмұнда:

Айналдырмақ жай мектепті техникалық лицейге
Жоспарлаған мақсатың қонып көкейге.
Пікірлесіп бірге болған, өткендерді еске алған
Кеше ғана еді, шіркін, не боп кетті бұл дүние?!

Жеті ішектің үзілді, міне, бір тіні,
Асыл жанның кенет сөнді дүр күні.
Алдау мен қинау емес пе екен салқыны...
Сене алмадық, сену де қиын бір түрлі.

Мың құбылта жастық шактын әуенін,
Гитарменен қостап айтқан өлеңін.
«Барабаншы көше бойлап келеді» —
Құлақта да, жүректе де деген үн.

«Асықтастан отырайықшы тағы да,
Келіңіздер Атырауға» деген едің шақыра
«Еш сылтаусыз, Қлим, сөзсіз келеміз», —
Деп күлкіге батқанымыз қалды, міне, адыра.

Екі сөзінің бірінде: «Біреуге жақсылық жасасаңдар, бірақ сол адамнан жақсылық күтіп шаршамаңыздар» дейтін.

Осындай адамшылық парасатымен мәңгі ұмытылмайтын, өлді деуге қимайтын, өміршең өнегелі ұстаз Ғалымжан еді.

Сәния Садықованың Ақтөбе қаласының нөмірі 8-мектепте сабағын үздік оқып, тұлымшағы желбірей, қамсыз-мұңсыз өсіп келе жатқан жас өспірім кезінде басына қайғы бұлты кенеттен төнді. Арыс әке түбінен кесілген теректей айықпас дерттен қаза болды. Үй тауқыметін арқалап қалған ағасы да ауруға шалдықты. Сөйтіп, 8 клас-

тан әрі оқи алмай, тұрмыстың ауыртпалығына арқасын тосуға тура келді.

«Әке балаға — ұстаз, шәкіртіне — сыншы» дегендей, ұстазы Төлебике Галиева талапкер қызды педучилищенің II курсына сырттай оқуға орналастырумен бірге, сол 1940 жылы оқытушылық қызметке кірісуіне жәрдемдесті.

1943—1944 жылдары Ақтөбе облыстық, 1945—1952 жылдары Гурьев облыстық оқу бөлімінде еңбек етті.

1947 жылдан партия мүшесі Сәния партия комитетінің әйелдер бөліміндегі жұмыстардың қайнаған ортасында болды.

Соғыс басталғанда орталау мектепті ғана бітірген 16 жастағы қыз бала Сәния өзінің соғыс тұсындағы өмірін еске алғанда: «Ұстаздықпен қабат телеграфтағы түнгі жұмысты атқара жүріп, қол босай кеткенде, жауынгерлерге қолғап, шұлық тоқитынбыз. Ол кезде шаршау дегенді, демалу дегенді ойымызға да алмайтынбыз. Үй-үйге жүріп майдандағы ерлік хабарын жеткізіп, адамдарды бір желпінтіп тастайтынбыз, — дей келе, — менің есімде қатты сақталғаны — сол кезде мұғалімнің беделі өте зор болатын. Әсіресе, ауылдық жерлерде мұғалімнен артық білімді, мәдениетті, үлгілі, әдепті адам болмайтын» — дейді.

Сүйікті мектеп өмірі, жаз шуақ бала күлкісі, осы бір ғибратты ұя ұстаз анаға өз үйіндей ыстық, жанына аса жақын еді.

Сөйтіп 1953 жылдан бастап ұстаздық еңбекке біржола араласып кетті.

Ол мектепте барлық пәнді де ыждағатпен оқитын. Соның ішінде әдебиетке деген, ана тілінің сан қырларына зер салу деген ой толғанта беруден тоқталыс таппады. Кейде сезім күйлері күмбірлей, өлең шығаратын сәттері де жиі болатын.

Сәния жанұя тауқыметін көтере жүре, өзінің бұрыннан көңіліне ұялаған мамандығына байланысты білім алуды мақсат тұтып, Гурьевтегі екі жылдық оқытушылықтың тіл және әдебиет факультетін 1956 жылы, ал 1967 жылы Гурьев педагогикалық институтының осы бөлімін ойдағыдай бітіріп, қаладағы Б. Алтынсарин мектебінде үзбей он төрт жыл ұстаздық етті.

Сәния балаларға ана тілін үйретудің алуан түрлі әдісін шебер меңгерген, танымал да ұлағатты ұстаз дәрежесіне көтерілді.

Оны Сәнияның атына арналған баспасөз бетіндегі

мақалалармен қатар шәкірттер мен ата-аналардың жылы лебіз, ризашылық көңіл, ақ тілеулерінен анық байқаймыз.

Адам басына түскен қиындыққа ортақтаса білетін, қуанышына елжірей алатын үлкен жүректі қамқорлығы қандай десенізіші!

Өз бауырынан өрген ұрпақтарының өмірден тиісті орнын таба білуіне ақылмен бағыт сілтеп, дұрыс жол көрсете білді.

Бәрін де тәртіптеп, ретке келтіруші адамдық жолға салушы да өзі болды.

Оның бұл еңбегі зая кеткен жоқ. «Халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Үлгілі еңбегі үшін», «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы үздік еңбегі үшін» және Лениннің туғанына 100 жыл толуына байланысты мерейтойлық медальдармен, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Педагогика ғылымының кандидаты Сабыр Қазыбаевтың «Қазақ тілінен сабақтас құрмалас сөйлемдерін оқытудың тиімді әдістері» атты кітапшасының кейбір бөлімдері Сәния Садықованың сабақ беру үлгісіне негізделіп жазылған.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің кабинетін жасақтаудағы тақырыптық альбомдар, «Жас қалам» атты қолжазба журнал сериясы, диафильм, кинофрагменттер, ақын-жазушылар шығармашылығына байланысты дерек т. б. жинақтары қаншама?!

Осынау тамаша ұстаздың аялы алақаны мен аналық мейірімінен тәрбие алған өз балаларының көпшілігінің мұғалімдік мамандықты қалауы, сірә да заңды нәрсе дер едік. Үлкен қызы Айсұлу Атырау университетінің деканы, доцент болса, Бибіжаны бүкіл облысқа танымал, математика пәнінің аса білімді мұғалімі, Республика оқу ісінің үздігі.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, қазір зейнеткер Сәния Садықованың ұстаздық еңбек жолы өз ісіне үлкен жауапкершілік пен адалдықтың үлгісі дер едім.

Қаладағы нөмірі 8-ші О. Д. Атамбаев атындағы орта мектепте «Қазақ республикасының озық мұғалімі», «Аға ұстаз», «Жоғарғы деңгейдегі мұғалім», 52 жылдық еңбек стажы бар *Елеубаева Сауле* сабақ береді. Ол: «Мектепсіз, ұстаздарымсыз, шәкірттерімсіз өмірімнің олқылығы молдығын сезінем де тұрамын», — дейді.

Шынында да 6 пәрзент тәрбиелеп (4 қыз, екі ұл) 1981

жылы зейнеткерлікке келген Сәуле апай әлі күнге ұстаздық қатарда. Шәкірттері:

Ұстаздардың ақылшысы — анасы,
Кім-кімнің де қамқоршысы, панасы,
Атамбаев мектебінің әжесі,
Деп біледі әр сыныптың баласы, —

деп түсінеді.

Әкесі Елеубаев Әбілхайыр бастауыш кластың әдіскер мұғалімі болған. Ата-аналар: Баламызды Әбілхайырға оқытқымыз келеді, — деген тілекпен келеді екен. Өйткені қабылдауы қиын деген баланың да ығын тауып әріпті қалай үйреткендігін, балаға деген аса жылылығын, тақтада көз тартатын әдемі жазу ажарын қазірде зейнеткер, ұзақ жыл басшылықта болған шәкірттері қызыға әңгімелейді. Әбекең Ұлы Отан соғысынан жараланып келсе де, біраз жыл ұстаздық еңбек атқарды.

Осындай салиқалы ұстаз отбасынан шыққан Сәуленің осыдан ұстаздықты, оның ішінде әдебиетшілікті таңдауы заңды.

Балықшының Каганович (қазіргі Жангелдин) мектебінің 8 класынан кейін, қаладағы педучилищенің бірден II курсына қабылданып, оны 1947 ж. бітірген соң, Жұмыскер аулындағы нөмірі 8 мектепте (қазірде И. Тайманұлы атында) ұстаздық жолын бастады.

Сәуленің ұстаздық еңбегінің елу жылдығы аталып өткенде сондағы алғашқы мектеп директоры Зәйден Дүйсенғалиев 80-нен асқан жасына қарамастан құрметпен келіп, тілегін білдірді. Ол: «Сәуле судың арғы бетінен қайықпен өтіп келетін. Сонда оқушылары түгел дерлік қайық аузынан қарсы алып (біраз жер), сабақтан кейін шуылдасып шығарып бара жататын. Қыста мұз айдынында бірге сырғанақ тебісетін. Сол күндегі ОблОНО меңгерушісі Д. Жоламанов Сәуленің IV кластағы табиғаттануына қатысып, қатты риза болғандығы бар. Ол кездегі оқу бөлімінің басшылары осылайша мектеп аралайтын-ды. Білімге талпыныс талабымен 1948 жылы Алматыдағы қыздар пединститутының қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне түсіп оқып, 1952 жылы өзінің ұшқан ұясы Каганович мектебіне жоғарғы дәрежелі білім алып оралған алғашқы қыз бала Сәуле оқу ісінің, тәрбие ісінің меңгерушісі, қалалық оқу бөлімінің әдіскері міндеттерін абыроймен атқара білді. Балықшыда аудандық комитет жанында «Әйелдер кеңесінің төрайымы» болып 8

жыл қоғамдық міндет атқарды. Ондағы еңбектің өзі — бір сала.

Қазақстанның халық жазушысы М. Шаханов Сәуле Әбілхайырқызының мұғалімдік, әдебиетшілік, адамгершілік қасиеттеріне ризалығын 1974 жылғы кездесуінде былай деп білдірген:

«Мен өмірде көп адамдармен сырлас, армандас болдым. Көп таныстардың аты жадымнан да шығып кетті. Ал Сіз бір көргеннен-ақ көңіл алаңымда мәңгі қалып қойдыңыз. Өйткені Сізде азаматтық, бауырмалдық, жомарттық, кішіпейілділік қасиеттер, өзгелермен салыстырғанда, күшті дамыған. Сол үшін де Сізді анамдай жақын көремін. Бұ сыйластығымыз бізді үлкен достыққа бас-тар».

Қыздар институтының хим-биология бөлімін қызыл дипломмен бітірген Ж. Хамзина деген шәкірті:

«Өмірімізде Сіз қалдырған ізді, сіз үйреткен әдепті, Сіз көрсеткен үлгіні бар сәнімен алдыңызға ұсынуды өзіме мақсат тұтам. Әзірге бар адамдық адалдығым — Сізге, жүрегімнің төріне ұялаған ұлағатты ұстазым, — деп жазады. (1982 ж.).

Әріптес ұстаздар:

Жаны шуақ, ақын жанды анасыз,

Өзгелерге ұқсамайтын дарасыз.

Мәртебесін ана тілдің көтеріп

Ұстаз көшін бастап бүгін барасыз, —

деген ризашылығын арнайды.

Сәуле апай Бәти-сынды анасын аялап, алты перзентінің, екі келін, үш күйеу баласы, 13 немере-жиенінің қызығын көріп отырған аялы жан. Балаларының бәрі де жоғарғы білімді, әр алуан мамандықта: мұнайшы, геолог, геофизик, суретші, теміржолшы, ал Зинасы ағылшын тілінің маманы, Нью-Йоркта курста оқып, Англия, Италия елдерінде болуда. Олар фортепиано, домбыра, қобызда, гитарада ойнайды, шетінен сурет салады. Бұл — ана бақыты.

Жергілікті мекемеден бастап, Оқу министрлігінің грамотасы, «9-бесжылдықтың жеңімпазы» т. б. төс белгілерімен қатар 2 рет мұғалімдер съезінің, 4 облыстық Атырауда өткен әйелдер съезінің делегаты.

Айта берсе, жарты ғасырдан артық үзбей ұстаздықта жүрген, 70-ке таянған жасы бар Сәуле апайдың сырлы

сыры да, оған арналған жыр жолдары молдығымен жалғаса бермек.

Нөмірі 19-шы Қ. Сәтбаев атындағы мектепте бастауыш класс оқушыларының білімділігі сөз бола қалса, «Е, ол Құмаровада оқиды ғой» деген елең етерлік пікірлер құлаққа жиі естіледі.

Шынында да, Қаламқас Құмаровадан сабақ алған әр шәкірттің білім сапасы мен үйренген үлгісі өзгелерден өзгешелеу екендігі танылып-ақ тұрады.

Қаламқасты «бағаға сараң» деп те әңгіме қылатындық кездеседі. Бір «4» алғандығынан үздіктер қатарына жатпай жүргендердің де бары рас. Ал, солар жоғарғы класқа барғанда «4»-ке оқып жүргендері «3»-тік алмайтындығы өз алдына, озат оқушылар қатарында жүреді.

Бұдан байқалар жай — Қаламқастың берген білімінің терең де тиянақтылығы, бастауыштан-ақ білім негізін берік қалағандығы. Жасыратыны жоқ, кей ұстаздардың салыстырмалы түрде бағалайтындығынан гөрі Қаламқастың қатаң талаппен қойған әділ бағасы оқушыға ой салып, ізденген үстіне ізденуіне итермелеп, арасы қуыс қауақ емес, басындағы дәні бітік егін сабағындай жайқалып өсуіне тірек болады.

Сонымен бірге ата-анамен тығыз байланыс үстінде жастарына ақылшы болып, үлкендерінен өзі де үйренуді кемсінбейтін адамгершілік парасаты айрықша жан.

Ол 1950 жылы Балықшының Плотивинск ауыл советінде Асан мен Болдай Құмаровтардың қарапайым жанұясында дүниеге келген-ді.

Гурьев пединститутының бастауыш класс мамандарын даярлайтын бөлімін бітіріп, ұстаздық еңбекке кірісе берген кезде, 28 жасында, оған тағдырдың қиын сыны тап болды. Жолдасы, белгілі математик Қапсиық Қалауов өмірден ерте кетті.

Шәкірттерінің сүйіспеншілігі мен ата-аналардың ілтипатына бөленген, еңбектес ұжымының қалтқысыз сыйқұрметінің лайықты иесі Қаламқас — қай жағынан, қалай мадақтасаң да мақтаулы ұстаз, ана, замандас.

Анасының адал жүріп атқарған абыройлы еңбегі перзенттеріне де игі әсерін тигізді. Яғни, ұлы Жақсылық, қызы Қарлығаш, тіпті, келіні де педагог (қазірде ұлы Ахмедиярды бағып-қағуда).

Қаламқас 1995 жылдан мектептегі бастауыш сыныптарындағы математиканы тереңдетіп оқытуды жүйелі түрде жолға қойды.

Ұстаздың тәжірибесі, әдістемесі әлденеше рет жарияланып, көптеп таратылды.

ҚазССР-ның үздік мұғалімінің осындай озық өнегесі айналаға жарық беріп тұрған шұғылалы сәуледей дерлік. Орынбай Дастановтың (Иассауиге еліктеу)

Колым таза, арым таза, тән таза,
Болғаным жоқ ешуақытта беймаза
Тарттым бірақ іштей тынып, көп жаза, —

дегеніндей, жастықтың жалынын еңбек теріне суарған Қаламқастың өмірін мөлтілдеген мөлдір шыққа балауға боларлық жайттары да молшылық.

Охина Гүлсім Бұраханқызы Қыздар педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін 1975 жылы бітірген.

Қазірде И. Тайманұлы атындағы № 27 мектепте еңбек етуде. Бір айта кетерлік жай: Гүлсім сабағында туған жер тақырыбына қатысты материалды Атырау өлкесімен қатар өзінің туған жері — Шығыс Қазақстан өңірімен тығыз байланыстырып отырады. Өйткені өзі оқыған мектепті 1907 жылы Әбдікәрім Ережепұлы деген болыс салдырған екен. Ақын С. Торайғыров сол мектепте дәріс берген. Қазір мектеп ақынның атымен аталады. Осы мектепте еліміздің айтулы азаматтары білім алған. Солардың бірі марқұм — Оралхан Бөкеев. Осындай тарихи оқиғалармен байланыстыра айтқан әңгімелерін оқушылар қызыға тыңдайды. Ал, Ұлы Отан соғысының жауынгер композиторы Р. Елебаевпен туыстығы жайынан сөз қозғағанда, тіпті ықыластана түседі.

Облысымыздағы шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдердің белді ортасындағы Гүлсім — бірнеше жыл бойына қазақ тілін тереңдете оқыту тәжірибесінің нәтижелі жемісін берген ұстаз.

Ол оқытқан сыныптардағы білім сапасы жоғары. Яғни, бір сыныптағылардың 18-і оқу озаты, қалғандары — екпінділер. Оқушылары ішінде өз балалары да бар, қалалық, облыстық, республикалық олимпиадаларда жүлделі орынға ие болуларымен көзге түсуде.

Өзі облыстық, қалалық семинарларда қалыптан тыс ашық сабақтар өткізіп, үлкен-кішіге үлгі-өнеге таратуда.

«Тест әдісі бойынша оқушы білімін бағалау», «Оқушыларды олимпиадаға дайындау» деген жүйеде мұғалімдер білімін жетілдіру курстарында нақтылы баяндамалар жасап отырады.

Мектепте — бірлестік жетекшісі. Қазақ тілін жеделдете оқыту вариантымен жұмыстануда. Әр түрлі мазмұндағы шараларды өткізуде өзіндік өзгешелігі танылды. Білім беруді тәрбиелеу тәртібімен ұштастырып отырады. Оның «Менің педагогикалық философиям» деген тәжірибесінде егеменді елдің ертеңі — қазіргі жас ұрпақтарымыздың бойына ұлттық тәрбиенің озығын дарытып, адамшылығы артық Адам болып жетілуіне баса назар аударады.

В. Г. Белинскийдің «Тәрбие — ұлы іс, онымен адам тағдыры шешіледі» деген қағидалы пікірді берік тұтыңған ұстаз еңбегінің қайнар көзі осы.

Ол өткізетін класс сағаттарының мазмұны да саналуан. «Ғасырлар көкейіндегі күмбір», «Ою-өрнек сырлары», «Атырау — айбынды өлкем», «Жаныңда жүр жақсы адам», «Туған тілдің құдіреті» т. б.

«Абай тағылымы» атты өнеге сабағының орны көп көңілінен шықты. Бүгінгі күннің талабына сай әр тараптағы тақырыпты игілікті істерімен оқушы, ата-ана, ұстаздар алдында өз бағасын жоғары көтерген Гүлсім — ізденуге жалықпайтын, мамандығына деген сүйіспеншілігін балаға деген мейірімімен тығыз байланыстыра білген үлгі боларлық ұстаз.

Жылыой ауданының халық ағарту саласында өздерінің ерен еңбегімен еліне танылған, төңірегіне білім шуағы мен адамгершілік, инабаттылық, парасаттылық үлгілерін бүкіл болмыстарымен көрсете білген, сол үшін үкімет тарапынан әр түрлі марапаттауларға ие болған, кейбіреулері атаусыз қалған тамаша ұстаздар тобы еңбек етті, әлі де еңбек етіп келеді.

Олардың қатарында Қазақ ССР-не еңбегі сіңген мұғалімдер *Ізтұрған Жылқышиев, Кенған Ахметова, Қалдыбай Байшақанов, Мира Петровна Завершинская, Жанаш Нұрмұқан, Мәжит Сағиевтер* бар.

Бұл ұстаздардың еңбек жолына қарап отырсақ, әрқайсысының өздеріне тән ерекшеліктері болғанымен, бәріне ортақ қасиет, болашаққа деген сенім, тапсырған іске үлкен жауапкершілік, қалап алған мамандықтарына адалдық, шәкірттеріне терең білім беруге тырысу және оларға мұғалімдік мейірім т. б. асыл қадір-қасиеттерді айтуға болар еді.

Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастаған М. П. Завершинская оқушыларға ұзақ жылдар бойы терең білім бергені үшін «Қазақ ССР-не

еңбегі сіңген мұғалімі» атағына ие болды, қызмет жолында жоғарлатылып, аудандағы ең үлкен мектептердің бірі — Макаренко атындағы мектептің директоры болып істеді. Сол кезде ол мектеп, қазақ мектептерінде орыс тілін оқытудың озат тәжірибе мектебіне айналды. Кейін Мира Петровна зейнеткерлікке шыққанға дейін аудандық партия комитетінің хатшысы ретінде жемісті еңбек етті.

Республикаға еңбегі сіңген мұғалім Жанаш Нұрмұқанның есімі бүкіл облыс мұғалімдеріне қазақ тілінің нағыз жанашыры ретінде кеңінен таныс. Аудандағы нөмірі 3 мектепте еңбек еткен Жаңаш ағаның қаламынан қазақ тілі сабағын беруді жетілдіру жөнінде республикалық баспасөздерде талай-талай сындарлы, маңызды мақалалар жарық көрді, өзі ұзақ жылдар бойы республикалық педагогикалық оқуларға қатысып, тәжірибесін насихаттады. Қазір ұстаздың материалдары облыстық білім мұражайы арқылы жас мұғалімдердің қажетіне жаратылуда. Жанаш Нұрмұқан жас мұғалімдердің педагогтік жолда өсуіне де зор үлес қосқан ақылшы ұстаз. Оның шәкірті, мамандығы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мәжит Сағиевтің есімін қазір кім білмейді?

70-жылдардың бас кезінде Қазақтың Киров атындағы мемлекеттік университетін бітіріп келіп, Жанаш жұмыс істейтін нөмірі 3 Жданов атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастаған Мәжит, бұл күнде бүкіл ел таныған басшы, қадірлі азамат, Қазақ ССР-не еңбегі сіңген мұғалім.

Қатардағы мұғалім болып жүргенде өзінің еңбегімен көзге ілініп, мектеп директорлығына жоғарлатылды. Мәжит басқарған Жданов атындағы мектеп 80-жылдары дары облыстағы өзінің материалдық базасы, безендірілуі, оқушыларының білім деңгейі мен тәрбиелілігі жөнінен ең таңдаулы мектептердің біріне айналды. Әсіресе, мектептің безендірілуі көрген адамдарды бей-жай қалдырмайтын. Сол кездің өзінде, Мәжит өз заманынан озып, компьютерлік оқытудың алғашқы нышандарын республикада тұңғыш қолданған мектеп басшыларының бірі болды десем қателеспеспін. Мектептегі математика кабинеттерінің бірінде осындай аппараттардың алғашқы үлгілері пайдаланыла бастады.

Осындай еңбегімен көрінген Мәжитті облыс басшылары аудандық оқу бөлімінің меңгерушілігіне тағайындаған еді. Міне содан бергі он жылдың үстіндегі уақыт

ішінде ол өзінің шебер басшы екендігін тағы да ісімен дәлелдей білді. Мәжит басқаратын Жылыой ауданының мектептері материалдық базасы, безендірілуі, оқушыларының білім дәрежесі жөнінен облыста алдыңғы қатардан үнемі көрініп келеді.

Мәжиттің басшы ретіндегі қызметінің бір ерекшелігі — оның мектептердің жан-күйін, жалпы білім мәселесі жөнінен өз ауданындағы қалыптасқан ахуалды өте жақсы білетіні және соған байланысты тиісті басшылар алдында мәселені дұрыс, өтімді қоя отырып, оны шеше алатыны.

Соңғы жылдары қаржының тапшылығына қарамастан, Мәжиттің араласуымен халқы көп Құлсары поселкесінде үш бастауыш мектеп, бір өнер мектебі ашылды.

Бұл шешім білім беруді ізгілікті іске айналдыру деген сөз.

Өйткені, ауылдың кішкентай балаларын алыста орналасқан мың балалық орта мектептерге сүйремей, үйлерінің қасынан оқытса, ол халыққа жасаған сауап емей немене? Мәжит оқу-тәрбие жұмысының бұрыннан қалыптасқан формаларын да тиімді пайдаланып жүрген басшы. Ауданда басқа жерлерде соңғы кезде «жауыннан кейінгі саңырауқұлақтар» тәрізді көбейіп келе жатқан гимназиялар мен лицейлер жоқ. Соған қарамастан аудандағы оқушылардың білім сапасы да, мектеп бітірушілердің жоғарғы оқуларға түсу дәрежесі де, олардың еңбекке араласуы да жақсы деп айтуға болады.

Аудан мектептері облыста алғашқылардың қатарында, «Теңізшевроил» бірлескен қазақ-американ кәсіпорнының көмегімен толықтай компьютер кластарымен қамтамасыз етілді. Мәжит өз айналасына іске шебер, тәжірибелі мамандарды жинақтай отырып, оларды шығармашылық еңбекке жұмылдыра білетін басшы. Жылыой ауданындағы мектептердің оқу-тәрбие жұмысындағы жетістіктер, мұғалімдердің кәсіби шеберлігінің жылдан-жылға артуы аудандық әдістемелік кабинеттің меңгерушісі, республика оқу ісінің үздігі Құнбаев Оташтың есімімен де байланысты. Өзі география пәнінің шебер мұғалімі бола отырып, Оташ Құнбаев аудан мұғалімдерінің арасында әдістемелік жұмысты өте жақсы дәрежеге қоя білді. Аудан әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен мұғалімдердің семинарлары, әр түрлі конкурстары, байқаулары жоспарлы түрде өтіп тұрады. Мәжиттің орынбасары Зоя Бисенқызы Шығанбаева, аппарат қызметкері Қарлығаш

Сейдахметова т. б. аудандық оқу бөлімінің мамандары жылына екі рет аудан бойынша оқушылардың қоғамдық білім байқауын өткізіп келеді. Қоғамдық білім байқауына оқушылар түгелдей қатыстырылады.

Жылыой ауданында соңғы жылдары шәкірттерді оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, тиімді технологияларын игерген, облысқа танымал мұғалімдер легі қалыптасып келеді. Олардың алдыңғы қатарынан география пәнінің мұғалімі *Шоқаева Сәнияны*, оның әріптесі *Жиенқұлов Есбергенді*, биолог *Талбаев Аманқосты*, биолог *Былықова Жансаяны*, математика мұғалімі *Әділғалиева Жаңылсынды*, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі *Нұрғанова Хадишаны*, физика мұғалімі *Миняева Ольга Александровнаны*, неміс тілі мұғалімі *Тілепқалиева Орнашты*, қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі *Мәмбетова Толқынды* көреміз.

Жоғарғы санаттағы география пәнінің мұғалімі *Шоқаева Сәния* дәстүрлі емес сабақтарды өткізудің шебері.

1991 жылдан бері облыстық, аудандық кәсіби байқаулардың бірнеше дүркін жеңімпазы. Мұғалім жұмысының ең үздік нәтижесі — оның оқушылары 1990 жылдан бері Республикалық пән олимпиадаларына үзбей қатысып, жүлделі орындар алып келеді.

Жиенқұлов Есберген Атырау облысының физикалық географиясы оқулығының авторы, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының лекторы ретінде өз тәжірибесін облыс мұғалімдеріне насихаттап жүр. Жас ұстаздар *Талбаев Аманқос* пен *Әділғалиева Жаңылсын* өз пәндерін оқытудың шеберлері, облыстық кәсіби байқаулардың жүлдегерлері, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздіктері.

Жылыой аудандық білім беру жүйесінің қазіргі кездегі оңды үрдістерін, оның өткен кезеңінен бөліп қарастыру дұрыс болмас еді. Ауданның білім тарихынан біздер ұрпақтар сабақтастығын, мұғалімдердің озат тәжірибелерінің жалғасын көреміз.

Облыстық білім мұражайында жинақталған деректерге сүйенсек, аудан территориясында тұңғыш мектеп 1922 жылы ашылған, оған дейін бұдан бұрын келтірілгендей, ауданда бірқатар мұсылман мектептері жұмыс істеп, қадір халінше халықты сауаттандыруға жұмыстанған. 1928 жылы *Жылыой* ауданы құрылғанда 5 мектеп іске қосылып, ол оқу орындарында *Өзбекқалиев Пәліхан*,

Сухарев А., Шөкеев Баязи, Жайтанов Ш. деген мұғалімдер жұмыс істепті.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары ел енесін көтеріп, халық шаруашылығының әр саласында алып құрылыстар салына бастады. Соған байланысты мектептер салынып, білім ісі қолға алынды. 1948—1949 оқу жылында ауданда 10 бастауыш, 17 орталау, 2 орта мектеп жұмыс істеп, оларда 6 мыңға жуық шәкірттер оқыды. Сол кезде 310 мұғалім жұмыс істеген. Олардың қатарынан білікті ұстаздар, халық ағарту саласының талантты ұйымдастырушылары өсіп шықты.

Мысалы, мамандығы тарихшы *Мәлік Мағзымов*, еңбегімен ерте көзге түсіп, Абай атындағы орта мектептің директоры, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі, аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін абыроймен атқарған азамат, республика білім беру ісінің үздігі.

Омарғазиева Алма Сейілханқызын облыстық зиялы жұртшылығы, аудандық оқу бөлімін ұзақ жылдар шебер басқарған білім ісінің ұйымдастырушысы, мейірман апа, қарапайым да сабырлы интеллигент ретінде жақсы біледі. Аға буын ұстаздар *Завершинский Александр Максимович, Шаманов Сапар Шаманович, Абдрахманов Көшербай, Сейдахметов Хаби, Бұрқанов Тасқали, Есеналиев Нұрес, Арыстанғалиев Хами, Қабдешев Жарас, Қапашева Фатима, Мұқатова Зыли, Қалиева Сара, Халитова Рысқали, Өтесов Базархан, Ғабдікаримов Сабыр, Жарылғасова Айнаш, Тәжіғалиев Жаролла, Ғалымов Манап, Харламова Лидия Ивановна, Елеусінова Маруся, Ершуов Аманқос, Бозаев Сәкен, Хайруллина Жұпар, Ниязғалиева Қенжеш* т. б. өздерінің ерен еңбектерімен, балаға деген сүйіспеншілігімен, қайырымдылығымен үлкен аброй-атаққа, халық арасында ыстық ықылас пен беделге ие болды. Олардың әрқайсысының еңбек жолы көлемді очеркке, яки суреттемеге лайық жандар.

Мәселен, Александр Максимович Завершинскийдің үйретуімен Жылыой ауданының оқушылары талай рет жас техниктердің республикалық, облыстық байқауларында жүлделі орындарды иемденген болатын. Өмірден ерте кеткен Тәжіғалиев Жаролла мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарып, өлкенің, халық ағарту саласының дамуына үлкен үлес қосқан ұстаз.

Қазақ балаларына орыс тілі мен әдебиетінен ұзақ

жылдар бойы сабақ беріп, адал еңбегі үшін Алтынсарин медалімен наградталған Лидия Ивановна Харламованың, қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, белгілі ақын, Қазақ ССР-не еңбегі сіңген қызметкер Аманқос Ершуовтың мұғалімдік қызметтері қазіргі жас мұғалімдер үшін үлгі болып саналады.

Атырау облысында есімдері өздері ашқан мектептерге берілген бірқатар ұстаздарды халық құрмет тұтып, кастерлеп отырады. Солардың бірі Қазақ ССР-не еңбегі сіңген мұғалім, Индер ауданындағы Елтай селосындағы мектептің директоры *Мұқанғазы Сиранов*. Мұқанғазы Қазан төңкерісіне дейін Гурьев уезі Әйіп қажының Көк мешіті жанындағы медреседен мұсылманша және орысша сауатын ашады.

Оқуға зерек бала Гурьев қаласындағы 4 кластық училищеде оқып, (1913—1917 жылдары), екі жылдық педкурсты бітіріп мұғалімдік мамандық алып шығады. Мұқанғазы еңбек жолын «Қырғи» бастауыш мектебінде бастады. 1921—1928 жылдары Қаңбақты, Толыбай, Тума ауылдарындағы бастауыш мектептерде бала оқытып жүріп, ересектер арасындағы сауатсыздықты жоюға да белсене қатысады. 1929 жылы Гребенщик селосы тұсында «Терек» деген жердегі өзінің қыстауынан мектеп ашып, құм арасының балаларын жинап оқыта бастайды.

Осы тұста педагог бала оқытуға және үлкендердің сауатын ашуға Бисалиев Үмбет, Мүсәлімов Есет сияқты жас мұғалімдерді тартады.

1930 жылы ұжымдастыру кезінде Жайық жағасындағы тың жерден Елтай селосының іргесін қалауға басшылық етіп, мектеп үйін салдыртады. 1933—1934 оқу жылында өзі оқуға тартқан балалар жаңа мектепке келіп, оқуын жалғастырады. Кейін оқу базасы нығайып, қосымша класс бөлмелері салынғасын, 1933 жылы жеті жылдыққа, 1936 жылы орта мектепке айналады. Осы кезде мектептің мұғалімдер ұжымы Оралдың пединститутын бітіріп келген Ы. Иханғалиев, Ф. Ідірісов, Қ. Сафиев, А. М. Савин, Қ. Өмірғалиев, А. Д. Рязанцева секілді жас кадрлармен толыға түседі. Мұқанғазының өзі жоғары кластарға орыс тілінен сабақ берді. 1929 жылы оқуға түскен 17 оқушы 1939 жылы онжылдықты бітіріп, М. Сирановтың қолынан аттестаттарын алды. Ұстаздың алдынан дәріс алып шыққан шәкірттердің көбі әр түрлі салада басшы жұмыстарда болды. Солардың бірі — Құбашев Сағидолла. Ол облыс ұрпақтары ішінде алғашқы бо-

лып, облыс партия, совет органдарының бірінші басшысы қызметіне көтерілді. Кейін С. Құбашев республика Министрлер Советі төрағасының орынбасары, Орталық Комитеттің екінші хатшысы қызметтерін абыроймен атқарды. Қазір дербес зейнеткер. Мұқанғазы мектебін бітіргендер арасынан ондаған ғылым докторлары мен кандидаттар өсіп шықты. Бүкіл саналы өмірін халқына, ұрпақтарына білім-тәрбие беруге арнаған, балаларға болашаққа бағыт берген Мұқанғазы Сиранов еңбегі жоғары бағаланды. 1939 жылы өлкеміздегі алғашқы топ ішінде ол Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Мұнан кейінгі жылдарда Мұқанғазы «Қазақстанның еңбегі сіңген мұғалімі» атағына, «Қазақстанның халық ағарту ісінің үздігі» белгісіне ие болды. Атақты ұстаз іргесін қалаған, кейін 1996 жылы Қазақстан үкіметі қаулысымен Мұқанғазы Сирановтың аты берілген мектепті 60 жыл ішінде 2070 қыз бен жігіт бітірді, олардың арасынан 17 ғылым докторы, кандидаты, профессорлар шықты. Мектеп бітірушілердің біреуі АҚШ-та, біреуі Германияда елшілік қызмет атқарып жүр.

Индерлік әйгілі ұстаздың педагогикалық игі дәстүрін, оның жерлестері абыроймен жалғастырып келеді. Олардың алдыңғы қатарынан Зеленый селосында 40 жылдың үстінде үзбей математика ғылымын шәкірттерге ерінбей-жалықпай үйреткен, қажырлы еңбегі үшін халық сүйіспеншілігіне бөленген *Мүнира Тұрғалиеваны* көреміз.

Мүнира Тұрғалиеваның еңбек жолына көз жүгіртсек, ол кісінің мұғалімдік қызметті таңдауында үлкен бір мән бар екенін аңғарамыз. Ол кісі облыстағы ең ежелгі Елбай Қызылүйінің түлегі, ол мектепте талай дүлдүл ұстаздар еңбек етіп, көптеген шәкірттерінің қиын да қызғылықты мұғалімдік мамандықты таңдауына себепші болған еді.

Ұзақ жылдар бойғы жемісті еңбегі үшін Мүнира апай көптеген ордендермен, медальдармен наградталып, Қазақ ССР-не еңбегі сіңген мұғалім, білім ісінің үздігі атақтарына ие болды. Ол кісінің жастарға патриоттық тәрбие берудегі еңбегі ерекше. 60-жылдардың орта кезінде Мүнира апайдың араласуымен Зеленый мектебіне Совет Одағының Батыры Боран Нысанбаевтың есімі берілді, мектеп ішінен батырдың мұражайы ашылды, үздік оқушылар ғана отыратын Боран партасы тағайындалды. Мүнира апайдың туған сіңлілері Ағира, Жұмазия Тұрғалиевалар да беделді ұстаздар тобында.

Екеуі де Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздік қызметкерлері. Халық ағарту саласында тынымсыз еңбек етіп, оқушылар мен олардың ата-аналарының құрметіне, үкімет тарапынан әр түрлі марапаттауларға ие болған майталман ұстаздар Индер ауданында көптеп саналады. Олар: аға буын өкілдер апалы-сіңлілі *Бибіш, Биғайша Мұқановалар*, бастауыш сынып мұғалімі *Мұстахима Әбдірахманова, І. Оразғалиев*, (Боран Нысанбаев атындағы мектеп), Ұлы Отан соғысына қатысушы, көп жылдар бойы Махамбет атындағы орта мектепте тарих және қоғам тану пәндерінен сабақ берген *Қалбағаев Қ.* сол мектепте ұзақ жыл еңбек етіп *Мұрзин Құбаш, Қарашина Сәуле Қазмұқамбет қызы, М. Сиранов* атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген, қазіргі зейнеткер *Қытайы Ғымарова*, Атақты жазушы Әбу Сәрсенбаевтың «Батырлардың ізімен» атты деректі романына арқау болған Индерлік ұстаз *Ахметова Зинаида (Зейнеп) Бақсыйық қызы*, қазақ тілі мен әдебиетінің шебер мұғалімі, көп жылдар бойы аудандық оқу бөлімін басқарған *Төлеш Тілекқабылов*, оның әріптесі, білім беру саласының үздігі *Ізтелеу Қамешева*, биология пәнінің үздік мұғалімі *Шортанбаева Гүлбара*, бастауыш сыныптар мұғалімі *Уалиева Жанша*, география пәнінің мұғалімі *Сатыбалдиева Камар*, «Құрмет белгісі» орденінің иегері *Ғабдулина Қазим*, өз ісінің майталман шебері математикадан әдіскер-мұғалім, «Еңбек даңқы» орденінің иегері *Мартыненко Мария Тимофеевна*, апалы-сіңлілі ұстаздар *Бозан және Ғайни Ғабдуллиналар*, тоталитарлық жүйенің кезінде тағдыр талқысын көрсе де ұстаздық жұмысты адал атқарып, шәкірттер құрметіне ие болған *Ғабдуллин Сейілхан*, математика пәнінің мұғалімі *Жаңғалиев Борис*, казак балалары үшін орыс тілі мен әдебиетінің ғажайып сұлулығын шебер жеткізе білген менің аяулы ұстазым *Мырзағалиева Роза Әбішқызы*, ағарту ісінің үздіктері *Ибрашев Алпан, Еңсепов Бақыт, Вельдер Мария Христиановна, Шамшиденова Мұғила, Хамитова Роза, Хұсниденова Халифа* т. б.

Сондай-ақ бірқатар ұстаздар қарапайым мұғалімдіктен мектеп, ауыл басшылығына дейін көтеріліп, адал еңбек етті. Олардың қатарындағы Ұлы Отан соғысына қатысушылар ағайынды *Рахметжан және Бақытжан Шахметовтердің*, Кулагиндік байырғы ұстаз, аудан спортының дамуына елеулі үлес қосқан, белгілі өнерпаз, тынымсыз еңбеккер *Қоспақ Жұмағалиевтің, Жолдас Жұ-*

мағалиевтің, Бәдеш Мұқантаеваның, Төлеш Үмітқалиұлының бүкіл шығармашылық, педагогтық, басшылық өмір жолдары жас ұрпаққа өнеге болып табылады. Бұл тізімге енбеген қарапайым ұстаздардың аға буын өкілдері қаншама?! Бұлардың барлығы да тек өз пәндерінің майталман шеберлері болып қана қойған жоқ, сонымен бірге оқушының жан-жақты дамыған, білікті, парасатты азамат болып қалыптасуына адал еңбек еткендер. Аға буын ұстаздарының тәлім-тәрбиесін, олармен қызметтес болған орта және кейінгі буын ұстаздар легі ойдағыдай жалғастырып келеді. Олардың қатарында мектеп басшылары да, қарапайым мұғалімдер де бар. Сол ұстаздардың ерен еңбегінің арқасында соны жаңалықтар (инновациялық мектептер, жеке пәндерді тереңдетіп оқыту т. б.) өмірге келуде. Аудандық білім саласында қажырлы еңбегімен көрініп жүргендер қатарында Қулагино гимназиясының директоры Тайыш Исханұлы, Өрліктік мұғалімдер Тәжіғалиева Тамара, Аманбаева Маржан, Шахманова Бейбіт, Жұмашев Қарасай, Қулагиндік ұстаздар Баетова Ханзиба, Изғалиева Моншақ, Изғалиева Табия, Индерлік Күләш Тасқарина, Қаламқас Дайырова, Ағиба Берниязова, Меруерт Тұқпатова, Майра Үркінбаева, Елеуова Талшын, Молдағалиева Зита, Махамбеттік Есқазиева Мәриям, Әбдешова Биғайша, Құрақова Роза, Мұстафина Мария, көп жыл бойы Махамбет орта мектебін басқарған, белгілі өлкетанушы Аталықов Бейсен, Елтайлық мұғалімдер, халық ағарту ісінің үздіктері Ниетәлі Есенжанов, Қауашева Гүлжан, атақты мұғалім Мұқанғазы Сирановтың немересі Мұқанғазина Галия, тәжірибесі видеофильм түрінде облыс биология пәнінің мұғалімдеріне таратылған, Алтынсарин медалінің иегері Темірболатова Фарида, Зеленыйлық ұстаздар, бастауыш сыныптардың шебер мұғалімі Әбенов Құби, орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі Ибатова Салиха, қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімдері Мұхамбетова Меруерт, Абдрахманова Тамара, Абдрахманов Қуаныш, «ҚСРО оқу ісінің үздігі» Кенжеахметова Ұлмекен т. б. Айналысына ізгілік және имандылық нұрын сепкен осындай Ұстаздар шоғырынан оқып-үйренген жас мұғалімдер қазіргі кезде талап биігінен көрініп, ұстаздық шеберлікті өте жақсы меңгеріп келеді. Солардың бірі Қулагино ауылдық гимназиясының қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Дәулетова Роза Кабышқызы. Бүгінде Роза — тек өз ауданына ғана емес, бүкіл облысқа, республикаға танымал, қалыптасқан өзі-

нің ұстаздық қолтаңбасы бар, шығармашыл маман. Розаның ұстаздық өміржолының кейбір сәттерін әңгімелесек, 1992 жылы облыстық «Жыл мұғалімі» байқауында бірінші орын алып, Құрмет грамотасына ие болғандығын, сол жылы республикалық «Жыл мұғалімі —92» байқауында да өз ісінің шебері екендігін дәлелдеп, Исатайлық әріптесі *Хайруллина Ұлболсын* екеуі лауреаттар қатарынан көріне білгендігін айтар едік. Облыстық екі мұғалім «Қазақстан республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталды. Розаның іс-тәжірибесінен түсірілген видеофильм облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері үшін өткізілетін курстарда көрсетіліп келеді. Алматы қаласында өткен орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің панорамалық сабақтарының республикалық байқауында индерлік *Дәуіталиева Ботакөз* 1-ші орынға ие болды. Аудан мұғалімдерінің кәсіби шеберлігінің өсуіне, әр түрлі ұрпақтар сабақтастығының нығаюына аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі *Табылды Бейғазиевтың*, әдістемелік кабинет меңгерушісі *Досанова Сауленің* қосқан үлестері зор деп санаймыз.

Индер ауданының байырғы ұстаздары Ахметова Зейнеп, Оразғалиев Ілияс туралы кейбір мәліметтерден ауданның мұғалімдер ұжымына ортақ қадір-қасиеттерді білуге болады.

Ахметова Зейнеп 1922 жылы Астрахан облысының Краснояр ауданында өмірге келді. Мектептен соң, 1937 жылы Астрахандағы орысша оқытатын педучилищеге түсіп, оны бітіргеннен кейін өзінің туған жерінде ұстаздық етті.

1942 жылы партияның шақыруымен әрі өзінің өтінішімен армия қатарына ілікті. Әуелі Астрахандағы байланысшыларды даярлайтын бөлімде оқып, кейін Москваға аттанды. Әрине, соғыс кезінде аса қажетті деп саналмайтын орын болған жоқ, сонда да Зейнеп майданның қызу жүріп жатқан, қайнаған ортасына жіберіліп отырылды. Сталинградтағы ұрыс даласы... Жаяу әскер қатары... Ауыр танк бөлімдерін авиация шабуылымен жалғастырушы байланысшы болды.

Телеграфшы да, «жауынгерлік бетше» шығарушы да, т. б. қоғамдық жұмыстарды атқарушы да ол.

Осындай отты күндердің бірінде бұлардың полкіне

ерекше атақ беріліп, «Қызыл жұлдыз» ордені тапсырылды. Қ. Әбдіқадыровтың:

Соғыстың жоқ ешқандай тамашасы,
Бір өлім, мың өмірдің арашасы, —

дегеніндей, талай жауынгердің жанына арашашы болғандай жалынды жігерімен көзге түскен Зейнеп «Майдандағы еңбегі үшін» медаль және грамоталардың иегері болды. Румыния, Болгария, Югославия, Венгрия, т. б. майдан жолдарын өтті.

Күйзелген көңілдер, жүдеген жандар ұлы жеңістен жұбаныш тапты, қуанышқа кенелді. Соғыс — ерліктің, елдіктің ұлы сын мектебі болды. Бұл — тек соғыста болғандар үшін ғана емес, соңғы келер буын үшін де күрделі мектеп еді.

Аман-сау елге оралған Зейнептің қайта жалғасқан ұстаздық жолында жауынгерлік өмірбаянының өзі бір төбе болды.

1945 жылдан Астрахань, Гурьев облыстарында ұстаз, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп басшылығында болған Зейнеп «Ұлы Отан соғысы» орденімен, Қазақстан Президиумының грамоталарымен марапатталып, оқу ісінің үздігі атанды.

Ұзақ жолдың үстінде бір белеске шыққанда:

— Қайда бара жатырмын? — деуден бұрын,

— Қайдан келе жатырмын? — деу абзал, — деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Зейнептің өткен өмір дәстелері — кім-кімге де ой тоқтатып, өнеге аларлық жайт.

Қарапайым, жылы жүзді, менменсінуден ауылы аулақ, жасымаған жайсаң жанмен жақын келіп азғана сұхбаттасқандығының өзі бір мәртебе.

Оразғалиев Ілияс Есбол ауданындағы Зеленыйда 1929 жылы дүниеге келген. Мектептен кейін Гурьевтегі педучилищені, одан соң Оралдағы А. С. Пушкин атындағы институттың қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін бітірді.

Ұстаздық жолдарында бастауыш кластарда сабақ берді, Зеленый балалар үйінде тәрбиешілік етті.

1967 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін Б. Нысанбаев атындағы мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс беріп, еңбек етті.

Білім берудегі негізгі ұстаған бағыты — оқушылардың ана тіліне деген ынтасын ояту, қызығушылығын арт-

тыру, мәнерлеп оқи білулерін қалыптастыру, сонымен бірге шығармашылық қабілетін дамыту (өлең шығаруларын).

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға,
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға, —

деп Абай айтқандай, жайлы мінез, жылы лебіз, үйрету үлгісімен «Балауса» жас тілшілер тобының жұмысын жинақтауда елеулі еңбегі болды. Ол тәрбиелеген Есенғалиев Әбдіхан — облыс көлеміндегі танымал ақынның бірі.

Бұл жұмыс жүйесімен аудан, облыс бойынша педокуларда тәжірибесін ортаға салған баяндамалары, олимпиадада жүлделі орынға ие болған М. Айжарықова сияқты оқушыларының жұмысы мұғалім еңбегінің сапасын айқындады.

Сабақты көрнекілікпен өткізуде, көрнекті құралдарды дайындауда оқушылар көмегін пайдалануда, пән кабинетін жабдықтауда өзіндік ерекшелігімен, ізденісімен мадақтауға тұрарлық деңгейге жетті.

Мақтау грамоталарымен бірге Қазақстан Республикасының үздік мұғалімі белгісімен марапатталды.

XIX ғасырдың аяғында қазіргі Махамбет ауданы территориясында Жаманқала, Есбол, Қызылұй, Сарайшық мектептері ашылды. Оқу орыс тілінде жүргізілді. Қарапайым сауат ашу мен арифметика негіздерінен басқа оқушыларға география, табиғаттану, тарих жөнінде мағлұматтар берілді. Оны бітіргендер Орынбор, Омбы кадет корпустарына түсуге мүмкіндік алды. Біздің өңіріміздегі мектептерде 1881 жылдан бастап қазақ балалары да оқи бастаған. Ол кезде әр мектепте 3—4 мұғалім болған. Бұл мектептерде Синедальцев, Долматов, С. И. Сухарев, кейінірек Қазан төңкерісіне дейін мұнда Шәріп Секетов, Қожас Досов, Азбантаев, Аманғали Асылғалиев, Қазмағанбет Қарашұлы сынды азаматтар жұмыс істеген.

Ұлы Отан соғысы жылдарында неміс басқыншылары басып алған территориялардан келген маман, тәжірибелі мұғалімдердің сапалы білім беруде айтарлықтай үлесі болды. Сол жылдары Махамбет мектебінде оқып, кейіннен осы мектепте 35 жылдай ұстаздық еткен Л. Т. Петричева өзінің естелігінде былай дейді: «Ол кездегі оқушыларға қойылатын талап қатты болатын. Бізге сабақ

берген математика пәні мұғалімі М. А. Кишеневская, география пәні мұғалімі В. И. Кондакова, биология пәні мұғалімі Р. Д. Завгородная шәкірттердің әлі есінде. Жергілікті мұғалім Искендір Шәкіліков те оқушылар арасында үлкен құрметке бөленді».

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары еңбек еткен ұстаздар Жасан Шырдабаев, Дүйсенғали Төленов, Мұхсимат Жұмалиев, Сүйеу Ағелеуов, Хасен Елеусінов, Қазеш Ахметов, Бердеш Жұмалиев, Төлеуғали Қашаубаев, Жақсылық Жайлашев, Жабу Дөкесов, Қарабай Қалыбеков, Жаролла Бисенғалиев, Бану Хисамеденова, Мүслима Хайырова, Любовь Петричева, Жүсіп Кенжин, Алдияр Шынызов, Нүриден Жайлашев, Таласбай Есенғазиев, Шәміл Кәкішов, Қадір Қарашин, Намазғалиев, Мырзаш Қостаев, Серікқали Жолдасов, Дүйсенғали Жакиев, Бактығали Алдашев, Әлфарит Жұмалиев, Әнуарбек Изболов, Серік Аманғалиев, Әміржан Күлмашев, Маржан Бисенова, Алмажай Мәстекова т. б. өздерінің қалап алған мамандықтарына адалдағы үшін халық сүйіспеншілігіне бөленді.

Солардың бірі халық мұғалімі Қ. Айтқалиев.

Аудан мектептерінің көптеген шәкірттері Атырау өлкесінде, республика көлеміне кеңінен танылып, құрметті атақтарға ие болып жүр. Олардың қатарында облыс әкімі Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағанбетов, биология ғылымының докторы Е. Ағалеуов, геология-минералогия ғылымдарының докторы Муфтах Дияров, халық артистері Қаршыға Ахмедияров, Ғафиз Есімов, белгілі жазушы Мағзом Сүндетов, филология ғылымының докторы Бағытжан Хасанов, заң ғылымының докторы Елеген Қайыржанов, Республикаға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері Рысбай Ғабдиев, I класты сынақшы ұшқыш Михаил Ермолин және басқаларын атауға болады.

Махамбет ауданында соғыстан кейінгі жылдары озат ұстаздар тобы еңбек етті. Олардың еңбек жолы туралы көптеген материалдар облыстық білім мұражайында жинақталған. Сондай ұстаздардың бірі, Сарайшық орта мектебінде тарихтан сабақ берген Бисенғалиев Жаролла туралы, оның шәкірті, облысқа белгілі педагог Атырау университетінің аға мұғалімі Жұбат Жантасұлы былай деп еске алады:

«Біз оқыған жылдары сабақ берген белгілі ұстаздарымыз — Нұр Тағамбаев (директор), Қабдығали Қазыбаев — оқу ісі меңгерушісі, Искендір Шәкіліков (орыс

тілі), Халима Бисенғалиева (қазақ әдебиеті), Жаролла Бисенғалиев (тарих, география), Жақия Досанғалиев (физика), Хайша Шақишева (тәрбиеші) т. б. мұғалімдермен бірге біздің кезімізде мектеп басшылығында болған Әбілхаш Мұниянов, Нығымет Қаржауов, Дүйсенғали Төленов сияқты ағайлар мен апайларды алғыс сезіммен үнемі еске алатын шәкірттері баршылық. Бірқатары бүгінде дүние салған! Сегізінші кластан кейін класс жетекшіміз тарих, саяси география пәндерінің мұғалімі, майдангер Жаролла Бисенғалиұлы ағайымыз біздермен жиі кездесіп үлкен қамқоршы тәлімгер болып жүрді.

Жәкең соғыстан аман-есен оралғаннан кейін облыстық партия комитетінде нұсқаушы болып істеп, кейін мұғалімдік қызметті біржола таңдап алғанын өз сөздері арасында айтып жүрді. Адам психологиясын дұрыс барлай білетін, шәкірттерінің зейінділігін талап еткіш, артық сөздерді жақтырмайтын әскери командирдей жігіт болып көрінді. Қажетті жерінде қомқор, өз пәнінен қызылықты әңгімелер де айтатын жан-жақты көзі ашық мұғалім болды. Жалпы мінезі мен ұстамдылығы жағынан Батыр Бауыржан Момышұлын еске түсіретін батылдығы, әділ де табиғи ағайдың бейнесі көз алдымда.

Сарайшық поселкесіндегі интеллигенттердің кеш мезгілінде өтетін саяси оқуының насихатшысы да Жаролла ағай болды. Селоның кәрі-жас адамдары ағайымызды жақсы сыйлайтынын, қауға сақал орыс шалдарының өзі «О, Яролла!» — деп амандасып жатқанын талай көрген едік. Сондықтан да ағайымыз біз үшін қайталанбас алыпқа айналып кетті.

Біз оқыған кезімізде Жәкең Оралдағы А. С. Пушкин атындағы пединституттың тарих факультетінде сырттай оқиды екен, жоғары білімді де алып үлгермепті, жұбайы Тәнзила апай да тарихшы — екеуі бірге оқитын. Сол кездегі қоғамдық білімдердің марксистік негізін беріліп оқып, соның біздің елдің саяси құрылысындағы қойылысын өзіндік сеніммен қабылдап, сонысын шәкірттеріне жеткізуге бар ынтасын салатын. Мектептің соңғы кластарында мұғаліміміз арқылы империализмнің белгілері мен қайшылықтары, сол кезеңнің ілімі бойынша, «социалистік» деп аталатын қоғамның ерекшеліктері — жалпы қоғамтану, саяси ұғымдардан біздер де кішігірім насихатшылық жасап, кейінгі класс оқушыларына түсінік айтатын болдық және ауыл-село клубтарында шағын пьесалар қойып, концерт беру үшін көрші ауылдарда,

өзеннің екі жағындағы колхоздарда мәдени сапарлар жасап жүрдік. Ол кезде мектепте қоғамтану пәні жоқ. Жәкең жоғарғы орыс, қазақ кластарында тарих, саяси география пәндерінен дәріс береді, орыс кластарының оқушылары оған «Товарищ Бисенғалиев» деп, біздер «ағай» деп, сыртынан «Жаролла ағай» деп сөйлесеміз. Селода ол күнде қазағынан орысы көп, онда да балықшы колхозы болды. Ол «III интернационал» деп аталатын. Ауыл кеңес бастығы Котов деген ақсақалдың өзі де, біздермен бірге оқитын балалары да қазақша жақсы сөйлейтін, бір баласы мектепте мұғалім болды, соның інісі қазақ домбырасында әжептәуір ойнай алатын еді. «Рыбкооп» деп аталатын сауда орталығы басқармасы және республикалық мүгедектер үйі болды, кейінірек ауылшаруашылығы техникумының бөлімі де ашылды. Сарайшық біздер үшін үлкен шаһар сияқты, ескі қорған орындары көп болатын. Жайық жағасындағы биік жарда өлген адамдардың сүйектері домалап жататын, адамның бас сүйектерін село советінің шарбағынан да талай тауып алғандар болды. Біздің кезімізде академик Марғұланның басқаруымен болған археологиялық қазба жұмыстарының орындары сол күйінде жатты. Бұл орта ғасырдағы Қасым хан заманында Қазақстанның орталығы болғанын, кейін Россия жағынан ұйымдасып келген казак-орыс қарақшылары талқандаған, қилы тарихы бар екендігін кейін білдік қой. Сол жерден табылған жазулы құмыраның I. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында Хақназар хан көңілін аударып, ойға батыратын сюжетті бейнелеуіне түсіп, әлемді шарлап кеткенін Жаролла ағай оқи алмай кеткені қандай өкінішті!

Тарихшы ағайымыз өз пәні сабақтарын дұрыс жолға қоя білді. Ерте дүние, орта ғасыр, жаңа тарих және «СССР тарихы» деп аталатын пәндерді жетік игерген жақсы әдіскер болатын. Карта, плакат, схемалар, шежіре сияқты көрнекіліктермен бірге күнделікті газет-журнал материалдарын өте тиімді қолданып, сабақта зейінінді түгелдей өзіне қаратып отырмаса, ағай көңілденбейді. Біздер жатақта кешкі іңірлікте де ағайды көп тыңдадық. Орыс империясы тарихындағы белгілі дәуірлердегі тақырыптарды өткенде, сабақтан кейін сол тақырыптар бойынша жазылған тарихи романдардан келіп қызық әңгімелер айтып, көркем әдебиетті тарихпен байланыстыруды санамызға сіңіре түсетін.

Мысалы, ол кезде үлкен романдарды оқымаған біздер

Жәкеңнен В. Янның «Шыңғыс хан», «Батый», «Соңғы теңізге жорық» романдарын тыңдадық. Петр біріншінің тарихын А. Н. Толстойдың осы аттағ трилогиясы бойынша, сол сияқты А. С. Новиков-Прибойдың «Цусима», С. Н. Сергеев-Ценокийдің «Севастополь қорғанысы», Степан Разин, Емельян Пугачев туралы т. б. романдар мен Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» дастанымен сол кісі арқылы хабардар болдық. Ол кездегі мектеп программасында Қазақстан тарихы болмайтын, қазіргі қазақ тарихынан жазылған көптеген романдар да жоқ болғандықтан, Жәкең біздің елдің тарихынан көп ештеңе айта алмады, бірақ халық, ел тарихын білу қажеттігін, оны көркем әдебиетпен салыстыра оқуды осы кісіден ұғынып өстік. Оның біз үшін, әсіресе мұғалімдер үшін, үлкен пайдасы болғанын мойындамасқа амал жоқ.

Өз пәнін жақсы көретін ағайымыз тарихтағы айырықша мәні бар бөлімдерді өтіп болғаннан кейін, сол тараудан 5—6 оқушыға тақырыптар беріп, шағын конференция өткізеді де, мектеп басшыларын, насихатшы, үгітшілерді қатыстырып пікірлерін тыңдатады. Жоғарғы кластарда өз басым ағайдың тапсырмасымен жылына 3—4 баяндама жасап, оның ризашылығына ие болып жүрдім, өзге оқушылар да осындай сынақтардан өтіп отырды. Ол кезде жыл сайын бірнеше пәннен емтихан болатын, оған облыс, аудан өкілдері жиі қатысатын. Емтиханға дайындықты Жәкең өте ыссы жүргізетін де, емтихан үстінде аса жайдары көңілмен оқушыларды қанаттандырып, бағаларымыздың жоғары болуына ықпал жасайтын. Жыл ішінде ол кісіден «екілік», «үштік» алып жүргендер емтиханда жоғары бағаға ие болып, келген өкілдер риза болып кетіп отыратын. «Жаттығу қиын болса, соғыста жеңіл болады» деген А. В. Суворовтың сөзін ағай жиі айтатын еді.

Кейінгі кездері ержетіп мектеп инспекторы, облыстағы мемлекеттік орындардағы қызметтерде, мектеп басшылығында, жоғарғы оқу орындарында сабақ беруде жүргенімде, орта мектеп берген білім-тәрбиенің үлкен көмегі болғанын айтпағанның өзінде, өз пәндерінен Жәкеңдер деңгейінде жан-жақты білім бермек түгіл, қарапайым қоғамдық мәселелерді түсіндіре алмайтын, көркем әдебиетті өз сабағында қолданбақ құрлы өзі оқып білмейтін жоғары білімді деген оқытушыларды жиі кездестіріп, олардың шәкірттеріне жаным ашығанын жасыра

алмаймын. Әлгі жандардың ішінде жауапты лауазымдылары мен ғылыми дәрежесі барлары да болды. Бұл жағдай белгілі пән мен тақырып аясында шектеліп қалған жалпы қоғамдық саяси өрісі кемдерге өмір сүру мен абырой алу мәнсіз болатынын байқатпай қоймайды. Қай мамандықтың адамы болса да философия, тарих, қоғамтану, көркем әдебиеттің сырларынан теориялық білімдері берік болу инженер-техниктер мен барлық мамандық мұғалімдері үшін заңды мақсатқа айналу қажеттігін ұмытпаса болғаны.

Жәкең жас кезінде қазақ тілі мен әдебиетін ұнатқанын, әсіресе Құдайберген Жұбановтың орта мектепке арналған «Қазақ тілі» оқулығын, оның өте түсінікті әдіскерлікпен жазылғанын айтып отырып, Қ. Жұбановтың «халық жауы» деген атаққа тап болғанына өкінетін. Тарих пәнінен өзіне ұстаз санаған мұғалімі — бүгінде тоқсанға таянып отырған Шоқан Мырзағалиұлы Қаржауовты біздерге үлгі етіп жиі айтатын. Франциядағы Наполеон дәуірін, А. В. Суворовтың Альпі жорықтарын, Степан Разиннің Каспийді бойлап Иран барып, Астрахан — Орал сапарларын жасағанынан әңгіме айтып тұрып, «Шоқан ағай осылай ететін» деп, ұстазының кейбір қимылдарына шейін жасап тұрғаны көз алдымызда. Батыс Қазақстандағы XVII—XIX ғасырлардағы Әбілхайыр, Нұралы, Бөкей, Жәңгір хандар заманы мен Сырым-Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық қозғалыстарды жырдастандар үзінділерімен қызықтыра жеткізетін. Енді байқап отырсақ, кеңестік саясатта ұсақ ұлттар тарихынан әділ де еркін жазылған еңбектерді шеттетіп келген қанқұйлы қаулы-қарарлар «партия қателеспейдіге» сеніп қалғандардың бірі — Жәкеңдердің ұлттық патриоттығына үлкен тұсау болған екен. Аудандық басшы орындардың тапсырмасымен уәкілдік жұмыстарға да барып келіп, біздерге ел жағдайынан мазмұнды да мәнді әңгімелесу өткізеді. Мәжілістерде, мұғалімдер конференцияларында өзі сөз сұрап, көкейтесті мәселелерді батыл қойып, басқарушыларды сынға алатын, мұғалімдерге жанашырлық, жас мектеп басшыларына қамқорлық жасау керектігі туралы айтқан сөздері әлі де жадымыздан кете қойған жоқ. Жастарды спортқа баулуда да ол кісінің үлгі көрсете білгені мол. Сол күнде отыздың ішіндегі ағайымыз мектепте «городки», волейбол, биллиардпен айналысуға жалықпайтын. Шахмат ойынын өзінен үйреніп, өзі-

мен талай ойнадық, кейде үйіңе алып кетіп ойнап, біздерді қонақ етіп жіберетіні бөлек әңгімеге тұрады.

Сарайшық мектебінен кейін Жәкең Махамбет ауданы орталығында мектеп-интернатты, Сарытоғай орта мектебін басқарды, «Халық ағарту ісінің үздігі» атанды. Денсаулығы күрт төмендеп, елуден аса бере дүние салды. Өз тәжірибесі мен батыл ойларын қағазға түсіруге денсаулығы көтермегенін білеміз. Ең соңғы кездесуімде, 1965 жылдың жазында, осы жайлардың өзін толқытып жүргенін айтқан еді. Оның шәкірттері, біздер, ұстазымызбен сәлемдесіп, ақылдасып отырудан жалыққан емеспіз, өзі де кездесуге асығып отыратын. Өмірден ерте кетіп, көп мақсаттарына жете алмағаны өкінішті. Зайыбы Тәнзила апай да дүниеден өтті.

Жәкеңнің еңбегі жазылмағанмен, оның жарқын бейнесі кәнігі педагог-тәлімгер, қоғамшыл азамат, талантты мұғалім ретінде шәкірттерінің жүрегінде қалды. Ол берген білім мен өнеге халыққа қызмет етудің таза үлгісі екеніне куәміз. Өз кезіндегі білімді А. С. Макаренко типтес патриот оқытушылар халық ағарту ісінің сенімді тірегі десек, Жаролла ағайымыз еріксіз еске түседі».

Атырау өлкесінің білім тарихындағы бұрынғы Теңіз ауданы, қазіргі Құрманғазы ауданының алатын орны ерекше.

Болыстың білім беру бөлімінің алғашқы меңгерушісі болып, жерлесіміз, теңіз топырағының түлегі, іскер ұымдастырушы, білікті ұстаз *Анна Михайловна Юнищкая*, мүшелері *Анатолий Дмитриевич Пилец*, *Александр Дмитриевич Вдовов*, хатшысы *Евстегний Ефимовтар* жұмыс жасады. Олар заманның қиындығына, аудандардың тұрмыс жағдайларының ауырлығына, мектеп үйлерінің жабдықталуының нашарлығына қарамастан, өнімді еңбек етті. Білімдері мен күш-жігерлерін аяған жоқ. Күні-түні қажымай-талмай, ізденіспен қызметтенді.

1918 жылы мектептерге 5 пен 8 жас аралығындағы 1307, 8 пен 17 жас аралығындағы 2141 бала оқуға тартылды. Оларға 134 мұғалім ұстаздық етті.

Қеңес үкіметі халық ағарту саласына елеулі өзгеріс, жаңалықтар алып келді. 1930 жылдардан бастап екі сатылы бастауыш мектептер көптеп ашыла бастады. Осы жылы ауданда 91 мектеп болды, оның 89-ы бірінші сатылы бастауыш мектеп еді, онда 9511 бала оқып, оған 134 мұғалім дәріс берді, олардың көпшілігі орталау білімді ұстаздар болатын.

Солардың ішінде ұлағатты ұстаз атанған, халқының құрметі мен сеніміне ие болған терең білімді, халық ағарту саласында ұзақ жылдар мінсіз қызмет етіп, елеулі еңбек сіңірген, артында өшпес із, өзі тәрбиелеген ұрпақтарының мәңгі жадында ұсталатын, абырой-атағы биік, Ленин орденінің иегері *Ғалиден Қазыбековтың* есімін мақтанышпен атауға болады. Ол ауданымыздың бірнеше елді-мекендерінде алғашқы мектептер ашып, басшылық жасады.

Сонымен қатар белгілі ұстаздар Шаймардан Сатеков, Әлжуаз Сатеков, Шани Жоланов, Қ. Әлімжанов, А. Мырзағалиев тағы басқалары сонау қиын-қыстау жылдары ауқымды жұмыстар атқарды. Бұл жаны жайсаң азаматтар шаршау-шалдығу дегенді білген жоқ. Тұрмыс жағдайлары ауыр бола тұрса да ұрпақ қамы үшін сергектікпен, ізденіспен еңбек етті. Мысалы, Шаймардан Сатеков өте қабілетті, ел арасында беделді азамат болатын. Ол 1912 жылы Нұржау өңіріндегі тұрғындар арасында үгіт-насихат жүргізіп, қаржы жинауды ұйымдастыру арқылы «Бедр» аралынан мектеп үйін салғызып, балаларды оқуға тартты. «Мұғалім әуені», «Мұғалім сәні» деген оқулықтарды алдырып, оқу құралдарын іздеп тауып, үлкендерді де сауаттандыруды қоса жүргізді. Бұл мектеп осы кісінің қолдауымен «Шемеген» аралына көшіріліп, 1920 жылдары бастауыш мектепке айналды. Атағы республикаға белгілі үлкен өнер иесі, ағартушы, бұлбұл көмей әнші әрі домбырашы, талантты композитор *Смағұл Көшекбаев* 1922—1930 жылдар аралығында ауданымыздың бірқатар мектептерінде жұмыс жасады. Бұл азамат балалармен қатар үлкендерді сауаттандыруға елеулі еңбек сіңірді. Ол «сегіз қырлы, бір сырлы» ұстаз еді. Өте білімді әрі орыс тілін жетік меңгерген, айтулы өнерпаз Смағұл жастарға саналы білім берумен қатар түрлі көркемөнерпаздар үйірмесін ашты. Қазақтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін қалыпқа келтіруге, дамытуға ерекше көңіл бөлді. Балаларды өнерді қастерлеп сүйуге дағдыландырып, әншілік, бишілік, домбырашылыққа үйретті. Ауданда алғашқы рет театр өнерінің қалыптасуына негіз салды. Композитор сол кездің өзінде-ақ бірнеше әндер шығарып, драмалық шығармаларды сахнаға қойды. Сөйтіп, ол өз шәкірттерінің ең сүйіктісі атанды.

Бұл кезеңдерде аудандық білім беру бөліміне кейіннен мемлекет пен үкімет қайраткері дәрежесіне дейін жеткен Нұғман Манаев, және Мутиголла Насиев, Қабдол

Айтбаев, Атамбек Мусин сияқты ардагер ұстаздар басшылық жасады. Олардың халық ағарту саласын дамытудағы өлшеусіз еңбегі, тұрғындар арасындағы үлкен беделі әрқашан ұмытылмайды.

Телячий мектебінің өсу, өрлеу жолында халық құрметіне ие болған таңдаулы мұғалімдер ұжымының ынтымағы мен бірлігін жарастыра білген жетекші-басшылары да көптеп саналады. Солардың қатарында мектеп директорлары болған *Махмұд Қожахметов, Сираж Сүлейменов, Шора Қаратаев, Мармура Байғазиева, Әміржан Сарсенов, Зинаида Константиновна Зайтова, Кәрім Болатов, Аман Тачеев, Ғалымжан Мұсағалиев, Бақытбек Омарғалиев, Кәрім Шайхимов, Жаннат Мырзағалиева*, ұстаздық еткен *Фазыл Байғазиев, Құбайдолла Әбілғазиев, Күлпан Сүлейменова, Жұмақыз Әбілхайырова, Мағрипа Өтеғалиева, Ізмаған Малдыбаев, Парух Шаменова, Ержан Рахметқалиев* тағы басқаларын атауға болады.

Аудандағы білім ордаларының ішінде іргелі қарашаңырақ — Абай атындағы қазақ орта мектебі болып есептеледі.

Бұл зиялы оқу орнында Бөкей губерниясы уезінің комитет мүшесі, сонынан төрағасы, бұдан кейін Қазақ АССР Орталық атқару комитетінің төрағасы, Қазақ АССР-інің оқу-ағарту халық комиссары болған Сейтқали Мендешов, Бөкей губерниясы Теңіз уезін басқарған *Нұғыман Манаев*, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, қос Ленин орденді *Хамидолла Нәубетов*, әнші-композитор *Смағұл Көшекбаев*, Ленин орденді *Ғалиден Қазбеков* сияқты ұлағатты ұстаздар жұмыс жасады.

Мектепті 1895—1930 жылдар аралығында *К. П. Пирожков, П. П. Емельянов, Е. Е. Ефимов, Алпан Құдайберген* сияқты білімді, өз ісінің шеберлері басқарды. Заманның жоқшылығына, адамдар тұрмысының төмендігіне, сана-сезімдерінің өте таяздылығына, сырттан берілетін көмектің жоқтығына қарамастан олар адалдық пен асқан жаңашырлықпен, қиындыққа қаймықпай білім ошағының жақсара түсуі үшін аянбай тер төкті. Сонымен бірге әр жылдарда *Әйтемов Әбдірахман, Насенов Мұтиғы, Изжанов Хамит, Қасымов Әндіржан, Әлжанов Ғайнеден, Қабылов Рахат*, тағы басқа да беделді ұстаздар директорлық міндет атқарып, сүбелі үлес қосты.

Мектепке «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері Ерік Мұғаев 10 жыл бойына жетекшілік жасады.

СССР Халық ағарту ісінің үздігі Тағанқожа Өтегенов басқарған бесжылдықта мектеп ұжымы бұрынғыдан да гөрі биік белестерден көріне бастады. Белгілі ұстаздар Александр Лұқпанов, Мәди Рахматуллин тұстарында да ілгерілеушілік байқалды.

Қазіргі мектеп директоры Ғибатолла Қайырмаденов те біркелкі іскерлік танытып отыр.

Аудан орталығындағы Ломоносов атындағы орта мектеп 1938 жылдан бастап, онжылдық білім беру бағытында жұмыс жасайды. Бұл мектептің педагогикалық ұжымы қай мезгілдері болмасын білікті, тәжірибелі және жаңашыл (мұғалімдердің) мамандардың ошағы болды. Есімдері елге танылған «Халық ағарту» саласының майталман шеберлері Дмитрий Григорьевич Зорин, Мария Ивановна Сосновская, Антонина Никифоровна Афанасьева, Салахиден Сарталиев, Махмұд Мұсағалиев, Қимат Бисенов, Семен Котельников, Михаил Константинович Ингамов, Жағыпар Шарипов, Иса Қараменов, Евгения Андреевна Панченко, Раиса Андрияновна Ухова сияқты ұстаздардың қалдырған ізі, сіңірген жемісті еңбектері айтарлықтай.

Аудандағы ең байырғы оқу орындарының бірі — Ленин атындағы қазақ орта мектебі. XX ғасырдың бас кезінде өз алдына отау тіккен бұл мектептің қалыптасу, даму, өрлеу жолдарының тарихы шежіреге толы. Алғашқыда 2-сыныпты, одан соң төртжылдық, жетіжылдық, кейіннен орта мектеп болып құрылған білім ордасында Шаймардан Сатеков, Насыр Баешов, Қалиық Байбейітов, Эдмужаз Сатеков, Мути Рахметоллаев сияқты аудан халық ағарту саласының тұңғыш қарлығаштары, сауатсыз елдің еңсесін көтерудің шебер ұйымдастырушылары белсенді еңбек етті.

Бұл мектепті ширек ғасыр бойына, «Еңбек Қызыл ту» орденінің иегері, Қазақстан және одақтық халық ағарту ісінің үздігі Бактығұл Құспанов басқарды. Іскер әрі талантты ұйымдастырушының тындырымды жұмысының нәтижесінде мектеп үлгілі педагогикалық ұжымдардың қатарында болды. Б. Құспанов адамгершілігі мол, өз елінің қамқоршысы атанған, үлкен ақыл-ойдың иесі болған арлы да абыройлы азамат еді. Осы мектепте еңбек еткен Сабыр Әжіханов, Ғимыран Мұсағалиев, Ғадылбек Нұртазин, Ғалым Сағындықов, Ғазиз Боханова, Қәкімжан

Ізтелеуов, Мәдениет Дүйгенов, Роза Қазиева, Камила Хауменова, тағы басқа тәжірибелі ұстаздардың есімдері құрметпен аталады.

Қазір мектеп директоры, Қазақстан Республикасы Халық ағарту ісінің үздігі, тәжірибелі ұстаз Жібек Қисымқызы айтарлықтай ізденіс, шебер ұйымдастырушы, білгір маман ретінде танылып отыр.

Ғасырға жуық тарихы бар Ф. Энгельс атындағы орта мектептің алатын орны бір бөлек. Оның алғашқы ұйымдастырушылары А. М. Юницкая, Е. Е. Ефимов сияқты ұстаздар болды.

Мектепте еңбек еткен Жұпарғалиев Төлеген, Панченко О. Е., Ленская К. М., Ахметқалиев М., Оқаев Қ., Иманов Г., Мұқышев С., Мұсағалиев Н., Мылина А. Я., Сатылғанов М., Шамшеденов Ж., Гапуов Г., тағы басқа өз ісінің шебері атанған мұғалімдерді көпшілік жақсы біледі.

Сафон орта мектебінде есімі бүкіл Республикаға әйгілі, мемлекет қайраткері Саттар Имашев тәрбиеленді. Сондай-ақ осы мектепті үздік бітіріп, тұңғыш рет жоғары оқу орнына емтихансыз түсуге жолдама алған, айтулы ұстаз Ғимыран Мырзағалиевты білмейтіндер кемдекем шығар.

Өзінің сан жылдарғы тарихында бұл өнегелі оқу орнын мындаған түлектер ойдағыдай бітіріп шықты. Солардың ішінде профессор, Қазақстан Республикасының сенаторы Төлеуіш Пауеденұлы Серіков, елші Қайрат Исакұлов, Ресей елінің министрі Владимир Зимухов, дәрігер-хирург Александр Богатов, белгілі ұстаздар Ю. А. Степанов, Ю. В. Панченко, «Еңбек Қызыл Ту» орденді В. А. Шевелев тағы басқалары мектеп даңқын асырып отыр. Ф. Энгельс атындағы орта мектептің педагогикалық ұжымы бұл күнде қол жеткен жетістіктерін одан әрі жалғастыра түсуде.

Азғыр өңірінде тұңғыш мектептер 1928 жылдан бастап ашылды. Оның алғашқы ұйымдастырушылары Айдош Айдаралиев, Құмар Мұқашев, Ахмет Сейтеков, Жәбел Синегалиев сияқты ел арасында үлкен беделі бар ұстаздар болды. Сүйіндік, Лабай елді мекендерінде алғашқы бастауыш білім ошақтары 1927 жылы шаңырақ көтерді. Тұрғындар өте батырыңқы орналасты, соған қарамастан балаларды бір орталыққа жинақтап, оқыту ісі ойдағыдай жүргізілді. Аманша Жұмабаев, Тұңғатар Сапуов, Шаки Бексейітов, Бисенғали Наурызбаев тағы бас-

қа да арлы азаматтар заман қиындығына қарамастан елді сауаттандыруда аянбай тер төкті. Бұл белгілі ұстаздар осы өңірдегі білім орындарының ірге тасын қалап, берік негізін салудың ұйымдастырушылары еді. Сондай-ақ мұғалімдер Зинет Молдахметов, Бақыт Мажитов, Халиса Нұрмаханова, Мадина Сапаровалар бейнетті өмірдің ауырлығына қарамастан жас шәкірттерді білім нәрімен сусындатуда қажырлы еңбек етті.

Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында да мектептер бұрынғы қалпында жұмыс істеді.

Бұдан кейінгі кезеңдерде Балқұдық, Сүйіндік селоларында жетіжылдық, одан кейін онжылдық мектептер ашылды. Сөйтіп, бұлардағы оқу-тәрбие жұмысының сапасы артты. Оқушылар саны көбейді. Мұғалімдердің білім дәрежесі жақсарды.

Осы жылдары Жәбел Сисеналиев, Өтеміс Орынғалиев, Қабден Төлегенов, Сүлеймен Бисенғалиев сияқты ұлағатты ұстаздар Балқұдық, Сүйіндік орта мектептеріне басшылық жасап, білім сапасын жақсартуда елеулі үлес қосты. Бұл өңірдің халық ағарту саласын дамытуға ерекше еңбек сіңірген, ел құрметіне бөленген абзал жандары аз емес. Солардың ішінде Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мұғалім Софья Айтмағанбетова, белгілі ұстаздар Әбілқасым Абсатыров, Халық Шотанова, Нұрболат Айтжанов, Ғайнеден Керешовтердің жас шәкірттерді тәрбиелеудегі жарқын істері көпке үлгі боларлықтай.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жарты ғасыр мерзім ішінде ауданның халық ағарту саласын дамытуда аянбай тер төккен, білімі мен күш-жігерін ұрпақ қамы үшін сарқа жұмсаған, бала жанын ұғудағы жан сезімдері әрбір шәкірттің жүрегіне нұр болып аялаған ардақты ұстаздарымыз ел мақтанышы, қоғам тірегі, бейнеті мен зейнеті зор мамандықтың нағыз шеберлері болып табылады.

Осы мерзімнің әр жылдарында аудандық білім беру бөлімін басқарған Зейнеп Шоқанова, Әбдірахман Әбішев, Меллят Сабыров, Махмұд Бисұлтанов, Жәлел Ниғыметов, Қабдығали Қазиев, Сұлтан Мажитов, Тағанқожа Өтегенов, Ләйла Мусина, Александр Лұқпанов, Мұрат Бисенғалиев сияқты қабілетті де білікті азаматтардың айтарлықтай еңбегі болды. «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегерлері Бақтығұл Құспанов, Зұлхарат Жәнібекова, Ерік Мұғаев, Зейнепғабды Қабдырахманов, «Даңқ» ор-

денінің иегерлері Асылбек Сариев, Александр Лұқпанов, Сахыш Жамалиденова, Ләззат Уахитова, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалінің иегерлері Валентина Панченко, Жағыпар Шәріпов, Зоя Кенжеғалиева сынды ұлағатты ұстаздар қалың жұртшылықтың құрметіне ие болды.

Ерекше дарындылық, іскерлік таныта білген ұстаздар Төлешқали Ғабдолов, София Айтмағанбетова, Евгения Андреевна Антонова, Нина Алексеевна Солодовникова-ларға «Қазақстан Республикасына Еңбегі сіңген мұғалімі» деген ең жоғары атақ берілді. Бұрынғы Одақ заманында Бақтығұл Құспанов, Тағанқожа Өтегенов, Настя Гумарова, Жәлел Ниғыметов, Жағыпар Шәріпов, Қажеден Батырбаев сияқты айтулы ұстаздар «СССР Халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталды.

Бұл сол жылдардағы халық ағарту саласы қызметкерлеріне берілетін ең жоғарғы баға мен ел сенімі болатын. Аудандық білім беру жүйесінің тарихында әркімнің өзіндік үлесі, алатын орны бар 1950 жылдардың орта шенінен бастап осы салада жемісті еңбек етіп келе жатқан, қазір дербес зейнеткер, күні бүгінге дейін жұмыс сапындағы, Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің үздігі, аудан мұғалімдерінің көшбасшысы болып жүрген Тағанқожа Өтегенов ерекше дараланып, құрмет несі, атанған білікті әрі білімді ұстаз. Ол өмірде өте қарапайым, кішіпейіл, көпшіл, сыпайы мінезді, көргені көп, көкірегіне түйгені, оқығаны мол шежіре жан.

Іскерлік қабілеті зор, әділетті қақ жарған, өзінің қамынан гөрі өзгенің қамын ойлайтын, талап қойғыш, жауапкершілікті терең сезінетін азамат Т. Өтегенов К. Маркс, Абай атындағы орта мектептерде, Ганюшкин мектеп-интернатында директор міндетін атқарған ұзақ мерзімдерде, аудандық білім беру бөлімін басқарған 6 жылда халық ағарту саласының өркендеуіне шығармашылықпен елеулі үлес қосты.

Аудандық оқу бөлімінің тарихында белгілі ұстаздар К. Шайхымов, И. Қараменов, Е. Н. Ухова, Р. Торғаева, Х. Ингамова, М. Испуллаев, С. Ұзақов, М. Бақтыгереев, М. Рахметуллин, Ш. Жәлелов, А. Мұсағалиева, Л. Төлеуова, Н. Құрманғалиев, Т. Жұмағалиев, З. Садиров, С. Оңғалиева, С. Қадырова, Қ. Дауымов тағы басқалардың елеулі үлестері, айтарлықтай өнегелі істері бар.

Қазан төңкерісінен бұрын Мақат ауданының жері (халқы) Гурьев уезіне қарайтын. Уездік жерінің көлемі 1700 шаршы километр, тек 20 мың халқы болған.

Мақат ауданының жеріндегі Ракуш поселкесінде бір орыс-қырғыз мектебінде 40 бала оқыған, ол 1916 жылы ашылған еді. Ол мектептің тұңғыш мұғалімінің бірі Жоламанов Дүйсенғали кейінде Ленин орденімен марапатталып, «Республиканың Халық ағарту ісіне еңбегі сіңген мұғалімі» атағына ие болды.

1920—1921 жылдарда Мақат, Доссор өндіріс поселкелерінде бастауыш кластар ашыла бастаған. Мақат мектебінде Әбіш Мырзағалиев, орыс кластарына Новикова ұстаздық еткен. Қазақтың екі класында 28, ал орысша оқытатын 2 класта 22 бала оқыған. Көшіп-қонып жүрген, мал бағумен күнелткен қазақтарда сауатты адам болмаған десе болады. Доссор, Мақат поселкелерінде 1923 жылы сауатсыздықты жоюға арналған екі шағын үйірме реті ашылған. Жалпы сауатсыздықты жою шаралары осылай басталған.

Бұрында білімнен, мәдениеттен құр қалған аудан еңбекшілерінің қарауында қазір кәсіптік-техникалық училище, 300 орындық мектеп-интернаты, музыкалық, спорт, оқу-өндіріс комбинаты, жалпы білім беретін 13 қазақ-орыс мектептерінде 6,5 мың бала дәріс (білім, тәрбие) алып жатыр. Аудан көлемінде балаларға (жастарға) сапалы білім беруде Ұлы Отан соғысына дейін, одан кейінгі кездерде қажырлы еңбектенген ұстаздар да аз емес, Республикаға еңбегі сіңген мұғалімдер Санбаев Х., Сарғұнанов О., Канатбаев Б., жастарға білім, тәрбие берді. Ауданда халық ағарту ісіне айтарлықтай еңбек сіңірген Құсайынов Н., Көшербаев М., Кериков К., Жанасов А., Дүйсешев С., Бисенов С., Кейкешов Қ., Ерғалиева Д., Исатаев З., Ғабдуллин Н., Т. Бектүрліева, Кейкешов Д., Үмбетова Р., Таженова Ә., Жиенғазиев С., Сейітқалиев М., Н. В. Чигрина т. б. есімдері аудан жұртшылығына кеңінен таныс.

Батыс Қазақстанда ХХ ғасырдың I жартысында мектеп ісінің дамуына Қазақ ССР-не Еңбек сіңірген мұғалім *Хамза Санбаев* зор үлес қосты. Хамза Санбаев 21 жасында 1915 жылы Ж. Тілепбергенов ұйымдастырған орыс мектебінде 5 жыл оқып, одан кейін 6 айлық мұғалімдер даярлайтын курсты бітіреді. Сөйтіп, алғашқы еңбек жолын Ойыл ауданындағы мектептердің бірінде мұғалім болып бастаған ол, кейін 9 жыл бойы сол мектепте директор болып қызмет жасайды. Атырау өлкесінің халық ағарту саласына үлкен үлес қосқан ардагер ұстаз 1930 жылдан бастап 1960 жылдың тамызына дейін Мақат по-

селкесіндегі орта мектепті басқарды. Білім беру саласындағы қалтқысыз еңбегі үшін Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталады. 1995 жылы Мақаттағы орта мектепке Х. Санбаев есімі берілді.

Өзінің бүкіл саналы өмірін ұрпақ тәрбиесіне арнаған марқұм ағамыз *Н. Құсайыновтың* еңбек жолы бүгінгі жас ұрпаққа өнеге.

Отанға қауіп төнген кезде басын оққа тігіп, екі бірдей соғысқа қатысқан Нұрекең білім майданында да еселі еңбек еткен, мінез-құлқы шуақты, үлкен жүректі азамат еді.

Құсайынов Нұр 1913 жылы Гурьев облысының Индер ауданында туған.

1932 жылы Семей педагогикалық институтын, Ленинградтағы әскери саяси училищесін 1941 жылы бітірген. Солтүстік батыс майданда ротаның саяси жетекшісі, 22-ші армияның саяси бөлімінің нұсқаушысы, 85-ші пантонды-көпір батальоны командирінің саяси жұмыс жөніндегі орынбасары болған. Генерал Панфилов дивизиясы құрамындағы 19-шы полкында болып, пулеметшілер ротасына жетекшілік жасады. Осында кеудесіне оқ тиіп, ауыр жараланса да, майдан даласын тастаған жоқ. Сауығып шыққан соң үшінші атқыштар батальоны командирінің орынбасары ретінде соғысқа кірді. Сонда оған Гвардия капитаны атағы берілді. Алайда, жау оғынан тағы ауыр жарақат алып, елге оралды. Екі Отан соғысы ордені, көптеген жауынгерлік медальдармен марапатталды. 1950 жылы Алматыдағы жоғары партия мектебін бітірген Нұрекең халық ағарту саласында 40 жылдан астам еңбек етті. 1964—1974 жылдары Доссор мектеп-интернатының директоры болып қызмет етті. Ұзақ жылғы жемісті еңбегін бағалап ұстазға «Құрмет белгісі» ордені, «Қазақ ССР» және «СССР халық ағарту қызметі озаты» құрметті атағы берілді.

Қанатбаев Бержан Үсенұлы — 1918 жылы Гурьев облысының Мақат ауданында туған. Доссор тұрғыны. 1935 жылы Доссордағы ФЗС-тің II басқышын бітіріп, 1937 жылы Оралдың 2 жылдық мұғалімдік институтын аяқтап, Қазталовқада физика және математикадан сабақ берді. 1958 жылы Пятигорскіде сырттай оқып, жоғарғы дәрежелі білім алды.

1938 жылдан 1988 жылға дейін Мақат ауданында оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры болды.

1939 жылы армия қатарына алынып, одан Ұлы Отан

соғысына қатысып, жараланып елге оралғаннан кейінгі жылдары 1978 жылы демалысқа шыққанға дейін де, шыққаннан кейін тағы 10 жыл ұстаздық етті.

Алуан түрлі медальдармен марапатталып, «ҚазССР-нің үздік мұғалімі» төс белгісін тағып, 1966 жылы «Еңбегі сіңген мұғалім» атағын алды.

Ерінбей еңбек еткен, балаға да, ұстазға да үйретуден жалықпаған, жаудың салған жарақатына да мойынсынбай талай үйдің ерке-тентегін тезге салған, асығыс кететін албырт жас ұстаздарға ақылмен ауыздық салатын Бержан іспеттес еңселі аға ұстаздардың есімі халық арасында ұмытылмақ емес.

Қазіргі кезде әкімшілік территориялық өзгерістерге байланысты Атырау қаласының құрамына кірген Балықшы ауданындағы мектептерде көптеген тамаша ұстаздар еңбек етті, қазірде олардың ізбасарлары оқушыларға сапалы білім беріп келеді. Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген мұғалімдер А. М. Пустобаев, Ғ. Жексемалиев, Е. А. Рязанова, орденді мұғалімдер Е. А. Насенкова, Ұ. Есмағамбетова, Т. И. Слепнева, С. Оразалин, оқу үздіктері Қ. Нұрмағамбетов, Р. Хабилов, А. Дүйсешев, Т. Тілеумұқанов, М. Өтепов, Қ. Саржанова, Абдрахова М., Уәлиева Ж., Нұрғазиев Б., Мұқамбетқалиева Қ., Салықова А., Қайырова М., Шапауов М., Қарабалина А., Өтемқалиева М., Қашауова Л., Телеубаев М., Сағызбаева К., Қызылова Д., Жұмағазиев Т. С., Марданов Х., Машаев Х., Хабилов Т., Ковалева Л. И., Буданова С., Ахмедияров О., Сапанов Л., Сапанов С., т. б. көптеген мектеп басшылары мен мұғалімдер халық сүйіспеншілігіне бөленген ұстаздар. Солардың бірі — *Жұмағазиев Тынышбай Сәуленұлы* 1943 жылы Атырау облысы, Балықшы ауданының «Томарлы» селосында туған. Еңбек жолын 1962 жылы бастауыш кластың мұғалімдігінен бастаған.

1973 жылы Атырау пединститутының филология факультетін орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіргеннен кейін, 1975 жылға дейін Қ. Смағұлов атындағы орта мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, интернат меңгерушісі қызметтерін атқарған.

1975—1980 жылдары Б. Нысанбаев атындағы орта мектептің директоры, 1980—1986 жылдары облыстық білім департаменті бастығының орынбасары қызметтерін атқарды.

1986 жылы қайтадан Б. Нысанбаев атындағы орта мектептің директоры, 1987 жылдан өмірінің соңына дейін

(1998 жылдың наурызына дейін) К. Сәтбаев атындағы орта мектептің директоры болып істеді.

«Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен, Қазақстан Республикасы білім министрлігінің Құрмет грамотасымен, Ы. Алтынсарин атындағы медальмен марапатталған. III бүкілодақтық мұғалімдер съезінің делегаты, Придорожный селолық, Балықшы аудандық кеңестерінің депутаты болды.

Жұмағазиев Т. өзіндік мынадай ерекшеліктерімен құрметке бөленген: біріншіден, іскер ұйымдастырушы, ұжымды көздеген мақсатты жүзеге асыру жолында жұмылдыра білетін басшы; екіншіден, жаңашыл, жаңа бастамаларды алдымен өзі зерттеп, одан соң бүкіл ұжым мүшелерін түгел соған жұмылдыра білетін, ірі педагогтардың Ильин, Амоняшвили т. б. әдістері осы мектепте алғаш жүзеге асырылғаны соған дәлел; үшіншіден, іскер, тәжірибелі мұғалімдерді еңбегіне қарай бағалай біледі. Жас ұстаздарды соларға ілесуге үнемі ынталандырады. Оның айғағы: 9 мұғалімнің жоғарғы категориялы, 17 мұғалімнің I категориялы ұстаз болуы т. б.

Мектеп 1996 жылдан бастап білім берудің жаңа бағдарламасын ұстады. Гимназиялық кластар ұйымдастырылды. 1996 жылы Сорос — Қазақстан қорының сайысына қатысып, селолық мектептер арасында I орынды жеңіп алды.

Өлкемізде кәсіптік-техникалық училищелер жүйесі де жақсы дамыған. Оның үстіндегі оқу орындарында жыл сайын бірнеше мың жасөспірімдер мен қыздар жұмысшы мамандығын алып, шаруашылыққа араласып келеді. Мамандар дайындауға кәсіптік-техникалық мектептердің мұғалімдері Ленин орденді Төлеу Жандауов, Қазақ ССР-не еңбегі сіңген мұғалімдер А. Сапаров, Л. С. Арзамазцева т. б. үлкен үлес қосты.

Сапаров Аманғали Махамбет ауданының Бақсай (қазіргі Ақтоғай) ауылында колхозшы жанұясында 1935 жылы дүниеге келді. Орта мектептен кейін Атырау пединститутының физика-математика бөлімін 1960 жылы тәмәмдап, 1979 жылы Атырау политехникумының техника-құрылысшы бөлімінде сырттай оқыды.

Алғаш Атырау ауылшаруашылық техникумында мұғалім, ал 1961—1964 жылдары Атырау пединститутында аға лаборант, кейін физика кафедрасының оқытушысы болды.

1964—1968 жылдары № 4 кәсіптік-техникалық учили-

ще директорының орынбасары, 1975 жылы № 3 КТУ директоры міндеті жүктелді. 1975—1980 жылдары Атырау қалалық Советінің атқару комитетінің хатшысы т. б. жауапты жұмыстарды білгірлікпен атқарды. 1991 жылы «Қазақ республикасының еңбегі сіңген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағы берілді. Атырау облыстық мәслихатының депутаты боп сайланды.

Асанғали Сапаровтың еңбек жолы өнеге-ғибратқа толы. Қай жұмысты атқаруда да зерделі ұйымдастырушылық қабілетімен танылған, аса іскер, ізденімпаз жан. Асан кіріскен әр қадам кеңістікке жол тартатын. Ол өзін үнемі үйренуші шәкірттейін сезіне жүріп, ал үйретуге келгенде, өзін білгір ұстаз биігінен байқататын. Әр уақыт ісі оңға басып, ауыз тұтырлық табыстарға қолы жетіп отырды. Бұл — тынымсыз еңбек, төгілген мандай тер, алға жетелеген табыс көзі.

Ол сөйлеген сөзінде: Біздің ең басты мақсатымыз — оқу-тәрбие жұмысын биік сатыға көтеру, жоғары білікті кадрлар дайындау. Осы үшін де ұжым мүшелерін, оқушыларымызды әлеуметтік қорғау үшін аса қажырлы қарқын керек, — дейді.

Асанғали Сапаровтың «Нарық және кәсіптік-техникалық мектеп өмірі (училище өмірі)» іс-тәжірибесі Атырау қаласы бойынша бай материал, орасан көрнекілік арқылы таратылды.

Ақылмен ойластырылған жұмыс саласындағы «Табыс алға ұмтылдырады» деген баспа бетіндегі талдаулары мемлекет беретін қаржыға аузын ашып, алақанын жайып отырушылықтың өресі өркендемейтіндігін үйірім-үйірім мысалдар келтіре отыра дәлелдеп, «Талап — талмас қанат» екендігіне бағышталатын күш-жігер делбесін ұсынады.

Осылайша ақыл мен қайрат, білгендігі мен біле түсуге деген ынта-жігер, өзі үйрене отыра үйретер табиғаты кейде шектеулі нұсқауларға бас бермей, алысқан күндері де болмай қойған жоқ. «Уақыт — сыншы», Кім — анық, кім — танық» екендігін өмір көрсете алды.

Еңбегінен ел құрметін көргісі келген әрбір адамның алдына тартатын арман желісі тек осындай-ақ болуы керек.

Облыс мектептеріндегі оқу-тәрбие жұмысын жетілдіруде, мұғалімдер мен тәрбиешілердің кәсіби шеберлігін арттыруда мұғалімдер білімін жетілдіру институты көп еңбек сіңірді. 1956 жылы институт басшылығына Ұлы

Отан соғысына қатысушы, Жамбыл атындағы орта мектептің директоры, облыстағы ең байырғы мектеп болып саналатын Қызыл үй мектебінің түлегі *Дүйсенғали Байбосынов* келген еді. Осы кезден бастап институт ұжымы облыс білім саласындағы небір жақсы бастамалардың ұйтқысы, бастаушысы, насихатшысы бола білді.

Сол кезде институттың кабинет меңгерушісі қызметіне өз мамандығы бойынша ұзақ жылдар бойы қызмет жасап, әбден ысылған, облыс мұғалімдеріне тәжірибесі арқылы танымал, оларды мамандығы бойынша үйрете, жетілдіре алатын мамандар ғана шақырылатын. Міне, осындай іріктеудің, саралаудың нәтижесінде мұғалімдер институтында өз ісінің шынайы шеберлері жұмыс істеуші еді. Атырау облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында ұзақ жылдар бойы еңбек еткен, байырғы ұстаз *Зұлхарнай Салықұлы Хұсниденовтің* өмір жолы айтылғандардың дәлелі бола алады. *Зұлхарнай Салықұлы* өзінің педагогикалық қызметін 1951 жылы Есбол ауданындағы Өрлік жетіжылдық мектебінде физика және математика пәндерінің мұғалімі болып бастаған еді. Математика және физика пәндері бойынша оқушыларға тиянақты білім берген жас ұстаз көп ұзамай мектептің оқу ісінің меңгерушілігіне жоғарлатылды. Осы кезде мектеп басшысы ретінде мұғалімдердің сабақтарына жүйелі қатыса отырып, олардың кәсіби шеберлігінің өсуіне тікелей ықпал еткенін көрген аудандық оқу бөлімі *Зұлхарнай Салықұлын* өзге мектептерді тексеру ісіне жиі араластыра бастайды. Ұстаздың 1955 жылдан 1967 жылға дейін Сартоғай орта мектебіндегі ұстаздық қызметі де өте жемісті болды. Бұл жылдары *Зұлхарнай Салықұлы* облыстық, республикалық педагогикалық оқуларға жиі қатысып, өзінің бай тәжірибесін әріптестерімен бөлісті. Оның оқушылары жыл сайын облыстық, республикалық пән олимпиадаларында жеңімпазы атанды. 1962 жылы ұстаз «Қазақ ССР-нің халық ағарту ісінің үздігі» атағына ие болды.

1963 жылы *Зұлхарнай Салықұлы* облыстың бір топ мұғалімдерінің құрамында Липецк қаласында болып, липецкілік мұғалімдердің тәжірибесімен танысады. Ол кезде липецкіліктер тәжірибесі бүкілодаққа белгілі болған уақыт еді. Липецкіден келгеннен кейін, *Зұлхарнай Бақсай* аудандық әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен, өзінің көрген-білгенін басқаларға үйрету мақсатында «мұғалімдер күнін», «оқу ісі меңгерушілері күнін»,

«директорлар күнін» өткізуге ат салысты. Бұл шараларда Зұлхарнайдың өзі математикадан ашық сабақтар өткізіп, тек липецкілік мұғалімдердің тәжірибесін ғана емес, сонымен қатар Москва, Ростов мектептері мұғалімдерінің тәжірибелерін де таратты. Зұлхарнайдың тәжірибесі 1964 жылы Ақтөбе қаласында өткен Батыс Қазақстан мұғалімдерінің I съезінде насихатталды.

Осы кезден бастап, мұғалімдер білімін жетілдіру институты жоспарлаған облыстық семинарларды өткізуге белсене араласқан Зұлхарнайды облыстық оқу бөлімі 1966 жылы Новосибирск қаласына бір айлық курсқа оқуға жібереді. 1967 жылы Зұлхарнай облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының физика және математика кабинетінің меңгерушісі болып тағайындалады. Зұлхарнай Салықұлының айтуынша, бұл кезде Қазақ ССР-не еңбегі сіңген мұғалімі Дүйсенғали Байбосынов басқаратын институт ұжымында үлкен өмір тәжірибесін жинақтаған, ұстаздық қызметтің қыр-сырын әбден жетік меңгерген талантты әдіскерлер қызмет істейтін.

Бұндай қызметкерлердің облыс мұғалімдеріне беретіні көп еді, сондықтан олар ұстаздар қауымы алдында өте беделді болды.

Бұл кез білім саласы қызметкерлеріне аса бір жауапкершілік жүктелген уақыт еді, өйткені 60-жылдардың аяғында барлық пәндер жаңа бағдарламалар мен жаңа оқулықтарға көшіріле бастаған болатын.

Бұл институт әдіскерлерінің көпшілігінің төмендегідей ортақ қасиеттері мен ерекшеліктері болды:

— Қай жерде болмасын, қандай іспен айналыспасын, олардың ең басты мүддесі — институттың мәртебесін жоғары ұстау;

— Барлық уақытта мұғалімдердің шын мәнісіндегі ақылшылары болуға тырысу (тергеуші болудың орнына);

— «Тапсырма берумен» шектелмей, кез келген жұмысты орындауға өздері көмектесіп отыру;

— Мектептер мен мұғалімдердің қызметіндегі жыл еткен тәуір жаңалықтарды «мысқалдап» жинап, оны көпшілік кәдесіне уақытында жеткізіп, таратып отыру;

— Кез келген дәрісханаларда хабарламалар, баяндамалар жасай білу, салиқалы ой толғау;

— Мектептер мен мұғалімдердің пайдалы да озат тәжірибелерін көре білу, нақтылай қорыту және ыждағатпен таратып отыру.

Осындай қызметкерлердің барлық мүмкіндіктерін игі

шараларға жұмылдыруға институт директоры Д. Байбосынов үлкен еңбек сіңірді. Ол кісі Министрліктен шығатын әртүрлі бұйрықтар мен нұсқауларды өте жетік білетін, бұл тұрғыда «анықтама» іспетті роль атқарушы еді.

Әдіскерлер Ж. Жангереев пен Ә. Мұсағалиев өз әріптестері арасында аса сауатты қызметкерлер ретінде ерекше көзге түсті. Олар кез келген педагогикалық тақырыпқа анықтама, баяндама, сөз даярлаудың шеберлері болатын.

Жайсаң Жангереев өлкеміздің білім саласының даму тарихын өте жақсы білетін, оны кез-келген ұжым алдында шебер насихаттайтын, Қим Надежда Константиновна химия пәнінен ашық сабақтар өткізу арқылы, мұғалімдер шеберлігін арттыруға зор үлес қосса, бұлармен қатар Жұмағазиев Демеш, Есмағамбетов Сағын, Сағындықов Ғалым, Естұрлин Садуақас, Хасанов Жәрдем, Обратнова Мария Васильевна, Вандышева Людмила Петровналар, кабинет меңгерушілері Макеев А., Кенжебаев Б. т. б. 15—20 жылдан мұғалімдер институтында қызмет істеп, өз мамандығының шеберлеріне айналған, өз ісіне шын берілген бүтін бір шоқ жұлдыздар іспетті мамандар еді.

Міне осындай мамандармен бірге өзі де ұзақ жылдар мұғалімдер білімін жетілдіру институтында жұмыс жасаған Зұлхарнай Салықұлы жиырма жылдың үстінде өзінің шеберлігін мұғалімдер қауымына үйретумен айналысты.

Сонымен бірге жоғарыда аты аталған *Қаражігітов Жапақ* туралы (қазірде дүниеден озды) айтуға тұрарлық еске алулар бар.

Жапақ Есқабылұлы 1917 жылы Оралдың Қаратөбе ауданындағы Батпақкөл аулында дүниеге келген. Еңбек жолын 16 жасында есепшінің көмекшісі болып бастауының өзі кейін математика пәнінің мұғалімдігіне бағыт алып, бет бұруына себеп болғандығы анық. Ал, 1934—1936 жылдары тау-кен және мұнай техникумында оқып жүріп, екі жыл Петровский зауытында жұмысшылар сауатын ашуға белсене араласуы Жәкеннің ұстаздыққа белді бекем бууына тағы бір себеп болды.

Оралдың А. С. Пушкин атындағы мұғалімдер институтын 1938 жылы бітіріп, бұрынғы Есбол (қазіргі Индер), бұрынғы Гурьев (қазіргі Атырау қаласында) математика пәнінен ұстаздық етті. Ел басына төнген қаһарлы кезеңде, 1942 жылы туған елін қорғауға майданға аттанып, одан 1946 жылы ғана елге оралды. Бірінші Беларусь

майданына қатысқан жауынгерлік жолы Берлин қаласында аяқталып, «Отан соғысының ІІ дәрежелі орденімен», бірнеше медальдармен марапатталды.

Өзінің таңдаған ұстаздық мамандығына қайта оралып, Еркінқала, Кеңөзек мектептеріндегі оқу-тәрбие жұмысының орынбасары болып қызмет атқарды. Одан кейін Гурьев педучилищесінде математика-физика пәнінен сабақ берді.

Осы кезде Жәкеннің алдынан дәріс алған студенттерінің бірі (қазірде Атыраудағы білім жетілдіру институтының майталман әдіскері) Мұқанбет Измұқанов былай деп еске алады: «Ол сабағына үнемі тиянақты дайындықпен келетін. Негізгі әдісі: әр істің байыбына барып, мазмұнын саналы ұғынып, ойша саралай білуге, ойлануға машықтандыру болатын. Жүзінде үнемі жылылық нұры төгіліп, көзі күлім қағып, сенің жан дүниене еркін еніп, ой-толғанысыңды жіті бақылап, зерттей үңілетін. Кейде өзін-өзі ұмытып, бізбен математика әлемінде қалықтайтындай әсерде келетін.

Жәкең сол күннің өзінде-ақ мектептің, училищенің мұғалімдер тынысын жақсы біліп, әдістемелік көмек көрсетуге дайын тұратын.

1956 жылдан бастап облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының математика-физика кабинетінің меңгерушісі болып, осы салада 20 жыл еңбек еткен шебер ұстаз тек жоғарғы сынып мұғалімдерімен ғана емес, бастауыштағы мұғалімдердің де оқыту әдістері жетілдіре түсуіне айтарлықтай ықпалды үйретуші болды. 60-жылдың аяғы, 70-жылдардың басында бастауыштағы оқу жүйесін үш жылдыққа көшірер кезде, 10 күндік білім жетілдіру курстарын өткізуге белсене араласты. 70 жасына дейін талмай еңбек етті». Жәкенді әріптестері ерекше сыйлайтын, көз көрген қатарлары, шәкірттері жадынан шығармай, өте-мөте ризашылық ниеттерін арнай отырудан танбайды.

О баста шәкірті, кейін ұзақ жылдар қызметтес әріптестері Зұлхарнай Салықұлы мен Хафиз Әбуұлы мынандай өлең шумақтарын арнаған екен:

Әулие дерлік жансың аңқылдаған,
Мінезің алдаспандай жарқылдаған.
Шындықтың тұлпарына мініп алып,
Қырандай кейде самғап санқылдаған.

Математика деген дариядан,
Артында із мол қалған.

Шәкірттерің Ньютонның,
Бином коэффициенттеріңше таралған.
Шәкірттеріңнің өзін туралы,
Пікірлері бар шуақты,
Үшбұрыштарда болатын.
Үш тамаша нүкте сияқты.
Сөздеріңді бір бұрышты қақ жарған,
«Биссектриса» деп те кейде таңқалам,
Бұл тартпас, бұл тақтамас мінезінді,
Пифагор заңына дәл ұқсата алам.

Осыншалықты қадір-қасиеті «ҚазССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» өңірлік белгісімен, ҚазССР оқу министрлігі, оқу-ағарту, жоғарғы мектеп және ғылыми мекемелер мен республикалық кәсіподағының Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Жәкең жанұясында алты ұл мен қыз өсіріп, олардың жоғарғы білімді азамат болып өсулеріне әкелік қамқорлығын аямады.

Ұстаздық ұлағаттан тәлім алған қызы Мария Алматыдағы шет тілдер институтын бітіріп, Атырау қаласының білім саласында елеулі еңбек етті. Соңғы жылдары Теңізшевройл қазақ-американ біріккен кәсіпорнында аға басқарушы менеджер болып қызмет істей отырып, облыс мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға өлшеусіз үлес қосуда, облыстың Атырау қаласы мен Жылыой ауданы мектептерінің бірсыпырасы жаңа компьютер кластарымен қамтамасыз етілді.

Келіні Тамара Анатольевна да облыста беделді, үздік озат ұстаз-математик.

Мұғалімдерге арнап бірнеше әдістемелік көмекші құрал дайындаған білім жетілдіру институтының тұрақты лекторы. Республикалық шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдердің 1, 2-слетінің делегаты.

Сабақтасқан осындай математиктер әулетіндегі Жәкеңнің қарындасы туралы айтудың өзіндік орны бар.

Қаражгітова Халила Есқабылқызы 1926 жылы қаңтардың бірінде Оралдың Қаратөбе ауданында дүниеге келді.

Әкесі майданға аттанғаннан кейінгі өмірі ана қамқорлығына бөленіп, 16 жасынан ұстаздық жолға түсті.

1946—1948 жылдары Оралдың А. С. Пушкин атындағы мемлекеттік оқу орнының математика-физика факультетінде үздік оқып, кейін Гурьев педагогикалық институтын 1959 жылы бітіріп шығады.

Қаладағы педучилищеде, Қызылқоға ауданының Қарабау мектебінде, Гурьевте ашылған Жамбыл мектебінде, кейін Балықшы ауданындағы Жангелдинде демалысқа шыққанға дейін үзбестен ұстаздық етті.

Халила математика пәнінің сырларына терең үніле түсуімен бірге әдебиетке жаны құмар, ақын жырларын таңдап, талдап оқып, жатқа айта жүрер табиғаты ерекше жан еді. Соңғы күндерінде, көзінің көру жағы кеміген сәттерінде де, кітаптан бас алмай, «жарты көзіммен оқып шықтым» деп отыратын.

Ұқыпты да жинақы жүретін, үлкенге де, кішіге де дауыс көтеріп сөйлеу дегенді білмейтін, өзіндік сәнді жымиысы бар ерекшелігімен дараланатын.

Оның сынып журналына баға қойып, мазмұнын толтыру ажарының әсемдігі, оған пайдаланатын қалам түрлерінің қол сумкасына қалай орналасатындығы, қол ормалының үнемі дүкеннен жаңа алынғандай күйде болатындығы — бәрі, бәрі ұстаздың ішкі жан дүниесінің мөлдірлігіне, ұстаздық үлгісіне, әсемдік талғамына өң беріп тұратын.

Тіпті, оқушы тақтаға есеп шығаруда қалай болса солай жаза бастаса, «Айналайын, тақтамды бүлдіре көрме» деп, шыр-пыры шығатын.

«Қазақ республикасы білім беру ісінің үздігі». Халила туралы еңбектес жолдастары:

Жасынаң таза басып, тұнық ішкен,
Жаны жаз, аулақ әр кез жөнсіз істен.
Ойланса, ренжісе, көңілі қалса —
Жүретін мінезі бар тынып іштен.

Халекең абзал ұстаз, аялы жан,
Алдынан түлеп ұшқан талай ұлан.
Сыры мен сырты сәнді ізетімен
Өнеге, үлгісі мол деп те ұғам, —

деп өлең жолдарын арнаған.

Ал, Жәкеңнің тағы бір қарындасы *Қаражігітова Роза* химия маманы. Химия-мұнай және табиғи тұз бөлімінің аспиранты болып, 1971 жылы ғылым кандидаты атағын алды. 1971—1987 жылдары аналитикалық химия бөлімінде лаборант болды. Аға ғылыми жетекші міндетін атқарды, 1986 жылы доценттікке жетті. Қазірде Қазақстан республикасының бұл саладағы үздік қызметкері.

Сөйтіп, жақсылығы жалғасқан жанұяның тұрмыс, еңбек тынысы өздерін елге танытқанымен бірге айналасына

өнеге нұрымен өркен жайған білім шамшырағы, адамгершілік алауы іспетті.

70-жылдары институт ұжымына жұмысқа шақырылған бастауыш кластың жетік, ынталы әдіскері Мұқанбет Ізмұқанов, техникалық құралдар кабинетінің меңгерушісі Дәйеш Шаженбаев, география кабинетінің меңгерушісі А. Арбағұлова, мектеп басшылары кабинетінің меңгерушісі Н. Хамидуллина, этнопедагогика кабинетінің меңгерушісі Б. Өтешева, тарих кабинетінің меңгерушісі Н. Каменова, бала бақшалар жөніндегі әдіскер Ғ. Сұлтановалар — өз ісінің шын мәнісіндегі шеберлері.

Осы ұстаздардың арасында, әсіресе, 30 жыл бойы тынымсыз еңбек етіп келе жатқан, бастауыш сынып мұғалімдерінің шын мәнісіндегі ақылшысы, тамаша әдіскер, лектор, көптеген оқу құралдарымен, көмекші құжаттардың авторы М. Ізмұқановтың еңбегін ерекше атауға тұрарлық. Соңғы жылдары облыстың бастауыш сынып мұғалімдері арасында кең қолдау тапқан жеделдете оқыту, теңестіре оқыту, кіріктіре оқыту тәрізді жаңалықтардың жаршысы да, ұйымдастырушысы да осы әдіскер. Мұқанбет Ізмұқанұлының жүзге жуық мақаласы республикалық педагогикалық баспаларда жарық көрді.

Сонымен қатар, қазіргі заманның қиыншылықтарына карамастан өздерінің шәкірттеріне сапалы білім, саялы тәрбие беріп жүрген облыстық мектептердің басшылары мен мұғалімдерінің есімдерін де атап өткен ләзім.

1990 жылы ашылған облыстық ұлттық гимназияның, облыстық политехникалық лицейдің, № 3 тілінің кемістігі бар облыстық интернаттың, дарынды балаларға арналған облыстық интернаттың, Кіші өнер Академиясының облыстық станциялардың педагогикалық ұжымдарында еңбек ететін ұстаздар Бабакиева Сапураның, Жалмұқанова Дариғаның, Жолдасқали Бимурзиевтің, Гүлжамал Қайненованың, Орынша Беркенованың, И. Еремінаның, Балсұлу Ғұбашеваның, Қилымғали Қайменовтің, Дәмен Оразалиеваның т. б. ұстаздардың қызметімен облыстық білім саласының қазіргі кездегі жетістіктері тығыз байланысты.

Осындай ортада оқитын оқушылардың да, тағлымы мол ұстаздармен қызмет істейтін жас мұғалімдердің де табыстары көңіл қуантарлықтай. 1991 жылдан бастап облыс мұғалімдері Республикалық «Жыл мұғалімі» сайыстарында үнемі жүлдегерлер қатарынан көрініп келеді. 1991 жылы жылыойлық ұстаз Шоқаева Сания Республи-

калық «Жыл мұғалімі» сайысында жүлделі орынға ие болса, 1992 жылы индерлік және исатайлықтар Дәулетова Роза мен Хайруллина Ұлбосын әріптестері арасында топ жарып, 1-ші орынға ие болды. Одан кейінгі жылдары тәрбиешілердің республикалық кәсіби байқауында махамбеттік Мұғауова Жібек, құрманғазылық Сағындық Рамазанов, индерлік Дәуіталиева Ботакөз, атыраулық Мұқашева Гүлмиралар да табыс биігінен көрініп, бірінші орындарды жеңіп алды.

1996—1998 жылдары облыстан республикалық пән олимпиадаларына қатысқан оқушылардың 10-ы жүлделі орындарға ие болды, 12-сі Білім Министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

МАЗМҮНҮ

АЛҒЫ СӨЗ	3
ТАРИХ БЕТТЕРІН ПАРАҚТАСАҚ	6
БІЛІМ ІСІ КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕ	38
ҰСТАЗ ТАҒЫЛЫМЫ	88

Шахман Нағымұлы

АТЫРАУ — БІЛІМ ӨЛКЕСІ

Редакторы *Ш. М. Жамықаева*

Көркемдеуші редакторы *В. В. Пак*

Техникалық редакторы *Л. И. Конькова*

МАЗМҮНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
ТАРИХ БЕТТЕРІН ПАРАҚТАСАҚ	6
БІЛІМДІК КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕ	38
КІТАП ТАҒЫЛЫМЫ	28

Теруге 1.07.99 тапсырылды. Басуға 26.07.99 қол қойылды.

Пішімі 84×108^{1/32}. Әріп түрі әдебиеттік.

Шартты баспа табағы 8,8. Шартты бояу көлемі 9,03.

Есепке алынатын баспа табағы 10,4. Таралымы 200. Тапсырыс 79.

«ҒЫЛЫМ» баспасы
480100, Алматы қ. Пушкин көшесі 111/113 үй
«Ғылым» баспасының баспаханасы
480021, Алматы қ. Шевченко көшесі, 28 үй